



Қобылан ХАМЗИН

*Ақ тілектер
аясында*

*Петропавл қаласы
2003 жыл*

day

Hypocrits! Repudiate,
Confess!

Yes I say so
You deny, deny
We go for fare
Society for some
By your side some

Ref
So. ob. 205m.

Қобылан ХАМЗИН

АҚ ТІЛЕКТЕР АЯСЫНДА

Петропавл қаласы
2003 жыл

Қобылан Хамзаұлы Хамзин. «Ақ тілектер аясында».
Деректі повесть, естеліктер, өлеңдер.
Петропавл қаласы, 2003 жыл.

Қобылан Хамзаұлы

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ұзақ жылдар бойы облыстың ішкі істер басқармасында басшы қызметте болған милиция полковнигі, «КСРО ІІМ-нің еңбегі сіңген қызметкері» Қобылан Хамзиннің есімі оқырман қауымға жақсы танымал. Осыған дейін «Көктерек», «Асыл арыстар», «Ақиқат» атты естеліктер мен нақтылы тарихи деректі повестер жазып өз оқырмандарына ұсынған қаламгер тынымсыз ізденіс пен шығармашылық өрлеу үстінде еңбек етуде. Соның нәтижесіндей болған «Ақ тілектер аясында» деп аталатын жаңа деректі повесть пен естеліктер және өлеңдерді топтастырған бұл кітабы өзінің іскерлігі мен еңбекқорлығына қоса үлкен азаматтық парасат және жауапкершілік жүгін көтере біліп, қатардағы бөлімше агрономынан облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілген қоғам қайраткері, еліне кеңінен танымал азамат Құдайберген Қалиұлы Қалиев туралы жазылған еңбек.

Повесть желісін баяндап, оқиғалар мен өткен жолдар тізбегін нақтылы деректерге сәйкес ұластыра жалғастырып, кітап кейіпкерінің атқарған қызмет жолдарындағы саяси-әлеуметтік ахуалға шебер ұштастыра шерткен сырымен оқырманын өзіне баурап отыратын кітаптың тілі жеңіл ойы ұғымды. Көпшілік оқырман қауымға арналған бұл кітап автордың еліміздің тарихы мен мәдениетіне қосқан бір үлесі болмақ.

ISBN 5-7667-9996-9

© К. Хамзин – 2003 жыл.

Петропавл қаласы
2003 жыл

I - БӨЛІМ

АЗАМАТ

АЛҒЫ СӨЗ

Азаматтық өмірімнің мәнін көркейткен, Алла тағаланың берген сыйлығындай қадірлеп, қастерлейтін ең асыл қазынам туыстарым мен жолдастарым, кейінгі ұрпақтарым. Қуанышымды да, қайғымды да бөлісетін, сыйласым да, сырласым да солар деуден жаңылмаймын. Оларсыз өмір жұтаң, жалқы, жетім, сәнсіз, мәнсіз болар еді.

Десем де, бір ата-анадан туған балалардың өзі «ала да, құла да» дегендей, туыстар мен жолдастарының арасында да ерекше жанындай жақсы көретіндері болады ғой. Сондай туыстардың ішінде адамгершілігі де, сыйластығы да бөлек болған, туыс емес, туғандай, бөтен емес баламдай көрген Мәркен (Мәркен Ахметбеков) еді. Тағдырдың жазуына не амал бар, өмірі қысқа болып, жарық жұлдыздай жарқырап, ағып өте шықты. Мәркен туралы талай әңгімелер айтылды, жазылды, өмір шежіресінде қалғаны қанша.

Міне, осы Мәркенмен бір ата-анадан туғандай дос, сыйлас, қадірлес болған аяулы азаматтарымыздың бірі емес, бірегейі Құдайберген Қалиұлы Қалиев. «Әкелері достың – балалары дос» дегендей, Мәркен мен Құдайбергеннің отбасылары, басы Күләш пен Сәуле, балалары, олардан кейінгі немерелері, қала берді осы екі шаңырақтың бүкіл туыс-туғандары бір-бірімен араласып, достасып, бір тұқымның ұрпақтарындай болып кеткен.

Мәркен арқылы және Күләштің әпкесі, қарындасым Рәш Ғайсақызы арқылы Құдайберген мен Сәуленің жанұясымен біз де бір әулеттей туыстас болып кеткенімізге, міне, отыз бес жыл өтті. Алғашқы біліскен күннен бастап, осы тамаша отбасымен аға-інідей, апалы-сіңлідей сыйлас, сыбағалас болып келеміз.

Құдайбергеннің азаматтық келбеті, кішіпейілдігі, ақ пейіл, ақ жүрек адалдығы, туысқа, жолдасқа деген

жанашырлығы, үлкен істерді былай қойғанда, кіші-гірім жағдайлардың өзіне өте ұқыптылығы, жұмыста іскерлігі, көрегендігі, үлкенмен де, кішімен де ұғынысып, тіл табыса білуі, қызметтес жолдастарына ықтияттылығы, жанұясына әкелік ақ жүрегі, тағы басқа қасиеттері ерекше таңырқап, тамсанып, ой елегінен өткізіп, майын ағызып айтатын жеке-жеке тақырыптар. Реті келгенде Құдайбергеннің осы өнерлерін азаматтардың арасында өнеге болсын деп айтып жүремін, сәті келгенде «жақсының жақсылығын айт, мерейі асын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» – дегендей өлең, сөздеріме қосып, топ алдында да жария етіп жүрмін.

Оның ар жағында, көптен бергі жоспарларымның ең алдында осы Құдайберген есімді біртуар азаматтың өмірін шамам келгенше қара сөзбен сомдап, зор тұлғасын, азаматтық бейнесін сипаттап бір тұтас дүниелік жазып шығарсам деген ойым болушы еді.

Бірде:

Жамбыл ата айтқандай – ердің ері,

Қазақтың «Мемлекеттік қайраткері».

Еңбегінен із қалған жүрген жерде,

Шаруашылық ісінің ардагері – деп сипаттағанымдай, Құдайбергеннің сегіз қырлы еңбегін жазбаша жария етіп шығару жауапкершілігі үлкен іс екенін сезінемін. Сондықтан Құдайбергенді бала кезінен білетін өзінің туған елінің үлкендерімен әңгімелескенде, өзімен қатар оқыған достарымен, әр жерде бірге қызметтес болған жолдастарымен сөйлескенде ойға тоқылып қалған ерекше керек жерлерін әр кезде қойын дәптеріме жазып қойып жүретін естеліктерді жүйелеп, осы жұмысты атқаруға бел байладым. Өткен мен бүгіннің үлгілі істерін, өнегелі азаматтарын көп тындап, білген, көпті көріп, ойға тоқып жүрген біздер айтпағанда кім айтады?

Құдайберген Қалиұлы үлгілі тұлға, ардақты азамат, Қазақстан көлемі ғана емес, шет елдерге де мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, оның өмір жолы, өнерлері кейінгі ұрпаққа үлкен ұлағат, тәрбиелік мәні зор бейне. Мыңнан біреу ғана шығатын, ел бастаған қолбасшы, көп жылдардан бері үлкен лауазымды қызметтердің иесі болып келе жатқан ел ағасы, төре, талай қиындықты қисынын тауып шешімін келтіретін шебер би десек те ақиқаттан ауытқығандық болмас. Құдайбергеннің өмірін, атқарған істерін әсем сөзбен әрлемей-ақ турасын нақтылы айта білсек жетіп жатыр. Сол ойым орындалса мақсатымның іске асқаны деп түсінемін.

Автор



I. ТУҒАН ЕЛ – АЛТЫН ОРДА

Қызылжардан Шал ақын ауданына баратын үлкен тас жолдың бойында Бірлік атты екі ауыл бар. Бірі Николаевка, қазақша Көбеш деп аталатын үлкен селоға жетпей беріректе, екінші Бірлік сол селодан әрі, он сегіз шақырымдай, көрнекті қыратта жолдың Есіл өзені жақтағы беткейінде орналасқан. Міне, осы ауыл Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары, республика көлеміне аты белгілі азамат Қалиұлы Құдайбергеннің туған ауылы.

Ауыл тұрғындары ертеден кілең қазақ ұлтынан еді, қазір де солай.

Көшелері шығыстан батысқа қарай созылған үш қатар, жалпы саны алпысқа жақын жеке-жеке үйлерден тұрады. Қабырғалары ағаштан, ақ кірпіштен қаланған, шатырларының төбелері қаңылтырмен, шифермен жабылған, ауалары тып-тиянақты, жинақы қоршаған, көргенде көңіліңді қуантатын, бүгінгі күннің талғамына сай әдемі ауыл. Мектеп, мәдениет үйі, сауда орындары соңғы қиындықтардың талқысына ілігіп кетпей сақталған. Солтүстік-батыс беткейде осы ауыл тұрғындарының ертеден атамекендері болған Қызылағаш, Қараоба, Құмтөккен жерлері жатса, ойында Дөңгелек Қарасу, қысы-жазы дамыл таппай, тартылып-таусылмай ағып жататын күміс сулы он екі бұлағы, одан әрі мыңдаған мал сиятын кең жайылым алқа Есіл өзенінің тоғайларына барып жалғасады. Ауылдың тұрған жері Сарықамыс деп аталады. Қырында мыңдаған гектар құнарлы егістік жерлері, ойында түгін тартса майы шығатын шабындығы бар кең жерді мекендегендеріне бүгіндері алпыс бес жылдан асып барады.

Кеңес үкіметінің кезінде ауылдың ұжымшар болып ұйымдасуы 1928 жылы басталған. Ол кезде қазіргі Бірлік ауылының тұрғындары Есіл өзенінің оңтүстік беткейінде

Өрнек және Мектеп ауылдарының аралығында бес-он үйлерден тұратын кішкене ауылдар, әр тұқым бір-бір топ болып қоныстанған екен. Жердің тарлығын, қоныстарының шашыранды ыңғайсыздығын түсінген кішкене ауылдардың тұрғындары бас қосып ақылдасып, қазіргі тұрған мекеніне, кең жерге көшіп орналасқан. Бұл көшіп-қоныстану жұмыстары елдің ақсақалдары: Мөлгаждар (75 жаста), Қалиақпар (72 жаста), Әлен (74 жаста), Ақжігіт (76 жаста) айтуларына қарағанда 1934-1936 жылдары атқарылған

Ол жылдары сонша халықтың жаңа жерге көшіп, қоныс салулары оңайға түспегені белгілі. Қазіргідей құрылыс-саймандары, автомашиналары, басқа да құрал-жабдықтары жоқ кезі ғой. Сондықтан алғашқы үйлер қамыстан, шымнан, балшықтан салынған, жергілікті ағаштар пайдаланылған. Көбіне тоқыма үйлер болған. Тоқыма үй дегеніміз, үйдің бүкіл сырты (есік, терезелеріне орын қалдырылып) жағалай тұтас қос-қабатты тоқыма шарбақтан болады. Ол жергілікті тоғайлардың біркелкі түзу талдарынан тоқылып, ортасы көңмен толықтырылады да, іші-сырты сабан араластырылып, атпен басқан цемент тектес ақ балшықпен сыланады. Төбесін жабуға, есік, терезелерін жасауға жергілікті ағаштар қолданылады.

Сөйтіп, алғашқы кезде халық өз қолдарымен жасалатын баспаналарда тұрған. Кейін, бірте-бірте ағаштан қиылған үйлер сала бастаған. Бір ғажабы, осы құрылыстарды бүкіл ел болып жабылып, біріне-бірі көмектесіп салатын дәстүр болған. Ағаштан қиып жасалатын үйлерді бүкіл ел болып, балта ұстауға ыңғайы бар ер азаматтар қатынасып, борап шығаратын.

Бұл кез 1931-1932 жылдардағы орасан аштықтың зардабынан арылып бітпеген жылдар болатын. 1936-1938 жылдары жақсы егін шығып, халықтың әл-ауқаты біршама түзеле бастағанда, 1941 жылы дүниежүзілік қырғын соғыс

басталып кетті. Бес жылға созылған қырғын апаттан халық тағы да күйзеліске ұшырады. Елдің хал жағдайының түзелуі ақыры 1953 жылдардан басталды. Өйткені сол кезде Қазақстанның солтүстік облыстарында тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру істері етек жайып, мемлекет тарапынан бұл жаққа үлкен көмек келе бастады. Осындай мүмкіндіктің арқасында басқа елді мекендер сияқты Бірлік ауылында да жаңа құрылыс жұмыстары қарқынмен жүргізілді. Осы жылдары етек жайған құрылыс салу науқаны тоқыраусыз өрбіп, бүкіл ел жаңа үйлерге ие болды, жаңадан мектеп, мәдениет үйі, сауда орталығы, өндіріс құрылыстары, көптеген мал тұратын орындар салу жалғаса берді. Ауылдың сырт көрінісі жаңарып, халықтың тұрмысы жақсарды.

Түлеген ауылдың келбетін көріп, ескісін қалай еске алмайсың, атқарылған істер үшін төгілген терді, ел азаматтарының ерен еңбегіне қалай танданбайсың? Әрбір істі ақылмен бастап, тыңғылықты атқарып, тиянақты аяқтап шығу үшін оны ұйымдастырушы, басшы керек екені белгілі. Өткенге көз жүгіртсек, сонау кездегі колхоздың алғашқы іргетасын қалап, халықты бірлікке үгіттеп, ұйымдастырып, бір орталыққа топтастыру үшін ақыл-күшін аямай еңбек еткен ел ағалары Кәсейін Қошығұлов, Ескендір Күсетов, Жақан Кәсейінов болса, олардан кейін колхоздың күш-қуатының нығаюына, мал басының көбейіп, егістіктің көлемі өсіп, гектар берекесін арттыруға үлкен үлесін қосқан Жұма Смағұлов атамыз болды. Бұл кісінің елдің Сарықамысқа көшіп, қоныстап, ауылдың құрылысын қалыптастыруға сіңірген еңбегі ерекше болатын.

Одан кейін, Жүмекеңнің бастамасын ойдағыдай жалғастырып, колхоз экономикасын арттыруда, халықтың әл-ауқатының жақсаруына көп еңбек сіңірген азаматтар Ахметжан Бүркіталиев, Қасым Тоғанбаевтар еді. Бұлар ту-

ған жердің түлектері, елдің нағыз жанашырлары, жарғақ құлағы жастыққа тимей, елдің келешегін ойлап, еңбек еткен, ел сыйлаған, елге сыйлы болған ағалар емес пе еді?

Кейін Бірлік ауылы «Приишим» кеңшарының бөлімшесі болып ауысқан кездің өзінде мықты шаруа қожалығы болып қол жеткен тұрақты жетістіктері осы жердің тума үлкендері мен соңғы буын азаматтарының ұйымшылдық бірлігінің, қажырлы еңбектерінің, маңдай терін төккен істерінің арқасында жеткен жетістіктері болатын. Бұдан кейінгі жылдары да Бірлік ауылының көркі жаңа заманға сай жасарып, халықтың тұрмыс-жағдайы нығая түсуіне, шаруашылық салаларының көлемі, табыстары арта түсуіне бөлімшені басқарып үлкен еңбек сіңірген осы елдің тума ұлдары Әлен Бейсембаев пен Бозжігіт Есімов ағаларымыз еді.

Көп жылдан колхоз болып келген ауыл, 1957 жылы «Приишим» кеңшарының бір бөлімшесі болды. Бұл кезде ауылда 6 мың қой, 950 сауын сиыр, бірнеше жүз жылқы болған. Бұл дегеніңіз, мол байлық қой. «Приишим» кеңшарының құрамында ауылдың шаруашылық жағдайы одан да нығая түсті. Бір ғана қойдың саны 20 мыңнан асатын. Трактор, комбайн, басқа да техникалар жаңарды, жүк машиналары жеткілікті мөлшерде көбейді. Халықтың тұрмыс жағдайы жақсарып, әр үйде жеке меншік малдың басы молайып, әр үй мотоцикл, машина сатып ала бастады.

Шаруашылық басқару істерінде де сауатты, жоғары білімді жастар көбейді.

1991 жылдары жаңа дәуір, жаңа тәртіп жылдары басталды ғой, бұл кездегі ел жағдайы жеке әңгіме.

1996 жылы Бірлік ауылының ел болып орналасқанына 60 жыл толғанын аудан, облыс жұртшылығымен бірге ел азаматтары салтанатты түрде көлемді тоймен атап өтті. Бұл мәжіліс халықтың көңіл-күйін бір көтеріп тастаған үлкен

қуанышымен есте қалды. Мұндай үлкен тойды атқару оңай іс емес, оның ойдағыдай дайындалып, мәртебелі өтуіне осы елдің ең жанашыр азаматы Құдайберген Қалиұлы тікелей қамқорлық жасап, басқарып, халықтың үлкен алғысына ие болған еді.

Міне, осы ауылдың бүгінгі тірлігі мен болашағы да жаман емес. Азаматтарының атқарар жұмыстары бар. Әр үй мал, құс өсіріп, бау-бақшасына көңіл бөліп, өзара ұйымшылдығы сақталған, алдағы өмірдің жақсаруына сенімдері бар, көңілді ауыл.

Құдайбергендей қамқоршысы бар ел кем болмайды, жетімшілік көрмейді. Өйткені – ол ауылдың төл тумасы, ұшқан құсы, елінің шынайы патриоты бола білген азамат.

II. АУЫЛҒА ҰЛ КЕЛДІ

Ертерек кезде Қызылжардан Тимирязев ауданына бет алып, жеңіл машинамен іссапармен келе жатқанымда, Явленканың тұсында, үлкен жолдың үстінде бір ақ сақалды кісі қол көтеріп тоқтатты. Жүргізуші орыс ұлтының жігіті болатын, мен әлгі танымайтын кісіге машинаның есігін ашып, сәлем беріп:

- Қайда бару керек еді? – дедім.

- Түшке-Бірлікке барайын деп едім.

- Ол қайсысы, екі Бірлік бар ғой, бергісі ме, арғысы ма?

- Бергісі Ырсай-Бірлік қой, қарағым, маған арғы Түшке-Бірлікке бару керек.

- А, жарайды, отырыңыз, сол жаққа беттеп барамыз, апарып салайық, деп артқы есікті ашып, машинаға отырғыздым.

Ілгері жүріп кеттік. Жол жөнекей шал кісі жай отыра ма, алдымен менен «қай баласың, жолдарың болсын», – деп сұрақ қоя бастады. Қатты дауыспен сөйлеп отырмын,

сәлден кейін өзінің де аты-жөнін сұрауға кірістім. Бірлік ауылының тұрғылықты кісісі екен, Явленкаға бір жұмыспен келіпті. Жол бойы әңгімені соғып отыр. Бірлік ауылы туралы, азаматтары туралы біраз әңгімелер естідім. Шалдар ата-текті қопаруды жақсы көреді ғой, ол жағынан да талай әңгімелер айтты, көп мағлұматтар тыңдаған едім, бәрі есте сақтала бере ме, қазір сол ақсақалдың аты да есімде жоқ. Жас жобасымен шамалаймын, мүмкін қазір өзі де жоқ шығар. Сол ақсақалдан тыңдағаным бар, кейін талай естіп-білгендерім бар, Бірлік ауылының өткені мен бүгінінен біраз хабардармын.

Алдымен, осы ауылдың үлкендері бар, жастары бар, біраз азаматтары біздің Көктерек ауылымызға күйеу екендерін білемін. Көктеректің саны жиырмадан астам қыздары әр кезде осы ауылға ұзатылған екен. Аттарын атасам, сонау Мәрзәмия апайымыздан бастап Мәруар, Көшке, Үмітжан, Сәркен, Зада, Рабиға, Шәмшия, Нағима тәтемізге дейін (аттары аталмағандары қаншама), бәрі аналар, олардан өрбіген ұрпақтар – жиендер, жиеншарлар сол ауылдың тумаларының жартысы десем асыра айтқандық емес. Жаны да, қаны да араласқан осы екі ауыл қалай туыс болмайды?

Ерте кездегі ауылдардың аттары жер, су, табиғат құбылыстарына сәйкес аталған ғой. Мысалы, Қызылағаш, Жарқайың, Алқағаш, Ұзынағаш, Балықты, Қараоба, Құмтөккен, Дөнгелек қарасу, Сарықамыс тағы сол сияқты. Болмаса көптеген ауылдардың аты төңірекке даңқы әйгілі ұл-қыздарының аттарымен аталғанын білеміз. Мысалы: Жанатай ауылы, Бөрібай қонысы, Сыздық қажы мекені, Жамбыл, Абай, Әйгерім ауылдары, Ақбұлақ, Бес үй-Таңатар тағы басқа сол сияқты.

Ал, Бірлік, Кеңес, Мектеп, Жаңажол, Жаңаталап, Социал, Совет, Қызыл ту деген ауыл аттары Кеңес үкіметі

орнағаннан кейін, сол саясатқа сәйкес қойылған аттар екені атынан көрініп тұрған жоқ па?

Сонда, ерте кезде осы Бірлікті «бұл Қожахмет Ордабайұлының ауылы» десе кім білмейді, бәрі бірден-ақ таныр еді. Қожахмет Ордабайұлы нәсілі Түшке, бір өзінің өмірі, өнерлері, атқарған істері бірнеше кітап болып жазылатын ақын, ел басшысы болған, қол бастаған, билік айтқан, артында көптеген өшпес мұралар қалдырған, өз заманының көрнекті қоғам қайраткері. Сондықтан да Қожакеңнің аты осы төңірекке әйгілі, Атығай-Қарауыл, Керей-Уақ тарихтарының төрінен орын алған кесек тұлға, Құдайберген Қалиұлының бір тұқымдас аталары.

Ал қазіргі кезде бұл Бірлік, «Қалиев Құдайбергеннің ауылы ғой десе», «е... осы екен ғой ол кісінің ауылы» – деп, екінің бірі жазбай танитыны белгілі. Иә, Құдайберген Қалиұлының кіндік қаны тамған жер осы, «Сарықамыс» деп аталатын жер.

Құдайбергеннің әкесі Қали Түшке, Таңатар әулетінен Қикым деген кісінің баласы. Енді арғы аталарын атасaq: Қикым Дүйсен деген кісінің баласы, Дүйсеннің әкесі Бостан, оның әкесі Досберді, оның атасы Таңатар – Атығай руынан. Құдайбергендердің ауылын ерте кезде «бес үй Таңатар» деп атаған ғой. Оның себебі Таңатар атамыздан бес ұл болған екен: Сәмбет, Жаңабай, Естемес, Досберді, Ырысбай. Бұлардың әрқайсысы жеке шаңырақ, бес үй болған.

Бұл жағынан жеке таратсақ: Досбердіден – Күлен, Бостан деген ұрпақ болған, Күленнен – Марқабай, Бектүрған; Бостаннан – Дүйсен (одан Қали, Қалидан Құдайберген), Байназар, Байназардан – Нұрман, одан Нұрым, Оңайбай, ал Нұрымнан Мөлғаждар, Қалиакбар тараған. Бұл соңғы екеуі қазір үлкен ағалар, елде тұрады.

Құдайбергеннің әкесі Қали 1898 жылы туған, 1976 жылы, 78 жас жасап ауыр науқастан қайтыс болған. Бірлік ауылының үлкен жолға жақын зиратына жерленген. Қали ақсақалдың бірінші әйелі Сәлима шешеміз, руы Керей, Майбалық ауылынан. Ол кісіден бір қыз, екі ұл туған. Шәйкен 1924 жылы туған қыз, ертерек қайтыс болған. Дәуренбек 1926 жылы туған, 1965 жылы 40 жасында қайтыс болған. Дәуірбек 1930 жылы туған, 1978 жылы 48 жасында дүниеден өткен. Сәлима қайтқаннан кейін Қалекен Құдайбергеннің шешесі Қамиша апамызға үйленген екен. Қамиша Жаңажол ауылынан, Әубақ деген кісінің қызы. Қамиша апамыздан Құдайбергеннен де басқа балалары болған екен, тек тоқтамаған. Өзі де ауыр науқасқа шалдығып, 1951 жылы бар болғаны 37 жас жасап, көз жұмған. Қалекеннің жанында, сол зиратта жерленген.

Елу үш жаста зайыбынан айырылған Қалекен Балқия атты әйелге үйленеді. Балқия Кенжеәліқызы, Көбеш ауылынан. Бұл кісіден ортақ балалары жоқ. Қалекен қайтыс болғаннан біраз жылдан кейін, 1984 жылы 70 жасында бұл кісі де көз жұмған екен.

Енді ұрпақтарға келсек, Құдайбергеннің ағасы Дәуренбек Көктерек ауылынан Серғалиқызы Нағима апамызға үйленген. Нағима қазір 72 жаста, балаларымен бірге тұрады. Бұл жұбайдан екі ұл, үш қыз бар. Дулат 1957 жылы, Қанат 1963 жылы туған, екеуі де балалы-шағалы, іргелі үйлер. Екінші ағасы Дәуірбектің әйелі Бәтен 63 жаста, Кеңес ауылынан. Бұлардан да екі ұл, үш қыз бар. Мәлік – 1962 жылы, Сәлік – 1966 жылы туған, әр қайсысы бір-бір шаңырақ. Бәтен балалармен ауылда тұрады. Шәйкен апамыздың жұбайы сол Бірлік ауылынан, Малғұзин Далау деген кісі. Бұл жұбайдан Ғалия деген жалғыз қыз бар.

Ер азаматтың үш жұрты болады ғой. Құдайбергеннің өз жұртынан біраз хабар айтылды. Енді нағашы жұрты

Жаңажол ауылы деген едім. Қамиша апамыздың жалғыз бауыры Аяған деген кісі, Құдайбергеннің нағашы ағасы қайтыс болған. Аяғаннан екі ұл бар. Есен жанұясымен Петерфельд селосында тұрады, Ерсайын да үйленген, Жаңажолда.

Ал енді қайын жұрты – Құдайбергеннің жан жары Сәуленің ата-анасы, туыстары туралы ерекше толығырақ айтуды кейінге қалдырдып, оның балалық өміріне көз салайық.

Құдайберген 1945 жылы қазан айының 25-інде, күздің жайма-шуақ бір жақсы күнінде дүниеге келген. Құдайберген туғанда әкесі Қали 47 жаста екен, біраз уақыт жас иіс көрмегендіктен, ерекше сезіммен қуанып, Қамиша апамызбен ақылдасып, бұл Алла тағаланың бізге берген үлкен сыйы болды, Құдай берді, атын Құдайберген қояйық деп келісіпті. Содан бала Құдайберген аталып, туған қуанышы тойланды, молда шақырылып, азан айтылып, аты бекітілді.

Негізінде қазақ дінге сенген, ырымшыл халық қой, сондықтан Құдайберген, Тәңірберген, Игіберген, Тілепберген, әкесіне серік болсын деп – Серік, бауырмал болсын деп – Бауыр, батыр болсын деп – Батыр, ақын болсын деп – Ақын, тағы сол сияқты жақсы ырым, жорамалмен туған балаға ат таңдап қойылатыны белгілі.

Құдайберген деген атты Құдай ауыздарына салып, тауып қойған ат болған. Шындығында өзіміз көріп-біліп жүргендей, Құдай тек қана әке-шешесінің баласы етіп берген жоқ, туған елінің, бүкіл халықтың ұлы болғанына кімнің болсын көзі жетіп жүр, адамгершілік істеріне, азаматтық қасиеттеріне, өнеріне сүйсініп, алғыстарын айтып отыратындарын естіп жүрміз.

Құдайбергеннің әкесі Қали атамыз, қараторы өнді, шымыр, тарамыс денелі, орта бойлы, жүзі жылы кісі болды. Өз шаруасына пысық, еңбекқор еді. Он саусағынан өнер

тамған шебер, әсіресе, ағаштан түйін түйген, ағаш жұмысының майталман маманы. Ерте кезде елде ағаштан қиып салынған үйлер, қоғамдық құрылыстың барлығы Қалекеннің балтасының қатынасумен атқарылған. Қасында өзі сияқты шеберлер, замандастары Нұғман, Таймыш, тағы басқаларының қолдарынан шыққан үйлердің әсемдігі, мықтылығы сондай, бірде-бір темір шеге, темір құрсау қағылмайтын. Қолхоз кезінде жаз арба, қыс шаналарды дайындау сол шеберлердің мойнында болған.

Қалекеннің қолынан тоғайдың мойыл талынан тоқылып жасалатын сәнді қораптар ат арбаларының көркін келтіретін. Сол төңіректегі басқарма, ауылнай, аудан басшылары Қалекенді арнайы іздеп келіп, өтініп сұрап, сәнді қорап жасатып алып, тайынша терісімен қапталған, қара сырмен талы боялған қораптарды сәндікке мініп, шалқая отыратындары белгілі. Қолдары өнерлі кісілерді жақын ауылдағы ағайындары да әдейі іздеп келіп, өтініп, үй борап салу шаруашылығына көмекке алып кететін.

Кең пейілді, ақ көңіл, жайсаң Қалекен ондайда ешбір жанның көңілін қалдырып көрген емес. Осындай қол өнерлерінің арқасында, шеберлердің үй-жайы, қорақопсысы жинақы, тыңғылықты болды, балаларын да еңбекке баулып, еңбексүйгіш етіп тәрбиеледі. Жұмыстан кештетіп шаршап келгенде кейістігін білдірмей, «Бергенім қайда, алтыным қайда» – деп, дауыстап шақырып алып, Құдайбергенді төбесіне көтеріп, иіскеп-иіскеп алатын. Жуынып, таранып дастархан басына келгенде Құдайбергенді қашанда алдына алып, мойнына мінгізіп отыратын. Балаларын бірінен бірін кем көрмей, бәріне әкелік жүрегімен емірене сүйсе де, аталық жанашырлық пен қатаң тәртібі сақталып, баланың болашақ адамгершілігін көздеген тәрбиесі үзілмейтін. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны

ілерсің» деген терең мағыналы мәтелдей, Қалекеннің тәрбиесінің ізі балаларының бойынан да көрініп тұратын.

Құдайбергеннің шешесі Қамиша апамыз аққұба, ат-жақты, әдемі кескінді, сәнді тұлғалы кісі болды. Ұян мінезді, аз сөйлеп, көп тыңдайтын, ақ көңіл, ашық қолды, кең пейілді ана еді. Емірене сүйген ұлын жастай қалдырып, ауыр науқастан айыға алмай, ерте көз жұмды. Құдайберген анасынан бес жасында айырылды. Қамиша апамыз қайтыс боларының алдында үлкен ұлдары Дәуренбектің әйелі Нағима төтемізді жеке шақырып алып:

– Нағима, менің жағдайымды көріп-біліп жүрген шығарсың, ауруымның түрі жаман, егер араларыңнан кетіп қалсам, бақұлмын, бәріңе ризамын, ренжіскен жеріміз жоқ. Саған сенемін, Құдайбергенімді саған аналық жүрегіммен тапсырамын, өз балаңдай көріп өсір, екінші анасы бол. Ол дүниеде осы өтінішімді орындадың ба? – деп сұраймын, бұл құдай атынан тапсырған аманатым деп, көзінен ыстық жасы төгілген екен. Екеуінің арасында болған осы жүрек тебірентер сырды Нағима төтеміздің аузынан естіген едім. Бұл кісі де өнегелі үйде үлкен тәрбие көріп өскен адамгершілік қасиеттері, үлгілі өнерлері мол, кең пейілді ана ғой, шешелері Қамишаның сөзін бұлжытпай орындаған екен, орындап та келеді. Құдайбергенің өзі де: «Нәйнәміз шешеміздей болған кісі, сондықтан шешеміздей сыйлаймыз» – деген сөзін талай естідік. Осы тұқымның бәрі Нағиманы «Нәйнә, Нәйнә» деп жақсы көретіні өзінің де жақсы мінезінен, кісілігінен болар.

– Құдайберген бастауыш мектепке оқуға ерте барған, 1951 жылы алғаш бастауыш мектептің есігін ашып, жаңа оқу жылы басталғанда алты жасқа жаңа толатын бала еді. Ол кезде Бірлік ауылында төрт сыныптық бастауыш мектеп болатын, мектеп басқарушысы және мұғалім Тәліпов Мағзұм деген ағай. Бұл кісі күшті мұғалім. Қатаң мінезді,

тәртіпті мықтап талап ететін, өзі де бір қалыптан, тура ақиқат жолдан таймаған білікті ұстаз. Әрқашан бойын таза ұстаған, тәртіпті мінездерінің өзі өнеге болатын.

– Құдайберген оқуға алғыр, сабақты тиянақты тыңдап, сабаққа өте ұқыпты болды, - дейтін еді Мағзұм ағамыз. Мағзұмның өз әкесі Мұқажан Тәліпұлы, Көктерек ауылынан, Батырбек әулетінен. Осы ұстаздық қызметі бабымен Бірлік ауылына бүкіл жанұясымен көшіп келіп, қоныстап тұрып қалған. Әйелі – Қапия жеңгеміз де сол мектепте мұғалім болған. Ағамыздың көз жұмғанына біраз жылдар болды, жеңгеміз өрісті-ұялы, балалары үлкен азаматтар, өзі сол ауылда тұрады. Мағзұмдай тыңғылықты ұстаздан төрт жыл тәлім алғаны Құдайбергеннің келешек оқуларының жалғасына мызғымас іргетасындай болғаны ақиқат. Бастауыш мектепті үнемі бес деген бағамен оқып тәмамдады.

Бесінші сыныптан оныншы бітіргенше Николаевка орта мектебінде оқыды. Сабаққа алғырлығының арқасында орта мектепте де Құдайберген өте жақсы оқыды. Ерекше бір дарындылығын айтсақ, Құдайберген қай пәннен болса да, сабақтың үстінде мұғалімнің дәрісін өте ұқыпты тыңдап, айтқандарын миға тоқуы ерекше болған. Үйге берілген тапсырмаларды кітап бетінен көз жүгіртіп, қарап шықса, мұғалімнің түсіндірмелері есіне түсіп, сол дайындығы жеткілікті болатын. Мұндай дарындылықты алғырлық, зеректік, дейді ғой, қалай болғанда сабаққа өзге балалардан озық болатын. Баланың аты бала, кей күнде ойынмен кітап бетін ашуға уақыты болмай қалатын кездерінің өзінде, ертеңінде мектепте сабаққа жауап беруде еш мүдірмейтін. Сөзіміз дәлелді болуы үшін айтайын, бірде Нәйнә тәтәміз Қойшин Молдаш деген мұғалімге:

– Молдаш, қарағым, біздің Құдайбергеннің оқуы қалай? Кейде оқудан келгеннен кейін кітаптың бетіне шамалы

қарап, ойынмен кетіп қалатын көрінеді, соған қарағанда сабақ үлгерімі төмендеп қалып жүре ме деп қорқамыз – десе, Молдаш:

– Тәте, саспаңыз. Балалардың бәрі сіздердің балаңыздай оқыса біздің еңбегіміздің қайтқаны болар еді. Құдайбергеннің ұқыптылығы тіл-көзден амаң болсын, мұғалімнің ауызынан шыққан сабақты көңіліне тоқуы ерекше. Үйде дайындалмаса да соның өзі жетіп жатады. Сабақ үлгерімі өте оңды, саспаңыз, түбінде Құдайбергеннен бір оқымысты дарын шығады дейді екен.

Николаевкада Құдайберген Балқия шешесінің ағасы, нағашысы Төлегеннің үйінде тұрып оқыды. Ол кісі жылқы түлегінің білгір маманы болатын. Ұзақ жылдар үлкен автокөлік мекемесінде жүргізушілік қызметте болды, орта шаруасы бар. Құдайбергенге көмек өз үйінен де келіп тұратын. Сондықтан оқуда, тұрмыс жағдайында қиындық болған жоқ.

– Ол кезде мұғалімдер ұжымында да шебер, білікті мұғалімдер аз болмаған. Бастығы Асқар Игібаев, кейін көп жылдар Николаевка орта мектебін басқарған, педагогика саласындағы ұзақ еңбегі бағаланып Ленин орденімен марапатталған, оқу-ағарту ісінің шебері. Жоғары білімді оқытушыларымыз Қойшин Молдаш, Қожаев Қайыржан, Би-мақанов Қуанышбай, Қайдаулова Нұрым (сынып жетекшісі болды), тағы сол сияқты тамаша адамдардан алған білім, тәрбиеміз есімізде мәңгі сақталып қалды, - деп еске алады Құдайберген, – бұл кісілердің алдынан тәлім алып, үйреткен сабақтарын тыңдау ерекше әңгімеленетін балалық шақтың бақытындай болған сәттер. Олардан мектепте тыңдаған сабақтардан кейін аса көп кітап бетін аша берудің қажеті де шамаланып, миға құйылып, бекітіліп қалушы еді. Осылай, он жылдық мектептің қабырғасында үйренген, білген, миға тоқыған білімнің негізі кейінгі оқуларға мықты

бекіген емен ағашты қоректендіретін тамырлардай болып еді, – дейді Құдайберген.

– Қызығы мол, кейістігі аз, он жылдық мектептегі оқу да 1961 жылы балалық шақтың талай естеліктерін есте қалдырып, аяқталып та қалады. Ол кезде оныншы сыныпты толық тәмамдап шығуға тұрмыс-жағдайлары келмей, әртүрлі себептермен оқуды қалдырып кетушілер аз болмады. Сондықтан оқу бітіріп шыққан балалардың саны бар болғаны тоғыз-ақ еді. Олар: Бекенов Талап, Бимағамбетов Дөкенай, Бекенова Гүлбәршін, Әбішев Еңбек, Нұрмұқанова Жанжетпес, Қалиев Құдайберген болатын. Оныншы сыныпты үздік бағалармен аяқтаған Құдайберген кәметтік аттестатын қолына алып, үйге келгенде, қорытынды бағаларын көріп, жетістігіне сүйінген туыстардың қуаныштарында шек болған жоқ еді.

Мұғалімдер ұжымының ұйымдастыруымен, ата-аналардың қолдауымен балалардың он жылдық мектепті бітірулеріне арналған той өткізілді.

– Он жылдық еңбегіміздің қорытынды құжаты – кәметтік аттестатымызды қолымызға алып, соңғы қоңыраудың сылдырымен мектеп қабырғасымен қоштасып шыққан сәттеріміз өмірлік көз алдымда тұрады – деп отырады Құдайберген.

– Ендігі уақытта, алда жаңа жоспар, жаңа арман, талпыныс тұрды. Шешім біреу – қайткенде де жоғары білім алу керек, бір мамандықтың иесі болып, ата-анаға, туған-туыстарға, елге қызмет көрсету керек. Сол ойды ұйорманымызбен бекітіп, бәрі ақ жол тілеп, баталарын берген еді, – дейді ол әңгімесін сабақтап.

III. СӘТТИ ЖӘНЕ ТӘТТИ ЖЫЛДАР

Он жылдық мектепті тәмамдап, аттестатын қолына алған, оқуға деген ынтасы алға сүйреп тұрған Құдайбергеннің ендігі бар ойы, келешек жоспары, қалайда жоғары білім алу. Кім болу керек, қандай мамандықтың иесі болған дұрыс деген ойлардың төңірегінде талай түндердің біразын ұйықтамай өткізетін. Әкесі – Қалекен, ағалары Дәуірбек пен Дәуренбектің күнде айтатын ақылдарын, елдің ұлағатты үлкендерінің сөздерін тыңдай жүріп, қорытылған ақырғы шешім ауылшаруашылығы маманы болу керек деген тұжырым болды. Ол үшін бір ғана ұйғарым, республикамыздың астанасы – Алматы қаласындағы ауыл шаруашылық институтына барып оқуға түсу.

Осы тұста кейінге көз салып, ойға алатын әңгіме, ауылдан жоғары оқу орындарында оқып, жоғары дәрежелі диплом алып келген балалар ол кезде аз болатын. Игібаев Асқар институтты 1954 жылы бітіріп, мұғалімдік жолын қуған. Қойшин Молдаш – мұғалім, қыздардан 1961 жылы институт бітірген әпкелері Ұлсары Жолкенқызы. Бұл қыздың да өмір жолы оңай болмаған. Әкесі Ұлы Отан соғысында қазаға ұшыраған. Шешесі – Ақжүніс 1941 жылы ауыр науқастан қайтыс болды. Әке-шешесінен үш жаста айырылған қыз бала әкесінің інісі Кәрімнің үйінде өскен.

Бастауыш мектепті де сол ауылда оқып-бітіріп шыққан. 1951 жылы Қызылжар қаласына келіп № 5 пансион-интернатта тұрып оқып, 1956 жылы он жылдық білім алған. Бұл мектептің директоры – ағамыз Мәжікен Ғаббасов болатын. Ол үйдегі төтеміз – Назиқа Көлдейқызы Ұлсарымен шешелері жағынан жақын, апалы-сіңлілі. Сондықтан бұл кісілер Ұлсары осы онжылдық оқуды аяқтап шыққанша қамқор, жанашыр болып жүрген.

Ұлсары орта мектепте жақсы оқып, оқуға деген ынтасы зор екенін көріп жүрген Мәкең балаға қалайда Алматыға барып, қыздар институтына оқуға түсуіне ақыл берді. Ақыры сол кездегі Бірлік колхозының басқармасы Тоғанбаев Қасымның, жанашыр аға Игібаев Асқардың қолдауларымен, әке орнына әке болған Кәрім қолында бар малынан бір сиырын сатып, Ұлсарының қалтасына салып берген қаражатымен Алматыға барып, 1956 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтына оқуға түсіп кетеді. 1961 жылы институтты жақсы оқып бітіріп, жоғары білімді маман болып елге оралады. Сол жылы бұрыннан өздері орта мектепте оқып жүргенде танысқан, байлаулы келісімдері бар, Москвадағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын бітіріп келген маман Мусин Серікпен қосылып, шаңырақ көтереді. Бұдан кейінгі екеуінің өмірін жалғастыра берсең жеке тарих болар еді.

Ұлсарының жоғары білім алып, елге белгілі азаматша, мықты педагог болып келуіне алдымен өзінің білімге талабы, етінің тірілігі, оқуға деген ынтасынан болса, оны қоштап-қолдап, ақыл-кеңесін аямаған, қаражатпен қамқорлық жасаған туыстарының адамгершілігіне риза боласың. «Әкең жоқ болса да, әкеңді көргендер бар болсын» – деген қазақтың қағидалы сөзінің төркінін түсінесің. Туыстың, жанашырлардың осындай тар жол, тайғақ кешуде қасыңнан табылғаны қандай жақсы!

Міне, осы алғы буын үлкендерден кейін біраз жыл өткенде солардың құтты із-жолдарын жалғастырып, іргелі жердің ірі оқу-орындарының біріне енді Құдайберген бармақшы. Оныншы сыныпты Құдайбергенмен бірге бітірген балалардың әрқайсының өз таңдауы, өз жоспарлары бар, Құдайбергенмен бірге баратын бала болмады. Институтқа түсу емтихандарын тапсыру қиындығы онша қорқыта қоймаған Құдайбергеннің Алматыға барып, жөн-

жоба тауып, үлкен істі бастап кетуге жүрегі тоқтамай қобалжи беретін. Бұрын ауылдан алысқа шығып көрмеген жас баланың бұлай тайқакси беруі түсінікті де.

Сәтін салғанда осы оқу орынына баратын жолдас табылды. Сәдуақасов Баян деген жігіт осы ауылдың тумасы, әкесі Смағұлов Жұманың ағасы, Отан соғысына әскерге алынып, соғыста қазаға ұшыраған. Сондықтан Жұма ағасының тәрбиесінде болып өсіп, ер жеткен. Оныншы сыныпты бітірген соң Қызылжар қаласында, ауыл шаруашылық техникумында бухгалтерлік бөлімінде оқыған. Одан кейін ауылда қызмет атқарып, 1961 жылы Құдайбергенмен бірге Алматыға оқуға бармақшы болып дайындалады.

Оқуға бару үшін қаражат керек, оған жетерлік мол ақша ол кезде қайдан болсын? Құдайбергеннің әкесі Қалекен «саспа, ақша табылады, өзің емтиханыңа дайындала бер», деп қоятын. Сөйтсе, қолда бар малдан ірілігі есік пен төрдей, шоқтығына қол жетпейтін көк биесін Құдайбергеннің осы сапарына шығарып қойған екен. Оқуға аттанардан бұрынырақ биені сатып, ақшасына баланың үстіне жаңа киімдер алып кигізеді де, қалғанын қалтасына салады.

Осылай, Баян екеуі Алматыға келіп, қазақ ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетіне түсуге барлық қағаздарын тапсырады. Астанада таныс ешкім жоқ, көлденең көмекті ешкімнен күтіп болмайды, сондықтан, өз бақытына, өз біліміңе сену керек. Институттың жатақханасында тұрып, басқа еш нәрсеге көңіл бөлмей, емтихандарына дайындалады. Бұл факультетке 120 бала қабылдануы керек екен, емтихан тапсыруға тіркелген балалардың тізімі жарияланғанда бір орынға екі баладан болып шығады. Институтқа барғаннан кейін бұлар Ибраев Өсербай деген жігітпен танысады. Ол біздің облыстың Возвышен ауданының тұрғыны екен. Міндетті әскери

борышын атқарып біткен де, сол жерде оқуға түсуге тура келген екен. Ондай балаларға үлкен жеңілдік бар. Емтихан кезінде әскер киімімен жүретін. Құдайберген Өсербаймен тез табысып, жатақханада бірге тұрып, бірге емтихан тапсырады. Құдай сәтін салғанда емтихандарын жақсы тапсырып, бұл жақтан барған балалардың бәрі де оқуға түсіп кетеді. Оқуға түскен балалардың тізімі институттың жарнама тақтасына ілінгенде, ішінен өздерінің аттарын оқыған балалардың қуанышын көру керек, оны сол балалардай сезіну керек, сонда ғана олардың жүрек қуанышын түсіне аласың! Құдайберген болса барлық пәндерден өте жақсы деген баға алғандықтан, оқуға түсіп кетуінде ешқандай күмән болмайтын. Жолдары болып, сапарлары сәтті аяқталған балалар үлкен қуанышпен оқу жылы басталғанға дейін елге оралды.

Құдайберген институтқа оқуға түскенде он алты жарым ғана жаста еді. Ал институтқа түскен студент он жетіде болу керек қой. Осы туралы институт бастықтары мен оқуға қабылдау комиссиясы күдікті әңгіме көтергенде, емтихан тапсырғанда алған жоғары бағалары көз қуантқаннан кейін, ол кездегі агрофак деканы, доцент Мейірманов Мырзахметтің – өзіміздің жерлес ағамыздың «жасына емес, біліміне қарайық» деген сөзі ақырғы шешімдей болған екен.

Оқу жылының басталуына институтқа қайта оралғанда, ол кезде бір ай ауыл шаруашылығы жұмысына қатынасу керек. Өйткені, күзгі егін, мақта, көкөніс, жеміс жинау шаруашылығы бүкіл студент-жастардың қатынасуымен атқарылатын. Сол дәстүрмен агрофак студенттері де Мақтаарал ауданына мақта теруге барып, сол жерде бір айдай қолдары мақтаның шөгіріне тесіліп, еңкейіп, қолмен беліне байлаған қапқа мақта теру мамандығын да игеріп үлгереді.

Мақта жұмысынан келгеннен кейін оқу басталады. Институттың жайлы жатақханасы бар Құдайберген мен

Өсербай екеуі бір бөлмеде және оқуда да факультеттің бір тобында бірге болып, бес жыл бойы бірге оқыған. Өсербай Құдайбергеннен бес жас үлкен болса да, құрдастарындай ойнап-күліп, бір-біріне тірек болып, қамқор, туысқандай көңілдес болады.

Студенттік өмір ең бір қызықты, жастық өмірдің тәтті шағы екенін студенттік тірлікті басынан кешкен әрбір азамат аузынан тастамай айтып отырады. Қолда бар жарты нанды бөлісіп жеп, қалталарындағы тиындарын ортаға салып санап, аш қалуларына көніп, жақсы кино, театрдан қалмай жүретіндеріне не дерсің? Қазақта «бөрі арықтығын білдірмейді» деген мақал болса, осы өткір сөздің астарында студенттер де бар. Қалтасында сылдырлаған күмісі қалса да әдемі киініп, шалбардың қырын сындырмай, қызға қырындай, өзі тамсанып жүріп оған балмұздақ, гүл әперіп жүретін кездері жігіттіктің шыңы емес деп кім айта алады?

Жатақханада көңілдері жақын төрт-бес бала ақшаларын бір ортадан тамақ ішуге жинап, кезекпен тамақ дайындап, күнбе-күн тамақ дайындау күйбеңінен өздеріне-өздері жеңілдік жасайды. Есте қалған бір жай, ол кезде Алматының тамақ дүкендерінде үйтіліп таза жуылған қойдың бастары сатылатын. Құйқасы аппақ, жағымен, тілімен тұратын тұтас бастың желке еті жұмылдырықтай күжірейгендерінің өзі құны 60-70 тиыннан аспайтын. Мұндай басты бұзып, бір кесек ет қоссаң, бір табақ ет болып шыға келеді. Мұны былқылдатып пісіріп, дүкенде дайын тұратын иленген қамырдан астына құлақ нанын салып, пиязын мол турап, тұздықтап, табактан қолмен жеген еттердің құйқасының дәмі аузыңнан ешқашан кетпейді! Жалпы Құдайбергендер тамақтан, ақшадан кемдік көрген емес. Құдайберген өте жақсы оқыған соң үнемі көтеріңкі стипендия алып отыратын және құдайға шүкір үйден де жиі көмек келіп тұратын.

Ол кезде институтта барлық сабақ орыс тілінде жүретін. Құдайберген орыс мектебін бітіріп келгендіктен тіл жағынан қиындық көрген емес, әсіресе есеп пәндеріне өте жетік болды. «Жоғары математика, тағы басқа қиын сабақтардан бәрімізге көмек көрсетіп жүретін еді». – дейді Өсербай. Оқуға деген ынтасы басқа балалардан ерекше, кітапты көп оқып, кітапханадан шықпайтын. Кешкілікте өзінің көңіліне ұнап, жадына сақтап қалған дүниеліктерін жатақханада балаларға тақпақтап айтып жүретін. Әсіресе, ұлағатты, тәрбиелік мәні бар сөздер, ғылымдық мағынасы бар пікірлер, философиялық терең тұжырымдарға құмар болды. Оның ішінде өзіне ұнаған жерлерін жаттап алатын. Омар һайям, Аристотель, Платон, Сағди, Әл-Фараби еңбектерінің кейбір сәттерін, әсіресе Омар һайямның төрт тағанды тұжырымдарын жатқа айтқанда балалардың аузын аштыратын. Лекциаларда жазып алған қысқаша мазмұндамаларымен (конспект) бөлісіп, үйге берген тапсырмалардың жауабын достарына өз қолымен жазып беруге еңбегін аямайтын. Құдайберген шахмат ойынымен шұғылданып жүрді, футбол сайыстарын сүйіп, стадионда болатын жарыстарды, әсіресе, «Қайрат» командасының ойындарын босатпай көріп, жеңістеріне ерекше қуанып, сүрінгендеріне өзі қатынасқан сайыстай ренжіп жүретін.

Құдайбергеннің мінезі ұстамды, қызбалық қанында жоқ, бір қалыптан таймайтын, ешкімге жағымсыз, шапшаң мінез көрсетіп, біреумен ренжісіп ауыр сөзге барған емес. Балалықпен жеңілтек мінез көрсетіп, ретсіз іске бой ұрудан, мәнсіз жеңіл сөз, орынсыз күлкіден аулақ болатын. Бар ынтасын оқуға салып, оқуды жеңіл үлгеріп жүрген.

Құдайбергендер институттың екінші курсына көшкенде осы институттың агрономиялық факультетінде өзіміздің Өрнек ауылының жігіті Сайлау Өтеев, Қараталдан Тобыл Қоспанов келіп оқуға түскен. Белгілі туысымыз

Қожахметов Алтай да халық шаруашылығы институтында экономика факультетінде оқыған.

Аттары аталған азаматтар осы күні сәті түсіп бастары қосылып қалғанда, алдымен сол кездегі студенттік жастық өмірдің есте қалған тәтті мәжілістерін, қызықты кездерін естеріне алып, ерекше шаттықпен айтып отырады. Сол жылдардан бірімен-бірі сыйлас, достас, бір-біріне ұқсас өмірді бастарынан кешіп, бірі аға, бірі інідей ілтипатты, құрдастардай әзілдері жарасқан, құшақтасып төс қағысып табысып, сүйісіп ажырасып жүрген әрқайсысы шыңның шыңдалған тасындай өмір мектебін бастарынан кешкен абзал жандар екенін көріп жүрміз. Сонда, әрқайсысының аузынан Құдайбергенге арналған жылы лебіздері, арнайы тілектері ұмытылмайды. Досты сыйлай білу, өзін сыйлата білу әр адамның өзінің мінезінен, адамгершілік істерінен болар. Асыл қылыш қында жатпайды, жарқылдаған қырларымен көзге түсе бермек, «тұлпар болар тай – жүрісінен, тұлға болатын жас - әр ісінен» танылмақ қой.

Құдайберген оқуда жүріп аузынан елін тастамай айтып, ел десе бүйірі бүлкілдей беретін. Оның екі себебі болушы еді. Бірі, кіндік қаны тамған, көбелек қуып, гүлін терген даласын, балығын аулап, күміс суына шомылған Есіл мен бұлақтарын, ақ орда үйін, туыстарын сағыну болса, екіншісі, жігіттік көңілін дір еткізген, көрген сайын көңілінде жылы сезім оятқан, өзгеден ерекше жақын, өзі ұнатқан бір адам ойынан шықпайтын. Ол адам, ол қыз, осы күнгі жан жары, балаларының анасы, немерелерінің әжесі – Сәуле болатын.

Міне, осы Сәулемен, бір ауылдың тума балалары, кішкентай күндерінен бірге ойнап, есейе келе бір-біріне деген көңілдері ерекше, жігіт пен қыздың сүйіспеншілігіне ауысып, оларын кішкентай ауылдың ішінде жасыра да алмайтын болған. Ұлдың да, қыздың да аға-жеңгелері

екеуінің сүйіспеншілік татулығын біліп қалған. Құдайберген бір курспен бір курстың арасындағы демалыс кездерінде елге келіп-кетіп жүргенде, Сәуле екеуінің сүйіспеншілігі өрби берген. Сәуле ол кезде әке-шешесінің денсаулығы кемуіне байланысты оқуды да үзіп-үзіп оқып, қалып қоя бергендіктен Кеңес жеті жылдық мектебінде оқып жүрген кезі болатын. Әке мен шешеге жаны ашып тұратын қыз баланың ырқы мен ынтасы тежеліп қала беретіні түсінікті тағдыр ғой.

Құдайберген институттың үшінші курсы бітіріп елге келіп жүргенде өзінің Сәулеге деген сүйіспеншілік көңілін өз аға-жеңгелеріне ашық жариялап, «құда түсіп қойған жөн болар еді» дегендей ойын білдіреді. Өзінің көңілі құлап тұрған жиырмаға келіп қалған баланың бұл ойында бір жоспар бар екенін түсінген туыстары Сәуленің әке-шешесінің үйіне барып, құдалық жолын атқару ісіне кірісіп кетеді.

Сәуленің әкесі Ахметжан Бүркіталиев Қойсары ұрпағы, ауылдың атаулы азаматтарының бірі. Орталық ісіне үлкен үлесін қосқан, 1946-1952 жылдары ұжымшарда басқарма болған кісі. Соңғы кезде денсаулығы кеміп, жиі ауыра беретін. Аханның зайыбы, Сәуленің шешесі Сария осы Бірлік ауылының қоғам шаруашылығына көп еңбегі сіңген, 1962-1984 жылдары білікті ел басшыларының бірі болған Бейсембаев Әленнің әкесі Кәрібайдың қарындасы. Бұл кісілердің ұлы Кеңес бұл кезде Покровка ауыл шаруашылық техникумының зоовет бөлімін тәмамдаған 22 жастағы маман, «Семиполка» кеңшарының Балуан бөлімшесінде қызмет атқарып жүрген. Міне, осы шаңыраққа, екі баланы қосып, отау үй қабырғасын көтеру мәселесінің алғашқы қадамы, қазақтың үлкен ата жолы, құда түсу жолымен Құдайбергеннің әкесі Қали, шешесі Балқия, Мөлгаждар ағамыздың әкесі Нұрым бар, барлығы бес кісі Аханның

үйіне барып, екі жақ өз ойларын ортаға салып, басында екі жағы да аздап арындап алып, сәлден кейін күле сөйлесіп, келісімге келіп, мың жылдық құда болуға пәтуәләсіп, балалардың болашағына арналған, құдайдың қолдауына сенген аталы тілектер айтылды. Құдаларға арналып, тойдың басы болсын деген ниетпен ақсарыбас марка қой шалынып, басын салған құдаларға арналған – сыйлы үлкен астау еттен той дәмін бөлісіп, құдаласып құйрық-бауыр еттерін ырым еткен көңілді мәжіліспен үлкен іске қол қойылып, екі әулет бір-біріне құдандалы болып тарасады.

Енді келесі қадамда, қысқа салым, Құдайбергендер жағы құдаларды өз үйлеріне шақырады. Құдалар жағынан Аханның өзі мен құдағи бастаған туыстары Баймұрат, Хамид, Зәмид бар, жеті кісі келіп, бұл жолы әңгіме де келісті, жүздері де бірден жайдары, құда-құдағиласып, тамаша мәжіліс атқарылады. Тағы да арнайы шалынған малдың басынан бөлісіп жеп, құйрық-бауыр ырымы жасалып, құдалық беки береді.

Бұл жолғы әңгіме келісті құдалардың келісімді сөз байлауындай өрбіп, балаларды қосу тойын көп кешіктірмей өткізудің, олардың келешегіне байланысты мәселелердің басы ашылып туыстардай төс тақасып, бір пәтуәге келеді. Осы келісім сәтімен жалғасып, келесі жылы, Құдайберген институттың төртінші курсы бітіріп демалысқа келгенде, екі жастың үйлену тойы, екі жақтың қуанышына бөлініп, үлкен мәжіліс болып атқарылды. Оқу жылы басталғанша Құдайберген мен Сәуле бүкіл туыстардың ортасында жас жұбай болып сыйластық дәмге шақырыста жүргенде уақыттың қалай өткенін де байқамай қалыпты, екі жақтың туыстары болып ақылдасып, Құдайбергенді институтты бітірудің соңғы жылына шығарып салады. Сәуле ата-енесінің қолында бір жылға елде қалатын болды. Міне,

осылай Құдайбергеннің үшінші жұрты – қайын жұрты қосылады.

Әрбір жас адамның, ұл болсын, қыз болсын, өмірінің ең бір шешуші кезеңі - өзіне өмірлік серік, жан аяспас дос, бар өмірі бір шаңырақтың астында, бір дастарханның басында өтетін сырлас, болашақ ұл-қыздарын сылап-сипап өсіретін қос аққудай тату жар тауып қосылу сәті болды.

Іргелі үй, елдің, қалың қауымның құрметіне, сыйлығына бөленген отау болып кетуіне ең алдымен әйелдің атқарар міндеттері, істері ұлан-ғайыр. Осы тұрғыдан қарағанда Құдайбергеннің сүйіп қосылған қосағы Сәуленің шыққан үйі елдің құрметті азаматы Ахметжан атамыз бен Сария апамыздың шаңырағы болса, олардың көрнекті тәрбиесін ойына тоқып, ауылдың ортасында таза қазақ тәрбиесін көріп өскен, «қызға қырық үйден тыю» деген ақиқаттың ықпалында болған қыздың іргелі үй, өнегелі шаңырақ болатынында күмән жоқ еді.

Жас болса да орнықты ойы бар Құдайбергеннің де үлкендерді бір-бірін тездетіп құдаластырып қойып, институтты тәмамдап шығуға қаратпай бір жыл бұрын үйленуінің де бір астары бар ма, қалай, оны өздері ғана біледі.

Қайткен күнде де, кішкентайларынан бірін-бірі жақсы білетін, бүкіл туыс-тұқымдары белгілі, атаң кім, анаң кім деген сұрақтар тумайтын елдің қызына кім жетеді? Ата-ананың және ауызы дуалы елдің үлкендерінің ақ батасын алған балалардың болашағы ойдағыдай боларына сенім бар болатын.

Тоқтаусыз жылжи беретін уақыт емес пе, күткен адамға бір күн бір айдай болып сезілсе де, бір жылдық оқу да зымырап өтіп кетті. Құдайберген ауыл шаруашылық институтын тегіс бес деген бағамен тәмамдап, қызыл дип-

ломды ғалым-агроном атағын алды. Жоғары оқу орнының дипломын алу мәртебесіне Өсербай мен Баян да ие болды.

– Осы қуанышымызды бір-бірімізге араласып, тілектес болып жүрген барлық достар, жерлестер бас қосып, өз хал-жағдайымызша жап-жақсы той жасап атап өттік – деген олардың сөздерін естідік.

Институтта оқыған бес жыл Құдайберген үшін тек қана жоспарлы оқуды мүлтіксіз игеріп шығу жылдары ғана емес, ғылымға терең бойлап, ғылыми білімділігі институт жоспарынан ерекше кең көлемді, ой-өрісі бекіген, жасы жиырма бірден асып қалған орнықты азамат болып қалыптасқан жылдар болды. Міне, осындай білікті, білімді азаматтар облысымыздың ауыл шаруашылық кадрларының алтын қорын толықтырып елге оралған еді.

Қызыл дипломның қуанышты тойлары елде жалғасты. Сол тойлар, Құдайберген мен Сәуле екеуінің үйлену тойларының ілегіндей болып бүкіл туысқандардың шаттығына ұласты. Қуанышы мен қасірет-қайғысы алма-кезек жүретін өмір емес пе, өткен жылдардың ішінде Құдайбергеннің де, Сәуленің де туыстарында өзгеріс жағдайлар болды.

1965 жылы қырық жасында Құдайбергеннің үлкен ағасы Дәуренбек қайтыс болды. Туған шешесінен кем көрмейтін Нағима жеңгесі отыз алты жасында жесір қалды. Сәуле негізінде осы үйде болған ғой. Енді Нағимаға бес бала қарап қалды. Екі ұл, үш қыз бар болатын. Дәуірбек ағасы мен Бәтен жеңгесінде де үш қыз, екі ұлы бар.

Сәуленің әкесі Ахаң да соңғы кезде ауыра беруіне байланысты ерекше күтім керек болып қалған. Ол кісінің ұлдары Кеңес зоотехник мамандығы бойынша бұл уақытта Ыбраев кеңшарының Мектеп ауылындағы бөлімшесінде қызметте, әке-шешесі қолында болатын. 1962 жылы Кеңес, өз ауылының тумасы, бірге өсіп, біте қайнаған дегендей,

ауыл қызы Дәмеліге үйленген. Дәмелінің әкесі Дәули Нұртазаұлы ауылдың сыйлы үлкендерінің бірі еді. Құдайбергеннің әкесі Қалекенмен замандас, екеуі де қоғам шаруашылығына көп еңбектері сіңген, ағаш жұмысының ауызға іліккен ұсталары болатын.

Ақылы, ұстамдылығы ерте қалыптасқан Құдайбергеннің ендігі ойы осы шаңырақтарға қамқорлық жасап, шарапатын тигізу, ауыртпалықтарын бөлісіп, балалық парызын атқару болатын. Алла жазса оған кең пейілі, қабілеті, ынтасы жеткілікті. Ертең қызметке шықса ондай мүмкіндік те болатынына сенетін. Ата-ананың еңбегін, ақ сүгін ақтау, саналы ұлдың еш уақытта есінен шықпайтын борышы. Құдайберген ол борышын терең сезінетін.

IV. ӨНЕР ЖАСТАН

Жоғары оқу орынын үздік бағалармен тәмамдаған, бойында қызметке деген ынтасы, күш-қайраты қайнап тұрған жас маман – Құдайберген өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысына келіп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұйғарымымен бұрынғы кең жайлау болған жерде тың көтеру науқаны басталғаннан жаңадан құрылған Тимирязев ауданына қызметке баратын болды. Осы жолдамамен аудандық ауыл шаруашылық басқармасына келген күні барлық кеңшарлардың директорлары қатынасқан үлкен жиналыс өтіп жатқан екен. Жиналыс аяқталғаннан кейін кадр бөлімінде Құдайберген «Интернационал» кеңшарының директоры Науменко Иван Ивановичпен кездеседі. Ол кеңшарға бөлімше агрономы керек болатын. Кадр бөлімінің ұйғарымымен Құдайбергенді Науменкомен кездестіруді ұйымдастыру себебі де сол болды. Иван Иванович ақкөңілді, ақжарқын, сөйлескен адамды бірден баурап алатын кісі. Құдайбергенге бір көргеннен ұнап қалды, ал

Науменко болса ашық жүзді, сыпайы, жымиып сөйлеп, жұмысқа құштарлығы көрініп тұрған жас жігітті өзіне жақындата, бауырына тарта сөйледі.

– Кеңшардың шаруашылық жағдайы жақсы. Пәтер үй болады. Білікті мамандар бар, бірігіп жұмыс істейміз, қорықпа, жүр бізге, – деген сенімді сөздерімен жұмысқа ынталандырып қойды.

Осындай сәтті кездесу үстінде жұмыс және басқа жағдайлар туралы келіскеннен кейін, оқудан соңғы бір ай демалыс бітісімен, 1966 жылдың шілде айында «Интернационал» кеңшарының бірінші бөлімшесінде агрономдық қызметке келіп кірісіп кетеді.

Кеңшарда екі бөлімше болатын. Бірінші бөлімше кеңшардың орталық мекен-жайымен іргелес орналасқан. Әр бөлімше үш бригадadan құрылған. 1-бөлімшенің бастығы Ануфриенко Анатолий Иванович деген, біраздан бері осы орында қызмет атқарып келе жатқан іскер адам. Бөлімше есепшісі – Шәймерденов Ғаббас, Сергеев ауданындағы Жалтыр ауылынан. Әйелі Зура жұмсақ мінезді, сыйластыққа таптырмайтын жақсы кісілер екен. Құдайберген алғашқы күннен осы кісілердің үйінде тұрады. Жақын туысқандай, балаларындай бауырларына тартып, Құдайберген мен Сәуле екеуіне жас отау есебінде үлкен қамқорлық көрсеткен тамаша жандар. Кейін Құдайбергендер бірінші кішкентайлары Гүлнәрді өздері бір жаққа кеткенде осы үйде қалдыра беретін ата-аналарындай болды. «Ол жақсылықтары естен шықпайды, балаларға да айтып отырамыз» – дейді Құдайберген.

Кеңшарға келген бетте төрт пәтерлік үлкен үйдің бір бөлігінде, көлемі жетерліктей, екі бөлмелі пәтер беріледі. Тездетіп керекті жөндеу, сырлау жұмыстарын жүргізіп, бір жұмадан кейін Сәуле мен Құдайберген туған ауылдары Бірліктен осында көшіп келеді. Екі айдан кейін Бірліктен

әке-шешелерін көшіріп әкеліп, өз қолдарына алады. Нағима жеңгейлеріне қолда бар балаларын бағып-күтуін жеңілдету ниетімен, ол кісінің бір баласы, өздерінің інілері Дулатты бірге ала келеді. Дулат ол кезде мектепте екінші сыныпта оқитын.

Сонымен, бір кезде өздері әке-шешенің тәрбиесінде жүрген Құдайберген мен Сәуле жеке үй, жеке шаруашылықтарын басқаруға қолдары жеткен азамат болып, енді өздері әке-шешелеріне, туысқандарына қамқорлық жасап, балалық парызын атқару істерін бастады. Құдайға шүкішілік, екеуі де әке-шешелерінің, туған-туысқандарының сенімді қамқоршысы бола білді, сол парыздарын осы күнге дейін өнегелі атқарып келеді. Сондықтан да, бала болса Құдайберген мен Сәуледей болсын деп, бұл шаңырақты білетін кісілер сүйсіне айтып жүретіндерін естіп жүреміз.

Кеңшардың бас агрономы Очеретенко Петр Савельевич көнігі маман, барлық егіндік, шабындық, мал жайылымдық жерлерін бес саусағындай жатқа білетін кісі, Құдайбергенге жас маман ретінде сол жерлердің қыры мен сырын ақырын-ақырын үйрете бастайды. Кеңседе кәсіби картадан түсініктемелер жасаса, далаға шыққанда өзімен бірге алып жүріп, саспай әр шаршы егістіктердің, шабындық жерлердің басына тоқтап, барлық танаптардың сыр-сипатын тиянақты үйретуге тырысады. «Институт аудиторияларында отырып қағаздан оқығандардан осындай білікті маманның жанында жүріп, көзбен көріп, қолыңмен ұстағанға не жетсін. Петр Савельевичтен көп нәрсе үйрендім» – дейді Құдайберген. Оның үстіне әр егістік танаптың өз ерекшеліктері болатыны белгілі. 2-бөлімшеге қарағанда 1-бөлімшенің егіс өнімі жақсырақ болып жүрді. Қатар орналасқан, құнарлығы бірдей жерлердің егіс өнімдерінің арасында айырмашылық болатын. Оның да өзіндік себептерін Очеретенко айтып отыратын болған.

Осы кеңшарға Құдайберген қызметке келген 1966 жылы шаруашылықтың егістігі жақсы өнім берді. Әр гектардың өнім түсімі орта есеппен 16 центнерден болды. Кеңшар аумағында 18 мың гектар егістік болса, бұл деген шаруашылыққа үлкен табыс жылы болғаны.

Облыс бойынша «Интернационал» кеңшары Бүкілодақтық социалистік жарыстың озаттары қатарына кірді. Сол жетістіктерге байланысты кеңшар үлкен марапатқа ие болды, еңбекші халық жыл аяғында мол ақша, бидай алып, тұрмыс-жағдайлары бір көтеріліп қалды. Қазақ халқы ырымшыл халық қой, Құдайбергеннің еңбек жолын бастаған жылы мұндай молшылық болуын ата-аналары, ағайын-туыстар жақсы ырымға балап, алдағы қадамы жемісті болып, бақытты болашақ тілегендері орынды еді.

Кеңшардың еңбектері жемісті болатын реті бар. Бұл кезде алғашқы тың көтеру уақытымен салыстырғанда халық тұрақтаған, еңбекке үйреніп, тұрғылықты шаруа болып, көші-қоннан тиыштала бастаған кезі. Техника жеткілікті, мамандар бар. Басшылар білімді, халықпен жұмыс жасауды білетін шебер ұйымдастырушылар. Кеңшарда басшы мамандар, білікті еңбек ұйымдастырушыларының қатысуымен ай сайын экономикалық сараптама бюросының отырысы өткізіліп тұратын. Бұл ұйымның сапалы жұмыс жасауына, шешімдерінің түбегейлі орындалуына кеңшар директоры Науменко Иван Иванович үнемі көңіл бөліп жүретін.

Егістік алқаптарын тиімді пайдалану мақсатымен бірнеше жылға жоспарлаған технологиялық картасы бекітіледі. Мал басын көбейтіп, оның қайтарымын арттыру, асыл тұқымдандыру, сауықтандыру мақсаттары да алдынала жоспарланып қойылады. Соның нәтижесінде қара малдың басы 2,5-3 мыңға жетіп, шошқа 9-10 мыңға молайды.

Мұндай табысқа қол жеткізу үшін алдымен еңбекші, жұмысшы қауымның сіңірген еңбектері ұлан-ғайыр. Әр істің басында жауапты орталық ісіне жаны ашып, білімін аямай, еңбек ететін басшылар болды. Бас зоотехник Рамазанов Зәрубек, бас мал дәрігері Текебаев Кәкім, партия ұйымының хатшысы Шерниязов Нұртай, кеңшар жұмысшылар комитетінің төрағасы Аяжанов Ғалымжан тағы басқа іскер басшылар демалыс дегенді білмей, бар күш-жігерлерімен еңбек еткен азаматтар.

Жиырма бірге жаңа толған жас маман Құдайбергенге осындай жас жағынан ересек, өнегелі, іскер қызметкерлердің арасына бірінші күннен бастап араласып, солардың сөзін тыңдап, үлгілі істерін көріп, ақыл-кеңестерін алып жүруі, болашақ іскерлігіне, үлкендермен терезесі тең бірге жүріп қызметін сенімді атқарып кетуіне көп әсерін тигізгені сөзсіз. Орыс, украин, белорус ұлттары басым көпшілігін құрайтын кеңшар халқымен тез тіл табысып, сөзін сыйлата біліп, араласып кетуіне алдымен өз өнері жетіп жатса, екінші кеңшар бастықтарының халықпен қалай жұмыс атқарып, қандай қарым-қатынаста болып жүргендерін көріп үйренгені де алдыңғы уақытта көп ұлтты халықтың арасында жұмыс жасау тәсілдерін игеруіне ықпал еткені анық.

Жас болып ескерусіз қалмай, үлкендермен үзеңгілес жүрді, той-думандардың қадірлі қонағы болды. Үлкенді-кішілі жиналыстардың төралқаларының ортасында отыратын дәрежеге ие еді.

Осы кеңшарда 1966 жылы қазан айының аяқ кезінде бірінші балалары Гүлнәрдің туғанын тойлады. Кең пәтер үй алды, іргелі шаңырақ, туғандарын қолына алған көлемді отбасы болды. Қызметін бар ынтасымен атқарып, іскерлігі көзге ілікті. Кеңшардың бас агрономы алты ай оқуға кеткенде, демалыста, не басқа себептермен шетте жүргенде оның орнына бас агрономдық міндеттерін атқаратын. Бө-

лімше басқарушысы демалысқа кеткенде, түрлі себептермен бірнеше айлап жұмыста болмай қалған кездерінде оның орынында да басқарушы болып үнемі Құдайберген қалатын.

Құдайбергеннің жас мамандардың арасында көзге түсерлік іскерлігі аудан басшыларының назарынан да тыс қалмады. Бөлімше агрономы болып үш жыл істегеннен кейін аудан басшыларының ұйғарымымен, облыстық ауыл шаруашылық басқармасының шешімімен 1969 жылы маусым айында сол ауданның Б.Хмельницкий атындағы кеңшарына бас агроном болып тағайындалады.

Жиырма төрт жасқа әлі толмаған жас жігітке үлкен көлемді егістігі бар шаруашылыққа бас маман болып тағайындалуы аудан және облыстық ауыл шаруашылық басшыларының үлкен сенім білдірген шешімі еді деп бағалаған жөн.

Бұл кезде Құдайберген мен Сәуленің жанұясына 1968 жылы қазан айында туған Гүлсім қосылған, әке-шешелері бар, Дулатпен үш бала, өздерімен жеті жан, іргелі үй болған шағы.

Б. Хмельницкий кеңшары да тың көтеру жылдарында құрылған жаңа шаруашылық болғанымен «Интернационал» кеңшары сияқты елді-мекендері бар, әлеуметтік-саяси, әкімшілік мекемелері, шаруашылық құрылыстары, адам күші мен техникасы жеткілікті, орта дәрежедегі шаруашылық еді.

Кеңшардың директоры Корецкий Леонид Ульянович сол кездің өзінде жермен жұмыс атқару ісінің білгірі ретінде «Қазақстанға еңбегі сіңген агроном» атағы бар, үлгілі басшы болатын. Бұл кісінің агрономдық іскерлігі жайында көп әңгіме айтуға тұратын, жерді сүйіп, жермен жұмыс жасауды бүкіл өмірінің мақсаты етіп таңдаған өте білімді маман. Қай жермен қандай жұмыс жасау керек екенін, жермен тілдесіп, сырласқандай түсінісетін, жермен бірге

біте қайнасқан, табиғаттың ерекше дарынды жаны. Леонид Ульянович қай кеңшарда қызмет атқарса, сол жердің егістік өнімі әрқашан көрші шаруашылықтардан біршама артық болатыны содан.

Б. Хмельницкий кеңшарында бұл кісімен Құдайберген екі жылдан астам бірге қызмет атқарып, білгір ұстаздан жермен жұмысты қалай жасау керектігі жөнінде бірталай өсиет-өнеге алды, үйренді, білімін байыта түсті. Егіншілік мәдениетін, егістіктің өнімін арттыру тәсілдерін, ауыспалы егістік алқаптардың сырларын тереңірек түсіндірген де осы кісі еді. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Владимир Гаврилович Ганцевтың болмашы нәрседен туындаған қиянатынан Л. У. Корецкий Құдайберген келгеннен кейін үшінші жылы орнынан алынып, көрші орналасқан «Восход» кеңшарына бас агроном болып барды. Оның орынына кеңшарға директор болып Гайворин Николай Георгиевич келді.

Құдайберген кеңшарға келген бетте бас агрономға арналған пәтер босай қоймай, осы жердің көптен бергі тұрғыны, білікті жұмыскері, машина жүргізуші маман Анапиянов Нұрғали деген азаматтың үйінде тұрып, қызмет атқара берді. Отбасымен тегіс көшіп келудің сәті төрт ай шамасында ғана іске асып, қыркүйек айында жаңа жерге келіп қоныстанды. Жаңа кеңшарда бас агрономдық қызметті атқару білімі жеткілікті, үш жылдан астам уақыт жермен жұмыс жасауды үйреніп қалған, еңбекке ынтасы құлап тұратын Құдайбергенге қиын болған жоқ. Оның үстіне, өте білімді маман, агроном Л.У. Корецкийдің жанында жүріп қызмет атқарған жылдары Құдайберген үшін білімін түбегейлі бекіту жылдары болды.

Кеңшардың жалпы егістік жерінің көлемі 10950 гектар болатын. Бидай 9000 гектар, қалғаны басқа дақылдар. Жермен жұмыс жасау мәдениеті тәп-тәуір орнап қалған бұл

кеңшарда жыл сайын егін түсімі жақсы болатын. 1972 жылы әр гектардан орта есеппен 17 центнерден өнім алып, облыс бойынша алдыңғы қатардағы шаруашылық дәрежесіне көтерілді. Бұл табыс әрине, мақтануға тұратын жетістік. Бірақ мақтанышты артық сөзден өзін аулақ ұстайтын Құдайберген, бұл жетістік бас агрономның негізгі көрсеткіші бола тұра, «Л. У. Корецкийдің сауатты басшылығының арқасында қол жеткен табыс қой», – деп қоятын. Қалай десе де, жақсы егін өсіріп, оны уақытында ысырапсыз жинап алу соңында қажыса да кейімей жүрген бас агроном Құдайбергеннің еңбегі бар екені талассыз. Осы еңбектері үкімет тарапынан өз бағасын алып, Л.У. Корецкий «Ленин», Құдайберген «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Гектар түсімі, егін өнімі келесі жылдарда да тұрақты болды. Кеңшарда бірге қызмет атқарған бас және орта буын мамандар өз істерін жақсы игерген, білімді, жұмысты беріле атқарған іскер ұйымдастырушылар еді. Жолдастық ара қатынастары жақсы болған азаматтардың қатарында: Данияров Қалел – бас зоотехник, Таспаев Ескендір – орта мектептің директоры, Кучук Евгений Иванович – партия ұйымының хатшысы, тағы сол сияқты жолдастарының аттарын Құдайберген есінен шығармай айтып отырады. Евгений Иванович Құдайбергеннің соңынан қалмай жүріп үгіттеп, партияға мүшелікке тартқан кісі екен. Сол кісінің ықпалымен партия қатарына 1972 жылы алынған.

Кейінгі кездегі қызмет жолына бұл шешімі өз таңбасын қалдырып, қызмет баспалдақтарымен көтерілуіне себебін тигізгені анық.

Ол заманда партияда жоқ адамның үлкен лауазымды қызметке көтерілуі мүмкін болмайтын. Құдайберген де партияға мүше болмағанда, кеңшардың директоры болып бекітілуі екіталай болса, аудандық партия, совет қыз-

меттеріне сайланбайтын еді. Партияға мүше адам сол системаның сенімді өкіліндей саналатын.

Б. Хмельницкий кеңшарындағы өмір жылдары бұл отбасына тағы бір тамаша қуаныш әкелген. 1970 жылы сүйікті ұлдары Дулан дүниеге келді. Бұл қуаныш бүкіл кеңшарды дуылдатқан, туыстарды дүрліктірген үлкен тойлармен атап өтілді. Дуланның кіндік атасы Анапиянов Нұрғали мен кіндік шешесі Қантай өз балаларын көтеріп алғандай бірге жүгірісті. Құдайбергендер жастайынан ағайын-туыстармен жақын жүріп сыйласқанды адамгершілік міндетіндей сақтаған кісілер. Әртүрлі себептермен алыстап кеткен туыстарды іздеп тауып, қайтадан туыс болып, ара қатынасты үзбей, берік сақтайтын дәстүрлері тамаша қасиеттерінің бірі болып қалыптасқан. Сөзімнің сенімді болуына бір дерек келтірейін.

Құдайбергеннің әкесі Қалекен, қайын атасы Ахаң қай елде қандай туыстары бар екенін балаларына білгізу үшін айтып отыратын. Солардың ішінде көршілес, жандары аралас, малдары қоралас болып кеткен «Көктерек» ауылында Бименде деген кісі бізге жиен, Бүркітәлі аталарыңның қарындасынан туған – дейді екен Ахаң.

Міне, сол Бименденің баласы Дәстенмен, жұбайы Рәш Ғайсақызымен танысу, табысу сәті 1971 жылы Б. Хмельницкий кеңшарында қызметте жүргенде түскен. Сол жылдардан басталған туыскандық ара-қатынастарының жалғасы 1975 жылы Құдайберген «Целинный» кеңшарында директор болған жылдары әбден бекіген. Рәш Ғайсақызы сол кеңшардың орта мектебінің директоры, Дәстен кеңшар директоры Құдайбергеннің шаруашылық салаларын басқарған орынбасары болды. Бұл екі жанұяның туыскандық, достық ара-қатынастары туралы көп әңгімелер айтуға болатын, жастар түгілі, үлкендер үлгі алатын өнеге. Өкінішке орай, Дәстен де, Рәш те бұл дүниеден ерте өтіп кетті.

Олардың артында қалған ұлдары мен қыздарына Құдайберген мен Сәуленің қамқорлықтары, туған әке-шешесіндей болып кеткен көз-қарастары аз сөзбен айтып жеткізуге болмайтын үлкен жүректі мейірбандылық. Енді осы достықты, туыскандықты екі үйдің балалары жалғастырып келеді. Көргенде көңіліне қуаныш, жұбаныш ұялайтын тамаша қарым-қатынас.

Б. Хмельницкий кеңшарында бас агрономдық қызметте өткен төрт жылда Құдайберген жаңа достар тапты, өмір мектебінің бірталай жаңа қырларымен танысты. Басшы қызметте, 24-27 жастың арасында өмірден түйгені көп, ысылған, шаруашылық істерін ұйымдастыру тәсілдеріне әбден жетілген, келешегінен үлкен үміт күтетін азамат екенін таныта білді.

Бұл оның кеңшарға жиі келіп, шаруашылық жағдайларына үңіле, сыншыл көзбен қарайтын облыс, аудан басшыларының көзіне көрнекті істерімен түскен, байыпты, ақылды қылықтарымен сенім артуға болатын мамандардың қатарына іліккен кезі болатын. Соның нәтижесінде, облыстық және аудандық партия комитеттерінің шешімдерімен, бұл азаматты тағы бір қырынан сынап көрейікші дегендей 1973 жылдың күзінде Құдайбергенді алғаш еңбек жолын бастаған «Интернационал» кеңшарының партия ұйымына хатшылық қызметіне ұсынады. Кеңшар партия мүшелерінің жалпы жиналысында Құдайберген бірауыздан партия ұйымының хатшысы болып сайланады. Партия ұйымының бұрынғы хатшысы Шерниязов Нұртай «Ишимский» кеңшарына осы қызметке ауыстырылады.

Бұл кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ганцев Владимир Гаврилович болатын. Оған дейін осы қызметті атқарған Фомичев Петр Дмитриевич облыс орталығына басқа қызметке ауысып кеткен. В.Г. Ганцев ауыл шаруашылық жұмыстарын басқару істерін басынан

кешкен, өмір мектебінің бірталай сындарынан өткен, білікті басшы болатын. Құдайбергенге көзқарасы дұрыс, үлкен сеніммен сөйлесетін, «бұл жұмысты да үйрену керек, білу керек, келешегіңе пайдалы болады» – деп болжамды ақылдарын айтып қоятын.

Өзі білетін ұжым, таныс азаматтар, көңілде сайрап тұрған белгілі шаруашылық жүйелері болғанымен, партия ұйымының хатшысы болу өзіндік ерекшеліктері, астарлы сырлары бар, көп үйреніп, білуді керек ететін, үнемі көпшіліктің ортасында жүріп атқаратын, басқару жүйесі басқа әдістерді талғайтын жұмыс саласы. Үңіле қарап, сан қилы сырларын түсінген сайын бұл қызмет те өмірдің бір баспалдағы ретінде өте қажет жұмыс екенін Құдайберген ойына тоқып, оны игеруге бар ықыласын салған.

Бұл кезде кеңшардың директоры Тютюнов Степан Васильевич деген, кісілігі мол, бірге қызмет атқаруға әбден болатын, жолдастық қасиеттері жеткілікті, жақсы мінезді, пысық ұйымдастырушы, сезімтал басшы еді. Қызметі ауысқаннан кейін Б. Хмельницкий кеңшарында төрт жыл тұрып, орнығып қалған отбасын енді қайтадан «Интернационал» кеңшарына көшіріп әкелу керек. Ол екі арада келген жерде дайын тұрған пәтер үй бола қоймады. Сол себепті өзі үш ай бойы кеңшардың орта мектебінің директоры Қадыров Жасұланның үйінде тұрып, қызметін жалғастыра берді.

Бұл кісінің зайыбы Дариха облыс, республика көлеміне белгілі ақын, орман шаруашылығына еңбегі сіңген майталман маман Нұртазин Ахметжан атамыздың қызы. Осы жағынан жақын көріп жүретін сыйластықтары осы күнге дейін үзілмеген. Құдайберген жанұясын үш айдан асқан мезгілде көшіріп әкелді. Сөйтіп алғашқы жеті жылдық қызметтердің ішінде бір жерден екінші жерге үш рет қоныс аудару машақатын да бастарынан кешеді.

Кеңшар партия ұйымының хатшысы өз жұмысын аудандық партия комитетінің басқаруымен атқаратыны белгілі. Іс жоспарлары негізінен кеңшар тұрмысымен тығыз байланысты, кеңшардың алдында тұрған міндеттер – партия ұйымының да міндеттері. Кеңшар директоры осы партияның мүшесі болғандықтан партия ұйымының хатшысының пікірлерімен, оның жоспарлы істерімен санаспауға хақысы жоқ. Сондықтан да директор мен партия ұйымының хатшысы терезелері тең сөйлеседі. Түпкі мақсат кеңшар шаруашылығының ілгері басуы, халықтың әл-ауқатының, тұрмыс-мәдениетінің, денсаулық, оқу-ағарту істерінің ілгері басуы болғандықтан жұмысты бірігіп, келісімді атқарулары керек.

Партия саласының жұмыстарын тез игеріп кетуіне бірінші Құдайбергеннің өз іскерлігі, білімі жетіп жатса, екіншіден, көпті көрген, көп жасаған партия мүшелерінің көмектері, ақыл-кеңестері септігін тигізді.

Аяжанов Ғалихан, Шаймерденов Ғаббас, Капустин Егор Власович, Шерниязов Нұртай, Белан Тихон Мефодьевич және тағы басқа көпті көрген, орнықты ойлары бар, халықтың қадірмендерінің орталық ісіне қосқан үлестері аз болмайтын, қолдарынан келген көмектерін аямайтын.

Құдайберген бастауыш партия ұйымында болып, жиналыстарына қатынасып, қатардағы жұмысшылармен, үйде отырған зейнеткерлермен сөйлесіп, халықтың әл-ауқатын біліп жүруге тырысатын. Мектеп, клуб, спорт, кітапхана және басқа да қоғамдық-тұрмыстық қызмет орындарының жұмыстарын комитет отырысында жиі тындап, қолдан келген көмектерін аямай, өзі бірге жүріп атқарысуды халық үшін атқаратын борышындай есептейтін. Осындай істерінің арқасында кеңшар халқының алғысына бөленген сыйлы азамат болды. 1973 жылдың қараша айынан 1975 жылдың көкек айына дейінгі бір жарым жылдың ішінде аудандық

кеңшар партия комитетінің хатшыларының ішінде іскер ұйымдастырушы ретінде көзге түскен Құдайберген келешекте қандай да болсын үлкен қызметке дайын кадр екенін көрсете білді. Осылай өзін оң қырынан танытқан Құдайберген Қалиұлы облыстық партия комитетінің және облыстық ауыл шаруашылық басқармасының ұсыныстарымен, Қазақстан Орталық партия комитетінің, республика үкіметінің қолдауларымен 1975 жылдың көкек айында Тимирязев ауданының «Целинный» кеңшарына директор болып тағайындалды. Бұл қызметті Құдайбергенге дейін атқарған Бовсуновский Владимир Павлович аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды да, шаруашылық және партия жұмыстарында ысылып, өткеріліп келген кеңшар жұмысын бес саусағындай білетін отыз жасқа енді толатын білімді, білікті жас маман Құдайберген көлемді кеңшардың бастығы - директор болды. Әрине, бұл үлкен қызмет, үлкен сенім. Енді сол сенімді ақтау керек, Құдайберген оны жақсы және терең түсінді.

V. ҚАЛТҚЫСЫЗ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Целинный» кеңшары 1955 жылдары тың көтеру науқаны басталған кезден бастап ұйымдасқан шаруашылық. Алғашында «Мичуринский» аталған бұл кеңшар Қостанай облысының Пресногорьков ауданының құрамында болған. 1964 жылы «Целинный» деп қайта ат қойылып, Тимирязев ауданына бағынды. Кеңшар аудан орталығынан елу бес шақырымдай қашықтықта, Қостанай облысымен іргелес, облыс орталығы Петропавл қаласынан үш жүз шақырым шалғайдағы шаруашылық. Жақын теміржол Целинная – Қорған торабынан жиырма жеті-отыз шақырым алшақ.

Кеңшардың орталық елді мекені де «Целинный» деп аталады. Жақын іргесіндегі бірінші бөлімшесінің аты «Победа» деп қойылыпты. Темір жол жақ беткейде Қайранкөл станциясына жақынырақ орналасқан кеңшардың «Дальное» аталатын екінші бөлімшесі бар. Аудан орталығынан кеңшарға дейін, кеңшардан тарайтын ауыл аралық жолдар көтеріліп, үстіне құм төгілген грейдерлі жобамен жасалған.

Тың даласының жерлері негізінен күлгін түсті топырақты. Жазғытұры қар еріп, жер лайсаң болғанда, жауын кездерінде сулы балшығы керемет жабысқақ болып кетеді. Аяқ киімнің ұлтанына жабысқан балшық оңайлықпен түспей, қалыңдай береді, аттаған сайын аяқ киімді шешіп алатындай тартқылып жатады. Жердің ылғалды, сулы кездерінде автомобиль доңғалақтарымен жыртылып, жыртылып тез бүлінеді. Сондықтан грейдер жолдар үнемі тегістеліп, жыртылып түсіп кеткен іздерге үстеме құм, көмір күлі, басқа жерден әкелінген балшық төгіліп отырады. Жөндеу, тегістеу жұмыстары атқарылмаған жолдармен жүргенде жеңіл машиналар тұрсын, үлкен доңғалақты машиналардың өзі бауырынан ілініп қалып жататын мезгілдері болады.

Ауыл ішіндегі көшелер тілім-тілім жырылған техника доңғалақтарының іздерінен, айқыш-ұйқыш жырақалы болып қалып, жаяу жүруге де қиындық жасайтын кездері, әсіресе жазғытұрым және күз мезгілдерінде бір қиямет. Қысқы борандарда, төкпе қар, жауындарынан кейін, жолдарды қалың қар басып қалатын кездері жиі болады және үрлеген желдің әсерінен туындайтын қар көшкіндерінен соң жолдар тазартылып отырмаса жол жүруге мүмкіндік болмайды. Қысы-жазы арылмайтын осындай жол жүру қиындықтары Тимирязев ауданының әрбір елді мекендерінің басында осы күнге дейін бар.

Бұл қиындықтардың бәрі, тың төсінде құрылған кеңшарларда тоғыз жылдан астам қызмет істеп қалған Құдайберген үшін жаңалық емес еді. Облыстық ауыл шаруашылық басқармасының бастықтары мен аудан басшылары Құдайбергенді «Целинный» кеңшарына арнайы әкеліп, үлкен жиналыста халыққа таныстырып, кеңшардың директорлық қызметіне тағайындалғанын жариялап, 1975 жылдың сәуір айында директордың тағына орналастырған болатын.

Бұған дейін бас агрономдық қызметті басынан өткерген, кеңшар партия ұйымының хатшысы болып, ауқымды жұмысты кеңшар директорымен қатар, тізерлесіп жүріп атқарған шаруашылық істерінің қыры мен сырын сыртынан емес, ішінен біліп, біраз тәжірибе жинақтап қалған Құдайбергенге директорлық қызмет біршама таныс болса да, енді сол қызметті өзі бастап, басқарып әкетуге кіріскенде қобалжу, ойлану кездері болмай қойған жоқ. Сондықтан үлкен қызметті алдымен кеңшар шаруашылығын асықпай, ұқыптылықпен аралап, еңбекші халықпен мұқият сөйлесіп, әр саланың шаруашылық жағдайын түбегейлі білуге тырысты. Сонымен бірге, күн сайын қасында жүріп қамқор, көмекші болатын сенімді бас және орта буын басшылармен жақынырақ танысып, білісіп, ішкі шаруашылық жүйелерінің бастықтарының іскерлік білімділіктерін байқап, сараптап жүрді.

Көп салалы кеңшар шаруашылығының қалай жүріп жатқандығын, келешекте қандай жоспарлары бар екенін біліп, пайдаланбай жатқан мүмкіндіктерді іздеп тауып, қол жеткен табыстарды ой елегінен өткізіп, алда не істеу керек екенін өз ойына түйіп қоятын. Директорлық қызметте, уақыт өткен сайын, шаруашылық жүйелерінің осал жақтарының беті ашылып, алда атқарылатын жұмыс жоспарларының мәні айқындала түсті.

Сонымен, ойға алынып кезекке қойылған істердің көлемі ұшан-теңіз, бір шетінен бассан, арғы жағы былқылдай беретін мүкті қорықтай болып көрінсе де, келешекке қашан да сеніммен қарайтын, қиындықтан тайқақсымайтын жас басшы Құдайберген Қалиұлы сол болашақ істердің барлығы да қолдан келетініне, орындауға болатынына көзі жететін. Ол үшін алдымен үлкен көлемді шаруашылық істерін атқаратын жұмысшылар керек. Олардың санын көбейтіп, тұрақтылығын бекіту үшін алдымен тұрғын үйлердің санын арттыру қажет.

Қай салада болмасын, техникамен жабдықталған шаруашылық жүйесін игеруге білімді, іскерлік қабілеті жеткілікті жұмысшы, тракторларды, комбайндарды, автомашиналарды меңгеретін механизаторлар керек. Ендеше, ондай мамандықтарға жастарды кеңшардың өз ішінде оқытып, үйретуді кеңейту қажеттігі туды.

Мал басын арттыру қажет. Ол үшін жылы мал қораларының санын көбейтіп, оның ішкі ауыр жұмыстарын механизациялау жүйесіне тегіс ауыстыру істері де ойға алынды. Егістіктің жалпы көлемін арттырып, гектар түсімін молайтуға қол жеткізу басты мақсат. Ол үшін де не істеу керек екені Құдайберген Қалиұлының көкірегінде жоспарланды.

Санай берсең саусағың жетпейтін ұшан-теңіз шаруашылық жүйелерінің өрбу, өркендеу жоспарлары Құдайберген Қалиұлының жатса да, тұрса да ойынан шықпайтын алда тұрған мақсаттары болып бекіді. Кеш жатты, ерте тұрды. Өзі үшін дағдыға айналған күнделікті жұмыс атқару жүйесіне алдымен барлық басшы қызметкерлерді жұмылдырды. Әр тәулікке арналған іс-жоспарларын бекітетін лездеме жоспарлау кеңесі таңертеңгі сағат 7-де басталатын да нақтылы тапсырмаларды беріп, міндет қою, бір-бір жарым сағатта аяқталатын.

Таң атпай, сағат бестен тұрып үйден жұмысқа кетіп қалатын әдеті болған Құдайберген Қалиұлы, сағат 7-де «планеркаға» келгенде барлық шаруашылық жүйелерін аралап үлгеріп, өткен тәулікте кеңшар бойынша не болып жатқанын біліп кеңсеге келіп, орнында отыратын.

Бастықтың сол әдетін түсініп алған мамандар, оның алдында жалған сөз, өтірік ақпарат айтып, бітпеген шаруаны бітті деп көз бояушылық жасай алмайтын.

Бұрын кеңшар директоры болған В.П. Бовсуновский 1975 жылдың маусым айында аудан орталығына көшіп, пәтер босағаннан кейін Құдайберген жанұясын көшіріп алып, осы пәтер үйге орналасқан. Әдетте, кеңшарға жаңа келген директорлар жұмысты алдымен өзінің кеңседегі қызмет бөлмесін түзеп, сәндеп, бүкіл жиһаздарын ауыстырудан, одан кейін, өзге үйден ерекше көз тартатын көрікті, көлемді тұрғын үй тұрғызудан бастайтын еді, Құдайберген олай жасамалы. Осы кеңшарда он жыл бастық болған уақыттың ішінде осы бір үйде тұрып, сол үйден жаңа ауданға қоныс аударды.

Бес бала (ағасының баласы Дулат та өз қолдарында), Сәулемен екеуі, ата-аналары бар үлкен жанұяға сол үй кішілік етпеді. Келісімді, жарасымды сыйластықтың, отбасының ұйтқысы Сәуленің адамгершілігінің арқасында көңіл сыйған үйге, бәрі сыйды.

Тураған еттей, туған айлар таусылып, көшкен сендердей жылдар жылжып өтіп жатты.

Құдайберген Қалиұлы өз ойымен, өз қолымен жасап, жыл сайын кеңшар еңбекшілерінің жиналысында бекітілген жоспарларын орындау үшін бар күш-қайратын, өнерін жұмсап, шаруашылық экономикасын ілгері бастыру, халықтың хал-жағдайын жақсарту жолында аянбай еңбек етті.

Шаруашылық істерінің негізгі бағыты – егістік жүйелерін өркендету болғандықтан, алдымен егістік жерлердің көлемін кемітпей, жер құнарлылығын төмендетіп алмауға үнемі көңіл бөлінетін, жерді өңдеу, тұқым себу, күту, өскен егінді ысырапсыз жинап алу бағытында белгілі технологиялық жетістіктер жыл сайын жоспарлы атқарылды. Ауыспалы егістіктің көлемі сақталып, минералдық және органикалық тыңайтқыштар жерге жеткілікті берілетін. Егістік танаптарға қыс қар тоқтатылып, көктемде ылғал сақтау шаралары да жыл сайын ойдағыдай атқарылатын.

Осындай ынталы күтімнің, алдыңғы үлгілі технологияларды пайдаланудың нәтижесінде кеңшар жыл сайын егілетін 12500 гектар егістіктен жақсы өнім алып жүрді. Әрине, құбылмалы ауа райының ықпалынан, уақытында керек ететін жаңбырлардың болмай қалуынан, оның үстіне, күзгі жауын-шашындардың, ерте түсетін қардың кесірінен егістіктің гектар түсімдері жыл сайын жақсы бола бермейді, әр жылы әр түрлі түсім алынады. Соның өзінде бұл кеңшардың егіс алқабындағы гектар түсімі орта есеппен жыл сайын 14 центнерден кеміген жоқ.

Кеңшарда Құдайберген Қалиұлы директор болып қызмет атқарған он жыл ішінде мал басының саны, одан алынатын жылдық пайданың көлемі жыл санап арта берді. Қара малдың саны үш мыңнан бес мыңға дейін жетсе, қой саны 7-8 мыңнан 18-19 мыңға көбейді. Жылқы саны 500-ге дейін жеткен жылдар болы. Қара мал негізінен кеңшар орталығына жақын орналасқан «Победа» бөлімшесінде, қой «Дальное» бөлімшесінде, кең жайылымда бағылатын.

Кеңшар тың көтерген кезде құрылып, өркендеп келе жатқан шаруашылық болғандықтан, еңбекші халық сол кездегі Кеңес Одағаның түпкір-түкпірінен келген әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған ұжым болған ғой. Бертін келе, жеңіл ойлы, ұшқалақтары бытырап, кететіндері кетіп, еңбек

сүйгіші, орнықтылары біржола бекіп, тұрақты тұрғындары анықталып қалған. Кеңшар алғаш ұйымдасқан кезде туған балалардың өзі еңбек жасына жетіп, «Целинное» кеңшары – менің туғам жерім – деп мақтанатындарын еститін едік.

Осы кезде кеңшарда еңбек ететін халықтың саны 750-800-ге жетіп қалған. Халықтың тұрғылықты тіршілікке көшіп, осы жерде орнығып қалуларының себебі, оларға деген жан-жақты қамқорлықтың, жұмыс орындарының жақсаруына күнделікті көңіл бөлінген жанашырлықтың ықпалы мол болғанынан деп түсінген жөн. Кеңшардың орталығында, бөлімшелерінде жыл сайын 20-25-тен, алғашқы жылдары отыз шақты жеке, әдемі үйлер салынды. Бұл дегеніңіз, жыл сайын сонша жанұяны қуанышқа бөлеу болса, қанша халықты сол жерде тұрғылықты етіп ұстап қалудың кілті ғой.

Қысқы суықтарда пайдаланылатын тракторларды, машиналарды жылы жерде ұстау үшін үлкен-үлкен гараждар, оларды қыс бойы жөндеп, жазғы жұмыстарға дайындау үшін керекті станоктармен жабдықталған, кең, еңселері биік шеберханалар, жанар-жағар майлардың қорын дайындап, сақтайтын көлемді баз салынып, еңбекші халықтың сол ғимараттардың ішінде қысы-жазы жұмыстан қолдары босамайтын.

Малды жылы жерде ұстап, оның төлдерін аман сақтау үшін, әсіресе, қойларға, қара малға арнап жыл сайын жаңа мал қоралары салынып, солтүстіктің әрі ұзақ, әрі суық қысында сол баздардың ішінде малды асырап күту үшін еңбек ететін малшыларға керекті жағдайлардың бәрі жасалатын. Мекемелерді, үйлерді, барлық жұмыс орындарын жылумен қамтамасыз етіп тұратын, бір жерден жағылатын тыңғылықты жылу орталығы (кочергарка) салынды. Осы орталықтан жылуды құбырлар арқылы тарататын үлкен көлемді жылу жүйесі іске қосылды.

Бұлардан басқа, Құдайберген Қалиұлы тыным таппай, өзі басқарып жүріп салдырған Мәдениет үйі, орта мектеп құрылыстары ерекше көзге түсетін, өмірлік ескерткіштей ғимараттар. «Бұл құрылыстар салынып бітіп, ашылу салтанаттары кеңшар тұрғындары үшін, әсіресе, балалар мен жас қыз-жігіттер үшін үлкен той болып, қуанышқа бөленгені есте қаларлық оқиғалар еді», – деп кеңшар тұрғындары ұмытпай айтып отырады екен.

Кеңшарда жиырмаға жақын әр түрлі ұлттардың өкілдері тұрақты еңбек етіп жүрсе, солардың бәрінің ортақ үйлері, демалыс орны осы Мәдениет үйі, балалар үшін білімнен сусындап, тәрбие көріп, көңілді күндерін өткізетін орындары – орта мектеп ғимараты. Әр ұлттың балалары бір үйдің ұрпағындай орта мектепте он жыл бойы білім-тәрбие алса, Мәдениет үйінде әр ұлттың тілінде ән шырқалып, би биленіп, тойлар атқарылып, сырнайлатқан-кернейлеткен демалыс орталығы, халықтың көңілін көтеретін мәдениет шаңырағы болды.

Сол кезде бұл Мәдениет үйінің жұмысы аудан, облыс көлеміндегі бірден-бір айта қаларлықтай ауқымды, мәнді, сәнді болғандығы ауызға алынатын. Қойылым бағдарламаларының ауқымдысы болған, кеңшардың атын көлемге жария еткен, саны 50-60-қа тарта еңбекші қауым қатынасатын үлкен хор ұжымы еді.

Бұл ұжымды басқарып, ұйымдастырып, қысы-жазы үлкен ұжыммен аудан, облыс орталықтарында өз өнерлерін халыққа жария етіп жүруге жалықпай еңбек еткен Валентина Русина, сырнайда ойнайтын Анатолий Васильев сияқты өнерпаздар болатын. Өнер ұжымының репертуарында орыс, қазақ, украин, поляк, неміс, татар, удмурт, әзербайжан, тағы басқа ұлттардың әндері шырқалып, билері орындалғанда, көрген халық риза болып, қуанып қалатын.

Ұжым жұмысының кең көлемді, жаңарып отыратын репертуары болуын, киімі, музыка аспаптарының жеткілікті болуын, ұжым мүшелері тарап кетпей, тұтас болуын Құдайберген Қалиұлы өзі араласып, қадағалап жүретін. Халықты мәдениеттілікке тәрбиелеу, үгіт-насихат мәселелері, сол замандағы комсомол, партия ұйымдарының төл ісі болды ғой. Бұл жүйелерді басқарып, үнемі халықтың арасында жүретін Владимир Кукушкин, Владимир Динисенко, Ядвига Зигмантене деген кісілер еді.

Кеңшардың тағы бір мақтанышы, жаңадан салынып, халықты игілікті істерімен қуантқан үлкен көлемді сауда орталығы, асхана, қонақ үйі, бәрі бірге, біртұтас орнаған үлкен ғимараттың іске қосылуы. Ата-аналардың қуанышына, алғысына бөленген, жаңадан салынған, заман талғамына сай (типовой) 140 кісілік балабақша үйі де Құдайберген Қалиұлының еңбегінің туындысы.

Осы құрылыстардың көпшілігі басталған уақытынан бір жылдың көлемінде салынып бітіріліп, пайдалануға беріліп отырған ғимараттар.

Сол кезде аудан көлеміндегі барлық кеңшарларда да осындай шапшандықпен, тап осындай көлемде құрылыс салу жұмыстары болған еді деп айта алмаймыз. Бұл жетістіктер «Целинный» кеңшарына тән табыстар еді деп атап айтсақ артық емес. Өйткені осы игілікті істердің басықасында кеңшар директоры Құдайберген Қалиұлы күні-түні өзі басқарып, өзі қадағалап жүргендігінің нәтижесі. Мұндай көлемді құрылыстарды салу үшін құрылыс саймандары (материалдар) керек, алдымен ағаш, цемент, шеге, шифер дегендерден бастап, құрылысқа қажет дүниеліктер көп қой, соның бәрін іздеп, тауып, оларды сатып алуға керек қаражаттың көзін табу құрылыс шаруашылығын атқарудың ең қиындары болса, соның бәрінің ретін келтіру үшін Құдайберген жастық жігерін, қайрат-күшін, өнерін, құдайға

шүкіршілік, бойында бар беделін, бәрін-бәрін пайдаланды, жұмсады десек асыра сілтегендік емес. Солай болғанын кеңшар тұрғындарының қайсысы болса да айтады, өзіміз де көріп, біліп жүрдік.

Құрылысқа керек ағашты Түмен облысынан, арғы тайгалардан, кеңшардың өз техникаларын, ағаш тартатын (лесовоз) машиналарын бірге ала жүріп, өздері дайындап, сонау жердің түбінен тасып жеткізетін. Осындай қияметқайым жұмыстарда бірнеше айлап, жанында бірге жүретін сенімді көмекшілері болған шаруашылық жүйесін басқаратын орынбасарлары: Петр Климов, Василий Леснов, Дәстен Бимендин деген қызметкерлер бастықтың сөзін қалтқысыз орындап отырған азаматтар еді. Құрылыс салу жұмыстарын күні-түні қажымай басқарып, атқарған құрылыс маманы Виктор Ступник, қандай іс болса да қолынан келетін елгезек инженер Федор Иванович Сорока сияқты сенімді азаматтар. Сол жылдары қатар жүріп бірге қызмет атқарған сенімді жолдастарын, шаруашылық жүйелерінің бастықтарын Құдайберген Қалиұлы ерекше бағалап, олардың жұмысқа деген жауапкершіліктерін, адамгершілік қасиеттерін, айтып отырады.

Кеңшарда бас агрономдық қызмет атқарған Виктор Поздеев, Ерік Садықов, кейінде «Степной» кеңшарында директор болған Федор Дрегер, бас инженерлік қызмет атқарған Владимир Орона, Виктор Сосноров, Анатолий Педриков, бас мал дәрігері Фаина Сысоева, бас зоотехник Геннадий Фонтонецкий (кейін «Комаров» кеңшарында директор болды), бас бухгалтер Степан Заваригин, Боранбай Хасенов, Айтбай Әбілмәжінов, Нәзікен Ләмәлиқызы, бас экономистер Анатолий Калдаев, Сайлау Мәтенев сияқты азаматтар көп салалы үлкен шаруашылықтың іргетасының бекуіне өз үлестерін қосқан талантты басшылар.

Кейін бас агроном болған Ерік Садықов, Павел Чаплин кеңшардың бірінші бөлімшесін басқарған болса, Александр Аношкин, Арыстан Уәйісов, Баймаш Бейсекеев кеңшардың екінші бөлімшесін басқарған, атқарған жұмыстарына мығым, іскер жауапкершіліктері мол азаматтар екенін кеңшар халқы әлі күнге дейін ұмытпайды. Директордың тірегі болып, оң қолындай қызмет еткен Әкімжан Әнбаев, Василий Макеев, Сергей Поляков, Валерий Перфирьев шаруашылық жүйелерін қолма-қол басқарып, жұмысшылармен бірге білектерін түріп іске кірісіп, бастаған жұмыстарын тиянақты, аяқтағанша қалдырмайтын бригада басшылары болды.

Халыққа қажетті саяси, әлеуметтік мәні зор болған мекемелердің бірі жергілікті ауылдық кеңес болса, кеңшар дирекциясын күнделікті қолдап, қамқор болып, халыққа қалтқысыз қызмет атқарған осы мекеменің төрағалары Василий Котельников, Елена Штангеева деген кісілердің аттарын Құдайберген ерекше құрметпен атайды. Еңбекшілерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінде қызмет еткен Мәншүк Ғабдуллина, Галина Ступник, жанар-жағар май жүйесін басқарып, ұзақ жылдар қалтқысыз қызмет еткен Вера Григорьевна Сорока деген әйелдердің еңбектеріне сол кездегі жұмысшылар дән риза.

Ал енді озық, үлгілі, қара жұмыстың қажымыс қайраткерлерінің көбінің аттарын Құдайберген Қалиұлы ерекше ілтипатпен есіне алып отырады. Кленовтар отбасы, Мотков, Толстиков, Дрегер, Амброс, Климов, Позднеев тағы басқа көптеген жұмысшылардың өздері, ұл-қыздарымен, келін-кепшектерімен орталық жұмысына беріле еңбек еткен, кеңшардың негізгі тіректері еді. Олардың қолымен егін салынып, жиналды, мал асырап-сақталды, құрылыс жұмыстары атқарылды, жол, жылу жүйелері іске қосылып, басқа да талай қиын істер тындырылды.

Қыс айларында бірнеше күнге созылатын түтеген дүлей борандарда үлкен жақын жолдан, болмаса шеткі үйлерден мал қораларына, басқа да жұмыс орындарына жету үшін, әдейі тартылған сымның бойымен жылжып ұстанып барып жұмыс орындарын өзер табатын күндер де болатын. Үстінен қар жүріп кеткен мал қораларына, шаруашылық жүйелерінің цехтарына қардың астынан тесіп, жол жасап, жүретін күндер де болған. Шөп, жем жетпей қалған жылдары малға жем-азық қорын басқа аудандардан, кей жылдары басқа облыстардан да дайындап әкелінетін. Қыс ішінде қамыс, шіліктің басын кесіп дайындаған кездер де естен шықпайды. Бұл ауыртпалықтарға далаңқы жердің жол қиындығын қоссақ, кеңшар еңбеккерлерінің нағыз батыр адамдар екенін ұғасың. Ерен істері көз алдыға келеді. Осындай қиындықтарды жеңе отырып, шаршап, қажығандарына қамықпай, қолға алған істерін табандылықпен атқарған еңбекші халықтың жетістіктері ауданның басқа шаруашылықтарынан біршама ілгері болатын. Шаруашылық салаларындағы жетістіктері үшін аудан көлемінде «Целинный» кеңшары ауызға жиі ілегіп жүрген.

Еңбектегі ерекше жетістіктері үшін жыл сайын көптеген жұмысшылар, бөлімше және шаруашылық жүйелерінің бастықтары бағалы заттармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталып, мемлекет сыйлықтарымен, орден, медальдармен аталып келді. Солардың ішінде, әрине, кеңшар директорының еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Құдайберген Қалиұлы көп жылдар аудандық кеңеске депутаттыққа сайланып, аудандық партия комитетінде бірнеше жыл мүше болды. 1977 жылдан облыстық партия комитетінің мүшелігіне кандидат, 1978 жылдан мүшесі болып сайланды.

Өмір болған соң оның қуанышы мен қасіреті алма-кезек жүретіні табиғат заңы ғой. 1976 жылдың ақпан айының 26-сы күні Құдайбергеннің әкесі Қали ақсақал қайтыс болды.

1978 жылы бар болғаны 48 жас жасаған ағасы Дәуірбек те дүниеден өтті. Екеуі де туған жердің топырығында, Бірлік ауылының зиратында жерленді. Бірінен кейін бірі жарық дүниемен қоштасып, көз жұмған әкесі мен ағасынан айырылу Құдайбергенге, отбасына ауыр қайғы болып, күйзелтіп кеткендей еді. Ер азамат оны да көтере білді.

Өмірден өткендерінің орнын толтырып, 1976 жылдың көкек айында Құдайбергенің отбасына сүйікті, сүйкімді көпей балалары Меңсұлу келді. Баланың кішісі қашан да ең тәттісі, еркесі болады ғой, үйде қолда жүрсе, далаға шыққанда ат үстінде, машина ішінде өсті.

Бір жақсы мәжілісте отырғанда, аузын ашып күліп, бір қолдан бір қолға көшіп жүрген кішкентай Меңсұлуды қолына алып көтеріп тұрып Ахметбеков Мәркен атасы: «осы бала машинаның ішінде өсіп келе жатқан бала» – деген сөзі тауып айтылған дөп сөз ретінде бәріміздің жадымызда сақталып қалды. Ол жылдары «Целинный» кеңшарына жиі барып жүретін едік. Кеңшар орта мектебінің директоры болып менің қарындасым Рәш Ғайсақызы істейтін. Туысқандық ара қатынасымыз жиі болатын. Әрбір кездесуіміз өмірлік есте қалған мәжілістермен байланысты болушы еді. Рәш бауырым осы мектептің директоры болып 1971 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін халықтың құрметіне бөленген өнегелі ұстаз, артына тек қана адамгершілік атын қалдырған абзал адам болып есте қалды. Осы шаңырақпен Құдайбергеннің отбасы жақсы қарым-қатынаста болып, достасып, бергін келе бір туысқандай қадірлесіп, сыйласып кетті.

1986 жылы ауыр науқастардың салдарынан бауырымыз Рәш мезгілсіз көз жұмды. Ер азаматтай болған, ақ жүректі, ашық қолды, туысқа да, жолдастарына да ерекше ардақты адамнан айырылдық.

– Тәтеміздің үйіне қашан барсаң да біздер үшін қою шайы мен сары майы, жылы бауырсағы мен тоңазытқышта салқын шампан шарабы сақтаулы тұратын еді, – деп Құдайберген мен Сәуле Рәш тәтелерін естеріне алып отыратындарын талай естіп жүрміз.

1984 жылы Рәштан бұрын жұбайы Дәстен қайтыс болып, бұл шаңырақтың балалары әке-шешесіз қалғанда туған-туыстарының балаларындай көріп, өз қамқорлықтарын сол балалар үшін осы күнге дейін аямай келе жатқан Құдайберген мен Сәуленің азаматтық, адамгершілік істері, қандай да болсын мақтауға тұратын нағыз парасатты, кең пейілді кісілердің ғана қолынан келетін істер. «Осы жақсылықтары балалардан қайтпаса, Алладан қайырымын тапсын» – деген тілекте болып жүреміз.

Құдайбергеннің жан-дүниесінің кендігі, адамгершілік ізгілігі тек қана туыс, жақын жолдастарына ғана емес, кеңшардағы жиырмадан астам ұлттың өкілдеріне бірдей болғанын сол жердің жұртшылығынан, кімнен сұрасаң бәрі де аныратып айтып отырады. Ұлтжандылық – көп ұлтты шаруашылықта қызмет атқарып, санасына сіңіп қалған Құдайбергеннің ерекше кісілік қасиеттерінің бірі. Сондықтан да көп ұлтты облыс тұрғындарының ішінде оның достары көп, сыйластары мол. Қандай қызметтің басында жүрсе де Құдайберген достарынан безбей, жиған қазынасындай қадірлеп, сақтай білген кісі.

Құдайберген атқарған қызметін жан-тәнімен, айнымас жауапкершілігімен, бар ақыл-ойымен беріле істегенін қызметтес болған азаматтардың бәрі айтады. Бірде, қой базында жылы су болмай қалып, қойды сумен қамтамасыз ету үшін күні-түні атқарылған жұмыстың басы-қасында үш тәулік бойы, жұмысшылармен бірге жүргені кеңшар жұмысшыларының есінен шықпайды екен. Қыс ішінде алыстан жем-шөп әкелуге кеткен, болмаса Түмен облы-

сынан қарағай жеткізетін машиналар қашан кеңшарға тегіс оралып жеткенше Құдайберген тыныштық таппай, қосалқы машиналармен, көмекке қажет болып қалуы мүмкін деп тракторлармен олардың алдын күтіп жүретінін жұмыскер халық таңданып, тамашалап айтатынын естідім.

Қалтқысыз жауапкершілікпен он жылдан астам уақыт кеңшарды басқарған Құдайберген Қалиұлы халыққа қадірлі болғаны, солар үшін атқарған еңбегі өмірлік есте қаларлықтай ауқымды, нәтижелі болғаны өзінің халықпен сыйластығының жемісі деп түсінеміз. Үй ішінің шаруашылығын Сәулеге сеніп қалдырып, артына жалтақтамай, байлық, мансап деген ұғымдарға сергек сын көзбен қараған, елікпеген. Он жыл бойы өзінен бұрынғы директордың салдырған үйінде тұрып, үй ішінде, жиһаз, артық байлық жинамаған. Бүкіл үй шаруашылығын өзі атқарып, балаларды тәрбиелеп өсіру қолында болған Сәуле де «ана бастықтарда сондай байлық бар, тағы біреулері өзі үшін істегендері қандай ғажап, бізде неге ол жоқ, біз олардан кембіз бе?» – деген сөздер болмаған ғой. Қандай білімділік десеңізші?! Бір атамыз «ұлыма қызым сай» – деген екен, сонда сол екеуінің ақылды шешімдерін, тату өмірлерін айтқан болар. Осы теңеуді Құдайберген мен Сәуленің нағыз адамгершілік қасиеттеріне балап айтпақпын.

Құдайберген мен Сәуле қолдарынан келген қамқорлықтарын, көмектерін туыс-туғандарынан, достарынан, жолдастарынан ешуақытта аяған емес. Қамыққан, торыққан кісілердің қайсысын болсын кеудесінен итеріп, бетінен қаққанын естімедім. Сол үшін бұл кісілерді, осы шаңырақты білетін адамдар алғыстарын айтып, тіліктерін білдіріп жүреді. Тілектері қабыл болғай!

VI. ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫ

...Егін орағының қызу жүріп жатқан мезгілі. Күзгі шаруашылықтың ең бастысы осы егін орағын ойдағыдай атқарып, жап-жақсы өсіп тұрған дақылдардың өнімін шашпай-төкпей жинап алу болса, алда жақындап келе жатқан қабағы қырау қысқа дайындық жұмыстарының қарбалас жүретіні белгілі. Мал қораларын қымтап, жем-шөп қорларын баздарға жақындату, бітетін құрылыс және жөндеу жұмыстарын тездетіп аяқтау, жылу жүйелерін тексеріп түзеп, отын-көмірді жеткілікті дайындау, еңбекші халықтың, зейнеткерлердің қысқа дайындығына қамқорлық жасау, тағы сол сияқты толып жатқан қат-қабат шаруашылық кеңшар директорының жылдағы атқарып жүрген істері болса да, Құдайберген Қалиұлы ерте тұрып, кеш жатып барлық жұмыстардың тындырылу сапасын қадағалап, өз көзімен көрмесе көңілі тыным таппайтын.

Сол күні жұмысқа таңғы алтыдан тұрып кеткен Құдайберген дала шаруашылықтарын көріп, тапсырмаларын беріп кеңсеге сағат оннан асқанда келген еді. Қабылдау бөлмесінде отыратын хатшы қыз Құдайбергенді кіре берісте қарсы алып, «Жаңа ғана аудандық партия комитетінен телефон шалып, сізді іздеді, жедел хабарлассын, – деді, міне, мына телефонға» – деп, қолындағы қағазын ұсынды.

Кабинетінен аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне телефон шалғанда олар: «Сізді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Митронин Владимир Александрович керек етіп отыр. Түстен кейін өзінің кабинетінде күтеді» – деген хабарды айтты.

Құдайберген түстен кейін аудан орталығына жетіп, райкомға келді. Владимир Александрович әдеттегідей емес, орнынан тұрып қарсы жүріп, жем жем қолдасып, жылы

шыраймен амандасып отырғызғаннан кейін, «Құдайберген обком-партияның ұйымдастыру бөлімінен телефон соқты, ертең таңғы тоғызда Владимир Тимофеевич Степановтың қабылдауында болуың керек, бір жақсы сөз бар сияқты, тегі қызмет туралы ұсыныс болуы мүмкін. Сондықтан, бүгін Петропавлға жетіп қонып, таңертең айтылған уақыттан кешікпей 1-ші хатшының қабылдауына баруың керек», – дейді. Мұндай қабылдауды өз басынан кешкен Владимир Александрович, онда не сөз болатынын, қандай сұрақтар қойылуы мүмкін, және міндетті түрде астанаға жіберетінін, бәрін айтып, ақыры: «Жолың болсын, сәт сапар тілеймін» – деп Құдайбергенді шығарып салды.

Бұған дейін дәл осындай хабар болуы мүмкін деген сыбысты ешкімнен естімесе де, кейбір облыс бастықтарының: «Сен кеңшар басқару жұмысында көп жыл істеп, көлемді жұмыс атқаруға әбден машықтанып қалдың, енді үлкенірек қызметті атқаратын уақытың жетті», – деген екі-үшты сөздеріне құлағы қанық болатын.

Келесі күні ертемен Құдайберген обкомда 1-ші хатшы Владимир Тимофеевич Степановтың қабылдауында болды. Жақсы амандасып, шаруа жағдайларын сұрап білгеннен кейін: «Жолдас Қалиев, облыстық партия комитетінің бюросы сізді Соколов аудандық атқару комитетінің төрағалық қызметіне жіберуді ұйғарды, бұған қалай қарайсың» – дейді. Кешеден бері осындай бір ұсыныс болуы мүмкін деп жобалап сезген Құдайберген: «Обкомның бюросы солай шешіп, бұл қызметті маған сеніп тапсыратын болсаңыздар, қолдан келгенше сіздердің сенімдеріңізді ақтауға тырысамын», – деген жауап сөзін айтып, мұндай сенімдеріне ризашылығын білдіреді.

Болашақ жұмыстың жауапкершілік жүгі, ауданның ерекшеліктері, шаруа жағдайлары туралы аздап айтып, Владимир Тимофеевич Құдайберген Қалиұлының іскер-

лігіне, жауапкершілігіне сенетіндерін білдіреді. «Осы жұмысқа бекітілуге Алматыға бүгін жүруің керек, самолетке билет алынған, дайын, ұйымдастыру бөлімнің қызметкерлері керек қағаздарды қолыңызға береді», – деп, қош айтысып қалады.

Сол күні самолетпен ұшып Алматыға жетіп, келесі күні Қазақстан Орталық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне кіреді. Олар Құдайберген Қалиұлының келетінін біліп отырған екен, жаңа қызметке бекітілген төрт-бес кісінің бірі Құдайберген бар, бәрін алдымен Орталық партия комитетінің екінші хатшысы Олег Семенович Мирошхиннің қабылдауына апарды. Ол кісінің қысқа-қысқа ақыл-кеңесі және жолдама сөздерінен кейін ОҚ-ның бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болады.

Солтүстік Қазақстан облысына келіп жүрген сапарларында Д. А. Қонаев Соколов ауданында бірнеше рет болғанын, ол ауданның халқымен, жерімен таныс екенін айтып, «Ресеймен шекаралас аудан ғой, шаруа жағдайларын көршілеріңнен кем болмасын, тізгінді мықтап ұста» – деген өсиет сөздерін айтып, қызметке сәттілік тілегені Құдайбергеннің жадында сақталған. Сол күні Орталық партия комитеті бюросының шешімімен Құдайберген Қалиұлы Соколов аудандық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің төрағалық қызметіне сайлануына жолдама алып оралады.

Ертеңінде самолетпен елге – Қызылжарға келіп, облыстық партия комитетіне Алматыда болған іссапарының қорытындысын баяндайды. Одан кейін облыстық атқару комитетінің төрағасы Ніл Әдіғамұлы Болатбаевтың қабылдауында болады. Сол қабылдауда марқұм Нөкен жаңа қызметке баратын Құдайберген Қалиұлына өзіне тән адамгершілік, ағалық қамқорлығымен ауданның хал-жағдай-

лары, басшы қызметкерлері туралы, жұмыс ерекшеліктері мен шаруашылықтардың бастықтары жайында, біраз түсініктер беріп, ақыл-кеңестер айтқаны Құдайбергеннің жадында мықты бекіп, келешек үлкен қызметтер атқарып жүргенде де ойынан шықпайтын өсиеттер болып қалған.

Сол күні Ніл Әдіғамұлы Құдайбергенді Соколов ауданына өзі бастап апарып, аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы Борис Васильевич Изосимовтың кабинетіне кіреді. Оны Құдайберген Қалиұлы аудандық атқару комитетінің төрағалық қызметіне сайлануына Орталық партия комитетінің берген жолдамасымен таныстырады. Изосимов ол кезде осы ауданда 1-ші хатшылық қызметінде көп жылдар істеп қалған, облыстық партия комитеті басшыларының сенімдеріне ие болған және қанына сіңген өрлік, сіреспе мінезі бар, сыздақтай сөйлеуге машықтанып қалған кезі болатын. Қазір де есте қалатындай жылы сөздер айтылмады. Жас қазақ жігіті Құдайбергеннің бұл қызметке келгенін құптап, қолдау көрсететіні жайында жылы сөз аузынан шықпады. Бірінші хатшының осы сыңайын байқаған Ніл Әдіғамұлы онымен әңгімені тездетіп аяқтап, аудандық атқару комитетіне бару керектігін айтқанда да, Изосимов мен бірге барайын демей, отырған орнынан қозғалмады. Білгені сол болғаны да, бұл да мінез ғой.

Аудандық атқару комитетінде төрағаның орынбасары Бондаренко Владимир Яковлевич деген азамат қарсы алды. Атқару комитетінің мүшелері, барлық кеңсе қызметкерлері жиылып отырған екен, сол жерде жаңадан сайланатын төраға Құдайберген Қалиұлын Н. Ә. Болатбаев өзі таныстырады. Сол күні аудан орталығында біршама болғаннан кейін бұл кісі қалаға аттанып кетеді. Осылай, 1985 жылғы қыркүйек айының ортасынан бастап Құдайберген Қалиұлы жаңа ауданда, жаңа қызметке кіріседі. Кеңшарда көп жылдан бері үйреніп қалған жұмыс тәртібімен,

Құдайберген жаңа жұмысқа да таңғы сағат жетіде келіп отырады. Райисполком қызметкерлері сағат тоғызға жақындағанда ғана жұмысқа келеді екен. Бұл қалай десе, аудандық партия комитетінен бастап барлық мекемелер қызметті сағат тоғыздан бастап, кешкі алтыға дейін ғана істейтін дағды бар екен.

Құдайберген Қалиұлы алдымен столындағы орындағаны бар, орындалмағаны бар, барлық қағаздарды қарап, аудан шаруашылықтарының көлемін, жұмыстарының атқарылу барыстарын, столдың үстіне жатқан деректерден, ақпараттардан біліп, бір-екі күнді өз қол астындағы қызметкерлермен танысуға арнайды. Одан кейінгі күндері аудан орталығындағы мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен шаруашылық бастықтарын бір-бірден шақырып, кабинетінде кездеседі, танысады, жағдайларын біледі. Мектептер, емханалар, сауда орындарының жағдайларымен, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету жүйелерімен, құрылыстардың барысымен танысу назарынан тыс қалмайды.

Өзінен бұрын аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеген, Целинный ауданына бірінші хатшылық қызметке ауыстырылған Балташ Тұрсынбаевтың тындырған жұмыстарының көлемімен танысады. Осылай ауданмен алғашқы танысу ой толғауында Құдайберген бір жұмадай уақытын өткізеді. Осы уақыттың ішінде аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы аудандық атқару комитетінің төрағасына бір рет те телефон шалмайды.

Егін орағының аяқталатын шағы, картоп, көкөністер піскен, оларды жинау керек, алда қысқа дайындық жұмыстары бар, ақылдасып атқаратын істер бастан асып жатқанда, 1-ші хатшының үндемей отырғанын түсінбеген Құдайберген Қалиұлы Борис Васильевичке арнайы барады, өткен жұма ішінде ауданмен танысқанын, одан туындаған кейбір ойларын баяндап, енді аудандағы ұжымшарлар мен

кеңшарлардың бастықтарымен танысқысы келетінін айтады. Ана кісі Құдайбергенді үндемей тыңдап алады да, «ондай танысуға шаруашылық бастықтарын шақырудың қажеті жоқ, шаруашылық саны көп емес, өзіңнің шоферің бәрін біледі, машинаға отыр да, аралап таныс» – деген салқын ұсынысын айтады. Бұл кісінің көңіл-күйі белгілі болғаннан кейін Құдайберген барлық аудан шаруашылықтарымен, олардың басшыларымен өзі жеке аралап жүріп, төрт күннің ішінде тегіс танысады, жұмыс жағдайларын көріп біледі. Аудан көлемі анығында да үлкен емес, үш ұжымшар, жеті кеңшар, бір құс фабрикасы, барлығы он шаруашылық бар болатын. Егістік жердің көлемі 65-70 мың гектар, сиыр малының саны 12 мың көлемінде, оның ішінде «Налобин» кеңшарында екі мың сиыр бар екен. Сиыр малының саны ерекше аталатын себебі бұл аудан облыс орталығының іргесінде орналасқандықтан, қаланың 260 мың тұрғын халқын сүт, жұмыртқа, картоп, көкөніс, етпен қамтамасыз ету негізінен осы ауданға жүктелген.

Сондықтан аудан шаруашылықтары аталған өндірістермен шұғылдануға бейімделген. «Петропавл» кеңшары тек көкөніс өсірумен шұғылданады, құс еті мен жұмыртқа дайындау «Солтүстік құс фабрикасының» міндетіне, «Лесной», «Виноградов», «Рощинский» кеңшарлары негізінен картоп және егін шаруашылығымен айналысады.

Шаруашылықтарда егін орағы, картоп және көкөністерді жинау науқаны жыл сайынғы үйреншікті тәсілдермен жүріп жатқанымен, осы істерді тездету үшін қосымша шаралар қажет екенін көріп, шаруашылық бастықтарының өтініш, ұсыныстарын тыңдап, жинақтаған Құдайберген Қалиұлы аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Николай Федорович Куликовтың қатысуымен өткен атқару комитетінің мәжілісінде дала жұмыстарын жеделдетіп жүргізу төңірегінде біраз мәселелерді шешу үшін жоспар

жасап бекітеді. Оның орындалуын қадағалайтын жауапты адамдар тағайындалып, жұмысқа жаңа қарқын, жаңа леп кіргізеді.

Бұған дейін аудандық кеңестің кезектен тыс сессиясы шақырылып, Құдайберген Қалиұлы аудандық атқару комитетінің төрағалық қызметіне заңды түрде сайланған болатын.

Сонымен, көп ұзамай дәнді дақылдардың орылып жиналуы аяқталады. Картоп, көкөніс өнімдері негізінен қолмен жиналатын өнім, оған көп қол керек. Сондықтан бұл жұмысты атқаруға жыл сайын қала халқы шақырылады, әсіресе оқушылар, студенттер, завод-фабрикалар мен ірі мекемелер көмектеседі. Көкөністің егілу көлемі көп болғандықтан, әдетте оның өнімін жинап алу кейде алғашқы қарға дейін созылып кетеді.

Жұмыстың осындай қарбалас шағында ауданның 1-ші хатшысы Б. В. Изосимов қызметінен босатылды. Оның орнына Батаева Мария Алексеевна деген азаматша келді. Бұл кісі бұған дейін Жамбыл аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметінде болған. Мамандығы экономист, шаруашылық басқару істерінде біраз іс-тәжірибе жинақтаған, ысылған байсалды, ақылды, басқарушылық қабілеті жеткілікті кісі. Құдайберген Қалиұлымен Мария Алексеевна бірінші күннен бастап жылы шыраймен сөйлесіп, жақсы түсінісіп, аз уақыттың ішінде сыйласып кетеді. Екеуі қызмет бабымен жиі ақылдасып, бірін-бірі қолдап, қоян-қолтық қызмет атқарғандарын, ол кісімен қатар қызмет атқару жеңіл болғанын Құдайберген есінен шығармайды. Бұрынғы, орнынан босатылған 1-ші хатшы аудандық атқару комитетінің мүшесі бола тұра, оның мәжілістеріне қатыспаған екен, ал мына кісі атқару комитеті мәжілістеріне үзбей қатысып, оның мәнді, мазмұнды өтуіне тікелей араласып жүрген.

Мария Алексеевна халықпен жиі кездесіп, олардың ақыл-кеңестерін, мұң-мұқтаждарын тыңдап, шаруашылық, мекеме бастықтарын жеке-жеке қабылдап, сол кездесулерден жаңа ойлар қорытындылап, әрқашанда жаңа бағдарлама, жаңа жоспарлар тауып жүретін. “Көпшілік болып көтерген жүк жеңіл” болатыны ақиқат, осы кісімен бірге қызметтес болған екі жыл екі ай өмір Құдайбергеннің есінде тек жақсылықтарымен сақталған тамаша уақыт болғанын айтып жүреді.

Аудан көлемінде осы жылдары бірталай ауқымды істер тындырылған. Ұжымшарлар мен кеңшарлардың әл-ауқаты, байлығы арта түскен. Аудан бірнеше рет “Ауыспалы Қызыл туға” ие болып, облыста алдыңғы саптағы аудандар қатарында жиі аталатын. Аудан орталығы Соколовка селосы жаңа құрылыстармен, жаңадан тұрғызылған үйлер қатарымен, асфальтты жолдармен көркейе түскен.

– 1986 жылдың күзінде, егін орағы уақытында Орталық Партия Комитетінің 1-ші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев облыста болған сапарында, қасында В. Т. Степанов, Н. Ә. Болатбаев бар ауданды аралап көріп, атқарылып жатқан істерге риза болып, жақсы тілектер айтқаны, оның әрбір сөзі, жылы шырайы әрқашан көз алдымда тұрады, – дейді Құдайберген.

Соколов ауданында өткен екі жылдан астам уақыт Құдайберген Қалиұлы үшін үлкен көлемді қызметті атқару жолындағы қызмет сатысында алғашқы тәжірибе жинақтау жылдары болды.

Алуан салалы аудан шаруашылықтарын басқару жұмыстарын аудандық атқару комитетінің төрағасы ретінде болсын, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде болсын, жақсы меңгеру дәрежесіне көтерілді. Аудан халқының санасында Құдайберген іскер, байсалды басқа-

рушы азамат ретінде аты қалды, өзіне осы жерден көптеген достар тапты.

Үзеңгілес, қатар қызмет атқарған орынбасарлары Вячеслав Иванович Бондаренко, Николай Андреевич Комиссаров, еңбекқор, өте сауатты, тәртіпті, тәрбиелі жауапты хатшы Галина Николаевна Куц, қаржы істерінің жетік маманы, қаржы бөлімінің бастығы Иван Михайлович Шнучкин, аудандық тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы Төлеген Қаскин, ауданның санитарлық бас дәрігері Асқар Сатин, аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімінің бастығы Хасан Сауытов, ол кісінің зайыбы, сельсовет бастығы Күлжәмилә Айдархановна, тамаша азамат, ағалық қамқорлығын атқарудан айнымаған, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Сейіткерей Мұхамеджанұлы, тағы басқа да солар сияқты қызметтес, қатар жүрген кісілердің аттарын Құдайберген үлкен ілтипатпен атап отырады.

Аудан орталығында бірге қызмет атқарған жолдастарының ішінде қызмет бабымен жиі кездесіп, бір-бірімен ашық сөйлесіп, ақыл-кеңестерімен бөлісіп жүріп, тамаша туысқандай болып кеткен Аманбол Мұхамедғалиұлы Оразлинді Құдайберген қатты сыйлайды.

Бұл жігіт ол кезде аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқарған. Одан бұрын аудандық комсомол комитетінің 1-ші хатшысы болып істеген. Кейін Совет ауданында партия комитетінің 2-ші хатшысы, Возвышен ауданында әкім болып қызметтер атқарды.

Ауданның ауыл шаруашылық істерінде, басшы қызметтерде болған талай білікті, білімді, түсінісіп қызмет атқарған, сыйлас жолдастарын Құдайберген қашан да ұмытпайды.

Юдаков Виталий Михайлович – “Березов” кеңшарында директор болып істеген. Ертеректе Тимирязев аудандық

партия комитетінің 1-ші хатшысы қызметін атқарған. Владимир Яковлевич Мельников “Виноградов” кеңшарында директорлық қызмет атқаратын. Бұған дейін ол да Тимирязев ауданында ауыл шаруашылық басқармасын басқарған. Петр Гаврилович Дмитриенко “Налобин” кеңшарында бас агроном, кеңшар директоры болды. Владимир Николаевич Очеретенко “Петропавл” кеңшарында агроном, кеңшар директоры болды. Бұл кісі аудандық ауыл шаруашылық басқармасын басқарған, ысылған іскер бастық, ауыл шаруашылығын жетік білетін білімді маман. Виктор Викторович Сейвальд “Ново-Георгиев” кеңшарында директор болған, қазір ЖШС – деп аталған сол аттас шаруашылығын басқарып, жемісті еңбек етіп жүр. “Путь Ленина” ұжымшарын басқарған Бәкіров Зейнолла Есләмұлы бар өмірін ауыл шаруашылығына арнаған білімді, тамаша басқарма болған азамат. Анатолий Петрович Киселев Ленин атындағы ұжымшарда төраға болып, көп жылдар ауданға еңбегін сіңірген ауыл шаруашылық ісінің шебері.

Осылардың барлығы да ерекше іскер тұлғалар, сенімді жолдас, сыйлас азаматтар екені Құдайберген әңгімелерінің арқауы болып отырады. Бұл кісілермен бірге қызмет атқару бір жағынан жеңіл болса, екіншіден, жас жігіт, жана аудан бастығы Құдайберген Қалиұлы үшін үлкен жауапкершілік болатын. Өйткені, жоғарыда айтылғандай бұрын өзіне бастық болған кісілерге енді өзі бастық болып, бағыт көрсетіп, атқарылатын істердің нәтижесін, жетістігін қадағалап, керек жерінде талап етіп жүру, жолдастық этиканы, сыйластық қарым-қатынасты сақтай білуге дағдыланған Құдайберген үшін бұл кісілермен бірге қызмет атқаруы үлкен сынақтай көрінетін. Сол талаптарға сай жолдастық, достық қарым-қатынастары сақталды, бастық пен орындаушылар арасындағы ара-қатынастарында да ешқандай түсінбеушіліктер болмады, атқарылатын ортақ істерге, мем-

лекеттік мүдделерге ешқандай нұқсан келмеді, қайта күнбе-күн бірге жүріп, қатар атқарылған істердің қорытындысы нәтижелі, табысты болды.

Біріне-бірі жалғасқан шаруашылық ағымының ортасындағы өмірдің жылжуы да шапшаң болса, өзгерістері, жаңалықтары да аз болмады.

1988 жылдың басында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В. П. Степанов зейнеткерлік демалысқа шықты. Оның орнына Жамбыл облыстық атқару комитетінің төрағасы болып істеген Медведев Святослав Александрович деген кісі келді. Облыстық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып Балташ Тұрсынбаев сайланған.

Бұл кісінің де еңбек жолы жеңіл болған жоқ. Құдайберген Қалиұлы сияқты Тимирязев ауданында қиындығы бастан асатын “Докучаев” кеңшарында 1967-1969 жылдары бас зоотехник қызметін атқарған. Сол кездердің өзінде атқарған істеріне шынайы берілген, бойына біткен қайрат-жігері бар, білімді, тура мінезді, әділдік жолын ұстанған, келешегі мол азамат екені белгілі болған. Көп ұзамай Жамбыл кеңшарына директор болды. Одан кейін Бескөл аудандық партия комитетінде екінші хатшы, Соколов ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы, ал облыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасы қызметіне Целинный аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен келді.

Осы кезде бүкіл Одақ көлемінде мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың басқару жүйелерінде бастықтарды тағайындауда өзгерістер бастала бастаған. Мысалы, бұған дейін кеңшар директорлары жоғары лауазымды орындардан тағайындалып келетін болса, енді тек халықтың сайлауымен бекітілетін болды. Басқарушы қызметтерге екі, одан да көп кісілерден баламалы, таңдамалы сайлау

деген шықты. Басқарушылық қызметке өзін-өзі ұсыну да орынды бола бастады.

Халықтың аты халық, көпшілік, ал көпшіліктің бәріне бірдей жаға қою болмайтын жұмыс. Оның ішінде, әсіресе, қатаң мінезді, қатты талапты бастықтар сайлау тізімінен бірінші болып сызылатыны белгілі.

Сонымен бірге баламалы сайлаудың көңілге қонатын бір жері, ол сайлаушы халық өз бастығын өзі таңдап алу мүмкіндігі. Халық тандаса кездейсоқ, танымайтын, білмейтін кісіні сайламайды, өнерлі, өнегелі, білімді, іскер, ақылды, халықпен ақылдасып, бірлесіп қызмет атқаратын кісіні таңдайды. Десек те, білімді, ой-өрісі кең, басқарушылық жұмысты жетік білетін, іскер ұйымдастырушы, бірақ шапшаң мінезді, бірбеткей, қатаң тәртіпті талап ететін талай жақсы азаматтар балама сайлау кезінде орындарынан босатылып, соның нәтижесінде біраз жерлерде шаруашылық істеріне үлкен нұқсан келгені белгілі.

Тимирязев ауданында аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып он бір жыл істеп қалған Митронин Владимир Александрович Бескөл аудандық партия комитетіне 1-ші хатшы болып ауысып, бұл қызмет орыны босаған.

1988 жылғы күзгі егін жинау науқанының аяқталған мезгілі болатын, Құдайберген Қалиұлы облыстық партия комитетіне шақырылды. Обкомда ұйымдастыру бөлімінің бастығы болып Проценко Иван Иванович деген кісі істейтін. Бұл кісінің беделі өрбіп тұрған кезі болатын, Құдайберген Қалиұлын сол кісі қабылдап, “облыстық партия комитетінің шешімі бойынша сіз Тимирязев аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы қызметіне балама сайлауға түсуіңіз ұйғарылды. Сізбен бірге сайлауға түсетін кісі өзіңіз білетін Ақжігітов Сағындық болады. Осы ұсынысқа сіздің ойыңызды білу маған жүктелді”, – деп, күтпеген үлкен жаңалықты жариялады. Бұл ұсынысқа

Құдайберген ешқандай жауап бере алмай, “ойланайын, уақыт беріңіз, хабарын қайта келіп айтайын”, – деп шығады.

Ақжігітов Сағындық облыста белгілі азамат, Бескөл ауданында 2-хатшы, Целинный аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған, бұл кезде облыстық партия комитетінде ауыл шаруашылық бөлімін басқарады.

“Бұл не оймен жасалып отырған балама сайлау, оның астарында не бар, ақыры қалай болар екен, сайлауға түсу керек пе, әлде бас тартқан жөн бола ма?” деген ойларды өз жүрегінде сараптап, ақыры қызмет бабындағы тікелей бастығы, облыстық атқару комитетінің төрағасы Тұрсынбаев Балташқа барып обкомның ұсынысын хабарлап, ол кісіден “не істеу керек?” – деген сұрақпен ақыл-кеңесін тыңдайды. Ол кісі: – “Обком білмей ұсыныс жасамайды, балама сайлауға түсу керек. Ол жердің халқы сені жақсы біледі, қатты сыйлайтындарын естіп жүрміз, ойында ешқандай күдік болмасын”, – деген қолдау пікірін айтады. Жақын, жанашыр басқа дос-жарандар да осы ақылды білдіргеннен кейін Құдайберген обкомға келіп, өзінің балама сайлауға түсетін шешімін айтады.

Тимирязев аудандық партия комитетінде өткен осы сайлауға облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы С.А. Медведев, бөлім бастығы И.И. Проценко қатысады. Сайлау қатаң тәртіппен, демократиялық принциптерді бұлжытпай орындау жағдайында, жабық дауыспен атқарылады. Сайлау қорытындысында аудандық партия комитеті мүшелерінің басым көпшілігі өз қалауларын Құдайберген Қалиұлы Қалиевке береді. Ешқандай күдіксіз, басым көпшілік дауыспен Құдайберген Қалиұлы 1988 жылдың қараша айында Тимирязев аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы қызметіне сайланды. Сөйтіп, үш жыл екі ай мерзім өткенде Құдайберген өзінің ең алғаш қызметін бастаған Тимирязев

ауданына қайта оралып келеді. Енді ауданның бірінші бастығы болып келді.

Бұл кезде Тимирязев ауданында он алты кеңшар бар, көлемі үлкен. Көршілес Целинный аталған аудан таратылып, ол ауданның алты шаруашылығы Тимирязев ауданына қосылған. Дәнді дақылдар егістігінің көлемі 200 мың гектардан асады. Бұл Соколов ауданының егістік көлемінен үш еседей артық. Тек бұл ауданда картоп, көкөніс егілмейді, ондайлармен жеке шаруалар ғана айналысады.

Жылдың төрт мезгілінің ауа райы, табиғаты, жерінің, топырағының сыры, халқының мінез-құлқы бәрі таныс, бәрін білетін төңірек болғандықтан, аудан мекемелерінің хал-жағдайларымен танысып, кеңшарларды аралап көріп шығуға уақыты кетпеген, қайта танысу барысында “неден бастау керек, қысқы кезеңге әзірлік қандай болу керек” – деген сұрақтарға жауап іздеп, іс-жоспарларының жалпы жобасын ойына тоқып жүрді. Аупартком ішіндегі қызметкерлермен тез танысып, жақсы түсінісіп кетудің де сәті болды. Екінші хатшы қызметінде Мазуркевич Франц Станиславович деген жігіт істейтін, оның аса күшті ұйымдастырушылық қабілеті болмаса да, нағыз іскер кеңсе қызметкері екен. Әсіресе, бүкіл қағаз жұмыстарын басқарып, баяндама, қаулы-қарар, қатынас, анықтама, бағдарлама қағаздар соның тексеріп, қарап шығуынан кейін іске асыруға жіберілетін.

Бөлім бастықтары өз жұмыстарын жақсы игерген, тапсырған істердің бәрін жауапкершілікпен атқаратын қызметкерлер болған. Әсіресе, ұйымдастыру бөлімінің бастығы Анатолий Александрович Аненковтың өз жұмысын жауапкершілікпен таза, бұлжытпай атқарғанын Құдайберген есіне алады.

Шаруашылықтарды басқарушы кадрлар да мықты болған. Алдымен Құдайберген “Восход” атты кеңшардың

директоры Алексей Семенович Ермаковты ауызға алады. Бұл кісі сонау алғашқы тың игеру науқаны басталғаннан бері бір орында тапжылмай істеп келе жатқан директор. Шаруашылық сол төңіректегі ең үлгілі, табыстары мол және бір қалыптан таймайтын, іс-тәжірибелерін басқа жердің мамандары келіп көріп, үйреніп жүрген егіншілік ісінің мектебіндей кеңшар. Егіншілік жұмыстарының мәдениеті мен жетістіктері, осы кеңшарда ерте кезде істеп кеткен бас агроном, өте білімді маман Леонид Ульянович Корецкийдің бастамасының жалғасы екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Соңғы жиырма жыл көлемінде егістіктен алынатын дәнді дақылдардың гектар түсімі орта есеппен жылына жиырма центнерден айналуы мақтауға тұратын жетістік.

Ленин атындағы кеңшарды басқарған Бәшіров Жүсіп Қабдыуахитұлы Сергеев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас агроном болып істеп жүрген жерінен кеңшар директоры қызметіне келуін ұйымдастырып, қолдап, бастап алып келуші Құдайберген Қалиұлының өзі екен. Ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерінің арқасында Жүсіп Қабдыуахитұлы басқарған кеңшардың жұмысы ілгері басты.

Алдымен егін салу, өсіру, өндіру жүйесінде жыл сайын табысты еңбек атқарылды. Егістік жерлердің әр гектарынан 17-18 центнерден өнім алу деңгейіне көтерілді. Мұндай табыс кез келген кеңшардың пешенесіне бітпеген жетістік. Етті мал басын көбейтіп, мемлекетке ет сату жоспарларын жыл сайын асыра орындап, одан қомақты табыс алып отырған бірден бір шаруашылық та осы Ленин атындағы кеңшар болды. Жылқы басын көбейту мақсатымен Жүсіп Қабдыуахитұлы Орал облысынан 120 жылқы әкелген. Бұл біздің жақта жоқ қазақи “Жебе” деген ерекше төзімді, етті, мықты бітімді жылқы тұқымы еді. Кеңшардың басқа да

жетістіктері аз болмады. Құрылыс салу, жолдарды түзеу, әлеуметтік, мәдениет ошақтары құрылымдарының жұмыстары ілгері басқан кезі де Жүсіп Қабдыахитұлы директор болып істеген жылдардың жетістіктері.

Докучаев кеңшарын Александр Александрович Нусс басқарған. Бұл да егістік жерінің көлемі 20 мың гектардан астам үлкен кеңшар. Малға жайылым жерлері мол болғандықтан ертеден қой шаруашылығымен айналысатын. “Целинный” кеңшарымен іргелес, көрші. Оларда да қой көп болатын. Осындай шаруашылықтарының көлемі шамалас екі кеңшар ертеден өзара социалистік жарыста болып, бірде бірі, бірде екіншісі озып, кейде мәре көрсеткіштері қатар түсіп жүретін. Сол кезде бекіген Александр Александрович пен Құдайберген Қалиұлының арасындағы достықтары қайта жалғасын тауып, бірін бірі қолдап қатты сыйласатын.

“Ишим” кеңшарында Анатолий Федорович Великотрав көп жылдан директорлық қызметін қалтқысыз атқарған тамаша маман. Бұл кісінің басшылығымен кеңшарда үй құрылысын салу үлгілі қарқынмен жүргізілген, көптеген өнеркәсіп орындары: май, балмұздақ, ірімшік тағамдарын жоғары сапада шығаратын цехтар, неше түрлі кондитер тағамдарын, нан-тоқаш пісіретін үлкен наубайхана, тағы басқа да халыққа қызмет көрсететін орындар іске қосылған. Алдыңғы қатардағы егістік те осы кеңшарда. Қара мал, сауын сиыр, шошқа, жылқы малдарының бастары жыл сайын көбейіп, мемлекетке ет, сүт сату жоспарлары үнемі асыра орындалып, жұмысшы халықты да тағамдармен толық қамтамасыз етіп отыратын. Бұл кеңшардың ерекше істеген бір ісі, жоғары орындардың талабына қайшы келетін шөп дайындау тәсілін өз еркімен атқаратын. Таза қалуға тиісті жыртылған парға екпе шөп сеуіп, тамаша өнім өсіріп, бір жазда екі рет шөбін шауып алу дәрежесіне жетіп жүрген. Сөйтіп, малға ұзақ қысқа дайындалатын шөптен

бұл кеңшар жыл сайын тапшылық көрмеген. Жалпы Анатолий Федоровичтің атқарған істерінен үйренетін көптеген жаңалықтары болатын. Сондықтан бұл кеңшарда тәжірибе алмасу шаралары өткізілетін.

“Тимирязев” атындағы кеңшарды Хасан Абдулович Сюникаев деген азамат басқарды. Бұл жас ауыл шаруашылық маманы бұған дейін “Меңгесер” кеңшарында бас агрономдық қызметін атқарды. Кеңшар аудан орталығының іргесінде орналасқан, шаруашылық жағдайы қашаннан қиын, ауыр болатын. Соған қарай Хасан Абдулович басқарған жылдары кеңшар табыстары біршама ілгерілеп, жетістіктері аз болған жоқ.

“Степной” кеңшарында директор болып Петр Владимирович Дрегер деген жігіт істеді. Бұл кісі ана кезде Құдайберген Қалиұлы “Целинный” кеңшарында директор болып істеп жүргенде, сол жерде кеңшардың бас агрономы болып қызмет атқарған, жауапкершілігі мол, білімді маман. Кеңшардың негізгі шаруашылығы егін өсіру және мал басын өсіріп өндіру. Осы бағыттарынан таймай жыл сайын жұмыс нәтижелерінде жақсы табыстарға ие болып отыратын. Бұл кеңшардың бір ерекшелігі, интенсивті шөп дайындау әдістерін жете меңгергені еді. Күніне 300-350 тонна шөп дайындап отыратын. Мұндай көлемді шөп дайындау басқа шаруашылықтарда бола бермейтін. Соның нәтижесінде орталық малында да, жеке меншікте де шөптен ешуақытта қиындық көрмейтін.

Бір өкініштісі Петр Владимировичтің өмірден ерте, жастай кетіп қалғаны болды. Қайта-қайта ауыра беретін еді, ақыры айналдырған ауру алмай қоймады.

– Кеңшар директорларының ішінен тағы бірін атаған жөн, – дейді Құдайберген Қалиұлы. – Ол “Дмитриев” кеңшарын басқарған Владимир Кузьмич Руденко. Мамандығы инженер, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жеткілікті жас

маман. Бұл кісінің тұсында құрылыс салу жұмыстары шапшаң қарқынмен ілгері басып кетті.

Малды түрлі аурулардан сауықтыру ісі қатаң жолға қойылған. Туберкулез, бруцеллез ауруларынан таза тайынша, құнажын малдарына жеке фермалар ашылды. Әрбір бөлімшеде сауықтыру фермалары ұйымдастырылып, осы істер өзінің нақты жетістіктерін берді. Қорған, Челябин облыстарынан қараала малдардың тұқымын әкеліп, олардың санын көбейту үлкен табыстардың көзіне айналды. Көп жылдан бері назардан тыс қалған Жарқын ауылына осы Владимир Кузьмич Руденконың қамқорлығымен он бір жылдық орта мектеп, жаңа үйлер, фельдшерлік пункт, мал басын көбірек ұстайтын жаңа баздар салынды. Осындай құрылыстардың біразы кеңшардың орталығында да көтеріліп, қатар түзеген үйлер мен тұрмысқа қажетті мекемелер жыл өткен сайын көбейіп, ауыл көркі әрлене түскен.

Ерекше тоқталып айтатын әңгіме “Москворецкий” кеңшары төңірегінде болмақ. Құдайберген Қалиұлы осы ауданға 1-ші хатшылық қызметіне сайланған кезде Николай Александрович Гричушников деген азамат кеңшар директоры екен. Бұл кісі жеке басының кемшіліктерінен орталық жұмысын ақсатып, жалпы кеңшар шаруашылығына дұрыс көңіл бөлмей қойған соң, оны директорлық қызметінен босату керек деген ұйғарым туған.

Талай жылдар өткен әңгіме болса да, енді осы кеңшарға директор болып Симамбаев Тасбай деген азаматтың келу сырын айтайық.

Бір күні Құдайберген Қалиұлына облыстық атқару комитетінің төрағасы Балташ Тұрсынбаев телефон шалып:

– Құдайберген, Сергеев ауданының ауыл шаруашылық басқармасында агрономдық қызметте Симамбаев Тасбай деген жігіт істеп жүр. Онымен партия мектебінде бірге оқыған

едік. Сол жігітті бір кеңшарға директор етіп қойсаң қайтеді, маған сондай өтінішпен ол қайта-қайта келіп жүр, - дейді.

– Бұл мәселеге С. А. Медведев қалай қарайды, ол кісімен сөйлесілді ме? – дейді Құдайберген. Өйткені, кеңшар директорын тағайындау алдымен облыстық партия комитетінің құзырындағы мәселе ғой.

– Ол кісімен сенің өзін сөйлескенің дұрыс болар еді – дейді Тұрсынбаев.

– Облыстық атқару комитеті төрағасының сөзін ескеруісіз қалдыруға болмайды. Құдайберген бір күні облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы Святослав Александрович Медведевке телефон шалып, сәлемдесіп, аудан жағдайын баяндағаннан кейін:

– “Москворецкий” кеңшарының директоры Гричушников кеңшар шаруашылығын құлдыратуға айналды. Себебін сізге бірде айтқан болатынмын. Сол кісіні орнынан босату керек.

– Оның орынына дайындаған кісің бар ма?

– Сергеев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында Симамбаев деген кісі істейді, мен ол кісіні білемін, бұрын Преснов аудандық партия комитетінде хатшылық қызметін атқарған. Сол кісіні қойсақ деген ұсынысым бар – дейді Құдайберген.

– Симамбаевты мен білемін, оның Преснов ауданында жұмыстан қалай шығарылғанын сен білесің бе? Оны бұл жұмысқа қоюға әсте (ни в коем случае) болмайды, - деген қатаң тұжырымын айтады.

С.А. Медведевпен осындай сөз болғанын Құдайберген Қалиұлы Б. Тұрсынбаевқа хабарлайды. Біраз күндер өткеннен кейін Тұрсынбаев Құдайбергенге тағы да телефон шалып:

– Симамбаев туралы сен Г. И. Барановпен сөйлессең қайтеді, ол кісіге мен де өз сөзімді айтар едім, – дейді.

Геннадий Иванович Баранов облыстық партия комитетінде ауыл шаруашылығын қадағалау жөніндегі хатшы, Омбы облысының азаматы, Тұрсынбаевпен жерлес екен. Бірінші хатшының жауабы жоғарыдай болғандықтан Құдайберген Қалиұлы бұл кісімен сөйлесіп, төменнен қолдау іздегенді жөнсіз көреді.

Біраз күндер өткеннен кейін Құдайберген жұмыс бабымен С. А. Медведевпен телефон арқылы сөйлесудің ретін келтіріп, осы сәтті пайдаланып Симамбаев туралы өткендегі әңгімені қайта қозғайды.

Бұл жолы С. А. Медведев: “Қайта-қайта айтып қоймадың ғой, жарайды, түбінде бар жауапкершілік сенің мойныңда болады, ауыл шаруашылық бөліміне және Г. И. Барановқа айтайын”, – дейді.

Осыдан кейін Тасбай Симамбаев обкомға шақырылады, Алматыға барып жоғары лауазымды орындардың қабылдауында болып, директорлық қызметке тағайындалып келеді. Осылайша, Құдайберген Қалиұлы Тасбай Симамбаевты өз қолымен “Москворецкий” кеңшарына директорлық қызметке апарып орналастырады. Тасбай Құдайберген Қалиұлының және облыстың бастықтарының сенімдерін, жақсылықтарын түсініп, кеңшардың шаруа жағдайын қайткен күнде алға бастыруға бар ынтасын жұмсайды.

Негізінде өзі қолтықтап әкеліп қойғаннан кейін Құдайберген де Тасбайды күнделік назарынан, көмектерінен тыс қалдырмайтын. Облыстық атқару комитетінің төрағасы Балташ Тұрсынбаев та Тасбайға үнемі қамқорлық жасап жүрген. Нәтижесінде кеңшардың шаруашылық жұмыстары әжептәуір ілгері басты, үйлер салынды, жылу жүйелері, көшелер, жолдар түзелді. Кеңшар орталығында, мал баздарының маңайында тазалық орнады. Сәті болып, сол жылдары егін шығымдылығы да жақсы болды.

Аудандағы барлық кеңшарлардың сол жылдары атқарылған істерінің нәтижелері мақтауға тұрарлықтай болғаны ақиқат еді. Соңғы үш жыл бойы егін шығымы жақсы болды, мал шаруашылығы айтарлықтай өркендеді. Әсересі, малды түрлі аурулардан сауықтыру көрсеткіші бүкіл облыс шаруашылықтарына үлгі ретінде аталатын.

Ауданның барлық кеңшарларында малға тәуелді жаман індет – туберкулез, бруцеллез деген аурулардан тазартылды. Тұрғын үй салуда, ауыларалық жақсы, сапалы жолдар жасауда, елді-мекендердің көшелерін асфальттауда ұланғайыр істер атқарылды. Қоғамдық және мәдениет орталықтарын салып, олардың жұмыстарын халық тілектеріне сай ұйымдастыруда айта қаларлықтай жетістіктерге жетті.

Көлемді ауданда ауыз толтырып айтатын жан-жақты жетістіктер үлкен еңбектің арқасында келетіні кімге болса да түсінікті. Осы істердің бәрін жоспарлаушы, ұйымдастырушы, атқарылу барысын қадағалаушы мекеме ол кезде алдымен аудандық партия комитеті, одан кейін аудандық атқару комитеті, ауыл шаруашылық басқармасы.

Аудан орталығындағы көп салалы мекемелердің жауапкершілігінде өз жүйелерінің жұмысын жоспарлы түрде ілгері бастыру, халыққа қалтқысыз қызмет атқару істері қатаң қадағалауда болған. Осыншама көлемді істердің нәтижелі атқарылуына тікелей жауапты кісі, әрине, аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы.

Ауданның егін және мал шаруашылығын өркендетудегі, құрылыс, әлеуметтік және тұрмыстық істер жүйелеріндегі жетістіктері облыс және республика көлемінде алдыңғы қатардағы мақтауларға ие болып, ауыспалы Қызыл тулармен марапатталатын.

Әр сала бойынша жыл сайын облыстық семинарлар өткізіліп, аудан жетістіктері басқаларға үлгі есебінде

таратылатын. Осының бәрі аудан үшін үлкен мәртебе, көрсетілген сенім еді.

Ауданның 1-ші хатшысы қызметінде зымырап өте шыққан үш жылдай уақыттың ішінде Құдайберген Қалиұлы кеңсе жұмысынан дала жұмыстарына көп көңіл бөліп, шаруашылықтарды аралап, халықтың ортасында хал-жағдайларын күнделік өз көзімен көріп, көргендерінен, естігендерінен қорытынды жасап, табыстарын мадақтай, көзге іліккен ерекше жаңалықтарын басқа шаруашылықтарға да жария етіп, кемшілік, қателіктерін қолма-қол түзетіп жүру дағдысына айналған. Осының бәрі жас кезінен қалыптасқан әдетімен ерте тұрып, кеш жатып, әр күнін жұмысқа тиімді пайдалана білудің нәтижелері болатын.

Барлық саланың жұмыстарын бес саусағындай бірдей көріп, қамқорлығын аямайтын. Аудандағы тың игеру науқанынан бері қалыптасып ел болып, жұрт болып тұрғылықты орныққан көп ұлтты халқының көңілін тауып, бәріне қадірлі, сыйлы болуы Құдайберген Қалиұлының ерекше ақжарқын, көпшіл, әр адамға жанашыр жақынындай болуынан деп түсінген дұрыс. Әрқашан ойында ұлтаралық татулық, халықтар бірлігі тұратын, сол ынтымақтастықты, біртұтастықты нығайту үшін жұмыс жасауды қарамағындағы қызметкерлерден талап етіп жүретін. Соның нәтижесінде Құдайберген Қалиұлы әр ұлттың өкіліндей көптеген жолдастарымен осы күнге дейін достық қарым-қатынастарын үзбей келе жатқан кісі.

Асқарбек Смағұлов – аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметінде істеген, Трошихин Михаил Васильевич қайта құру жылдары басталғанда Құдайберген Қалиұлымен бірге аудандық кеңес атқару комитетінде бірінші орынбасар болып істеді, аз ғана уақыт ауданда қызметтес болған Владимир Васильевич Бережнойды да атап отырады, Есләм Омаров – аудандық кәсіподақтар комитетінің төраға-

сы, қазір зейнеткер, Мицих Владимир Антонович – аудандық ауыл шаруашылық техникаларын қосалқы бөлшектермен жабдықтау орталығының бастығы болып ұзақ жылдар еңбек еткен, облыс көлеміне танымал кісі, қазір зейнеткер, Сергей Петрович Павлухин аудандық тұтынушылар қоғамы басқармасының төрағасы, іскер ұйымдастырушы, Санақ Сейтенов сыйлас болған, жасы үлкен азамат, ішкі істер мекемелерінде ұзақ жылдар қызмет атқарған кісі, қазір зейнеткер. Міне осылардай достарын, жолдастарын Құдайберген аузынан тастамай айтып отырады.

Құдайберген Қалиұлы қызмет атқарған аудандарда еңбегінің айырықша іздері қалған, қалтқысыз қызметте өмірінің жастық шақтарын өткізген жерлер туып-өскен өз еліндей болып кеткен, көңіліне жылы әсерлерін қалдырған өңірлер екені есінен еш уақытта шықпайтынын естіп, біліп жүрміз. Бүкіл аудан халқының аузына іліккен Құдайберген Қалиұлының адамгершілік қасиеттері, іскер басқарушылық өнерлері ауданға жиі келіп жүретін облыс бастықтарының назарынан тыс қалмады. Көлемді істерді еркін игеріп басқарып кететін қабілеттері көзге түсті. Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезіне делегат болып қатынасып, Орталық партия комитетінің тексеру комиссиясының мүшесі болып сайлануы Құдайберген Қалиұлының республика көлеміне белгілі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілгенінің дәлелі еді.

Қандай бір керек кезінде жоғары лауазымды қызметке тағайындауға осы дайын деген көрнекті іскер бастықтардан ертерек резервке қойып қоятын тәртіп болған. Міне осындай оймен Құдайберген Қалиұлының аты облыстық партия комитетінің ерекше тізімінде алғашқылардың бірі болып резервте тұрды.

VII. ЕГЕМЕНДІ ЕЛ ҚЫЗМЕТІНДЕ

1980 жылдардың аяғында, 1990 жылдардың басында жетпіс жылдан астам уақыт дәуірлеген кеңестер Одағының мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарының іргетасы күйреп, қабырғаларының темір құрсаулары сәгіліп, әр жаққа ажырап кеткені белгілі. Дүние жүзіндегі ең үлкен, ең күшті мемлекет Советтік Социалистік Республикалар Одағы алдымен “тоқырау” деп ат қойылған күйзеліске шалдықты, оны түзетіп әкету үшін “Қайта құру” деген бағдарлама қабылданған еді, одан да ештеңе өнбеді. Ақыры “балық басынан шіриді”-нің кебі болып Мәскеуде отырған мемлекет бастықтары төңкеріс жасау ниетімен ГКЧП- деген үлкен лауазымды бастықтар комитетін құрып, әлемге әйгілі ылаң жасағандары көз алдымызда өтті.

Ұрыс кірген үйден ырыс қашатыны белгілі, сол жылдары дүние жүзіне аты мен атағы дүрілдеп тұрған, миллиондаған мүшелері бар, талай сын-тартыстардан жеңілмей жүрген, Кеңестер Одағының мызғымас тірегіндей болған Коммунистік партия бір сәтте дыбысы да шықпай құлап, жойылды да кетті. Содан қайтып үні халыққа естілмей жоғалып кеткен Коммунистік партияның орны бір мезгіл бос қалды. Мемлекеттің басқару тізгіндері КСРО-да да, Қазақстанда да Жоғарғы Кеңестердің қолына көшті.

1991 жылы желтоқсанның 10 күні Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясында бұрынғы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының орнына Қазақстан Республикасы деген мемлекетіміздің жаңа аты дүниеге келді. Оның артынан іле, 16-желтоқсан күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы “Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы” қабылданып, мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігі бүкіл әлемге жарияланды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі еліміз-

дің бірінші Президенті етіп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлады.

Айтылып отырған жағдайлардың әсері жоғарғы орталықтан басталып, жергілікті жерлерге дейін жеткені белгілі. Президенттің Жарлығымен жергілікті жерлердің басқару жүйесі өзгеріп, облыстың басқару басшысы Глава областной администрации (Облыстық әкімшілік басшысы), ал аудандарда - Глава районной администрации (аудандық әкімшілік басшысы), кейін, 1995 жылдан облыс әкімі, аудандарда аудан әкімі болып аталды.

Облысымызда ең бірінші әкім – 1992 жылдан қызмет атқарған Владимир Карлович Гартман болды. Бұл кісі біздің облысқа келгенге дейін, Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеген екен. 1992 жылдың ақпан айында облыстық кеңестің төрағасын сайлау үшін облыстық кеңес депутаттарының мәжілісі болып өтті. Бұл қызметке сайлануға облыстық кеңес депутаттарының қатарына Мәркен Ахметбеков, Құдайберген Қалиев, Амантай Тәженов, Ерімбек Әубәкіров, Сергей Параскевич – барлығы бес үміткер тіркелген. Осындай тайталастық, қанқызбалық жағдайда өткен сайлаудың қорытындысында аттары республика көлеміне белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері қатарындағы қазақ азаматтарының аттары озбай, дауыс жинау ойынын ұтып шыққан Сергей Петрович Параскевич облыстық кеңестің төрағасы болып сайланды. Бұл жігіттің бұған дейінгі қызметі облыстық ішкі істер басқармасында бөлім бастығы еді. Сол орнынан облыстық кеңеске депутат болып сайланған. “Қанына тартпағанның қары сынсын” деген мақал бар болса, бұл жігіттің сайлау қорытындысында жеңіске жетуінің негізгі себебі сол мақалдың шындығында екені айқын болды. Орыс халқында “дело в шляпе” деген мақал да бар. Олай дейтіні, ерте заманда жергілікті жердің сайлауына дауыс беретін жерде

екі кісі қарама-қарсы тұрып, алдарына бір-бір “шляпа” – қалпақ ұстап тұрады екен. Үстінде балама дауысқа түсетін кісілердің аттары жазылып қойылады. Дауыс беруші-сайлаушы кісілердің әрқайсысы бір-бір тастан алып, тасты бір қолына жұмып, екінші қолын бос жұмып, әлгі екі шляпаға (қалпаққа) екі қолын бір уақытта сүңгітеді. Кімге дауыс бергісі келсе, тасын сол кісінің атына арналған қалпаққа тастап өтеді. Дауыс беруші кісілер тастарын салып болғаннан кейін әр қалпақтағы тастар есептеліп, қайсысына тас көп салынса, соның иесі сайлауда жеңіске жеткен болып жарияланады. Жоғарыда айтылған мақал содан қалған екен деген сөз бар. Бұл заманда осы мақал астарлы түсінігімен айтылып жүрсе, оның да ақиқаттық мәні бар.

“Асыл тас су түбінде қалмас” деген қазақтың тамаша мәтелі ойға оралады, айтылған сайлау өткен күні түстен кейін, облыстық әкімшілік басшысы Гартман Владимир Карлович Құдайберген Қалиұлын өзіне бірінші орынбасар етіп тағайындайды, сөйтіп Құдайберген Қалиұлының облыстық әкімдіктегі қызметі 1992 жылдың ақпан айының 26 күні басталған еді. Осы жерде айта кететін бір мәселе, Құдайберген Қалиұлы облыстық әкімнің 1-ші орынбасары қызметіне тағайындалар алдында, аумалы-төкпелі уақыттың кезінде, Тимирязев ауданында да коммунистік партия таратылғаннан кейін, сол жерде азғана уақыт аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеген. Бірінші орынбасары Михаил Васильевич Трошихин болған. Бұл кісі оған дейін “Меңгесер” кеңшарының директоры қызметін атқарып келген болатын.

Облыстық әкімнің бірінші орынбасары болып қызметке кіріскен Құдайберген Қалиұлының құзырына негізінен ауыл шаруашылық саласындағы барлық жүйелерді басқару жүктелді. Одан басқа, су шаруашылығы, кейінгі жылдары сауда және әлеуметтік-тұрмыстық салаларды бірге басқару тап-

сырылған. Ол кездегі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Штейн Аркадий Маркович, су шаруашылығын басқарған Кеншінбаев Қаттай Бектасұлы болатын. Өз істерін жетік білетін мамандар, үлкен істі өте сауатты ұйымдастыра алатын, халықты соңдарынан ерте білген шебер, іскер басшылар еді.

А. М. Штейнмен бірге, оның орынбасары бола жүріп, тізе қосып еңбек еткен білікті мамандар Владимир Павлович Бовсуновский егіс шаруашылығымен шұғылданған, Вячеслав Николаевич Паращенко мал шаруашылығын басқарған, Рашид Абдулович Сюникаев ауыл шаруашылығын механизациялау жүйесіне жетекшілік еткен, Виктор Иванович Котенев экономика саласына жетекшілік еткен. Осы тамаша азаматтардың атын атап өтсек, Құдайберген Қалиұлы облыстық ауыл шаруашылығын басқарғанда кімдерге арқа сүйеп, кімдер арқылы ұлан-ғайыр шаруашылықты қалай ұйымдастырып жүрді деген сұрақтарға жауап табамыз. Осындай азаматтармен бірге бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қызмет атқарған жылдар Құдайберген Қалиұлының есінде өмірлік сақталатын еңбек жолдарының шұрайлысы. Тап осы жылдары ауыл шаруашылығын техникамен, оның бөлшектерімен жабдықтау ісін Қадыр Сайдуов басқарған. Республикаға аты әйгілі болған, үлкен құс фабрикасын басқарған тамаша азамат, жауапкершілігі мықты, шаруашылықты шебер ұйымдастыра білетін өз ісінің маманы Владимир Құдыретұлы Дремасов, жер комитетін басқарған Владимир Арсентьевич Савченко, тағы басқа көптеген қызметтес болған азаматтардың аттарын Құдайберген ерекше сыйластық көңілмен есіне алып отырады.

Коммунистік партия тарап кеткен, мемлекетті басқарып келген кеңес үкіметі күйреген, нәтижесінде облыс, аудандарды басқару ісі әкімдерге жүктелген заманда алғашқы

аудандық әкімдер кімдер болғанын айтып, аттарын атап өткен де орынды. Құдайберген Қалиұлы осы әкім болған азаматтармен бірге, қыры мен сырын түсіне қоймайтын жаңа қоғам, жаңа басқарушылық жүйесінде ақыл-ойларын бөлісіп, түзесе де, сүрінсе де қиындығы мол қысталған уақытты бастарынан бірге өткізді ғой. Сонымен: Тимирязев ауданында Трошихин Михаил Васильевич, Сергеев ауданында Симамбаев Тасбай Қабашұлы, Ленин ауданында Барлыбаев Есмағамбет Сабырұлы, Москва ауданында Қасейінов Қуандық Әскерұлы, Бескөл ауданында Мерк Иван Петрович, Соколов ауданында Батаева Мария Алексеевна, Мамлют ауданында Юрков Михаил Степанович, Совет ауданында Бубнов Геннадий Михайлович, Булаев ауданында Ваганов Александр Павлович, Возвышен ауданында Оразалин Аманбол Мұхамедқалиұлы, Жамбыл ауданында Смағұлов Шаймұрат Смағұлұлы, Преснов ауданында Куликов Николай Федорович атты ауыл шаруашылығы жағдайын жетік білетін білікті мамандар еді. Құдайберген Қалиұлы осы азаматтардың бәрін ертеден жақсы білетін, кейін өмірлік жақсы жолдас, достас болған, еңбек жолында сыйлас, сырлас болып кеткен адамдар.

Құдайберген Қалиұлының қасында күнделікті бірге жүрген үзеңгілес жолдастары болған әкімнің өзінен басқа ең алғашқы орынбасарларын ерекше құрметтеп атап өту де орынды. Агеев Виктор Егорович, Ходеев Петр Филиппович, Канафина Майра Қажыбайқызы, Викторов Евгений Иванович атты облыс және республика көлеміне атақтары да, атқарған істері де белгілі адамдар еді. Аталған азаматтардың барлығы коммунистік партияның өмір жолынан тәлім алып, соның солдатты болған, қатаң тәртіпте қанаттары қатайып, жоғары өрлеп, осындай биік тұғырларға жетіп қонған қырандар, партияның шымыр тәрбиесінде

шыңдалған кадрлар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Аудан шаруашылықтарына басшы болып, одан облыстық дәрежедегі бастық болу үшін талай сыннан өтіп, үлкен еңбек жолын кешіп барып жететін еді ғой. Ол заман өтті. Енді міне, еш уақытта қабырғасы қайысып, іргетасы мызғымас деп ойлайтын Кеңес үкіметі, оқ атылмай, қан төгілмей құлап, жаңа заман басталды. Алда қандай қоғам, қандай мемлекет әкімшілігі болмақ, оны құру үшін істі неден бастау керек? – деген сұрақтар көп еді.

Ондаған жылдар бойы әр адамның санасына терең сіңіп қалған Кеңестік социалистік қоғамның тәрбиесі, қайда барсаң қоғамдық, мемлекеттік мүлік бір орталыққа бағынып, қатаң тапсырмамен атқарылатын дайын жұмыс, уақытында алатын еңбекақы, зейнеткерлік төлемдер жағдайы кенеттен өзгеріп, жоғалып кетулері халықты есінен тандырып, “енді болашағымыз не болады” деген, гулеген сөздерге ауысқанның куәсі болдық.

Дүние жүзі мемлекеттерінің барлығы дерлік ертеден бейімделіп, атқаратын еркін экономикалық шаруашылық жүйесіне көшу, қоғамда тоталитарлық басқарумен, бұйрықпен атқарылатын істерді либералды саясаттық жолмен шешу бағыттарын ұстану керек болды. Тәуелсіздік даму жолдарын іздестіру, шырғалаңның шырғауық қолбұғауларынан шығу жолдары, не іздестіру осы жылдардың үлесіне тиді. Жаңа орнап жатқан қоғамдық және мемлекеттік құрылымдар жүйелерінің жұмыстарын басқарып, елдің жағдайын күйзелістен шығару жолына бастау әдістерін республикалық атақты ғылыми ордалар да, үкімет басшылары да біле бермейтін. Бұрын мұндай ілімді институт қабырғаларында да, жоғары партия мектептерінде де өтпеген болса, ендігі жерде өмірдің өзінен жүре үйреніп,

дүниежүзі мемлекеттерінің өсіп-өрбу тарихтарын оқып, зерттеп, солардың ең тиімдісін пайдалану керек болды.

Әр заманда “Не істеу керек?” деген сұрақтар болғанын білеміз. Сондықтан осы жылдардағы қиыншылықтарды Құдайберген Қалиұлы ерекше қайран қалып есіне алады. Оған қоса, Құдайберген Қалиұлына басқаруы жүктелген ауыл шаруашылығы саласындағы қиыншылықтарды көзге елестетсек, қандай ауыртпалықтар басынан өткенін түсінуге болады.

Бұрынғыдай мемлекет тарапынан қаржыландыру, несиемен көмектесу жүйелері тоқтап қалған. Шаруашылыққа қажетті техниканы, жанар-жағармай, жабдықтау бөлшектерін, құрылысқа және басқа шаруашылықтарға керекті дүниеліктерді сатып алу үшін қаражат болмай қалған.

Шаруашылықты қалай ілгері бастыруға болады, қаражат көзін қайдан табу керек деген сияқты шешімі белгісіз, бас ауыртатын дағдарыс, ауыр күйзелістер пайда болғанын білеміз. Халыққа қызмет көрсету мекемелері, әлеуметтік және мәдениет ошақтары қаражатсыз қалып, көпшілік елді-мекендер өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Осындай еңсесі түскен халықтың санасын оятып, рухын көтеріп, болашаққа сенімін бекіту, заманның, хал-ахуалдың жақсаратынына сендіру, оларды талай жылдардан бері үйреніп қалған дәстүрлі іс атқару жүйесінен басқа, жаңа, шұғыл шешімдер мен жасампаз істерге бастау жұмыстың ең қиыны болатын. Қала берді, бұл басшы қызметтегі адамдар үшін үлкен сын уақыты еді. Ең қиыны жетпіс жылдан астам уақыт қоғамдық меншікте еңбек етуге үйреніп қалған халықтың жеке меншікке бағытталған психологиясын қалыптастыру керек болды.

Қоғамдық мүлікті жекешелендіріп өз иелерінің қолына, өз жауапкершілігіне беруді соза беруге болмайтын. Бұл жұмысты тездетіп атқару үкіметіміздің бағдарламасында

анық айтылғаннан кейін, іске батыл кірісу керек болған. Қоғамдық мүлікті жекешелендіру деген ойға келмеген жұмыс болғандықтан, оның үстіне, мемлекеттік бағыт, тапсырыстар бойынша бұл іс тездетіп атқарылғандықтан, көптеген қателіктер де жіберілгені белгілі.

1991 жылдары облыс аумағында 144 кеңшарлар мен ұжымшарлар және аралас меншіктегі өндірістік нысандар болатын.

– Жалпы республика бойынша біздің облыс ең толық, тұтастай мемлекеттендірілген қоғамдық меншіктегі өңір еді, – дейді Құдайберген Қалиұлы, – Ескі қоғам күйреп, жаңа заман орнай бастағанда біздің облыстың шаруашылықтарында 1172,7 мың бас ірі қара мал, 107,8 мың жылқы, 664,3 мың қой, 651,6 мың шошқа болған екен. Олардың сыртында, мемлекеттік меншікте 377,4 мың құс болған. Осының бәрін халық біледі, білгендіктен екі адамның басы қосылса осыншама мал, сондай байлық қайда кетті деген әңгімелер туындайды. Мұндай орынды сұрақ, өкінішке толы істерге жауап іздесек, тағы сол алғашқы қоғамдық күйреу жылдарындағы жіберілген асығыстыққа, есеп-қисапсыздық қателіктерге тірелеміз.

Шаруашылық жүйелеріне кенеттен келген нарық саясаты облысымыздың мал шаруашылығына үлкен күйзеліс әкелгені көз алдымызда өтті. Күнделік шаруашылықты атқаруға қажетті ақша тапшылығынан алдымен мал басы сауда-саттықтың пұлына айналып, аз уақыттың ішінде құрып бітуге айналғаны, әрине, бәріміздің қабырғамызға тастай батқанын айтқанымыз жөн, – дейді Құдайберген.

Амал не, қысқа жіп күрмеуге келмегендіктен тиімсіз болса да, кеңшарлар мен ұжымшарлардың қолда бар ең өтімді мүлкі мал болғандықтан, алдымен, алақанда еріген қардай мал басы бытырады ғой, – деп күйзеледі шаруашылық басшылары. Тірелген тығырықтан жол тапқанша,

мемлекет тарапынан ешқандай көмек күтуге мүмкіндік болмай қалған жағдайда, шет елдерден керекті несиелер мен инвесторлар тапқанша, қасіретті қиын жол болса да, сол соқпақпен жүріп өту керек болғанын, сөйтіп, қолда бар мал басының денін құрбан етуге саналы түрде бару тәуекелі басқа мүмкіндіктің, басқа амалдың жоқтығынан, ақылдасып қабылданған шешім болатын.

Жай халықтың қалың көпшілігі нанар, біразы нанбас, бірақ бұл өмірдің өзі алға тартқан амалсыздық шарасы екенін сол кезде ауыл шаруашылығын басқарған облыс, аудан, шаруа қожалықтарының бастықтарының бәрі мойындап көнген шаралар болған. Осы істің ең ақыры – ондаған жылдар бойы бар білім-тәжірибені жұмсап, үлкен қиындықтармен өсіріп-өрбіткен асыл тұқымды мал қорының орны толмас шығынға ұшырағаны ерекше атап өтетін жағдай.

Сол кезде ауыл тұрғындары қолда бар малының арқасында ғана ауыр тұрмыстан аман шыққанын көрдік қой. Десек те, ауыл шаруашылығының бар байлығы, талантаражға түсіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті деуге болмас. Негізінде шаруашылық байлығының дені болашақ жаңа, жалпы халықтық меншіктің іргетасын қалау үшін жұмсалғаны ақиқат.

Ауылдың осындай жағдайларын күнде көріп, біліп жүрген Құдайберген Қалиұлы үшін алдымен иесіз қалып жатқан мүліктерге, иесіз қалып жатқан кешендер мен ғимараттарға, бірінен соң бірі жабылып жатқан мәдениет және тәлім-тәрбие ошақтарына жанашыр ие тауып, олардың жұмысын жандандыру мәселелерін шешу ойынан шықпай, күнделікті іс жоспарында үлкен әріппен жазылып алдында жататын. Күн өткен сайын күйзелісі ауырлай берген ауыл шаруашылығының жағдайларына қолдан келген қамқорлығын тынымсыз атқара жүріп, ауыл шаруашылығын қайта

жандандыру үшін түбегейлі өзгеріс, болашаққа бағыт, бағдарламалар жасау төңірегінде облыс, аудан басшылары үнемі неше түрлі ойда болғандарын айтпаса да түсінуге болатын еді!

Кеңшар, ұжымшар деген ауылшаруашылық құрылымдары ендігі жерде қайта жаңғырмайтыны белгілі болды. Шаруашылықтың жаңа бағыты – жаңа иелері болуын керек етті. Бұдан былай жер иелері мемлекет көмегін күтіп жалтақтамай, өздері жаңа қоғам болып ұйымдасып, нарықтық қатынастар жүйесіне көшіп, өз еркімен күн көрулері керек. Өзара нарықтық бәсекелестік жағдайда ынталы жұмыс атқарып, пайда тауып, өз шаруашылығын өзі өркендетуі керек екендігі айқындала бастады. Осындай жағдайда 1992 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кешендерін жеке меншікке ауыстыру ерекшеліктері» деген № 1126 Заңы шықты.

Келесі 1993 жылы наурыздың 5-і күні «Мемлекеттік ауыл шаруашылығының дайындау, өңдеу, агроөнеркәсіпке қызмет көрсету кешендерінің мүліктерін жекешелендірудің қосымша шаралары» туралы Президенттің № 1137 Жарлығы шықты. Бұл Жарлықтың шығуы ауыл шаруашылығының орталықтан жоспарлаудан нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты, ауыл шаруашылық мүліктерін төлемді және төлемсіз түрде халықтың меншігіне беру туралы бағыт-бағдарламаларын айқындады.

1994 жылы наурыздың 9-күні «Кеңшалардың мүлкінен директорларға тиісті үлес беру» туралы Президенттің № 1585 Жарлығы шықты. Бұл жарлық бойынша кеңшарда кемінде жиырма жыл директор болып істеген кісілерге кеңшардың қозғалмайтын мүлкінің 10%-і тегін берілетін болды. Жоғарыда аталған жарлықтар ауыл шаруашылық мүліктерін жекешелендіруге көшу жоспарының негізін қалады, сөйтіп, мемлекеттік ауыл шаруашылығының

орнына жеке меншіктік ұжымдар құрыла бастады. Нәтижесінде, сол жылдары 258 (Көкшетау облысынан бізге ауысқан аудандарды қоса есептегенде) кеңшарлар мен ұжымшарлар жекешеленіп таратылып болды.

1997 жылдың 1 қаңтарына облыс бойынша 258 кеңшар, 35 ұжымшар тегіс таратылып, оның орнына 129 ұжымдық кәсіпорын, 131 өндірістік кооператив, 33 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 21 акционерлік қоғам, 6 ассоциация, 3828 шаруа қожалықтары (КХ) құрылып, мемлекет меншігінде тек 7 ауыл шаруашылық кешендері қалды. Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу кешендері мен жабдықтау мекемелері де тегіс жекешелендірілді.

Кеңшар мен ұжымшарлардың мүліктері сол ұжымда жұмыс істеп жүрген жанұя мүшелеріне тиісті үлестер (пай) есебінде бөлініп берілгенін білеміз. Жер, мүлік, техника үлестері бар, әйтеуір кеңшар меншігінде нендей байлық болды, соның бәрі бөліске түсті ғой. Бұл жұмыс асығыстық жасамай, ойлап, жайлап атқаратын істер еді, өкінішке орай, алғашқы кезде асығыстық жасалды. Соның нәтижесінде талай ағаттықтар, қателіктер кеткенін білеміз. Осылай ауыл шаруашылығының байлығы пышақ үстінен бөлінді, бөлуге келмейтін үлкен құрылыстар, мен баздары, әлеуметтік ошақтардың ғимараттары көпшілік ауылдарда қирап, бүлініп, ешқандай пайдаға аспай, қаңырап бос болды.

Қалай болса да, шаруаға ең қажеттісі, болашақ күн-көріске ең бағалысы жер болса, оны да бөлу мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуір айында қабылданған № 401 қаулысына сәйкес облыс әкімінің 24 мамыр айында қабылданған № 110 шешімімен шаруа қожалықтарына бөлінген жерлері тұрақты пайдалануға бекітіліп берілді. Түсінікті болу үшін айтайын, біздің облыстағы есеп бойынша жер бөлісінің көлемі 6 гектардан 22 гектарға дейін болған.

Осындай бөлістерден кейін, енді сол жерді игеріп, пайдаланып пайда табу мәселесі халықты талай шатаққа салды. Бөліс қорытындысында қолдарына техника тиген кісілер бастарын біріктіріп ұжымдасып, ұйымдасып, үлеске тиген жерлерін пайдалана алды. Ал, қолдарында техникасы жоқ шаруалар амалсыздан жерлерін мүмкіндігі бар кісілерге жалға (арендаға) беріп, аз да болса сол жерден өнген өнімнен күн көрістік бидай, малына беретін жем, сабан алып отырғанына риза болды.

Кей жерлерде алаяқ судырлар ұсақ жер иелерінің жерлерін алдаумен қолға түсіріп, бір-екі жыл пайдаланып кетіп қалып, халықты қара тақырға отырғызып кеткендері де болды.

Соңғы жылдары қолда бар жерлерімен не істеу керек екенін халық түсінді, бекітіліп берілген жерлерді пайдалану жүйелері анықталып, еңбек етсе жердің пайдасы мол екеніне көздері жетті. Уақыт озған сайын шаруашылық меншіктерінің аты да, заты да өзгеріп жатты, ақыры 1998 жылы Қазақстан Республикасының “Шаруа қожалықтары туралы” Заңы қабылданып, шаруашылық иелері енді заңды түрде ауыл шаруашылығының негізгі тұлғалары болып бекіді. Қазір олардың саны 5,4 мыңға жеткен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен бағдарламаларымен, жоғарыда аталған заңдар мен қаулылардан туындаған жоспарлар жасалып, облысымызда ауыл шаруашылығының жағдайларын түзеп, нығайту үшін көп жұмыстар атқарылғанын халық біледі. Бұл жоспарларды іске асыруға соңғы жылдары мемлекетіміз үлкен көлемді қаржылар бөлді. Ауыл шаруашылық жүйелерінің мемлекетке 1,5 миллиард теңге берешегін өтеу кейінге қалдырылып, үкіметтің бұл шешімі де көп пайдасын тигізді.

Президенттің 2000 жылдың 21 наурызында қабылданған “Салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы заңға

қосымшалар” деген Жарлығымен 2000 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жиналған салықтар мен айыппұл төлемдерін өтеу мерзімі үш жылға кейінге қалдырылып, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге бұл 926,2 миллион теңгедей көмек болды. Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту да үлкен пайдасын тигізді. Ауылға инвестор-фирмалар келді. Нәтижесінде, қазір облыста 42 инвестордың көмегімен 1,3 млн. га жерге егін себіліп, жиналды. Бұл облысымыздың себетін егістік көлемінің 48% деген сөз. Инвесторлар осы істі атқаруға жыл сайын 3 млрд. теңге көлемінде қаржы жұмсайды.

Аталған көлемді қамқорлықтар мен жергілікті мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нәтижесінде ауыл шаруашылығының хал-жағдайы 1999 жылдан бастап біршама түзеліп қалды, көптеген берешектерінен құтылды. Уақытында салықтарын төлеп, еңбекшілер тиісті жалақыларын ала бастады, өндіріске қажетті техникалар, бөлшектер, мүліктер алуға жағдай туды.

Облысымызға көлемді көмек көрсетіп жүрген мықты инвесторлар қатарында “Корпорация Голден-Грейн Групп”, “Батт-Агро”, “Казэкспорт-Астық”, “Агроцентр-Астана” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС), «Айыртау» агрофирмасы және тағы басқаларын Құдайберген Қалиұлы үлкен ілтипатпен, ризашылық көңілмен атап жүреді.

Мемлекеттік және инвестициялық көлемді көмектерді жергілікті жерлерде тиімді пайдалану жұмыстарын ұйымдастырып, олардың орынды жұмсалуды қадағалап отырған облыстық әкімшілік болса, осы істі күнделікті көңілінен тыс қалдырмай тікелей басқарып, ұйымдастырып отырған Құдайберген Қалиұлы болғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей тапсырмасымен Республика Үкіметінің қабылдаған жоспарлары

негізінде, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы жасалады.

Бұл жоспардың негізгі бағыты қол жеткен табыстарды тұрақтандыру, дәнді-дақылдар мен басқа да жер өнімдерін өндіруде, мал шаруашылығын өркендетуде тұрақты табыстарға қол жеткізу көзделген. Қазіргі кезде облысымызда 450 шаруашылық серіктестігі, 5167 шаруа қожалығы жұмыс істеп жатыр. Мемлекет иелігінде екі-ақ ауыл шаруашылық мекемелері бар, олар мемлекеттік тәжірибе станциялары. 2001 жылы облыс ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 80,8 миллиард теңгеге жеткен. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткішке қарағанда 41% артық.

Біраз жылдардан бері пайдаланылмай келген тыңайған жерлердің көбі егістік көлеміне қайта қосылған. Нәтижесінде астық егілетін жердің көлемі 3042,4 мың гектарға жетті. 2001 жылы әр гектар өнімділігі 14,2 центнерден айналып, 4,3 миллион тонна астық жиналды. Бұл 1993-2000 жылдар арасында қол жетпеген жоғары табыс еді.

Соңғы жылдары егіншілік мәдениетін қайта дамытып, жақсартуға қол жетті. Үш танапты ауыспалы егістік жүйесін қалыптастыру, әсіресе, таза парға қалдыратын жерлердің көлемін сақтай білу, топырақ құнарлылығын арттыру үшін минералдық және органикалық тыңайтқыштармен қоректендіру шаралары жоспарлы жүйесімен атқарыла бастады. Соңғы екі жылда 773 астық жинау комбайны, 510 трактор, 600-ден астам астық сеялқалары, тағы басқа техникалар сатып алынды. Қаражат тілімен айтсақ, ауыл шаруашылығы 34,1 миллион АҚШ долларының техникасымен толықтырылды.

Облыста ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілер мен өнеркәсіп мекемелерінің арасында тұрақты байланыс қалыптасып келеді. 2001 жылы өнеркәсіп зауыттары ауыл-село үшін 205 миллион теңгенің өнімдерін шығарып сатты.

Республика Үкіметі тарапынан жыл сайын жанар-жағармай сатып алуға қомақты көмек көрсетіліп келеді. 2002 жылға жанар-жағармай сатып алуға 400 миллион теңге, гербицид сатып алу үшін 100 миллион теңге бөлінген. Соңғы төрт-бес жылдың ішінде мал шаруашылығы саласында тұрақты жетістіктер баршылық. Жыл сайын төрт түлік мал басы, сүт, ет өнімдерін өндіру тұрақты жағдайда ілгері дамуда. 2001 жылы 76,2 мың тонна ет, 456 мың тонна сүт, 142 миллион жұмыртқа өндірілді.

“Облыс тұрғындарынан ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуды ұйымдастыру”, “Шағын фермаларда және үй шаруашылығында мал шаруашылығын дамыту” туралы облыстық құжаттар қабылданып, бұл істерді орындау барысында Құдайберген Қалиұлының тікелей ұйымдастыруымен бірқатар аудандарда тұрақты жұмыстар атқарылды. Ана жылдары ауыл-село тұрғындары өздерінен артылған мал өнімдерін қайда өткізерін білмей дал болатын еді, енді бұл мәселе өз шешімін түбегейлі тапты деп айта аламыз.

2001 жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының егеменді ел болып, тәуелсіз ішкі, сыртқы өз саясатымен ілгеріге қадам басқанына он жыл болды. Осы азғана уақыт ішінде мемлекетімізде экономикалық және саяси даму жүйелерінде қомақты жетістіктерге қол жеткені есте қаларлықтай қуаныш. Сондықтан да республикамыздың халқы осы күнді мерейлі тойлармен атап өтті. Қазақстан Республикасының атағы бүкіл дүние жүзіне мәшһүр болғанын көріп отырмыз.

“Өтпелі кезең” аталған мерзім ішінде облысты дамытудың бағдарламасы қабылданып, халық шаруашылығы салаларындағы экономикалық қатынастарды реформалаудың орта мерзімді бағыттары белгіленіп, жоспарланған істердің табысты атқарылып жатқандарына көңіл толады. Бір кездері армандай болып қалған, тиісті уақытында

тоқтаусыз алып отыратын еңбекақы, зейнеткерлік төлемдер, тоқырап қалған жарық, жылу проблемалары біздің облыс көлемінде дәйекті оң шешімдерін тапты деп сеніммен айта аламыз.

Тоқтап қалған өнеркәсіп кешендерінің жұмыстары бүгінгі күннің сұранысына ыңғайланған бағдарламаларымен өз жұмыстарын ырғақты түрде атқара бастады.

Тұрмысы төмен отбасыларына, қамқорсыз қарияларға, мүгедектер мен жетім балалар үйіне тұрақты көмектер көрсету шаралары шынайы адамгершілік жанашырлықпен атқарылуда. Қала мен елді-мекендерді көркейту ісі қарқынды қадамдармен ілгері басты. Атқарылған шаралардың нәтижелері көңілді қуанытып, ертеңгі күніміз бүгіннен де жақсара түсетіндігіне сеніміміз бекіді. Бүгінгі Қазақстанның хал-жағдайы ТМД елдері ішінде алдыңғы лекте екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

“Істің тетігін шешетін кадр” деген сөздің ақиқат екеніне осы жылдарда халықтың көзі жеткендей болды. Күйрету оңай, оған көп өнер, білімнің керегі жоқ екені белгілі болса, күйреген дүниені түзеу, жоқтан бар жасау, бардың басын құрау, шытырман жолдан шығудың тура бағытын табу қиынның қиыны екенін осы соңғы он жылдың көлемінде бүкіл халық, әрбір адам түбегейлі түсіне білді.

Кеңестер үкіметінің басқару жүйесі тараған кезде қандай кателіктер жіберілді, неден көз жазып қалдық, сол шырғалаңнан шығу жолы қандай болды, қазіргі тұрақталған өмірге қалай жеттік деген әңгімелер төңірегінде жоғарыда сөз қозғадық. Енді сол жылдары біздің өңірде кім бірінші бастық болды, өтпелі кезеңнің ауыр таяғы алдымен кімнің басына тиді, соған төзіп, халықты жаңа бағытқа бастап, облыс шаруашылығын қайта жандандырған кімдер еді? - деген сұрақтарға да жауап іздегеніміз орынды сияқты.

Ендеше, осы әңгімелер төңірегінде сол кезеңнің куәсі болған өз ойларымызды ортаға салудың реті бар.

Өзгеріп қайта құрылған мемлекетіміздің нығаюы, дүние жүзі таныған өркениетті ел болуы, экономикасының ілгері баса беруі, халқының әл-ауқатының жақсаруы, елді-мекендері көркейіп, мәдениетінің дамуы республика көлемінде Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және атқарушы орган – Қазақстан Үкіметінің құзырында болса, облыста осы істердің бәрі әкімнің жеке жауапкершілігіне жүктелген. Әкім осы істерді өзі қалыптастырған басқарушы органдарымен атқарады. Ендеше, облыстық әкімнің құзыры, күдіреті, құқығы облыс көлеміндегі барлық шаруашылықты тиімді, табысты іске жұмылдыруға толығымен мүмкіндігі бар. Мәселе әкімнің жеке басының іскерлігінде, жауапкершілігінде, қарамағындағы қызметкерлерді іске жұмылдыра білуінде, қала берді, халықтың сенімін ақтай білуінде деген өз ойымызды өрбітейік.

Әкімнің ең жақын көмекшілері, әрине, орынбасарлары. Орынбасарларды іріктеп, таңдап, жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату әкімнің қолында. Сондықтан орынбасарлар алдымен әкімнің ақыл-кеңестерін тыңдап, талаптарын орындау керек. Десек те, орынбасар жалтақтап әкімге қарайлай бермей өз іскерлігімен, өз білімін жетік пайдаланып, батыл кірісіп істесе, өз ойының дұрыстығын ісімен дәлелдей білсе, қандай әкім болса да ондай орынбасардың ақыл-ойларымен санасары сөзсіз.

Құдайберген Қалиұлы қызметті бөлімше агрономынан бастап, көп жылдар үлкен көлемді кеңшарды басқарған, алуан салалы шаруашылықтары бар ауданды басқарып, өткерілген өз ісінің шебері болғандықтан, істеген ісін орнықты, сеніммен атқаратын, өз ойының, өз бағытының дұрыстығына әкімді де сендіре білуімен сенімді қолдау-

шысы бола білді. Әкімдер сенген бірінші орынбасар қызметін қалтқысыз атқарды.

Әкім демалысқа шықса, ұзақ уақыт іссапарға кетіп, не бір жағдайлармен орнында болмай қалған кездерінде, облыс әкімінің міндетін абыроймен атқарып та жүрді. 1992-2002 жылдар арысындағы он жыл өмір ішінде Құдайберген Қалиұлы төрт әкіммен қызметтес болды. Олардың әрқайсысымен тіл табысып, байсалды ақылмен, ортақ шешім, орнықты ұйғарымға келумен өз ойын түсінікті жеткізе біліп, тиянақты атқарылған ісімен, адамгершілік сенімділігімен, достығын мықты сақтайтын қасиеттерімен адал қызмет атқарды.

Десек те, алдымен әкім де адам, ендеше, әр адамның өзіне тән ой-өрісі, мінезі, өзінің қызмет бабында қалыптасқан жұмыс жасау ерекшіктері, адамгершілік қасиеттері болады. Тек басқадан өзгешелігі қолында үлкен өкіметтік, өкімдік, әкімдік билік бар. Мәселе сол құзырларын дұрыс пайдалана білуінде.

Владимир Карлович Гартман мырзаның өкімдік қызметі облыс жағдайының ең ауыр кезеңінде өтті. Бұрынғы кеңестік қоғамның атқару жүйелері күйреп, жаңа қоғамды құрып, басқару қадамдары басталған кез еді.

Тоқсаныншы жылдардың басындағы экономиканың құлдырауын, ауыл шаруашылығының тамтырауын, әлеуметтік жағдайлардың мүлде төмендеп кеткенін көріп, біліп жүріп, оған облыстың бірінші бастығының жаны ашымады, басы ауырмады деп айта алмаймыз. Бірақ, қайткен күнде де халық көп қиындықтың шырмауына түсті. Бірнеше айлап еңбек ақыларын ала алмай еңбекші халық жүрді, еңбек орындарының күйреуінен сандалып жұмыссыз бос қалған адамдар саны көбейді, зейнеткерлер бірнеше айлап зейнет-ақыларына қолдары жетпей ауыр күйді бастарынан кешуге

тура келді, үйлерге жылу мен жарық беретін орталықтардың жағдайлары күйзеліс қиындықта болды.

Ұзаққа созылып кеткен, халықтың басына түскен толып жатқан қиындықтардың өзіндік себептері бар еді. Ақиқатында, қиындықтарды азайту үшін қолдан келген мүмкіндіктер пайдаланылып, бірталай іс шаралар атқарылып жатты. Бірақ, сол атқарылған жұмыстардың қайтарымы, жетістіктері халықтың көңілін толтыра алмады. Елдің экономикасының, ауыл шаруашылығының, әлеуметтік, мәдени тұрмыстың хал-жағдайларының сол кезде осындай дәрежеде, болуына облыс басшылары кінәлі дей алмаймыз. Мәселе жаңа қоғам, жаңа шаруашылық жүйесін құрып, басқарып кетудің дұрыс жолын таба алмай, жоғарыдан төменге дейінгі ізденіс, жол кезу, із шолу жұмыстарының ұзаққа созылып кетуінде дер едім. Жоғарғы жақ – республикамыздың өкімет басшылары дұрыс бағыт – бағдарламаларын уақытында бере алмады, төменгі жақ бірдемені бүлдіріп алмау үшін жоғарыға жалтақтаумен уақыт өте берді. Өйткені мұндай өткелден жоғары лауазымды басшылардың өздері де өтпеген. Бәріне де жүрмеген өткелді жүгенделмеген асаумен өту керек болды.

Десек те, сол кездегі шаруашылық жүйелерінің хал жағдайларының ауыр жылдарында да облыс көлемінде В. К. Гартманның басқаруымен атқарылған игілікті істердің айшықты ізі қалды. Қазақстан Республикасының Түрік мемлекетімен достық қарым-қатынасы орнап, бекуінің арқасында, солардың әкелген инвестициялық көмегімен облыс орталығында макарон фабрикасы салынып, іске қосылды. Фабрианың тұрақты жұмыс атқарып кетуінде өзіміздің облыс ресурстарының үлкен үлесі бар. Бұл фабрика қазір республика көлеміне аты әйгілі ірі тамақ өнеркәсібінің бірі болып отыр.

Облыс орталығында Жамбыл және Е.Букетов көшелерінің қиылысында қазақ мәдениетіне тән ерекше архитектуралық жобамен қазақ классикалық гимназиясының ғимараты салынып, халықтың игілігіне пайдалануға берілді. Бұл көлемді, зәулім, әсем оқу орынының ішінде мыңнан астам балалар білім алады.

В. К. Гартманның тікелей басшылығымен облыс орталығында тағы бір тамаша іс атқарылды. Петропавл қаласының солтүстік беткейінде, шетте, ауыл шаруашылығын механизациялау колледжі болатын. Қайта құру жылдары басталғанда колледж таратылып, босаған құрылыс ғимараттарын пайдаланып республикамызға керекті әскери оқу орынын ашу шешімі қабылданғанда В. К. Гартман осы ұйғарымды қызу қолдап, барлық корпусстарды әскери оқу жүйелеріне үйлестіріп қайта күрделі жөндеуден өткізіп, жаңадан қосымша құрылыстар салып, ауласын жаңартып түзеп, көп жұмыстар атқарылғанда, соның ұйымдастырушысы, демеушісі ретінде осы оқу орнын ашуға мұрындық болған сол кісі еді. Қазір, бұл Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министерлігінің Петропавл ішкі әскерлерінің жоғары әскери училищесі /ПВВУ ВВ МВД РК/ аталатын жоғары оқу орыны, республикадағы ішкі істер әскерлері құрамдарына басшы кадрлар дайындайтын бірден-бір атақты ірі оқу орыны болып отыр. Училище алты түрлі мамандықтар бойынша әскери командирлер дайындайды.

1992 жылдың басынан 1997 жылдың аяғына дейін алты жылдай облысты басқарып еңбек еткен В.К. Гартман мырзаның қиын жылдарда атқарған еңбегі жоғары бағаланып ол Республика Президентінің жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталған болатын. Қалай десек те, бұл жылдары облыс экономикасы әлі де белгілі тоқырау үстінде болса, ауыл шаруашылық қиыншылықтар шырғалаңында, халықтың әлеуметтік, мәдени жағдайы ауыр халде еді.

Осындай қиыншылықтардың үстіне 1997 жылы желтоқсан айында Президенттің жарлығымен облысқа әкім болып, бұрын облыс халқының бәрі біле бермейтін Даниал Кенжетайұлы Ахметов атты азамат келді. Жасы сол кезде қырық үштер шамасындағы, республикамыздың индустриалды ордасы Павлодар облысында үлкен қызметтерді атқарып ысылған, тепсе темір үзетін жас, іскер басшы, келген бетте жұмысқа шымыр кірісіп кеткенін білеміз. Гартман Владимир Карлович Ақмола облысының әкімі болып кетті.

“Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса”– дегендейін, жаңа әкім ең алдымен өзінің “командасын” жасақтап алды. Павлодар облысынан өзімен қызметтес болған сенімді жолдастары В. Д. Набитовский, А. Ф. Вербняк, В. П. Никандров, Е. Х. Сұлтанов, Т. К. Бәстенев сияқты біздің облысқа белгісіз жігіттер әкімнің оң және сол қолындай қызметтерге тағайындалды.

Ерте кезде сал-серілер, саятшылар, ел еркесі – батырлар өз нөкерімен жүргенін естіп білетін едік, ал “команда” деген ұғымды айтқанда футбол, баскетбол, волейбол тағы сол сияқты командалар болатынын естіп, көріп жүрміз. Бұл заманда үлкен лауазымды, қызметкерлер бір облыстан екінші облысқа қызметке ауыстырылса, өзінің сенімді командасын бірге алып жүретін болғанын алғашқы кезде көріп, біліп таң қалатын едік, соңғы кезде бұл іске таңырқау деген қалды. Ондай істі «қой», – деп жатқан жоғарғы бастықтар жоқ, «мыналарың қалай», – деп сөз айтуға батылы баратын төменгілер де шықпайды. Өйткені жоғарғылардың өзі де сенімді адамдарын қасында ұстап жүргендіктерін төменгілер көріп, оны іс басқарудың жаңа үлгісіндей түсініп жүр ғой.

Осыған еті үйренген халық, “Әй, қойшы соны, қалай болса да, негізінде жүктелген жұмыстарын адал атқарып,

халыққа сыйлы қызметтерін көрсетіп жүрсе болды емес пе?”–деп, көнбіс халық көне береді. Әкімнің орынбасарларынан орнында қалған Құдайберген Қалиұлы болатын. Шынын айтсақ, ол кісі туралы да “әне кетеді, міне кетеді” деген ұзын-құлақ, пішпе-сөкпе әңгімелер болмай қалмады. Бірақ Даниал Кенжетайұлы Құдайберген Қалиұлын ешкіммен ауыстырмады, сол шешімі халық риза болған дұрыс шешім болатын.

Өнеркәсіп саласын ұршықтай үйіретін өзі бар, ал ауылшаруашылық саласын өзінің отбасының шаруашылығындай білетін Құдайберген Қалиұлының әкімге керек болғаны оған көрсетілген сенім екенін халық түсінді. Даниал Кенжетайұлы облыс халқының жылу мен жарықтың қияпатын көріп отырғанын бірден ұғып, алдымен осы жүйені қолға алған еді. Тегеурінді, батыл, іскер, қолдаушы, көмекшілерді таба білетін, кісілік қасиеті мол бастық, қысқа мерзім ішінде бірталай үлкен істерді тындырып тастады. Соның ең үлкені облыста жарық пен жылу проблемалары шешіліп, халықтың еңсесі көтеріліп, жаңа келген әкімнен облысқа жанашыр кісі келгенін түсінді. Бұл Даниал Кенжетайұлының ең үлкен жеңісі еді.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілігіне қарайтын Көкшетау қаласының да сол кезде жылу мен жарық, жалақы мен жұмыссыздық, ауыз су проблемалары шешуін таппай, соры қайнап тұрған кезі болатын. Халықтың көріп отырған қасіретті жағдайлары жанына бататын әкім Даниал Кенжетайұлы сенімді тапсырмаларымен өзінің сенімді жолдасы Валерий Давыдович Набитовскийді Көкшетау қаласының әкімі етіп тағайындады. Бұл осы қаланың құлдырап кеткен күнкөрісін түбегейлі түзеуге ден қойған шешімнің басы екенін қала тұрғындары дұрыс түсінді. Даниал Кенжетайұлы осы өңірдің жағдайын түзеуді өзінің қамқорлығына алып, күнделікті қадағалап отыруының нәти-

жесінде, атқарылған шұғыл шаралар іске асып, Көкшетау қаласының тұрғандары ауыр жағдайларынан арылды.

“Шықпа, жаным, шықпа” дегендей, шала дем алып, шамалы қимылдап тұрған Петропавл қаласының атақты ірі өнеркәсіп ордалары: “ПЗТМ”, “ЗИМ”, Куйбышев және Киров атындағы зауыттар, тағы басқа ірі кәсіпорындардың істері жанданып, бұдан былай қадамдары ілгері басатынына сеніммен қарап, жаңа бағдарламаларымен жаңа серіктестер тауып іске кіріскені көз алдымызда.

Бұл да Даниал Кенжетайұлының табандылығы мен іскерлігінің нәтижесі еді.

Ауыл шаруашылық салаларында да жаңа бағдарламалар, тың шешімдер қабылданып, шалажансар денеге қан құйғандай, көлемді қаражаттар мен көмектер құйылып, нәтижесінде бұл бағытта да көзге түсетін көлемді істер атқарылды.

Даниал Кенжетайұлы ауыл шаруашылығының шешілмей жатқан күрделі мәселелері туралы Құдайберген Қалиұлымен жиі ақылдасып, атқарылатын істерді оған үлкен сеніммен жүктеп, бір жағынан өзі де білегін түріп кірісіп жүретінін қызметтес болған азаматтар айтушы еді. Екеуі бір-біріне үлкен сыйластық көңілмен мемлекеттік жұмыстағы лауазымды адамдардың арасында болатын іскерлік, жауапкершілік қарым-қатынастарын сақтай біліп, бірге қызмет атқарған соңғы күндеріне дейін, кіршіксіз достықтарын жалғастырды. Құдайберген Қалиұлы бұл жылдары бүкпесіз сенім, тұрақты қолдаулардың арқасында облыс ауыл шаруашылығы үшін шабытты да, табысты еңбек атқарды. Бұрын шешімін таппай жүрген бірқатар істер осы жылдары жүзеге асырылды.

Даниал Кенжетайұлының атымен байланысты, халықтың сана-сезімін, ақыл-ойын дүр сілкіндірген оқиға, облыс орталығында тарихи мұра бой көтерді. Қызылжар қаласының ең

көрнекті көшесінің басында, тамаша алаңға қазақ халқының атақты ұлдары Қарасай-Ағынтай батырларға арналған еңсесі биік, алыстан көз қуантатын, айбарлы мүсіндері орнатылды. Осы жылдардан бастап зейнеткерлер уақытымен зейнетақыларын алып, еңбекші халық жалақыларына қолдары жетіп, облыс әкіміне алғыстарын арнайтын болды.

Даниал Кенжетайұлы облыс және аудан орталықтарын көркейтуге, көшелер мен құрылыстарды түзеуге, тарихи мәні бар ғимараттарды жөндеуге көп көңіл бөлді. Облысымыздың орталығындағы пединститутқа мемлекеттік университет дәрежесін алуға қол жеткізді. Айтылған жетістіктер Даниал Кенжетайұлы Ахметовтың біздің облысты басқарған кезінде облыстық әкімшілік пен қала және аудан әкімдерінің бірге атқарған істерінің ең көлемділері ғана. «Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын» демей ме, даналардың сөзінде. Ендеше бұл арнайы сөздеріміз азаматқа, халық үшін атқарылған азаматтық істеріне жарияланған алғысымыз болсын!

Даниал Кенжетайұлы Ахметовтың алдынан атқарған ісі үркіп отыратын, бастаған ісін тиянақты аяқтағанша тыным таппайтынын, кең ойлап алдына биік мақсат қоя білетінін, облысқа келген сапарларында көріп-біліп, бағалап жүретін мемлекет басшылары бұл кісіні 1999 жылы қазан айында Астанаға Премьер-министрдің орынбасары қызметіне көтеріп әкетті. Облыс өңіріне елеулі оң өзгерістер енгізіп, экономикалық жағдайлар түзеліп, халық ауыр тұрмыстан жаңа арылып келе жатқанда, қолынан іс келіп тұрған осындай бастықтың кетіп қалғанына бүкіл облыс тұрғындары өкінішті жағдайда қалғанын білеміз.

Мұндай кадр қозғалысы болған жағдайда, әкім басқа қызметке кететін болыпты деген хабар естілгеннен бастап, халықтың арасында «енді кім келеді, Ахметов сияқты кісі келсе жақсы болар еді» деген әңгімелер өрбитіні белгілі

гой. Сонда, алдымен елде бар басшы қызметкерлер сарапқа салынып, көп жылдан бірінші орынбасар болып істеп келе жатқан облыстың тума кадры Құдайберген Қалиұлын неге әкім етіп тағайындамайды екен деген ашық ойлар да болған. Бірақ елбасшысының өз ойы, есебі бар болған екен, облысқа Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановты әкеліп әкім етіп тағайындады.

Алғаш көргеннен аңғарғанымыз, көзі отты, шымыр денелі, жылы жүзді, жасы қырық үштер шамасындағы азамат әр сөзінен, әр қадамынан, болашағына сенімді басшы екендігін аңғартатын. Көңілге ерекше медеу болғаны, әкім осы өңірдің тумасы екен, ендеше, туған өлкесінің ауыртпалығын жеңілдетіп, елін, жерін көркейтуге жаны ашитын жауапкершілігі бар екеніне бірден сенуге болатын.

Алдыңғы әкім жұмысты кадр ауыстырудан бастағандықтан, бұл кісі қандай төңкеріс жасар екен деген ойлар болмай қалмады. Кадр ауыстыру қауіпі бола қалған күнде, ондай өзгерісті күткен кісілер енді қанша уақыт жұмыс істейтін мерзім қалды екен деген күдіктің астында жүретін еді. Сондай күдікті ойларды жою үшін Қажымұрат Ыбырайұлы алғашқы күннен бастап кадрларды ауыстыру деген ой өзінің жоспарында жоқ екенін жария етіп, тек әр қызметкер өз орынында, өз жауапкершілігіне жүктелген ісін тиянақты атқаруын қатаң талап ететінін ашық айтты. Қазақ тілінде жатық, еркін сөйлеп тұрған жаңа әкімнің бұл хабарламасы қызметкерлердің күдікті көңілін жадыратып, бірден баурап алса, әр сөзінен орнықты талаптың нышаны сезіліп, мұндай басшымен қатар қызмет атқарудың жауапкершілігі үлкен екенін жүректеріне түйген. Облыстағы қызметінің соңына дейін Қажымұрат Ыбырайұлы осы айтқан сөзінде тұрды. Өз еркімен кеткендері болмаса, қызметкерлерді орынсыз ауыстыру болған емес.

Владимир Петрович Никандровтың қала әкімі қызметіне тағайындалуына байланысты әлеуметтік және мәдениет саласын басқаратын орынбасары етіп өзінің Павлодарлық ескі жолдасы Қуат Есімханұлы Есімхановты ғана әкелгенін білеміз. Кадрларды оңды-солды ауыстыра беру, жаңа жерге сырттан кадрларды сүйреп әкелу, көпшілік жағдайда жергілікті халық үшін жақсылық әкеле бермейді. Бір аймақта қалыптасқан басқару жүйесі, бастық пен бағынушылардың арасында жұмыс атқару қарым-қатынастары, әсіресе, бағыныштылардың бастыққа жағу жолдары, қала берді жалпы күнделік қызмет тәртібі де, бір аймактікі екіншісіне сәйкес келе бермейді.

Осындай жағдайларды ой елегінен өткізген Қажымұрат Ыбырайұлы өзінің бағыт-бағдарламаларын облыстың өз кадрларымен атқаруды қолға алды. Даниал Кенжетайұлы бастап мәресіне жеткізе алмай кеткен жұмыстарды жалғастыруды жөн көріп, өнеркәсіп жүйелерін өркендетуге, ауыл шаруашылық саласына жаңалықтар енгізуге өз тарапынан үлкен үлес қосты. Әсіресе, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу өнеркәсібін дамытуға, елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге көп көңіл бөлді.

Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алушы тұлғалар еңбекші халықпен заттай емес, ақшадай есеп айырысатын болды. Облыс аудандарында өңдеу және қайта өңдеу кәсіпорындары құрылып, жаңа жұмыс орындары көбейді.

Ауыл шаруашылығы, ауыл тұрғындары үшін атқарылып жатқан игілікті істердің басы-қасында Құдайберген Қалиұлы тынымсыз еңбек еткені белгілі десек, оның қанатына күш берген Қажымұрат Ыбырайұлының мықты қолдауы болды. Әкім Құдайберген Қалиұлына сенетін, ал ол кісі сол сенімдерін ақтап, қолға алған істерін уақытында, тиянақты атқарудан жалықпайтын.

Қажымұрат Ыбырайұлы денсаулық сақтау, білім беру мекемелері мен мәдени ошақтарының жұмыстарын жандандыруға ерекше назар аударды. Облыс орталығында жаңадан Сәбит Мұқанов атындағы қазақ драмалық-сазды театрын ашуға тікелей қатысты. Даниал Кенжетайұлы бастаған облыс орталығын көркейтудің күрделі жұмыстары негізінен Қажымұрат Ыбырайұлының басқаруымен одан әрі жалғасын тауып, облыс орталығының бірнеше көшелеріне оюлы тастан жолдар салынып, тұрғын үйлер мен кешендердің бірталайы күрделі жөндеулерден өтті. Атақты алаңдар жөнге келтіріліп, ескерткіш мүсіндер көрнекті алаңдарға қайтадан қойылып, маңайлары сәнді көркейтілді. Осындай істер аудан орталықтарындағы басты алаңдарда да атқарылып, көрер көзді қуантатын болды.

Осы жылдары қала халқы жылу мен жарықтан кемдік көрген жоқ. Оны беретін орталықтар облыс әкімінің тегеуірінді шараларымен қиын да болса қисынын тауып, халыққа қызмет атқарып тұрды. Зейнеткерлер зейнетақыларын ай сайын, уақытында алып, Қажымұрат Ыбырайұлының атына алғыстарын жаудырып жүретінін еститінбіз. Жұмыссыз халықты жұмыспен қамтамасыз ету шаралары нәтижелі атқарылып, жұмыссыздар саны азайды. Еңбекші халық уақытында жалақыларын алып, еңселері көтерілді.

Ерекше атап айтатын әңгіме, Даниал Кенжетайұлы мен Қажымұрат Ыбырайұлы облысты басқарып тұрған жылдары Сергеев ауданы атақты Шал ақынның атымен, Совет ауданы – Аққайың, Булаев ауданы – ұлы, ойшыл ақын Мағжан Жұмабаев аттарымен аталып, халықты қуантқан өмірлік есте қалатын тарихи шешімдер болды.

Сол кезде бәрі оңды, бәрі де көңілдегідей болды деп айту жалған болар еді. Анығында проблемалар әлі бастан асатын, десек те, оларды шешу баяу да болса ілгері басып отырды.

Ауыз толтырып айтатын бір үлкен іс, Қажымұрат Ыбырайұлы әкім болып келген күннен бастап мемлекеттік тіл – қазақ тілінің дәрежесін, мәртебесін көтеру керектігін түсініп, сол бағытта үлкен істер атқаруға ұйытқы, басшы болды. Әртүрлі дәрежелі жиналыстарда, мерейлі мәжілістерде алдымен Қажекен қазақ тілінде көсіліп сөйлеп, айтатын ойын халыққа жеткізіп болған соң, артынан орыс тілінде маймаңдайтын еді. Облыстық әкімнің ісіне еліктеп қала, аудан басшылары, бірталай мекемелер мен кәсіпорын бастықтары да өткізетін жиналыс, мәжілістерінде алдымен, аз да болса, қазақша сөйлеп қалуға тырысатын. Сол кезде барлық ұйымдар мен мекемелерде қазақ тілін үйренуге ерекше мән беріле бастаған еді. Мемлекеттік тілде мәдени бағдарламалар, түрлі сайыстар өткізу тұрақты дәстүрге айналып жүргендерін көріп, көңілге қуаныш орнап отыратын еді.

Облысымызда көп жылдардан бері болмай аңсаған жаңалықтарды көріп, халықтың болашаққа деген сенімі арта бастаған. Атқарған ісі алдынан үркіп, табысты аяқталып отыратын, халықтың көңілінен шыққан әкім осы жерде біраз жылдар істесе жақсы болар еді деп жүргенімізде, бұл тілегімізге жете алмадық. Айналасы екі жарым жыл ішінде облыс әкімі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановты тағы да Қазақстан Үкіметі мүшесі құрамына – министрлік қызметке көтеріп әкетті. Облысты басқарған уақыттар ішінде атқарылған көлемді, нәтижелі еңбектері жоғары бағаланып, Қажымұрат Ыбырайұлы мемлекетіміздің «Парасат» орденімен марапатталды. Бұл облыс халқы қолдаған үлкен мәртебелі қуаныш еді. Жергілікті халық әлі күнге дейін бұл кісіні ауыздарынан тастамай, іскерлік, азаматтық қасиеттерін, ұлтжандылығын ерекше құрметпен атап жүретіндерін естиміз. Халық айтса, қалт айтпайды», шындығында, солай болғанының куәсіміз. Сондықтан да

*Арнаудан ақ тілекті адаспасын,
Абылайдай халқыңа даңқың ассын!
Жаратқан қадамыңа қолдаушы боп,
Атқарған әрбір ісің алға бассын!* — деген ағалық ақ тілегімді кезінде айтқан едім.

Аз уақыт бірге қызмет атқарып, бірін-бірі қолдап, қоштап, өмірлік, жолдастық қарым-қатынастары бекіген Құдайберген Қалиұлының Қажекене арнаған жылы-жылы естеліктерін өз аузынан жиі естиміз. Айтылған тілектерге ол кісі де ортақ екені ақиқат. Құдайберген Қалиұлы әкімдердің қайсысымен болса да тіл табысып, ел үшін, халық үшін қызметін таза атқарып келе жатқан азамат екенін халық біледі. Оның осы мінезі, адамгершілік қасиеттері еш уақытта өзгермейді, солай болып қала бермек деп, үлкен сеніммен айта аламыз.

Құдайберген Қалиұлының атқарып келе жатқан азаматтық істерін халықтың арасында ерекше сыйлылығын үлкен лауазымды бір қызметте атына кір келтірмей он жылдан астам уақыт атқарып келе жатқанына қызғанушылық, көре алмаушылық сияқты пиғылдар жеке адамдардың тарапынан болмай қалмады, болды. Мұндай қылық біздің халықтың қанында ертеден бар «аурудың» бірі ғой.

Құдайберген Қалиұлының атына, үлкен қызметіне кір келтіруге бағытталған осындай күнәкәр істер соңғы кезде ашықтан ашық өршіп кетті. Бұл жымысқы пиғылмен жоспарлы дайындалып, жасанды қолмен ширатылған ұзын қамшының алыстан, сермеген ұшындай Құдайбергеннің жүйкесіне жанай тиіп, мазасын ала берген жалалар болатын. Республикамыздың ең жоғары лауазымды бастықтарының аттарына жазылған «иесіз» хаттар мен Құдайберген Қалиұлының атына, атағына қара күйе жағыла бергендіктен республиканың бас бақылау инспекциясының өкілдері арнайы келіп хаттарда жазылған «хабарландыруды» тексе-

ріп те кеткен болатын. Оқырмандарға түсінікті болуы үшін осы әңгіменің шығу төркіні туралы қысқаша айтып өткен жөн шығар.

1997 жылы облыс бойынша көктемгі егісті атқаруға, күз өскен егінді жинап алуға, қолда бар жанар-жағар майлардың тапшылығынан Республика Үкіметінің шешімімен облысқа 440 миллион теңгенің жанар-жағар майы берілген. Облыс әкімінің кепілдік міндеттемесі негізінде алынған жағар-жанар майдың көлемі 30 мың тонна дизелдік май, 5 мың тонна бензин мемлекеттік мүлік қорын сақтап отырған «Орбита» кәсіпорынынан алынған.

Бұл жанар-жағар май облыстың ауыл шаруашылық қожалықтарына, қалалық төрт үлкен фирмалар арқылы таратылған. Шаруа қожалықтары күзгі жиналған бидаймен есептесулері керек те, фирмалар бидайды сатып, мемлекет қорымен ақшадай есеп айырысуға тиісті екен. Ол екі арада, түрлі себептермен түскен бидай сатыла қоймаған, сөйтіп, есеп айырысу мерзімі созылып кеткен. Аталған көлемдегі жанар-жағар май облыс әкімінің жазбаша кепілдігімен алынғаннан кейін, осы мәселе 2002 жылғы мамыр айының 22 күні Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет этикасын сақтау мәселелері жөніндегі комиссия өз отырысында қараған.

В. К. Гартман бұл жылдары басқа облысқа қызметке ауысқан. Облыстық ауыл шаруашылық департаментінің бастығы А. М. Штейн облыстан кетіп қалған. Құдайберген Қалиұлы ауырып жатуына байланысты комиссия отырысына қатыса алмаған. Комиссия шешімі ақпарат құралдарында жария етілгендей, Құдайберген Қалиұлына ғана қатысты шешім қабылдағанын білеміз.

Енді осы мәселе төңірегінде жай ғана ойлап қарасақ, жанар-жағар майды өз жауапкершіліктеріне келісім жасап

алған, оны ауыл шаруашылық қожалықтарына сатқан фирмалар бар, бәрі орнында, ендеше, заңды жауапкершілігіне келсек, осы фирмалардан берешек қаржыны толық көлемде талап етіп алу керек қой. Құдайберген Қалиұлы түрлі себептермен облыстан кетіп қалған кісілермен аталған жауапкершілікті бөлісе алмайтыны, ондай ар-ожданына жат қылық, адамгершілік арына нұқсан келтіретін іске бармайтыны белгілі.

Енді осы мәселеге тереңірек қарасақ алынған жанар-жағар май облыс игілігіне жұмсалды ғой. Мемлекет басшыларының мұндай көмегі болмағанда сол жылғы егінді салып, жинап алу қиын болатын еді. Облыстың ауыл шаруашылығына қажетті жұмыстар уақытымен сапалы атқарылды. 1997 жылы облыс бойынша 2792,0 мың гектар егістік жерге астық себіліп, 3764,1 мың тонна дәнді дақыл жиналды. Салыстыру үшін атасақ, 1996 жылы 2867,8 мың гектар жерге егін себіліп, 3417,9 тонна астық жиналған, ал 1998 жылы 2619,3 мың гектар жерге егін салынып, 2116,7 тонна астық алынған. Гектар өнімі 1996 жылы 11,1 центнер, 1997 жылы 12,6 центнер, 1998 жылы 7,7 центнер болған. Осы айтылғандардан 1997 жылғы табыстар аз болмағаны, оған қол жеткізу үшін атқарылған еңбек те мол екені айтпаса да түсінікті.

Облыс үшін атқарылған еңбек, қол жеткен табыстардан кейін, өткен қателіктерге менің қатысым жоқ деп айту орынсыз болар еді. Осы жағдайларды ой елегінен өткізген Құдайберген Қалиұлы 2002 жылғы мамыр айының 17 күні Қ. Ы. Нағманов басқа қызметке ауысып кеткеннен кейін 2002 жылы мамыр айынан бастап облысқа әкім болып тағайындалған Анатолий Владимирович Смирновтың атына «Менің отставкамды қабылдап, атқарып жүрген қызметімнен босатуыңызды сұраймын» деген өтініш жазған екен.

Облыс әкімі А. В. Смирнов 2002 жылғы 18 мамыр күні № 72-р жарлығына қол қойып, Құдайберген Қалиұлын атқарып жүрген қызметінен босатады.

Сол күннен бастап емін-еркін дем алып, көңіл-күйін түзеп, соңғы кезде мазалай беретін ана-мына кеселдерден арылуға да бірыңғай уақытын бөлген. Қызмет бабымен қол тимей, сәті түспей жүрген, әдейі арнап баратын реті бар, сыйлас туыстар мен жолдастардың амандықтарын білуге де біршама уақытын арнаған.

Құдайберген осындай жағдайлармен жайбаракат жүргенде «Северный Казахстан» газеті 2002 жылдың мамыр айының 28 күні, «Солтүстік Қазақстан» газеті мамырдың 31 күні, бірінен кейін бірі, өткен әңгімелерді өршітіп, қозғай бергенін оқыдық. Газеттердің беттерінде жарық көрген әңгімелерге сеніп қалған халықтың кейбіреулерінің Құдайберген туралы айтылған теріс ойларын өзіміз де естідік. Солардың ішінде кеше ғана ол кісінің алдында жеке қара басына, жанұясына арнап мақтау, мадақтау сөздерін аямай әдемілеп, кейде әсірелеп айтатын жасы үлкен-кіші жолдастарын да, «туыспыз» деп бауырына кіріп жүрген жерлестерінен де тыңдайтын едік.

Осындай «ала жылан, аш бақа күпілдектер» (Абай) баяғыдан бар ғой.

Жаман жолдас қазады өзіңе ор,

Оған сенсең боларсың бір күні қор.

Ары бар, ұяты бар адамға сен,

Өзі зордың болады ығы да зор, – демеп пе еді данышпан

Абай атамыз. Осы сөздердің әрбір жолы ақиқат екенін біраз өмірді бастан кешіп келе жатқан өзіміз де көріп келеміз. Десек те, өмірде теріс пиғылды кісілер аз да, ақ пейілі достар көп қой.

Солардың бірі – Жақсыбай Самрат деген азамат Құдайбергенге туыс та, үзеңгілес, бірге қызмет атқарған

жолдас та емес, бірақ жүрегі таза, ақ пен қараны айыра білетін, көкірегі кең жерлесіміз «Солтүстік Қазақстан» газетіне 2002 жылғы 7 маусым күні № 49 санындағы «Адалдық жеңеді әрқашан» атты айдармен «Нақақтан күймесін» деген мақаласында өзінің ойын ағынан жарыла айтқан болатын.

«...әлдебіреулер сол кісінің қайғысына масайрап отырды. Осындай әділетсіздікті көріп шыдай алмадым», - деп барып қолына қалам алған екен. Төл газетімізді жаздырып алатын адамдар кезінде оқыған болар, сонда да, Құдайберген Қалиұлының өмір жолына арналған осы дүниелікте аталған мақаланы бір сөзіне де қиянат жасамай, толығымен жариялауды жөн көрдім (Екінші бөлімінде).

Шындықтың сығындысы осы мақалада екеніне көз жеткізуге болады.

«Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ер таны беріп жүріп» деген біздің халықтың тамаша мақалы бар. Қызметтегі адамның мүмкіндігі болса да, ел тану үшін алыс сапарға шыға беруге уақыты болмайтыны белгілі. Құдайберген Қалиұлы әкімнің бірінші орынбасары болып қызмет атқарған он жылдың ішінде сәті түскен іссапармен шет мемлекеттерге үш-ақ рет барған екен.

Облыс орталығында макарон жасап шығаратын фабрика салынуына байланысты Түрік мемлекетінде болған. Комбайн, трактор, ауыл шаруашылық машиналарын жасаудың еуропалық үлгісін көрумен бірге, экономикалық қарым-қатынысқа жол ашу үшін облыстық делегация құрамын басқарып Алмания (Германия) мемлекетінде болған. Сол сапар сәтті болып, Алмания мемлекетінің комбайндары, басқа да техникалары біздің облысқа келгені белгілі. Қарым-қатынас қазір де үзілген жоқ.

Испания мемлекетіне барған сапарларында ет, сүт, картоп өнімдерін дайындау кәсіпорындарын, озық технологиялық жетістіктерін көріп, танысу үлкен пайдасын тигізді.

Құрылыс материалдарын өндіру, өңдеу жүйелерімен танысып, көптеген үлгілердің түсініктемелерін ол жақтан ала келген.

Құдайберген Қалиұлы облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарған он жылдың ішінде отбасы, жанұя өмірінде әжептәуір өзгерістер, жағымды жаңалықтар болды. Жан жары Сәуле Ахмеджанқызымен үлгілі, өнегелі, тату-тәтті ғұмырын жалғастырып, ұл-қыздарына тамаша тәлім-тәрбие беріп, өсіріп, ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Әрқайсысы құтты қосақтарын тауып қосылып, бір-бір шаңырақ көтеріп, жеке-жеке өрісті үйлер болып қалыптасты. Екеуі де солардың ортасында, жетістіктеріне жеткізе қуанып, жетпегенін бөле жеткізіп, мынау қыз-күйеу демей қамқоршылары, асқар таудай қорғаны болып жүретінін көріп жүрміз. Сәуле мен Құдайберген үшін барлық жақын туыскандарының балалар өз балаларындай болып, бәрі де солардың қанаттарының астында өсіп, ұлдар да, қыздар да отау тігіп, үй болып жүргендеріне қуаныштары қойындарына сыймай жүретіндерінің де куәсіміз.

Шүкіршілік, көздерінің қарашығындай ұлдары Дулан, сүйкімді келіндері Жанна өздерімен бірге тұрады. Жандарындай жақсы көретін немерелері Даниал қанаттарының астынан шықпай өсіп келеді. Қазір сегіз жаста, екінші сыныпта оқиды. Балалардың үлкені Гүлнәр жұбайы Әуелбекпен жеке үй, қыздары Аида 8 жаста, бірінші сыныпта оқиды, жігіттері Ақан бір жастан асқалы да бірнеше айлар өтті. Гүлсім күйеуі Бауыржанмен Алматыда тұрады, жақын арада кішкентайлы болған қуаныштары атап өтілді. Жеңіс күні туған бала өмірде де жеңіске жете берсін деген тілектеміз.

Балалардың кішісі Менсұлу, жұбайы Сәкенмен жеке шаңырақ, сүйкімді Дариаларына төрт жас толып кетті. Балалардың бәрінің өз жұмыстары бар, бір-бірімен тату-тәтті, достық қарым-қатынаста тұрып жатыр. Мерейтойларда, жанұя қуаныштарында балалар мен немерелер үлкен үйге жиналып, шағын мейрам-той жасап, Құдайберген мен Сәулені мәз етіп жүреді. Адам өмірінде көретін, армандайтын қызығының бірі осы емес пе? Үлкен шаңырақтың ішін жарық қылып ұстап, сәндендіріп, иман толтырып отыратын Сәуленің еңбегі, аялы алақаны екенін айтпаса да белгілі болып тұрады. Құдайбергеннің үй шаруасына қарайламай, күн-түн демей, сенбі, жексенбінің демалыс күндері екенін ұмытып, жемісті қызмет атқаруының өзі Сәуленің мықты қолдауының нәтижесі.

Қызмет істегеннен кейін, еңбегің халықтың ризашылығынан басқа, жоғары басқарушы органдардан бағасын алып, марапатталса, нұр үстіне нұр ғой. Құдайберген Қалиұлының еңбегі әр кезде сондай жоғары бағаларын алып жүргені айтылды.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1999 жылға 14 желтоқсан күні қолын қойған №295 Жарлығында жазылғандай «Республикаға сіңірген еңбегі, ауыл шаруашылығын дамытуға және реформалауға қосқан елеулі үлесі үшін... «Қалиев Құдайберген Қалиұлына – облыс әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Бұл үлкен атак, бағалы марапат, тек осы шаңырақтың қуанышы болып қана қойған жоқ, Президентіміздің бұл шешімі Құдайберген Қалиұлын сыйлай білетін барлық жерлестердің, жолдастардың қуанышы болды.

Зымырап өтіп жатқан уақыт қой, Құдайберген Қалиұлы осы қызметті қалдырып қолы бос жүргеніне де төрт айдай уақыт өтіп кетіпті. Өз еркімен қызмет сұрап ешқайда барған

емес. Оның өнер, білімі, бай іс-тәжірибесі, білікті басшылық қабілеті облысқа керек-ақ, неге қайтадан қызметке шақырылмайды екен деген ойлар әр кісінің көкірегінде жүрді. Әңгімелесе қалған жолдастардың аузынан «ол кісіні ана қызметке, мына қызметке қоймақшы» деген түрлі лақаптар да болмай қалған жоқ.

2002 жылғы қыркүйек айының бас кезінде облыс әкімі Анатолий Владимирович Смирнов Құдайберген Қалиұлын шақырып алып «Облыстық статистика басқармасын басқаруға қызметке барсаңыз қалай болады, қазір сол орында істей тұрсаңыз, ұнамаса артынан тағы бір жөні болар» деген ойын айтады. Құдайберген әкімнің ұсынысын, айтқан ойларын, мұқият тыңдап, қабыл алады. Осы әңгімеден кейін, аз уақыт ішінде Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің бастығына қабылдауға шақырылады. Сол жерде, 2002 жылғы қыркүйек айының 17 күні Құдайберген Қалиұлын Солтүстік Қазақстан облысының статистика басқармасына бастық етіп тағайындау туралы №133-К бұйрыққа қол қойылады. Осы күннің ертеңінен бастап Құдайберген Қалиұлы аталған мекемеде жемісті қызмет атқарып жүргенін көріп отырмыз.

Адам өміріне үй-ішінің, туыстардың, жолдастардың – бәрінің амандығы керек. Қызмет те керек, атқарған еңбектің бағалануы да қажет, десек те, менің білетінім, ең керегі, қымбаттысы – денсаулық, бас амандығы, екіншісі – өмірдің соңғы деміне дейін адамгершілік атағыңның, халықтың ортасындағы қадір-құрметіңнің сақталуы.

Құдайберген Қалиұлында іші тарлардың қызғанышын қоздырып, досын сүйсіндіретін, жанашырларға қалай мадактаса да жарасатын осы аталған қасиеттердің бәрі бар. Тек, халықтың бата-тілектері қабыл болғай!



ҚР Президенті Н. Назарбаев Солтүстік Қазақстан облысында болғанда. Алдыңғы қатарда сол жақтан үшінші Қ. Қалиев, алтыншы - сол кездегі облыс әкімі Д. Ахметов.



Президент Н. Назарбаевты Петропавл өуежайында қарсы алу кезінде.




ҚР Вице-премьер-министрі, ауыл шаруашылығы министрі А. Есімов облыс егін-жайын аралағанда. Солдан оңға қарай И. Иванов, Қ. Қалиев және оң жақ шеттегі В. Бовсуновский.



Қызмет бабындағы кездесулер. Солдан оңға қарай облыс әкімі Қ. Нағманов, ауыл шаруашылығы министрі С. Мыңбаев, индустрия және сауда министрінің орынбасары П. Нефедов, облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Қалиев және П. Дмитриенко.



Қ. Қалиұлын туған күнімен құттықтау.
Оң жағындағы А. Оразалин, сол жағындағы М. Сағдиев.



Б. Әшімов Қызылжарда болғанда Қ. Қалиұлының
немересі Даниалмен бірге.



Солтүстік Қазақстан облысының егінжайында. Солдан оңға қарай сол
кездегі Аққайың ауданының әкімі С. Горда, ҚР Президентінің кеңесшісі
А. Браун, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі С. Ақынбеков, тәжірибе
станциясының директоры В. Иванов және облыс әкімінің бірінші
орынбасары Қ. Қалиев.



Қуанышты қауыштар сәті. Солдан оңға қарай Е. Мұқыжанов,
Қ. Қалиев, Б. Тұрсынбаев, Ө. Бөйгелді зайыбымен,
М. Сағдиев және З. Қожабеков.



Алматыдағы кездесулер. Солдан оңға қарай бірінші – Е. Мұқыжанов, төртінші – Қ. Жүсіпов, бесінші – М. Сағдиев, алтыншы – О. Әбдікәрімов, жетінші – М. Қозыбаев, сегізінші – Қ. Қалиев.



Стамбул сапарлары. Солдан оңға қарай “Окан-Холдингтің” президенті Бекер-бей, Түркия Президенті Тұрғыт Озал және Қ. Қалиев. 1992 жыл.



Салтанатты жиында. Алдыңғы қатарда отырғандар: “Голден Грейн” компаниясының президенті Б. Жоламанов, облыс әкімінің орынбасары В. Никандров, облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Қалиев, кейін Парламент депутаты болған И. Черкалин және сол кездегі Петропавл қаласының әкімі П. Ходеев.



Қоғам қайраткері, ақын К. Салықовтың 70 жылдығында Алматы қаласы.



Құдайберген Қалиұлының зайыбы Сәуле немересі Даниалмен екеуі композитор Еркеғали Рахмадиевпен бірге. Алматы, Б. Әшімовтың 85 жылдық мерейтойында. 2002 жыл.



Немересі Даниалдың 6 жасқа толған күні. Солдан оңға қарай Даниалды тізесінде ұстап отырған ақын К. Салықов, Ә. Құнанбаев, Сәуле және Құдайберген. Түрегеп тұрғандар Күләш Мұқыжанова мен Ғалия Құнанбаева. 2000 жыл.



Жазушы С. Шөймерденов жетпіс жасқа толғанда. Туған елде қарсы алу. Оң жағындағы елге ертіп бара жатқан Қ. Қалиев. 1992 жыл.



Облыс әкімінің бірінші орынбасары (отырғандардың солдан оңға қарай екінші және үшіншісі) Қ. Қалиев пен Қазақстан Үкіметінің СҚО облысы бойынша инспекторы А. Оразалин Возвышен ауданында.



Облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Қалиев кабинетінде.



Ресейдің көршілес Түмен облысының делегациясы келгенде. Бірінші қатардағы солдан оңға қарай төртінші және бесіншілер Түмен облысының губернаторы С. Собоянин, СҚО әкімі А. Смирнов және оң жақтан екінші Қ. Қалиев. 2002 жыл.



Ресейдің Қорған облысының делегациясы облыс кәсіпорындарында болғанда. Алдыңғы қатарда солдан оңға қарай СҚО әкімі Қ. Нағманов, Түмен облысының губернаторы О. Богомолов, облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Қалиев және А. Вербняк.



1992 жылы Премьер-министр С. Терещенко Солтүстік Қазақстан облысында болғанда. Солдан оңға қарай бірінші және екінші облыс әкімі В. Гартман мен облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Қалиев.



Қазақстан Компартиясы XVII съезінің делегаттары
Делегаты XVII съезда Компартии Казахстана
АЛМАТЫ — МАҒСЫМ 1990 ЖЫЛ — АЛМАТА — ИЮНЬ 1990г.

Қ. Қалиұлы қатысқан Қазақстан Компартиясы XVII съезінің делегаттары. 1990 жылғы маусым.



Қудайберген Қалиев пен Бәйкен Әшімов.



Қуат Есімханов, Бәйкен Әшімов, Қудайберген Қалиев және
Оңдасын Әшімов. Петропавл, 2002 жыл.

II-БӨЛІМ КӨПШІЛІКТІҢ КӨҢІЛІ

КЕМЕЛ ШАҚ

Ұлы Отан соғысынан кейін дүниеге келген ұрпақ та ержетіп, өмірге араласып, еңбекте елге, жерге, іске басшылық жасап, бүгінде ағалық жасқа келіп, өздерінен кейінгі буынға үлгі-өнеге көрсетуге жарап қалды.

Олар социалистік шаруашылықтың, жоспарлы экономиканың артық-кем тұстарын бастарынан кешіп, қолдарынан өткере келе бүгінгі нарықтық үрдіске, жеке шаруашылықтарды дамытуда ептілік, іскерлік танытып өз үлестерін қосуда. Өмірден алған тәжірибелерін үнемі біліммен толықтырып, көп жерде көш басшылары болып жүр. Сондай елеулі азамат, туған жеріне танылып, ел құрметіне бөленген деп Құдайберген Қалиұлын айтар едім. Құдайбергеннің сонау "Целинный" совхозының директорлығынан Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарғанға дейінгі өмір жолы көз алдымда. Бүгінде облыстық статистика басқармасының басшысы қызметін де абыроймен атқарып келеді.

Жеке басының адамдық қасиеті, қандай жауапты істі болсын алып кетер алғырлығы мен іскерлігі кімді болса да табысқа жетелейтіні рас. Жеке басы мен жақын-жақпайының күйін күйттеп кетпей, ел қамын, жер тағдырын ойлаған, әсіресе ауыл шаруашылығындағы, оның ішінде агроном мамандығын меңгерген жанның көтерер жауапкершілігі зор, атқарар міндеттері аса жауапты. Тәуелсіздігімізді алған жылдар ішінде әсіресе ел мен жер тағдыры – әр іс басындағы азаматтардан тарихи жауапкершілікті талап етері сөзсіз. Сондай талаптардың үдесінен шыға білу – ерге сын!

Құдайберген осынау сындардан сүрінбей, өзіне тиесілі міндеттерді орнықты жауапкершілікпен адал атқарып келеді деп ойлаймын. Мұндай көрнекті азаматтар маңайына дос, жолдас, қызметтес жандарға шуақ шашып, жақсылық пен жасампаздықтың үлгісін үнемі көрсетіп жүргені қандай абзал!

Мен осы Құдайбергендей іс басындағы азаматтарды көріп отырып еліміздің ертеңі, халқымыздың болашағы жарқын болуға тиіс деп ойлаймын. Көпшілікке үлгі-өнеге, жолбасшы болу өз отбасын сыйлап, балалары мен жұбайына деген сүйіспеншілігінен басталса керек. Құдайберген Қалиұлы осындай абзал азамат, өнегелі отағасы. Ол, жұбайы Сәуле екеуі төрт бала өсіріп, оқытып, тәрбиелеп, алдыңғыларынан немерелер сүйген бақытты жандар. Мұндай үлгілі отбасынан шыққан балалары мен немере-шөберелері де еліміздің ертеңгі өркендері. Ылайым еліміздегі әр отбасынан осындай ұрпағымыз өсіп-өне берсін деп тілеймін.

Мен, Құдайбергеннің отбасына амандық, өздеріне ұзақ ғұмыр тілеп, ел игілігіне әлі де жемісті жұмыстар жасай беретініне сенемін.

*2003 жыл
Алматы.*



ТУҒАН ТОПЫРАҚ ТҮЛЕГІ

Үлкен өмірде сыйлас болған азаматтарымның бірі - Құдайберген Қалиев туралы сөз айтудың сәті бүгін түскендей. Мен оны алдымен жерлесім, содан соң әріптесім ретінде жақсы білемін. Біз Солтүстік Қазақстан облысының жақын ауылдарынан болатынбыз. Ол сондағы Бірлік ауылында туса, мен сол жерден 20-25 шақырым аралығындағы Сәмәмбет ауылында туып өстім. Біздің ауылдарымыздың арасын Есіл өзені ғана бөліп тұратын. Екеуміз өмір өзенінде де қатар құлаш ұрып, қызмет бабында да қапталдас жүрдік. Тағдырдың жазуы болар, мен көрші облыстарға, одан Алматыға ауысып, қызмет бабымен кеттім. Құдайберген елде қалды. Әрине оның дәл осындай абыройға жетеріне ешкімнің күмәні болмады. Бірақ әрбір аймақта, облыстарда біздің Құдайберген сияқты жергілікті жердің елді аузына қаратқан бір танымал азаматы, тарлан тұлғасы болатыны да рас. Тағдыр осы абыройлы қызметті Құдайбергеннің маңдайына жазғандай. Ақын Сағи Жиенбаев бауырымыздың әнге айналып кеткен сөзі бар емес пе:

Ердім бір сиқыр қаламға,

Шығардым белге жыр көшін.

Болғам жоқ алаң, даламда -

Әулие қарттар жүргесін!

Әрине, Құдайберген қарт емес, бірақ елге қадірі одан да кем емес, елағасы бола білді. Біз, бәріміз де елде Құдайберген бар ғой деп, үміт артып, арқаланып жүретініміз де өтірік емес. Ал, ол әрдайым сол биіктен танылды.

Мен Құдайбергенмен жеке араласып кездескенге дейін оның сыртынан талай жақсы лебіздер мен пікірлерді еститінмін. Ол өзін ауыл шаруашылығы маманы ретінде алғашқы еңбек жолдары сатысында-ақ таныта бастаған

болатын. Адаммен сөйлескен бетте-ақ өзінің біліктілігін, маман екенін, жауапкершілігі мен талапшылдығын да мойындата білетін. Мұндай жақсы қасиеттердің бәрі Құдайбергеннің үлкен еңбек жолындағы түрлі баспалдақтарда ақырын жүріп, анық басуына көп септігін тигізгені сөзсіз.

Алғашқы еңбек жолын Тимирязев ауданының "Интернациональный" кеңшарында маман болып бастаған жас жігіт, үш жылдан кейін-ақ осы аудандағы "Хмельницкий" кеңшарының бас агрономы болып тағайындалады. Осы жылдардың өзінде жас маман еңбектегі ізденісімен, ел игілігіне, жер – анаға деген сүйіспеншілігімен танылды. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жаңа технологияларын өндіріске енгізе отырып егін шығымдылығын арттыруға қол жеткізе білді. Бұл ретте ол басқа да ауыл шаруашылығы мамандарымен, шаруашылық жетекшілерімен, механизаторлармен тіл табысып, қоян-қолтық араласумен жұмыс істей келіп егін шығымдылығының нәтижелі болуына көп күш салады. Сол еңбегі ақталып, ауыл шаруашылығында игілікті табыстарға жетіп отырды.

1973 жылы Құдайберген Қалиев Тимирязев ауданындағы білдей бір шаруашылықтың партия ұйымының хатшысы болып тағайындалады. Енді ол өзінің жалын атқан жас жігерімен жаңа салаға қоғамдық жұмысқа белсене кірісіп, оның да қыры мен сырын тереңінен тани бастайды. Партия комитетінің хатшысы лауазымын атқарған тынымсыз да тындырымды жылдар Құдайбергенді халықпен жұмыс істеуде жан-жақты ысылтып, өрісінің кеңейе түсуіне жол ашқандай болды.

1975 жылы отыз жастағы ол осы облыстағы іргелі көпсалалы шаруашылықтың бірі – "Целинный" кеңшарының директоры болып іске кірісті. Он жыл бойы тапжылмай осы шаруашылықтың одан сайын іріленіп, экономикасының, әлеуметтік саласының, орталық қонысы мен басқа

да елді мекендерінің жан-жақты дамуына, өсуіне зор үлесін қосты. Осы жылдары ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы артып, мал өнімдерінің өсуі де көтеріліп отырды. Кеңшар директоры ретінде тұрғын үй, әлеуметтік сала, жол құрылыстарын салуға, көгалдандыруға көп көңіл бөлді. Іргелі шаруашылық ретінде облыста алдыңғы қатарлы деңгейден көрініп жүрді.

Сол шаруашылықтың көз көрген еңбеккер тұрғындары қазірге дейін Құдайбергеннің басшылық еткен кезінде жасап кеткен жақсылықтарын жоғары бағалап, әрдайым еске алып отыратын көрінеді. Әсіресе ол тынымсыз адал еңбекті сүйетін, қарапайым адамдарға деген жанашырлығын жасап, оларға қатты көңіл бөлетін. Кім-кімге болмасын ақыл-кеңесін аямай, көмек сұрап келгендерге достық қолын созып, бетін қайтармайтынын білуші едік.

Құдайберген Қалиевтің сонау шалғайдағы ауылдан басталған қатардағы маманнан бас маманға, одан кейінгі, шаруашылықтың партия комитетінің хатшысынан бірінші басшысына дейінгі өсу жолдары оның еңбек тәжірибесін байытып, адамдармен жұмыла жұмыс істеуді және алға қойған мақсаттарға абыроймен жетуді үйретті. Оның алдында тағы да қызмет бабымен алға қарай өсу жолдары тұрды.

1985 жылы Құдайберген халық депутаттары кеңесінің Соколов аудандық атқару комитетінің төрағалығына бірауыздан сайланды. Осы сәттен бастап Құдайбергеннің өмір жолындағы жаңа бір кезеңдері басталды десек те болады. Менің де онымен осы кезеңде алғаш рет жеке кездесіп, танысуымыздың сәті түскен еді. Содан бері біз тез тіл табысып, оның жасы кішілігіне қарамай жолдас та болып кеттік. Өйткені мен де кезінде осы Соколов аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып істеп едім. Аудандық атқару комитетін басқаруға жігерлі де тәжірибелі

жастың келгеніне қуандым, оның үстіне ол өзімнің жерлесім болып шықты. Ол келе сала іске кірісіп, ондағы атқарылар істің мән-жайына қанығып, қауырт іске қызу араласып кетті.

Жергілікті биліктің атқарушы органы ретінде атқарылар шаралар орасан көп еді. Аудандағы құрылыс, жолдарды жөндеу, мал шаруашылығы қораларының жайы, мектеп, мектепке дейінгі балалар мекемелері мен ауруханалар, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, халыққа сауда және тұрмыстық қызмет көрсету, елді мекендерді көркейту мен көгалдандыру, тұрғындардың тұрмыс-жайы мен зейнет-ақысын, жәрдемақысын беру сияқты сан-салалы жұмыстардың бәрінің атқарылуына ол жауапты еді.

Жаңа төраға осындай толып жатқан мәселелердің бәрін өзінің қолына алды да, оған өз қарамағындағы орын-басарларын, атқару комитетінің басқармалары мен бөлімдерін, аудандық кеңестің депутаттары мен басқа да мүдделі мекемелер мен ұйымдарды жұмысты дұрыс ұйымдастыруға қатыстыра білді. Аудан активін кеңес сессиясында бекітілген, жоғары органдардың талап еткен барлық алға қойған міндеттерін орындауға жүйелі түрде жұмылдырып, діттеген межеден көріне білді. Мұның бәріне тоқталып жатқаным, кезінде өзім басқарған ауданның, түлеп ұшқан ұяның жай-жапсары көңіл түкпірінде жүретін. Онда қызмет бабымен араласқан таныстарым, бастаған шаруалар аз болмайтын. Құдайбергеннің сол істерді сабақтастықпен алға сүйрегеніне сүйсіндім. Маған Қ. Қалиевтің іскерлігі, сабырлы жұмыс ырғағы ұнай берді. Ол қолына алған кез келген істің мәнін терең сезініп, оған жауапкершілікпен, талапшылықпен кірісіп кететін, қажетті жағдайда кімге болмасын көмегін де аямайтын. Ол осындай қасиеттерінің арқасында зор абырой-беделге ие болды. Әріптестері мен кәрі-жасы да бірдей сыйлады, құрметке бөленді. Аталған ауданның

халқы қазіргі күнге дейін Құдайбергеннің нәтижелі жұмысын ілтипатпен еске алады.

Ол кезде кадрлардың өсу сатыларының басты буыны – партиялық жұмысқа жылжу болатын. Құдайберген Қалиевты да сондай партиялық биік баспалдақтар күтіп тұрды. Оның өмірбаяндық өсу жолында жинақтаған тәжірибесі, іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, 1988 жылы Тимирязев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1991 жылдан бастап СОҚП-ның таралуына байланысты халық депутаттары Тимирязев аудандық кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

Осы жылдарда елімізде қалыптасқан қайта құру кезеңдеріндегі экономикалық және қаржылық күрделі жылдарға қарамастан Қ.Қалиев ауданның шаруашылық жағдайын тұрақты сақтай отырып, тығырықтан алып шыға білді. Бұған сол кездегі ауданның экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштері дәлел болса, сондай-ақ жоғарғы басшылар мен халқының да ол туралы жылы лебіздері куә.

Құдайберген Қалиевтың жоғарыда аталған іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті оны тағы да жауапты жұмыстарға жетеледі. 1992 жылы ол Солтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, содан соң 1995 жылы облыс әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Осынау жауапты қызметте ол облыс басшысының оң қолы болып 10 жылдан артық жемісті жұмыс істеді. Бұл жылдар ел тәуелсіздігін нығайту, жаңа экономикалық қарым-қатынастарды орнықтыру кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл туралы кеңірек толғап айтпай болмайды.

Меніңше, ол осы аса жауапты сәттерде өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен адамгершілік қасиетін жаңа қырынан көрсетіп, адал қызмет атқарды. Туған облысының

табиғи-климаттық жағдайын, оның экономикалық және кадрлық қуатын жақсы білетін Қ.Қалиев соңғы жылдардағы реформаларға байланысты жаңаша рөлге тез икемделді. Басқарудың қалыптасқан әкімшілік-бұйрықтық жүйесінің ескі әдістерінен тез арылып, кейбіреулердей созбақтап жүрмей, жаңа экономикалық қатынастарды бірден қолдануға көшті. Облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласын реформалау бойынша қысқа мерзімде өте күрделі де ауыр психологиялық жағдайда осы жұмысты кең көлемде алға қарай алып шығу керек болды. Мұндай процестер әсіресе ауылдық жерлерде ауыр жағдайда өткені белгілі.

Бұрынғы қалыптасқан кеңшарлар мен ұжымшарлардың, әсіресе шығын әкелетін тиімсіз буындардың орнына міндетті түрде өндірістік кооперативтер, ЖШС, шаруа (фермерлік) қожалығы және т.б. жаңа ауыл шаруашылық құрылымдарын құру қажеттілігі туды. Оларды қайта құрып қана қоймай, жаңаша әдіспен тиімді жұмыс істеуді ұйымдастыру да керек еді.

Қалиев мұндай қиындығы мол әрі төтенше маңызды іске белсенді кірісіп, қауырт шаруаның бел ортасында жүрді. Ол облыс аудандарына жиі іссапарға шығып, әр сәт сайын адамдармен кездесіп, жаңа экономикалық саясаттың мәнін, оның тиімділігін, заңдылық қатынастарын қажетті жағдайға қарай кеңінен түсіндіруге тырысты. Оның облыстың ауыл шаруашылығын реформалаудағы тынымсыз еңбегі мен зор үлесі атап айтуға тұрарлық, соның арқасында аймақ үлкен жетістіктерге қол жеткізе алды. Бұл тұста Қалиев алқаптың егін шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру мәселелерімен қатар айналысты. Ол жер қадірін білетін маман ретіндегі тәжірибесін сарапқа сала отырып, астық дақылдарының өнімін азайтпай ұстауға, шығымдылығын арттыруға аса мән берді. Кеңшарлар тарарды, экономикалық байланыстар үзілді деп ауыл

шаруашылығы құрылымдарының бет-бетімен кетуіне жол бермей, жерге технологияға сәйкес мерзімінде дала жұмыстары мен топырақты өңдеу жұмыстарының жүргізілуіне, егін егуде алдымен сапалы тұқымды пайдалануға аса мән беріп, оны қатаң қадағалап отырды. Мұны ол қайта құру мен реформалау кезеңіндегі қиыншылықтарға қарамастан ауыл шаруашылығына қатысы бар барлық мамандар мен шаруашылықтардан қатты талап ете білді.

Оның басшылығымен, әрі бастамасымен облыста механизаторлар мен агроном кадрларын, шаруа қожалықтарының басшыларын оқытып, дайындау қолға алынып, үзбей жүргізілді. Оқып үйрену, тәжірибе алмасу жұмысына ғалымдар мен тәжірибелі мамандар, экономистер мен қаржыгерлер, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері де атсалысып қатысып отырды. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқанымыздың себебі мынада. Осынау қажырлы еңбектің арқасында еліміздің мемлекеттік маңызды астықты өңірі саналатын Солтүстік Қазақстан облысының негізгі кәсібі, ауыл шаруашылығы мен экономикасының басты тұтқасы – егін шаруашылығы негізгі қиыншылықтарды артқа тастап, аймақ экономикасын көтеруге біртіндеп қол жеткізуге мұрындық болды. Бұл туралы облыстың соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтері айғақтап береді. Солтүстік Қазақстан облысы тәуелсіз мемлекетіміздің астықты аймағы ретіндегі басты байлығын сақтап қала алды, жыл сайын мол өнім өндіріп, дәнді-дақылдардың егістігін арттыруға да қол жеткізіліп келеді. Осы істің басында тынымсыз іскер басшы Құдайберген Қалиевтің және оның әріптестері мен ауыл еңбеккерлерінің маңдай тері жатқанын бәріміз жақсы түсінеміз.

Құдайберген жеке басының еңбекқорлығы, талап қоюшылығы арқасында төңірегіне өзі сияқты қабілетті мамандарды жинай білді, жас кадрлар мен мамандарды

қызмет бабымен жоғарылатқанда, оларды орналастырғанда да ол адам тағдырына сергек қарайтын. Содан да болу керек, оның мектебінен өткен жігіттердің де, үйретіп, тәрбиелеген шәкірттердің де өзі сияқты іскерлігі, тиянақтылығы танылып тұрады. Өйткені Құдайберген ешкімді алаламай, олардың бәрін айналасына тартты, жанындағыларға сенді, оларға өз тәжірибесін беруден аянған жоқ. Сондықтан олар да оның жақсылығын жақсылықпен қайтаруға ұмтылады. Осыдан соң оның достары мен сенімді серіктері де көп, соның бәрімен бірдей ақ көңілімен ақжарқын араласып, қуанышы мен қайғысын да бөлісіп жататынын талай көрдік те. Мұның өзі, шынын айтсақ, көп адамның қолынан келе бермейтін үлкен қасиет қой, ол сонысымен де нағыз бақытты жан дегім келеді.

Осыншама жылдар бойы қаншама істің басында жанын салып, ел үшін тынымсыз еңбектеніп жүрген Құдекеңді отбасының да қамын ойлап қамыққан отағасы ретінде жақсы білеміз. Ол үлгілі отбасы атанды, балаларына қамқор әке, немерелеріне мейірімді ата болды. Өмірлік жұбайы Сәуле Ахметжанқызымен жұптары жазылмай, Дулан атты ұл, Гүлнәр, Гүлсім, Меңсұлу атты қыздарын өсіріп ержеткізді. Балаларының бәрі жоғары білім алып, өз шаңырақтарын құрып, әр салада еңбек етіп жатыр.

Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,

Жұғымды болар елге еркесіндей.

Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,

Халқының қалың жүнді көрпесіндей.

– деп, атақты Сүйінбай ақын айтқандай, мен Құдайберген Қалиев туралы осындай жүрекжарды лебізімді білдіруімнің мәнісі, ол тек менің жерлесім, бір кездегі қызметтес әріптесім, жолдасым деп қана емес, оның жеке басындағы адам шынымен риза боларлық жақсы да адал қасиеттерінің молдығын, досқа деген пәк көңілі мен кең пейілін, іскер-

лігін, адамгершілігін, еңбекқорлығын бағалаған соң қаламды қолыма қуана алған едім.

Ия, бір жағынан біз екеуміз еңбек жолдарымыз өте ұқсас. Бір кездері мен де, ол да еңбек жолымызды ауылдан бастап, кеңшар партия комитетінің хатшысы, шаруашылықтардың директоры, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, басқа да жауапты лауазымдарды қатар атқарысып келіппіз. Мен одан бір саты ілгері жүріп отырсам, ол біз бастаған жолды одан әрі жалғастырып әкете білді. Оның әсіресе, еліміздегі тың реформаларға сәйкес жаңа қоғамдық саяси және экономикалық саясатпен, нарықтық заман талабымен жұмыс істеуіне тура келді, оны жергілікті жерде жүзеге асыруға зор үлес қоса білді. Бүгінгі күні мемлекет басшысының жетекшілігімен, елдің қолдауымен Парламент қабырғасында жаңа Жер кодексін, ауыл шаруашылығы жылына орай Ауыл бағдарламасын қабылдап жатырмыз. Осы маңызды істер кен қолдау тауып, ел еңсесін көтере түсері анық. Себебі жергілікті жерлерде біздің Құдайберген сынды алғыр азаматтар, олар тәрбиелеген кадрлар мен шаруақұмар жандар аз емес.

Бүгінде Құдайберген Қалиев Солтүстік Қазақстан облыстық статистика басқармасын басқарып отыр. Мәселе, оның лауазымында емес, ол қай саланы басқарса да ауқымды жұмысын адал еңбегімен алға жетелеп алып шығары сөзсіз. Ол әрбір жаңа істің басына келгенде оның сыры мен қырына терең үніліп, одан да бір игілікті нәтиже шығаратыны да даусыз.

Мен Құдайбергеннің осындай ізгі қасиеттері мен мерейлі еңбек жолдарына сүйіспеншілікпен қараймын, ол үнемі үзеңгілес, сырбаз дос, сырлас інімдей болып сыйластықпен келе жатыр, осы бір жарасымды күндер жалғасын таба береді деп те ойлаймын. Ол туралы талай әңгіменің басын қайырып айта беруге әлі де болады. Дей келе, осындай

абзал азамат, тәжірибелі шаруашылық жетекшісі, дарынды ұйымдастырушы, іскер басшы ретінде оның әлі де халқы мен еліне талай пайда әкелетініне, үлкенге іні, кішіге аға, жас ұрпаққа ұстаз болып, ел ағасы ретінде еңбегінің зейнетін көріп, асыл тұлғасы әрдайым асқақ көріне беретініне сенімдімін.

2003 ж.

Астана.



КЕҢ ЖҮРЕКТІ АЗАМАТ

Жақсы жігіт болу қолдан келер, ал жақсы азамат болу, Абай атамыз айтқандай «атаның баласы емес, адамның баласы» бола білгенде ғана берілетін баға. Құдайберген Қалиұлы жайлы алдымен айтарым ол міне, осындай азамат, асыл тұлға, кең жүректі ерекше адам екенін онымен аз да болса араласа білген кісілер анық сезеді. Бұл ойым мызғымайтын ақиқат.

Туған жерден шалғай, жырақ жүріп, көп жылдар дәм-түз елден селдір бұйырып жүргендіктен, бауыр, туыс, ағайын, жерлестеріммен бірге қызметтес бола алмадым. Бірақ, араға көп жылдар салмай атамекенге келіп, «бас ауырып, балтыр сыздағанда» жерлестеріммен бірге болған кездерім аз емес. Мәскеуде үлкен қызметте жүргенде елге келе қалсам Василий Петрович Демиденко, Ніл Әдіғамұлы Болатбаев, Ғалым Шәкіров, Жақсылық Ысқақов сияқты ел басшыларының бірге жүрген кездері, асыл ағамыз Есім Шайкин, Мәркен Ахметбековтердей тамаша азаматтардың, Николай Иванович Петровтың бірге қарсы алатын күндері бір ғажайып хикаялар. Ал, кеңес үкіметі ыдырап, өзіміздің жасымыз ұлғайған шақта, әкімдікті кейін қалдырып, ақындыққа мольнаан бой ұрған соңғы жылдары туған жер, Есіл-Көкше өңіріне жол түсіп барған сайын Құдайберген Қалиұлымен молдау кездесіп жүремін.

Құдайбергенге құдай берген ұлы мінез – қарапайымдылығы, бауырмалдығы, кәрі жасқа бірдей ілтипат білдіргіш мейірбандылығы ерекше сипат беріп тұр. Шал ақын ауданындағы «Еңбек» атты ауылыма неше келсем, бірде Владимир Карлович Гартманның, бірде Даниал Ахметов, кейінде Қажымұрат Нағыманов секілді әкімдердің шешімімен менімен бірге ұдайы Құдайберген інім еріп жүретін болды. Ал-

ғашқы рет 1992 жылы ауылға барғанымда Құдайбергенді біздің ауылдың тумасы деп ұйғардым да, бұл қай ағайын деуден елді аз білгендігімді жасырып аулақ болдым. Әне, сонда оның біздің ауылдың адамдарын өте жақсы білетіндігін, етене таныстығын, айрықша сыйластығын аңғардым. Үлкендерге сәлем берсек те, зиратқа барып өткендерге тағзым етсек те, оның біздің үрім-бұтағымызды бес саусағындай анық білетініне қайран қалдым.

Бірде Пішембаев Қойшы атты ағайдың үйінде отырғанымызда бөгде сөзге көп қосыла қоймайтын, ауыл ақсақалдарының арасында өз сәнімен үнсіз ғана жүре беретін өз ағамды өзіме өзге қырынан Құдайберген ашып берді. «Қойшеке, заманның ағысы өзгерді, ел жанарып, тәуелсіздік қарқыны қаулап келеді, не әңгімеңіз бар?» – деп, Құдайберген сөз тартқанда, бұрын Ерғара Құрманқұлов, Кеңес Қожахметов, Қыстаубай Борақаев секілді алғыр да, шалғыр, топ жарған майталман ағалар барда үндемей жүретін өзімнің Қойшы ағамды тыңдағанда таң қалдым. Ол кісі: «Мен жаңалықты жан-тәніммен қарсы алдым. Құдай бұйыртса бірлік пен тірліктің арқасында ел тезірек алға басар деп сенемін. Бірақ, неге екенін білмеймін алғашқы қиыншылыққа төтеп берудің орнына, қасқырдан қашқан қояндай қала жаққа үрке қаша жөнелетіндер көбейді. Бірақ ел басқарар деген інілеріміз Қызылжарға жетіп, қызара бөрітіп, мапақа болып жүр. Ой, алла-ай, Ақсуда жүрген бір аяулы жан бар еді, ол да қалаға көшіп кетіпті. Көңіл ептеп құлазиды екен, осыны тоқтатудың амалын табу керек, әйтпесе ауылдан жұрнақ қалмас, ал, өзім өлсем де осы жерден көшпеймін» – деп тоқтады. Біздер бір сәтте ойлана қалдық, енді бір кезде күлкіге қандық. Аға сөзінің әсерінен «Қойшы ағайдың айтқаны» деген өлеңім туды:

Мал азайды, баяғы несін кетті,

Асау нарық жалыны есін жетті.

*Көрші ауылда бар еді көңілдесім,
Қызылжарға ол кеше көшіп кетті.
Бір жақсылық сезгендей көз көрімде,
Үміт үзбей жүрсің-ау өздерің де.
Мен көшпеймін, дәл бүгін құлап түссем,
Ұйықтап қана жатармын өз жерімде, –* деген шумақтар табан астында туды. Сол жерде оқып беріп біраз күлістік.

*Өмір жылжып барады тоқтамастан,
Жүйріктер жоқ баяғы топтан асқан.
Мен де жүрмін біреуді беттен сүймей,*

Не былшытып, болбырды боқтамастан, – деген жерді оқығанымда Қойшекең: «Ай, бауырым, бәрін жақсы айтыпсың, бірақ «көрші ауылдағы көңілдесім» деп, жеңгеннен тайсалмай қалай жаздың, бізді де аясайшы, мен мына Құдайберген ініміз ақ көңілмен сұраған соң, ақ жарылып едім. Жалпы Құдекең бізбен жиі ұшырасып, ақылдасып жүреді, бұл інімнен жасырарым болған жоқ, болмайды да» – деп әр сөзін қадалады.

«Бұл інімнен жасырарым болған жоқ» – деуі нағыз шындық. Құдайбергенмен сөйлескенде айтқанына кәміл сенесің, ойдағыңды айқара ашып тастайсың. Бұл кісіліктің үлкен көрінісі адамның адамға деген ақ сенімінен туады. Құдайбергеннің айтқанына сенбеу мүмкін емес. Неге десең, оның жаны таза.

Осы секілді мысалдарды көптен де көп айтар едім, ақындық қысқа сөзге үйретіп тастапты және кәмпіттің тәттілігін түсіну үшін біреуін ғана жесең болмай ма. Ал, елге жұғымды, көпке сиымды, әр адаммен тіл тапқыш қасиет Құдайбергенге қалай ұялады десек, ата мирастан бұйырған мейірбан қазақтығымыз бар, қиын қыстау кешіп, біздерді өсірген ата-аналарымыздың берген тәлімінен жұғысқан бауырмалдық бар. Соның бәрін бойына сіңіріп өмірлік қару ете білген Құдайбергенде ақыл мол. Міне, сол ақылы,

ұстамдылығы, байсалдылығы, кішіпейілділігі оған қоса мейірімді, қайырымдылығы сонау жас кезінен ел басқарудың қырын, сырын тез білгіш ұйымдастырушы болуына септесті.

Ауылдан шығып ауданды, облысты аттап, әкесінің, не атасының себімен Алатауға әудем сәтте жеткендер аз емес. Ал Құдайбергенге келсек, ол қарапайым агрономдықтан бастап, талай-талай қызметтердің заңды сатысымен мәдениетті түрде, талапқа сай қызмет атқарып, совхоз директорлығына жетті. Бұл болашаққа мығым жол салудың басталуы еді. Шағын шаруашылықты басқара білмеген жігіт үлкен тақта да көздеген жетістікке жете алмайды. Табаны күректей он жыл «Целинный» атты совхозды басқару бір агроном үшін өмірдің үлкен жетістігі. Сол бақыт Құдайбергенге бұйырды.

Ел мен жердің оған берген бастапқы жеңістері де, жеңістері де осы директорлық тұғырда туды, өрістеді, әбден пісіп жетті. Талай аудандарды басқарып, одан келіп облыстың әкіміне бірінші орынбасар болу Құдайберген үшін жаңа саты, үлкен төбе болды. Бұл ауыр да жауапты, биік те қасиетті жерде ол қатарынан он жыл терін құрғатпай еңбек етті. Сонау агрономдықтан осы зор тұғырға жеткенше өмір оны әбден шыңдады. Ел арасына кіре кеткенде магниттей тартымдылығы, үлкен, кішіге бірдей жарқындығы, қай арысқа салсақ та қайыспас қажыр-қайраты сол «төменгі» жұмыста жүргенде бойына берік сінді, құт-береке болып қонды, арман шыңына жеткізді. Сол өлкеде өсіп, өніп, қуанышы мен ауыртпалығына араласа жүріп, білек түріп атқарысып, сол өлкенің ең жоғары лауазымды қызметкері қатарында қанаттанып, үлкен бақытқа жету деген өмір өрісін Құдайберген көрді, көріп те жүр. Бұл шындық халыққа сіңірген зор еңбегінің айнасы болып, оның өмір тарихын көркейтті.

«Бұлжытпа тәңір сөзін, муза, сен де,
Шошына зәбір шексең, тәжге сенбе.
Мақтауды, жаланы да бейжай тыңдап,
Ақымақты жеңелік деп әуреленбе», – деп, адамзаттың ұлы ақыны, орыстың поэзия әлемінің күні болып туған А.С.Пушкин айтқандай Құдайберген қай қызметте жүрседі мақтауға мастанбады, «жаланы да бейжай тыңдап» ақымақтармен алысарлық оғаш мінез көрсеткен жоқ. Тәжге сеніп, тәкаппарлықты да жасамады. Біле білсек, осы мінезде басты сыр жатыр.

Құдайберген халқы сүйген қарапайым, бір беткей, адал, таза қалпында пайымды еңбек етіп жүріп келеді. Әлі де Қалиевтың елге берері аз емес. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметінде жүргенде Құдайберген сынды Есіл-Көкше өлкесінің шоқтығы биік азаматын түбегейлі таныған еліміздің аяулы да, ардақты басшыларының бірі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановтың: «Әкімдер келеді, келеді де кетеді, ал Құдайберген алтын қазықтай елдің беделді де, белді азаматы болып қала береді» – деп еді. Сол сөзді өз аузынан 2000 жылдың 25 қазан жұлдызында естіген сәтте «Қажымұраттың айтқаны» деген өлеңім туды. Қысқа экспромтты келтіре кетейін:

*Нарықтың болсақ басын құрап келген,
Жігіт көп құтты өлкеге шырай берген.
Әкімдер келіп жатыр, кетіп жатыр,
Мызғымас Қызылжарда Құдайберген.
Әр істің баяуы бар, лезі бар,
Біреу пәс, біреу бірден іле жұлар.
Микоян секілді деп ойламаңдар,
Жуковтың бұл ағайда мінезі бар.*

Ақ жүректен шыққан орынды баға, айқын ойды мен тек қана өлең еттім. Қажымұраттың Құдайбергенге қара сөзбен айтқаны менің ақындық ақжарма сөзім, шын тілегім, адал

бағам болып туды. Жұртқа жаяр сөз түйіні де осы. Құдайберген Есіл-Көкше өңіріндегі қазақтың асыл перзенті, ұлтжанды бауырмал ұлы, көп ұлтты Қазақстанның бірлігі мен беріктігінің алтын қазығындай қажырлы азаматтарының көрнекті қатарынан орын алды. Елдегі ардақты ардагер азаматтардың Құдайберген Қалиев жайлы өз ойларын ортаға салып, өшпес белгі етіп хаттап жатқандарын қолдап, азғана пікір қостым. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген ел ақылының орынды кезі де осы шығар. Құзарт шында жүргенде кімді кім мақтамайды, ал қатардағы қарапайым қалыпта жүргенде бұрынғы ерен еңбегін атап, жас ұрпаққа асыл азаматтың өмір жолы мен ел алдында атқарған қызметін баяндау нағыз білгендік, көргендік деп білемін. Француздың әйгілі жазушысы Франсуа Мориаң: «Сүю деген – өзгеге көрінбес ғажайыпты көре білу» – деген екен. Елдегі ерен тұлға азаматтарды көре білу де адал адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыра түспек.

«Өсер елдің баласы бірін бірі батыр» десе, тәуелсіз еліміз үшін бұл кітап та құт, берекенің айғағы, іргесін бекітіп, бірлікке шақырудың нағыз өзі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың талай айтып, тұжырымды сөз қозғап, өз өмірін де сарп етіп жүрген талабы да осы ел бірлігі емес пе? Талапты ерге нұр жаусын. Осы кітаптың дүниеге келуіне себеп болған, құрастырып, жинастырып ел жүрегіне жетердей жинақ жасаған ардақты азаматтарға алғысымды білдіремін. Өркениетті өмірге ұмтылған халқымыздың азаматтары әрдайым осындай жақсылыққа жақын тұрса жарқын болашағымыз да алдымыздан тез шығып елімізді кенелтер деп сенемін. Лайым осындай біршіліктен айырмасын!

29.05.2003ж.
Астана.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ АЗАМАТ

1967 жылы біздің облыста жаңадан жергілікті өнеркәсіп басқармасы құрылды. Облыс бастықтарының ұйғарымымен, ол кездегі партиялық қатаң тәртіптің ағымында мен осы мекемені ұйымдастырып басқару қызметіне тағайындалдым. Жаңа шаруашылықты ойдағыдай жоспарлы жүйеге келтіру үшін жаңа кәсіпорын мекемелерін құрып, өнеркәсіп өнімдерінің көлемін арттыру мақсатында бірталай істер атқарылды. Солардың бірі болып Боголюбово елді мекенінде Бескөл өндіріс комбинаты құрылды. Мекемеге бастық – директор болып Естай Есқақұлы тағайындалды. Естайды бала жігіт кезінен білетінмін. Жаңажол ауылының азаматы. Әртүрлі мекемелерде басшы қызметтер атқарып, өткерілген, қолынан іс келетіндігіне сенгендіктен тағайындалды.

Естай және оның жұбайы Рахила Ғайсақызы кеңпейілді, қонақжай кісілер. Сол үйдің қонақасы дастарханының төрінде белгілі азаматтармен бірге болып жүрдік. Көбінесе өзінің қайынағасы полковник Қобылан Хамзаұлы, ол кезде ауданда бірінші хатшы болып қызмет атқарған туыстары Мәркен Ахметбекұлы, «Целинный» кеңшарының директоры Құдайберген Қалиұлы, тағы басқа ел азаматтарымен дастархандас болатынбыз. Менің Құдайберген Қалиұлымен жақын сөйлесіп, білісіп танысуым алғаш осы Естайдың үйінде басталды.

Құдайберген Қалиұлының келетін жері шалғай болғандықтан, жақын жерден ертерек барып қалатын біздер ол кісі келмей дастархан басына отырмайтын едік. Сол уақыттардан бері Құдайберген мен Сәулені жақын білісе келе туысқандардай қарым-қатынаста болып кеттік.

Құдайберген Қалиұлының 1945 жылы қазан айының 25 күні, Шал ақын ауданындағы Бірлік ауылында туғанын білеміз. 1966 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап, Тимирязев ауданындағы «Интернационал» кеңшарында өз мамандығымен агроном болып қызмет жолын бастаған.

Одан кейін сол ауданда бас агроном, кеңшар партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды. 1975-1985 жылдары он жыл үзбей «Целинный» кеңшарын басқарды. Осы уақыттың ішінде Құдайберген Қалиұлы өзінің өнер, білімін, жинаған тәжірибесін, күш-жігерін аямай шаруашылықтың экономикасын көтеру үшін қалтқысыз еңбек етті. Соның нәтижесінде бұл кеңшар аудан, облыс көлемінде алдыңғы қатарлы, шаруашылығы мықты кеңшарлардың бірі болды.

Облыстық партия және атқару комитеттері Құдайберген Қалиұлының жұмыстағы қабілеттілігін, қолынан көлемді істер келетін басшы екендігін бағалап, оны Соколов аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне ұсынды.

Аудандық атқару комитетінің төрағалығына депутаттардың тегіс қолдауымен сайланған Құдайберген Қалиұлы үлкен қызметті бойына біткен қажырлы білімділігімен үш жылдай қалтқысыз атқарып, өзінің ұйымдастырушылық іскерлік қабілеті мол екенін, халықпен ортақ тіл табысып, көлемді қызметтің қандайын болса да атқара алатынын көрсетті.

Сол кезде жыл сайын өтіп жататын аудандық кеңестің сессиясына облыстық кеңестің өкілі болып облыстық атқару комитетінің төрағасы Ніл Әдіғамұлы Болатбаевтың тапсырмасымен Соколов ауданына бардым. Сессияны алдын-ала дайындап, өткеру барысында Құдайберген Қалиұлының жанында үш күндей бірге жүріп, бірге аудан шаруашылықтарын аралап байқағаным, қайда барсақ та бұл кісінің беделінің үстемдігі анық көрініп, әрбір сөзінен,

атқарған істерінен оның шаруа жағдайларын, халықтың хал-ахуалын терең түсіне білетіні ерекше сезілді.

Сессия жақсы ұйымшылдықпен, байыпты іскерлік жағдайда, салиқалы ойларды сараптап, жүйелі, мағналы, мазмұнды жоспар белгілеумен аяқталды. Құдайберген Қалиұлының сол ауданда бірегей беделді басшы екеніне көзім жетті. Иссапардағы көрген білгенімді, Құдайберген Қалиұлының іскерлігі жайлы қорытқан ойларымды іссапардан келгеннен кейін Ніл Әдіғамұлы Болатбаевқа ақиқатымен баяндағаным есімде.

Құдайберген Қалиұлының іскерлік, жеке басының адамгершілік қасиеттері облыс басшыларының да назарына ілігіп жүргендігінен болар, 1988 жылы ол Тимирязев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне сайланды.

Осы ауданның жерінде жиырма жылдай қызмет атқарған Құдайбергенді жақсы білетін аудандық партия ұйымы күшәк жайып қарсы алғандарын естідік. Бұл қызметте Құдайберген төрт жылдан астам уақыт айтарлықтай еңбек етті, аудан шаруашылығында өзінің іскерлік қолтаңбасын, еңбегінің ізін қалдырды.

1992 жылы ақпан айында Құдайберген Қалиұлы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Қоғамдық жұмыстарға араласып жүріп байқап, қызметтес жолдастарынан естіп білетініміз Құдайберген Қалиұлы осы үлкен қызметте жемісті еңбек атқарып, өз мамандығымен он жыл бойы ауыл шаруашылығына басшылық жасап келеді. Облысымызда егістіктің көлемі 1998 жылмен салыстырғанда 400 мың гектар көбейді. Егістіктен түсетін астық өнімі 3 миллион тоннадан 5 миллион 200 мың тоннаға жетті. Биылғы жылы біздің облыста егіннің әр гектарынан алынған өнім республика көлемінде бірінші орынға көтерілді. Облыстық

ауыл шаруашылық көрсеткіштерінен аңғарғаным, мал басы да көбейген, оған байланысты малдан алынатын өнімдер көрсеткіштері жақсарған.

Қол жеткен табыстарда Құдайберген Қалиұлының сіңірген еңбегі, маңдай тері, жүйке жұқаруы аз емес екені белгілі. Құдайберген Қалиұлының адамгершілік, парасаттылық, жолдастық, меймандостық қасиеттері жеке атап айтуға тұратын, әрбір азаматтың бойынан табыла бермейтін ерекше өнерлер. Құдайберген ұшқыр ойлы, адам сүйгіш мінезді, алғыр зейінді жан. Ол қашан көрсең де елдің, халықтың қамын ойлап, қолынан келген көмегін аямайды.

Адам баласының өмірінде қуанышты кезеңдерімен бірге қолайсыз, қайғылы жағдайлары қатар жүретіні өмір заңы ғой. Орыста да, қазақта да «Досты басыңа іс түскенде танысың» деген мақал бар болса, Құдайберген осындай жағдайларда жаныңнан табылып, үнемі кімге болса да қол ұшын беріп жүрген абзал жан. Ерекше көзге ілігіп ойда сақталған бір-екі жағдайды айтқанды жөн санаймын. 1993 жылы қазан айында 53 жаста мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің депутаты, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Мәркен Ахметбекұлы Ахметбеков кенеттен қайтыс болды. Бұл оқиға оның жанұясына, ағайын-туғандарына, жолдас-жораларына өте ауыр, қайғылы қаза болды. Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бойынша мұндай атақты адамды соңғы сапарға шығарып, жерлеу рәсімдерін атқаруда көптеген ерекшеліктер мен қиыншылықтар болады. Міне осындай ауыр жағдайда барлық ауыртпалықты Құдайберген өз мойнына алып, Мәркеннің туған інісіндей жерлеу рәсімдерін өзі басқарып, осы міндеттердің бәрін ойдағыдай өткізді. Ішінде бірге болып, жерлеу жабдықтарына араласып жүріп, барлық жағдайларды өзіміз көрдік.

Құдайберген ойына алып бастаған ісін қашанда тыңғылықты аяқтап шыққанша тыныштық көрмейді. Оған дәлел, Мәркеннің 60 жасқа толуына байланысты Сергеев қаласының бір көшесіне, Ы.Ыбыраев атындағы кеңшардың Ленин орта мектебіне Мәркен Ахметбекұлының аты беріліп, осы жағдайларға байланысты жиналыстар, митингілер, конференциялар өткізіліп, үлкен ас берілуіне Құдайберген Қалиұлы басынан ең соңына дейін өзі басшы болып жүргенін білеміз. Осы аталған мәжілістердің ойдағыдай атқарылуына облыстық әкім Қажымұрат Нағманов мырзаның қатысқаны атқарылған істердің мәртебесін көтерді.

Тап осындай көрнекті істер Ніл Әдіғамұлы Болатбаевты соңғы сапарға шығарып, жерлеу рәсімдерін Құдайберген Қалиұлы басқарып атқарылғанын көрдік. Биылғы жылғы қыркүйек айының 19 күні Н.А.Болатбаев марқұмның жанұясымен тұрған үйіне ескерткіш тақта орнату жұмысын басқарып, осы игілікті істің іске асуына да Құдайберген Қалиұлы ұйытқы болғанын білеміз. Енді келесі 2003 жылы Нәкең марқұмның 80 жасқа толуын атап оту жайында әңгіме қозғап, соған дайындық ретінде ол кісінің өмір жолы туралы бір естелік кітап жазу мәселелерін көтеріп, ұйымдастырып жүрген де Құдайберген Қалиұлы.

Халықтың аузындағы «Жақсыдан - шарапат», «Жақсы адамның көлеңкесі де жылы» деген мәтел сөздер осындай адамдардың адамгершілік қасиеттерінен туындағаны белгілі. Сондықтан, біздер Құдайбергенге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт және жұмысына жеміс тілейміз!

Құдайбергеннің өнері осы жүрген азаматтарға, жастарға жұғысты болса екен деген тілегімді білдіремін!

2002 жыл,

Мінайдар ЖАҚЫПҰЛЫ

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Адам боп оңай туганмен,

Адам боп қалу көп қиын.

Қ. Мырзалиев

Мен Құдайберген Қалиұлымен бірге қызмет атқармасам да, оның қызметтерде өткен жолдарын жақсы білемін. Қызмет жолы қазақ ауыл шаруашылық институтында оқып бітіргеннен кейін басталып, алдымен мамандығы бойынша агроном, одан кейін кеңшар бастығы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейінгі жылдары облыс әкімінің бірінші орынбасары болып, бір орында он жыл, қадір құрметімен, абыроймен қызмет атқарып келеді.

Менің білетінім, қай қызметті атқарса да, қызмет баспалдағымен ілгерілей беруі тек өзінің бойына біткен іскерлігінің нәтижесі. Сырттан еш уақытта, ешқандай қолдау болмағанын білемін. Керісінше, кейбір жолдас-жораларынан, данышпан атамыз Шал ақын айтқандай:

Жігіттер сақтаныңыз жаман достан.

Досыңның жаманынан артық дұшпан.

Өштескен жаудан адам сақтанады,

Тиеді достың оғы қапылыстан –

деген сөздердің Құдайбергеннің де басында болғанын сезетін едік.

Өткен дәуірдегі партиялық тәртіптің күшейіп тұрған кезінде, қызмет баспалдағымен жоғары көтерілу үшін, атқарып жүрген жұмысында көзге түсер нәтижелер болуы, жүктелген тапсырма-жоспарлар орындалып отыруы қажет.

Егер олай болмаса, өспек тұрсын, атқарып жүрген қызметінен айырылып, өшіп кету бола беретін. “Барлығын да кадрлар шешеді” деген сол замандағы партиялық ұран қай уақытта болса да маңыз мәнін жоғалтпайтынына Құдайбергеннің қызмет жолы дәлел бола алады. Әсіресе, жауапты қызметтерге, жан-жақты тексеріліп, ерекше іскерлігін іс жүзінде көрсеткен адамдар тағайындалатын еді. Сондай сынақтардан өткен кадрлар қызметті таза, жауапкершілікпен атқарып, халықтың сеніміне ие болатын.

Ал енді, Құдайбергеннің жеке басының қадір қасиеттерін айтсам алдымен оның кішіпейілдігін, кісілермен тіл табысып, оларды жылы қабағымен қабылдап, қадірін бір көргеннен танып білуін айтар едім. Қандай қызметте болса да, қызмет бабының, атақ дәрежесінің құлы болмай, үлкенді аға, кішіні іні есебінде сыйлай білуі қандай ғанибет.

Құдайберген жақын ағайын-туғандарына, дос-жарандарына, тіпті жай таныстарына өте ілтипатпен, қамқорлықпен қарап, бөрінің қуаныштарын бөлісіп, қайғысына ортақ болып жүретінін көреміз. Жолдастары мен туысқандарының қуаныштарын құттықтап, ауырып-сырқап қалғанын білсе, көңілін сұрап, қамқорлық жасауды қалт жібермей жүретіні қандай. Азаматтардың басына түскен ауыр жағдайларда Құдайберген әрқашан араласып, ақыл-кеңесін айтып, қол ұшын беріп, кей жерде ретімен өзі бас болып басқарып, шаруашылық жағдайларының жөнін келтіріп, қолынан атқарып жүреді. Сондай қиын жағдайлар өз жанұямызда болғанда, басымызға жай түскендей ауыр қайғыға кездескенде, Құдайберген туысқандығын да, нағыз ел азаматы екендігін де анық көрсетті.

Осындай жарқылдаған кең пейілі, ақ көңілі үшін Құдайбергенді тек қана жақын туыстары, жолдас жоралары ғана емес, бүкіл халық сыйлайды, қадірлейді, өзімсініп еркелейді, еркелетеді. Сондықтан да болар, өзіміз

Құдайберген деп атағаннан Берген деп атап жүрегімізді жылы сезінеміз.

Оқырман қауым туысқаны болған соң мақтау сөзді көбірек арнапты деуі де мүмкін, бірақ өз ойыма түйген анық адамгершілігін, ақиқатын айтып отырмын. Бір бірімізге жақсы, мақтау сөз айтуға сараң халықпыз ғой, реті келгенде айтатын сөз айтылмаса, сөздің атасы өледі деп тегін айтылмаған.

Осындай азаматтарымыздың қамқорлықтарының, көмектерінің шарапатымен, облысымызда ауыл шаруашылығы бір шама жақсарып, көпшілік ел тұрғындарының соңғы кезде қолдары әжептәуір жетістіктерге жетіп жүргендерін білеміз.

Құдайберген Қалиұлы бүгінгі атқарып жүрген үлкен қызметке келгеннен бері біздің облыс басқа облыстармен салыстырғанда барлық шаруашылықтардың барысында, әсіресе ел ырысы - астық өнімін арттыру жағынан алдыңғы қатарда келе жатқаны ақиқат. Көрнекті, нәтижелі атқарылған қызмет көзге түспей қалмайды. Құдайберген Қалиұлының сол еңбектері Үкімет тарапынан жоғары бағаланып 2000 жылы “Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері” атағын алды. Бұл Құдайберген Қалиұлы үшін өте орынды марапат, атқарған еңбегіне сай атақ.

Құдайбергеннің үлкен еңбегін, таза қызметін халық біледі, сол үшін оны дос-жарандары, туған-туыстары құрметтейді, мадақтайды, мақтан тұтады. Оған Құдайберген еш уақытта масаттанып, мардымсып кететін адам емес. Ол қашанда, үйде де, түзде де бір қалыптан таймайтын адам. Менің ерекше байқағаным, Құдайберген нағыз жанұя басшысы, мақтан тұтар әке, еркелетер ата есебінде аса бір ғажап жан. Сол үшін ол жанұясында үлгі, өнеге, тұла бойы тәрбие.

Құдайбергеннің қызмет бабында қолы жеткен дәрежелерінде, жанұядағы татулық, сәулеттілікте жан жолдасы Сәуленің еңбегі ерекше. Жақсыны жақсы адамға құдай қосқан деп білемін. Ақ жарқын, кішіпейілді, жаны жайсаң, дархан жүректі Сәулені бәріміз ерекше сыйлаймыз, құрметтейміз. Екеуі де бар көңілдерін, пейілдерін балаларына, немерелеріне, әсіресе сүйікті Даниалдарына арнаған жандар. Өнегелі анадан, еңбек сүйгіш елдің қадірмені болған әкеден тәлім-тәрбие көрген ұрпақтарының болашағы жарқын, жақсы боларына сенеміз.

Осы тұста ойға ертеде өткен бір әңгіме оралады. Кезінде кеңшар бастығы болып қызмет атқарып жүрген кезімізде келесі жылға жаңа техника алу үшін алдын ала ілгерлі орынға талап-тапсырма берілуі керек болатын. Сонда, инженер, механиктермен ақылдасқанда маған эксковатордың екі түрі болады, біреуі жердің қыртысын, басқа жүктерді өзінің алдынан әрмен қарай ысырады, екіншісі соның бәрін өзіне қарай тартады, күштісі осы соңғысы деген ақыл берген еді. Сол сияқты, қандай жағдайда да бүкіл ауыртпалықты өзі алып, көтеріп жүрген Құдайберген Қалиұлына Алла қуат берсін, көзден, тілден аман болсын, үй іштеріне, шаңырақтарына Алла тек жақсылық, дендеріне саулық берсін! – деген ақ тілегімді айтамын. Қадірлі, құрметті азаматымыз Құдайберген Қалиұлының шығар белесі әрқашан биік болсын, жұлдызы жарқырай берсін!

2002 жыл



ШӘКІРТІМІЗ –МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Отан қорғау соғысы (1941-1945 ж.) жеңіспен аяқталғаннан кейін халық бейбіт өмірге, күйреген шаруашылықты қайта орынына келтіру ісіне кірісіп кетті ғой. Соғыстың қырғынынан аман қалған азаматтар елге орала бастады. Елдің көңілі көтеріліп, қуанышты ойын-тойлар жаңғырығып, жұмыс қарқыны да ілгері басты.

1945 жылдың күзінде біздің ауылымыз Бірлікте Қали ағай мен Қамиша апайдың үйінде үлкен қуаныш болды, дүниеге нәресте келді. Ағайын аралық думан болып, тойланып, туманың атын үлкендер Құдайберген деп қойды. Ата-анасының жан-тәнімен жақсы көрген сүйікті де, сүйкімді балалары жастайынан өнегелі тәрбие алып өсті.

Құдайберген ауыл мектебіне ерте барды, оған өзінің оқуға деген ынтасы себеп болғанын айту керек. Төрт жыл бойы оқуды жақсы оқып, бастауыш мектепті мақтау грамотасымен бітіріп шықты. 1956 оқу жылының басында Құдайбергенді Қали ағай Николаевка орта мектебіне әкелді. Мен мектептің директоры болатынмын. Әлі есімде, кабинетте ол кісі:

– Асқар, мына балам – Құдайбергенді сендердің мектептеріңе оқуға әкелдім, оқыт, тәрбиеле, жақсы азамат болсын – деді. Мен:

– Мақұл, мүмкіншілігінше барлық жағдайды жасаймыз – деп уәде бердім. Қали ағамызды мен тек үлкен деп қана сыйламай, ұстаз ретінде бағалайтын едім.

Соғыс жылдары жұмысшылар жетіспей және шаруаның тұрмыс жағдайы төмен болуынан балаларды оқудан айырып орталық жұмысына беретін. Бұл колхоз үшін және балалардың өздері үшін де керек іс деп есептелетін. Өйткені

орталық шаруашылығына еңбек етсе, жалақысына колхоздан бірдеме алады. Міне, осындай балалардың қатарында Қасым, Әлен, Ермек, Қабдәш, Қайыржан, Жылқыбай, тағы басқалары болды. Көбі сол бастамамен ауыл жұмысында қалып қойды.

1942-1944 жылдары мен де колхоздың 2 бригадасында есепші болып жұмыс атқардым. Сол кезде бізді қоғам еңбегіне баулып үйреткен елде қалған үлкендер: Қали, Таймыш, Әубәкір, Елпан, Рамазан, Нұғыман, Нұрым, Дәули тағы сол сияқты қариялар еді. Бірлік колхозының, қара шаңырағының тірегі болған да осы үлкендер мен апа-жеңгелеріміз. Біз балалық шақтың қызығын еркін ойнап көрмесек те осы кісілердің қасында, солардың ықпалында тәрбиелерін, әңгімелерін тыңдап, өнерлерін көріп, солардың адамгершілік қасиеттерінен үйреніп өстік. Сондықтан да бізді еңбекке, өмірге, өнерге баулыған осы кісілерге алғысымды арнап жүремін.

Қали, Таймыш ағаларымыз ағаш ісінің ерен шеберлері болды. Ұзын бөренелерді қақтап шапқанда сызғышпен сызғандай түп-түзу түсіретін. Қандай да болмасын шаруашылық дүниеліктерін өздері жасап шығара беретін. Бұлар табиғатынан дарынды шеберлер еді. Жасаған дүниеліктері көз тартатын сәнді, сапалы, әрі мықты келетін. Қали, Таймыш сияқты ағалар бізді еңбекке тәрбиелеген ұстаздар дедім ғой, соған дәлел ретінде бір мысал келтірейін.

Соғыс жылдары колхоздың негізгі көліктері ат, өгіз, сиыр да жегілетін. Осыларға жегін саймандары сол шеберлердің қолымен дайындалатын. Өгіз бен сиырды жегінге пайдалану үшін кигізілетін қамыты жарма деп аталады. Ол дара жарма, не парлап жегілу үшін қос жарма болып ағаштан жасалады. Сол жармалар кейде сынып, кей уақытта із-түзсіз жоғала беретін болды. Оны қолдан жасай беру оңай жұмыс емес, ол ерекше шеберлікпен атқарылады. Сондық-

тан оларды жауапкершілікпен сақтау үшін Қали ағаның тапқырлық жаңалығымен жарманың үстіне қызған темірмен күйдіріп бригаданың нөмірі мен жарманың мүлік нөмірі басылып, бригадирдің жауапкершілігіне жазылып берілетін болды. Содан кейін жармалардың сынуы мен жоғалуы азайды. Оқымаған адамдардың осы тапқырлығына қалай ден қоймайсың.

Қалекендей ақылды, ойлы кісілерден үлгі, өнеге, тәрбие алып өскен баласы Құдайберген де жасынан еңбекқұмар болды. Төрт жылдық бастауыш мектепті бір мұғалімнің алдынан оқып шықса, бізде бесінші сыныптан бастап әр пәннің өз мұғалімі бар, он шақты мұғалімнен оқу өзгеше қиындығы болатыны белгілі. Солай болса да білімге құмар, білмегенді білуге ынталанып тұрған намысқой бала қиындықтарды жеңе біліп, жаңа оқу кестесін тез меңгеріп, бесінші сыныптан бастап тоғызыншыға дейін үнемі өте жақсы деген бағамен оқыды. Таза қазақ ауылынан келген бала бір-екі жылда орыс тілін де жақсы меңгеріп кетті, өйткені бұл мектеп орысша-қазақша оқытатын мектеп.

Оқушы балалармен тіл табысып, олардың арасында абыройлы, беделді, белсенділігімен өз сыныбының старостасы болды. Тәртібі мықты, шыншыл еді. Өтірік айтудан аулақ болғандығына бір мысал айтайын. Бір күні кезекші мұғалім мектептің сыртындағы дәретхананың жанында темекі тартып тұрған төрт-бес баланы менің кабинетіме алып келді. Темекі тартуларынан бұлтара алмаған балалар мойындарына алып, бастары салбырап тұр. «Темекіні әкелуші кім?» деген сұраққа ешқайсысы жауап қайтармайды, құпияларын сақтап бақты. Кезек Құдайбергенге келгенде, ол: «Пионерлік шыным, өмірімде шылым тартқан емеспін, аналар өздері мойындап тұр ғой» демесі бар ма. Сонда мен: «Қалқам-ау, қай өміріңді айтып тұрсың, сенің өмірің жаңа ғана басталды ғой» деймін. Менің осы сөзімді

әлі күнге ұмытпапты, есіне алып айтқанда мәз болып күліп аламыз. Құдайберген анығында шылым шеккен емес, осы күнге дейін қолына темекі ұстағанын көрмедім.

Тоғызыншы сыныпқа көшкенде Құдайбергеннен: «Ертең есейгенде қандай мамандық алып, кім болғың келеді?» деп сұраймын ғой, сонда ол:

– Әзірше анық шешімім жоқ, дегенмен не мұғалім, не агроном болғым келеді, - деп, ойланып қалатын.

– Неге мұғалім болғың келеді?

– Мұғалім көп оқиды, көп біледі, және білмегендерге білгенін үйретеді.

– Ал, агрономдық мамандық қалай ұнайды?

– Агроном жер бетіндегі өсімдіктерді ғана біліп қоймай, өздері сол жерді өңдеп, өң беріп, адамға малға қажетті байлықты өсіруге мүмкіндік жасайды, - деп, есейген жігіттердің аузына түсе бермейтін ақылды ойын айтты.

– Жауаптарың орынды болды, бағың ашылып, ойлаған мақсатыңа жет! – деген тілек айттым.

Шынында да Құдайберген мектеп қабырғасында биология, химия, еңбек сабақтарына ерекше көңіл бөлетін. Еңбек сабақтарының мұғалімдері В. К. Финк, А. Г. Попов: «Қалиев Құдайбергеннен жақсы агроном шығады. Себебі берілген жұмысты, тәжірибе тапсырмаларын өте тынақты орындап, оның нәтижелі болуына ерекше мән береді» – деп жүретін. Құдайберген мектепте ұйымдастырылған өндірістік бригаданың бригадирі болды. Сол уақытта оның ұйымдастыру қабілеті бар екендігі байқалатын, оқушылар оның сөзін сыйлайтын.

1961 жылы Құдайберген Николаевка орта мектебін мақтау грамотасымен бітірді. Кәметтік аттестатпен қоса механизатор мамандығын алып шықты. Осыдан кейін Құдайберген Алматыға барып ауыл шаруашылық инсти-

тутына оқуға түсіп, оның агрономдық факультетін қызыл дипломмен бітірді.

Құдайберген ерекше мейірбан кішіпейіл, көпшіл, болашаққа деген сенімі мықты, кісіге қолынан келген жақсылығын аямайтын азамат. Әсіресе өзі ұшып шыққан ұясындай болған Николаевка орта мектебіне, мұғалімдер ұжымына, балаларға деген ыстық сезімдерін тек ауызша айтып қоймай материалдық жағынан көмектерін осы күнге дейін көрсетіп келеді. Туыстары мен достарына, сыйлас, қызметтес жолдастарының өміріндегі қуаныштары мен қиындықтарын бөлісіп, қамқорлығын аямайды.

1989 жылы қыркүйек айының 7 күні менің 60 жасқа толуыма байланысты обком және аудандық партия комитетінің шешімімен Николаевка орта мектебінде салтанатты мәжіліс өтті. Егін орағының қызу жүріп жатқан кезі, кешкі сағат жетіде, сол мәжіліске Құдайберген келіп қатынасты. Ол кезде Тимирязев ауданының бірінші хатшысы қызметінде болатын. Мен бірден қуанып қалсам, екіншіден таң қалдым. Өйткені ол кездегі қатаң тәртіп бойынша дүбірлі тойлар өткізуге болмайтын. Өзім әдейі арнап шақырмағаннан кейін, менің туған күнім қалай есінде жүрді екен деген ойға қалсам да, Құдайбергеннің келіп мені туған күніммен құттықтауы мәртебемді өсіріп тастады.

Бұл Құдайбергеннің білімділігі болса, мен шәкірттің ұстазға жасаған құрметіне, мектепке деген сыйластығына қуанып, бұл ұрпаққа үлгі болатын іс қой деп түсіндім. Құдайбергеннің ақылының кеңдігіне тағы бір мысал келтірейін. Сонау 1960 жылдары облыс орталығында бір үлкен жиналыс болды, оған мен де шақырылдым. Бармақшы болып Николаевканың қасынан өтетін үлкен жолға шығып тұрсам Құдайберген келе жатыр екен, мені отырғызып ала кетті. Машинада бір қария адам отыр. Сәлемдесіп жөн сұрастық. Әлгі ақсақал ауыратын адам

екен, облыстық ауруханаға бармақшы. «Интернационал» кеңшарының тұсындағы аялдамаға атпен шығып тұрған кісіні Құдайберген танымаса да тоқтап, машинасына отырғызып алыпты. Әлгі кісі Құдайбергенге жол бойы батасын аямай айтып келді. Қалаға келген соң біз жиналыс болатын жерге келіп түсіп қалдық, Құдайберген машина жүргізушісіне әлгі кісіні ауруханаға жеткізіп салуды тапсырды. Осы атқарылған азғана істен Құдайбергеннің адамгершілігін, білімділігін, кішіпейілділігін, қайырымдылығын аңғаруға болмай ма? Өйткені кейбір шенеунектер бір машинаға бір өзі симай, кеудесімен көк тіреп кетіп бара жатқанын көргенде талай ойға қаласың.

Құдайбергеннің балалық шағын айтып, оны оқытқан ұстаздарын атамай кету дұрыс болмас. Николаевка орта мектебі 1960-1980 жылдары облыс, республика, қала берді одақ көлеміне аты белгілі болды. Мектеп одақтық көрмеге үш рет қатысты. Құдайбергенді оқытқан ұстаздар да өз мамандықтарының үздіктері. Олар Қайыржан Қожаев, Молдаш Қойшин, В.К.Финк, Роза Ықласова, Қайыркен Бүркітов, Тамара Мустаева тағы басқалары. Аталған кісілер республика оқу ағарту ісінің озаттары, ғылыми педогогиканың белді мамандары.

Осындай білікті мамандардан тәрбие алған орта мектеп түлектері, мектептің мақтаныш тұтатын қырандары аз емес. Солардың бірі, ерекше бірегейі, талай ірі-ірі қызметтің тізгінін ұстаған, енді міне он жылдай уақыт ішінде облысымыздың, еліміздің басшысы - әкімнің бірінші орынбасары болып, халқына қалтқысыз қызмет атқарып келе жатқан Құдайберген, қанатың талмасын, қадамың үстем болып, халықтың ақ тілегімен еңбектерің жемісті болсын! – деген тілегімді арнаймын.

2002 жыл.

ВСЕ НАЧАЛОСЬ С ДРУЖБЫ НАШИХ ОТЦОВ

Свой рассказ о Кудайбергене Калиевиче хочу начать с воспоминания своего детства. А раз разговор пойдет о детстве, то обязательно речь начнется с наших родителей.

Были послевоенные годы, точнее 1949 год. Мой отец, Кудрат, работал чабаном в Кызыл-Аскерском совхозе Приишимского района, а отец Кудайбергена Калиевича – дед Кали – работал чабаном в Приишимском совхозе Октябрьского, ныне Шалакынского района. Работали они одинаково успешно и регулярно добивались высоких показателей в получении ягнят от овцематок, а также в настриге шерсти с каждой овцы. Их трудолюбие и добросовестное отношение к порученным делам позволили стать им лучшими чабанами в области.

Встретились они на слете передовиков животноводства, проводимом облисполкомом в областном центре г. Петропавловске. Сложилось так, что они на этом слете в зале сидели рядом, разговорились, получилось у них дружеское общение о работе, о жизни, о семье. Судьба их оказалась одинаковой, и они понимали друг друга, как давние знакомые. Так началась у них дружба на долгие годы.

Несмотря на определенную отдаленность совхозов, где они проживали, находили время для поездки друг к другу в гости, пообщаться, поинтересоваться, как идут дела у друга. Можем представить себе, такие поездки для них в те времена были делом не из легких. Бездорожье, езда на гужевом транспорте, на лошадях, а порой на быках. Не прекращалось такое общение и в зимние месяцы. Словом, несмотря ни на какие трудности, они находили время для

встречи и общения. Можно было догадаться, что у них была настоящая мужская дружба. Естественно, эти добрые отношения наших отцов и их пример передавались нам, сыновьям. Я искренне рад, что дружеские отношения между нашими семьями, заложенные родителями, незабвенны, сохраняются поныне.

В 1969 году я был назначен начальником управления сельского хозяйства в Тимирязевский район. Известно, что район целинный, вновь организованный был на стадии как бы детства и становления. Надо было делать очень многое, чтобы как-то укрепить хозяйственные дела совхозов, строить райцентр и создавать промышленность, обеспечивать население района материально-техническим снабжением, медицинским обслуживанием, водой, строить дороги, было много других дел.

Первый секретарь обкома партии В. П. Демиденко и председатель облисполкома С. К. Кусаинов посоветовали мне в первую очередь укрепить руководящие кадры в совхозах и районного звена. Приступив к работе, я почувствовал, что они были правы, и подбор кадров на руководящие должности находился у меня всегда в центре внимания. В районе специалистов сельского хозяйства с высшим образованием было очень мало. В совхозе «Интернациональный» агрономом отделения работал молодой специалист с высшим образованием Кудайберген Калиев. Будучи в совхозе я интересовался о нем и обратил внимание, что он за короткое время работы на данном участке заслужил уважение и авторитет среди руководящих работников и рабочих.

Переговорив с Кудайбергенем Калиевичем и получив согласие, назначили его главным агрономом совхоза «Богдана Хмельницкого». С тех лет началась и продолжается наша близкая жизнь, которая переросла в дружбу

такую, какая она была между нашими родителями. Последующая жизнь Кудайбергена Калиевича также происходит на наших глазах, и наши дружеские отношения с годами все больше укрепились.

Хочу отметить, что Кудайберген Калиевич никогда не надеялся на поддержку и помощь в карьере со стороны. То, чего он достиг в жизни, добивался сам. Его стремление добиваться успехов в работе, большая человеческая порядочность, честное отношение к исполнению служебного долга, уважительное отношение к окружающим снискали к нему большое уважение со стороны сослуживцев, народа и руководителей области. Кудайберген Калиевич, где бы и кем бы ни работал, сохраняет эти человеческие качества неизменно.

Считаю, что в нем состоялся человек с большой буквы, замечательный руководитель и радуюсь его успехами, как собственным.

Хочу, чтобы удача и успех сопутствовали ему всегда!



СЛОВО О ХОРОШЕМ ЧЕЛОВЕКЕ

С огромным удовольствием и благодарностью принял предложение К. Х. Хамзина поделиться своими мыслями о герое его книги. Тем более, что и повод есть самый подходящий: в этом году исполняется 10 лет как один из самых сложных секторов экономики – сельское хозяйство области – возглавляет Кудайберген Калиевич Калиев. Искренне пожалел, что бог не наградил меня даром поэта, этот человек достоин целой поэмы. Но желание сказать доброе слово о хорошем человеке есть, пусть и в небольшой по объему и литературному жанру, зарисовке.

Более двадцати лет я знаю Кудайбергена Калиевича. Но просто знать, наверное, мало. Это годы моего ненавязчивого общения, переросшего в настоящую, неподдельную дружбу.

Я всегда искренне радовался успехам К. Калиева. На плечи этого неутомимого труженика десять лет назад лёг огромный груз переустройства сельской экономики и производства. Нельзя сказать, что перестройка этого сектора прошла безболезненно. Нет. Были, да ещё и остаются нерешенные проблемы. Именно в это время, именно на этого человека свалился самый сложный клубок проблем перевода сельского хозяйства от планового его ведения, когда работала система государственного обеспечения ГСМ, запчастями, удобрениями и сельхозтехникой к основам рыночных отношений на селе.

Кроме того, положение на селе осложнилось ещё и присоединением Кокшетауской области, когда и география и объем управления и контроля удвоились. И, на мой взгляд, заслуга первого заместителя акима области,

курирующего сельское хозяйство, заключается в том, что эти сложности мягко, менее болезненно, решаются именно в нашей области.

Разумеется, каким бы талантом не обладал человек, без поддержки, помощи и понимания коллег, товарищей по работе нельзя достичь каких-либо результатов. Кудайберген Калиевич – человек коммуникабельный, общительный и добрый. И, видимо, это помогает ему быстро сходитьсь с людьми, с кем судьба связывает его по работе. О нём с теплотой вспоминают в Тимирязевском и бывшем Соколовском районах. У него сложились одновременно доверительные и принципиальные отношения с его непосредственными коллегами В. П. Бовсуновским, Р. А. Сюникаевым, акимами районов, его понимают коллеги – заместители акима области. И это заметно, ему доверяет аким области К. И. Нагманов.

Должность, а тем более, если она солидная, – это тот оселок, когда проверяется человек на его нравственную прочность. Она, должность, либо по-настоящему возвышает человека, либо делает его моральным убожеством.

В социальной иерархии области Кудайберген Калиевич занимает одно из первых ступеней. И это не испортило его те начала, которые унаследовал он от своих родителей.

Напротив, мне кажется, он сам себе закрепил иммунитет от чиновничьей болезни зазнайства, высокомерия и должностного эгоизма. Все, кто общался и общается с ним, это чувствуют.

Ещё об одном удивительном качестве этого человека хочу сказать. Кудайберген Калиевич обладает необыкновенным, трепетным отношением к друзьям.

Меня поразило его нежное отношение к другу детства и юности Серику Абилкасову. В самые трудные времена он всегда протягивает ему руку помощи. А когда он вместе с,

теперь уже покойным, М. А. Ахметбековым оказался в трагической аварии, он не думал о себе. Для него была эта трагедия во сто крат тяжелее от того, что худшее произошло с его другом.

Он раним и доверчив. Очень тяжело переносит разочарование и лицемерие, а тем более откровенное предательство. А с этим он в своей жизни столкнулся. Хорошо, что друзей у него значительно больше. Хочу оставаться среди них и я.

А завершить хочу вот такими простыми, но от души сказанными стихами:

*Крылья гордо он расправил
Над целинным регионом.
Он с умом и с толком правил
И совхозом, и районом.*

*Он секреты урожаев
Знает, как свои пять пальцев.
Он в народе уважаем,
Он для нас - Терентий Мальцев.*

*А ещё – товарищ славный,
Добрый, искренний, простой.
Агроном он главный самый,
Хлебороб наш Золотой.*

*Пусть трудом твоим награды
Больше станут во сто крат.
Мы тебя поздравить рады.
Будь здоров наш Старший брат!*

*Впрочем, лучшая награда,
Каковой достоин он:
Поменять давно бы надо
На Калиевский район.*

*Тимирязевский, где смело
Взялся он за труд земной.
Где вершил святое дело
В зной и дождик проливной.*

*Пусть искриться веселее
И звенит бокал в руке.
С урожаем, с юбилеем,
Дорогой наш Кудаке!*

2002 год



ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢСЕЛІ БӘЙТЕРЕГІ

Жер таңдап, қоныс қонуға біздің қазақ алдына қара түсірмейтін халық қой, шіркін! Мәселен, Бірлік ауылын алыңыз. Ойында көк орай шалғын жайылым, қырында егінжай кең жазықтың қосылған жерінде шоғырлана қонған әсем ауыл. Ауылдың іргесінде тынымсыз тулап аққан көптеген бұлақтар. Тостағанға толтырған судай мөлтілдеген көз қызықтырар көлдері қандай. Бәрінен де жазда көк теңіздей толқыған шабындығы «Сарықамысты» айтсаңызшы! Шөбі бір емес, бірнеше ауылға жететін мұндай шабындық біздің төңіректе кем де кем ақ.

Ойпаты ырысқа толы Бірліктің қыры одан да мәуелі. Оның қыртысында ерекше құнар бар, егіні әр жылы бітік шығады.

Міне осы тамаша жер, әдемі ауылдың асыл перзентінің бірі – Құдайберген Қалиұлы Қалиев.

Адам деген табиғаттың бір бөбегі ғой. Сондықтан туған атырапқа, басқан топыраққа тартып тууымыз әбден қисыды. Туған табиғаттың өзі дарытқан қасиет Құдайбергенде де мол. Ол дене бітімімен, білімімен, мінезімен бойындағы бүкіл қасиетімен бәйтеректі көз алдымызға келтіреді. Есіл бойында бір өзі бір ғасыр бойы малға да, жанға да сая болып тұратын қадау-қадау бәйтеректер бар емес пе, Құдайбергенді соларға ұқсатамын.

Мұндай бәйтеректің тереңге жайған әр тамыры, көкке қол созған әр бұтағы, тіпті әр жапырағы көпшіліктің көзінен таса қала алмайды. Бір елдің, бір жердің перзенттері болып табылатындықтан, оның өмір жолы менің де көз алдымда. Тұрмыс жағдайына байланысты ауылымыз екіге бөлініп, екеуіміз екі жаққа кете барғанмен, көп ұзамай

қайтадан кездестік. Ауылдағы бастауыш мектепті бітірген оны да, мені де көрші ауыл Николаевкадағы орта мектеп тоғыстырды. Оны 1957 жылы бітірген мен отбасы жағдайына байланысты әрі қарай оқуға бара алмадым да, ауылдағы жұмысқа кірісіп кеттім. Ал Құдайберген болса осы мектепті жақсы бітіріп, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының агрономдық факультетіне қабылдау емтиханын жақсы тапсырып, студенттер сапына қосылды.

Мен 1961 жылы үйленіп, кішкентайлы болып, үй салып, тұрмыс жағдайын түзегеннен кейін бар ауыртпалықты зайыбым мен шешем өз мойындарына алып, әрі қарай оқуым үшін 1964 жылы Алматыға аттандырды. Осындай шешімге келуге алдымен қамқор пейілін білдірген сол кездегі кеңшар директоры Мінайдар Жақыпов ағамызға алғысымды білдіремін. Қазақтың ауыл шаруашылығы институтына, оның агрономдық факультетіне студент болып қабылдандым. Сөйтіп Құдайберген екеуіміздің жолымыз тағы да түйісе кетті. Онда біздің облыстан барған студенттер көп-ақ екен. Ыбырай Өсербаев, Баян Сәдуақасов, Тобыл Қоспанов, Алтай Қожахмет, Сайын Есенғұлов, Темірболат Сәдуов, Назарбек Қожамсейітов, Қадір Сайдуов, Аманжол Зікібаев, тағысын тағылар. Бәрі де жастық шақта жарқылдайтын ақ семсердің жүзіндей қылпып тұрған жігіттер. Ал араздағы ең кішіміз – Құдайберген. Үйлену тойы ма, жерлестердің кездесуі ме – бәрінде де жасы кіші Құдайбергенді жиі-жиі жұмсап тұратынбыз. Ол бір сөзге келген емес, тапсырған жұмысты тиянақты орындап отырды.

Құдайберген оқуға алғырлығын институтта көрсетті, оны қызыл дипломмен бітірді. Сол 1966 жылы туған жерге оралды. Институттан алған дипломының сиясы да кеуіп үлгермеген жас маманның ол кезде қала түгіл, қалаға жақын аудандарда қалдырылуы мүмкін емес еді, ол ең шалғайдағы Тимирязев ауданына жіберілді. Қызметтегі алғашқы

қадамын, еңбек жолын бөлімшенің агрономы болып бастады. Алла оң жолын беріп, Құдайбергеннің еңбек жолы үнемі өсу-өрлеу сәттерімен жалғасты. Бас агроном, партия ұйымының хатшысы, кеңшар директоры, Соколов аудандық атқару комитетінің төрағасы, Тимирязев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы.

Ол кезде аудандағы лауазымның ең шырқау биігі осы болатын. Енді осы дәрежеге қолы қалай жетті дейтін болсақ, әрине, тындырымдылықпен, білімдарлықпен, ұйымдастыру қабілетімен, адалдығымен, адамгершілік қасиеттері екені белгілі. Тың көтерген Тимирязев ауданының ұшы-қиырсыз кең даласы агроном үшін арманның шалқары ғой. Құдайберген теориялық білімін практикада жүзеге асырып, астықтан тау тұрғыза білді. Ал «Интернационал» кеңшарында партия ұйымының тізгінін қолына алғанда жұдырықтай жұмылдыра білетіндігін айқын аңғартты. Әр ұлттың өкілдерін бір кеңшарға, бір шаңыраққа тоғыстырған мұндағы интернационализм идеясын Құдайберген бүкіл облысқа паш ете білді. Үшіншіден, ол ұлтжандылығымен дара. Оның өз ұлтын шын сүйетіндігінен, ол сезіміне адалдығынан хабардар адамдар аз емес. Ол «Целинный» кеңшарының директоры болып еңбек еткенде аудандағы ғана емес, Қостанай өңіріндегі қазақтар да көшіп келіп, Құдайбергеннен қолдау тапқан болатын.

Өзі еңбек жолын бастаған Тимирязев ауданына Құдайберген жақсы басшылық ете білді. Облыстық әкімшілік құрылғанда оның облыс әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалғаны да содан. Содан бері он шақты жылдың жүзі болды. Осы жылдарда екі әкім ауысып, үшінші әкім жұмыс істеп жатыр. Ауыл шаруашылығын жетік білетін, жұмысты білгірлікпен ұйымдастыратын Құдайберген өз қызметін мүлтіксіз атқарумен келеді.

Мұндай үлкен лауазымды, көлемді қызмет оңайлықпен атқарыла қоймайтынын екінің бірі, егіздің сынары, әрине, біле бермейді. Ауыл шаруашылығындағы ең басты екі науқан – көктемгі егіс пен күзгі егін орағы оның екі бүйірінен жыл сайын қысатын ауыр жүктер. Жетпей жатқан заман ғой, біресе – жанармай, біресе – тұқым тапшы болып жатады. Мұның бәріне техниканың, оның бөлшектерінің тапшылығын қосыңыз. Осылай тірнектеп жинаған астықты сатудың машақаты және кем емес. Оған да Құдайберген тікелей араласу керек.

Бәрінен бұрын нәтижені айтсаңызшы! Егістік көлемі жыл сайын кеңейіп келеді. Соған сәйкес алынған өнім жыл сайын молайып келеді. Міне, осылай еңбегінің жанғанына Құдайберген халықпен бірге қуанады.

Құдайбергеннің тағы бір табысты еңбегі мал шаруашылығы төңірегінде өрбіп келеді. Облысымыздың әкімі Қажымұрат Нағмановтың бастамасымен мал шаруашылығын өркендету істері қолға алынды. Малға жем, шөп дайындау малдың басын көбейту, мал өнімдерін тиімді етіп іске асыру облыс бойынша түбегейлі ұйымдастырылды. Мал басын арттыру мақсатымен оны қолдан ұрықтандыру ісі қайта жанданды. Осындай ауқымды жұмысты қадағалап, ілгері бастыру ісі де Құдайбергенге жүктелген.

Құдайбергеннің өзі сабырлы болғанмен, қызметі маза-сыз. Әрине ол қыс мезгілінде көктемгі егісті, тұқымды жерге сіңіре сала, соның өнімін жинап алудың қамын ойлайды. Сөйтіп, жылдың төрт маусымында да тыным таппайды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Құдайберген Қалиевтың жұмысы осындай тынымсыз, тиышсыз екенін білеміз.

Ал енді Құдайбергеннің қоғамдық бейнесі туралы әңгі-мемді осымен доғарып, қара басына қарай ойысайын. «Шіркін, әке-шешесі атын қалай тауып қойған!» – деп, таң-

дай қағамыз. Құдайбергеннің қарапайымдылығы, ақылдылығы, көңілінің кендігі, жора-жолдастары мен ағайын-туысқандарына қайырымдылығы шексіз.

Құдайберген ескінің жолын да естен шығарған емес. Мәселен өткен аруақтарды естен шығармай, оларға арнап ас беріп, құран оқытуды қалт қылмайды. Шешесі Қамишаның зиратын тауып алып, оны қоршатып, үлкен бата жолын атқарды.

Құдайбергеннің шаңырағының ұйытқысы болып отырған зайыбы Сәуле Ахметжанқызы туралы бөле-жара айтқан абзал. Үй иесінің азаматтық тұлғасын, басшылық бейнесін қалыптастыруда оның сіңірген еңбегі зор. Ол Құдайбергенге тұрмысқа шыққанда піскен алмадай он тоғызда ғана еді. Ал Құдайберген болса институтты бітірмеген студент болатын. Бір қотанда өскен Сәуле ауылда қалып, Құдайбергенді оқуын бітіріп келгенше сағына күтті. Жас келіншек үшін құдай қосқан қосағын жылдап тосудан асқан сағыныш болмаған шығар. Өнеге көрген, сабырлықты сақтай білген ақылымен Сәуле Құдайбергенге институтты тәмәмдап оралуына мүмкіндік жасады.

Асығу дегенді білмейтін Сәуленің қайырымдылығы аспандай кең. Құдайбергеннің ғұмырлары қыршын жаста қиылған немере ағалары Дәуірбектен де Дәуренбектен де бес-бестен қалған он баланы Сәуле аялады. Оларды оқытқан, еңбекке орналастырған Құдайбергеннен Сәуленің еңбегі кем емес, бәлкім, тең шығар. Онын он үй қылып шығаруға бар күш-жігерін жұмсаған Сәулеге олар да «тәтелеп» қатты разылық білдіреді.

Сәуле төрт құрсақ көтерді. Төртеуі төрт құбыласындай. «Ертөстігім – бір төбе» деген сияқты, ұлы Дуланның орны бөлек-ақ. Үш саусақтай бір-бірінен айыруға болмайтын үш қызы бар. Меңсұлуы көрнекті азамат Маңыбай Үмітбаевтың, ал Гүлнәры биыл марқұм болған беделді азаматтардың

бірі Қайранас Сейдахметовтың шаңырақтарына келін болып түсті, ал үшінші қызы Гүлсім Астанада қызметте.

Сәуленің тағы бір тамаша қасиеті сол – ол бала дегенде күннің көзіндей елжіреп тұрады. Балажан адам балаға қатысты ештеңені де есінен шығармайды екен. Ол, мәселен, немере-жиендерінің туған күндерін ұмытуды білмейді. Бәрін де құттықтап, сыйлығын беріп, мәре-сәре болып жүргені. Бір сөзбен айтқанда, Сәуле десе, Сәуле!

Ал орданың иесі, облыстың бір иесі Құдайберген Қалиевты мен жоғарыда атап көрсеткенімдей, бәйтерекке теңеймін. Бір ғасыр бойы мәуелей бер, маңғаз бәйтерегім!

... Өткен жылы Құдайбергеннің мерейтойы атап өтілді, сонда даңқты жерлес ақын ағамыз Кәкімбек Салықов өлеңнен өрілген ғажап батасын берген еді. Қабыл болсын сол бата!

2001 жыл.



ДОБРОТА – ОСОБАЯ ЧЕРТА СЕМЬИ

Более двух десятилетий назад в Тимирязевском районе с Кудайбергенем Калиевым меня познакомил наш семейный друг Сайлау Утеев, за что ему всегда выражаю искреннюю благодарность. Тогда вряд ли кто из нас думал, что это знакомство перерастет в большую дружбу наших семей. Впервые встретившись на рабочем месте, подали друг другу руки, поговорили сухо о работе, решили служебные дела и разошлись. В те годы Кудайберген Калиевич работал директором совхоза «Целинный», а я возглавлял райпотребсоюз.

После, когда познакомились ближе, оказалось, что у нас много общих знакомых, с участием которых встречи происходили почаще и по истечению времени почувствовали друг к другу взаимную симпатию и уважение. Вскоре происходили наши семейные встречи, где на удивление наши супруги быстро нашли общий язык. Я об этом говорю потому, что они совершенно разного характера: спокойная и уравновешенная Сауле Ахметжановна и эмоциональная Татьяна, будто шли к этой встрече давно и, встретившись, быстро привыкли друг к другу, стали делиться самым сокровенным, находили в дружбе взаимную поддержку и понимание.

Постепенно регулярными стали семейные встречи с участием друзей, которых в каждой семье не мало. Хочу отметить, что и среди друзей были такие, которые со временем отходили в сторону, отсеивались как сорная трава, которым дружба нужна была на время, в основном для решения своих частных проблем.

Благодарны судьбе, что мы и семья Кудайбергена Калиевича опять близко сошлись здесь в городе, оказавшись

соседями, и наше доброе семейное взаимоотношение закрепилось теперь навечно в процессе соседского общения. Дружат наши дети. Частое их общение, как соседи и будучи друг у друга в гостях, они также как и мы познали казахские и русские национальные обычаи, учились друг у друга.

Простая истина, что человеку нужна не только пища, еще и человеческое участие, доброта, понимается не каждым. А сколько этой доброты и человечности заложено в сердце Кудайбергена Калиевича: ее хватает всем близким, друзьям и просто знакомым. Ни от одного человека в районах, где он работал, и в городе Петропавловске не приходилось слышать, что Кудайберген Калиевич не выслушал, не помог, не оказал участия. Он как неиссякаемый родник, приносящий радость каждому, маленькое солнышко, каждый лучик которого кого-то греет. А ведь это совсем не просто, особенно, когда человек на виду у всех, занимает высокую должность. Именно поэтому люди идут к нему со своими сомнениями, жалобами, просьбами и идут с надеждой получить совет, помощь, поддержку. От него люди выходят довольными даже тогда, когда не получают желаемое, за его доброжелательное отношение, за дельный совет и добрый прием.

Кудайберген Калиевич очень вдумчивый и умный человек, неизменно доброжелательный. Я лично полагаю, что его деловой, сдержанный характер, трудолюбие и обязательность в делах выработаны с детства в семье и получили дальнейшее развитие в трудовых коллективах, где молодому специалисту после окончания института приходилось работать на руководящих должностях. Его человеколюбие, уважение к старшим – это от доброй казахской земли, от матери природы.

Во всех его делах мы видим поддержку советом и делом, верного друга и помощника, дорогой супруги – Сауле.

Немногословная, сдержанная в словах и поступках, Сауле Ахметжановна всегда найдет верное решение в любом вопросе, любой ситуации, не обидет невниманием ни мужа и ни детей, ни близких и ни друзей. От того и по сегодняшний день дом Калиевых полон во всех отношениях.

Доброта – это главное семейное качество очага Калиевых, и продолжать эту традицию предстоит теперь младшим Калиевым, маленькому Даниалу – любимцу всей семьи.



АҚ ТІЛЕГІМ АЯН БОЛСЫН

Өткен өмірді есіңе алып, көз алдыңа елестетсең, кімнің болса да жанын жадыратып алдымен ойыңа оралатыны да, ең бір тәттісі жастық шақ қой.

Сол жастық шағымыз болатын, 1973 жылы Мәркеннің «Ступинский» кеңшарын ұйымдастырып, директорлық қызметін атқарып жүрген кезі. Бір күні аудан орталығы Сергеевка қаласынан Мәркен кештете келіп, «Құдайбергенді көрдім, ертеңгі күнге бізді өз ауылы Бірлікке қонақ болып қайтуға шақырды, соған барамыз» деді. Осы келісім бойынша ертеңінде кештетіп Құдайбергеннің туған ауылы Бірлікке бардық. Кішкентай ұлымыз Бауыржан алты айлық қана кезі, суық тиіп ауыртып аламыз ба деп қауіптеніп, сенімді көршімізге қалдырып кеттік. Ауылдың шетінде бізді Құдайбергеннің өзі және жерлес жолдасы Оразалы екеуі күтіп алып, ауылда Сәуленің немере ағасы Ақжігіт деген кісінің үйіне апарды. Қонақасы сол үйде дайындалған екен. Семіз қойдың мүшелі еттері тегіс салынған, үстінде жақсы піскен басы, үлкен астау ет дайындалыпты. Сәуле үйде болмады. Оразалының әйелі де Сәуле атты келіншек, екеуі бір сапармен Ақмолаға кеткен екен. Мәжіліс өте көңілді болды. Түннің біразына дейін жақсы отырып, көңілді демалыс жасадық, достасып ажырасып үйге оралдық.

Мәркен Құдайбергеннен бес жастан астам үлкен, сол себепті ол іні тауып, Құдайберген аға тауып осы кеште туыстастық. Бұл Құдайбергенмен алғашқы қоян-қолтық араласып, табысуымыз болды да, содан кейін достығымыз өрби берді. Әсіресе 1975 жылдардан бастап, Мәркен Жамбыл ауданының бірінші хатшысы қызметінде жүрген кезде,

Құдайберген Тимирязев ауданының «Целинный» кеңшарында директор болып істейтін жылдары жиі қарым-қатынаста болып, достығымыз, туысқандығымыз кең көлемде жалғасты. Менің бірге туған әпкем – Рәш сол кеңшарда орыс орта мектебінің директоры болатын да, жездем – Дәстен директордың шаруашылық істерін басқаратын орынбасары еді. Түрлі себептермен оларға біз барып, бізге олар келіп, жиі достық, туыстық қатынаста жүрдік. Оған да міне, жиырма жыл өтіпті.

Осындай өмір кезендері кімге болса да әсерлі ой салып, есте сақталып болашақ тағдырына өз таңбасын қалдыра беретіні ақиқат. «Өмірде қандай адамдармен қызметтес, жолдас болып қатар жүрсең, сол адамдардан үйренесің, ой түйесің, санаңа ақыл, зейініне білім қосасың» – деп, Мәркен айтып отыратын еді. Сол сияқты Құдайберген де жақсы жолдастарынан, ағаларынан алған, көрген өнеге-тәрбиесін әрқашан айтып жүретініне риза боламыз.

Құдайбергеннің қызмет атқарған жерлерінде аға-інілерінің, достарының, халықтың ортасында қадірлі болуы алдымен өзінің адамгершілік өнерінен, білімділігінен болса, үйішінде көңіл-күйлері, тілек-бірліктері келіскен, құдай қосқан қосағы Сәуленің, Құдайбергеннің өміріндегі еңбектерін ерекше атауға тұрарлық екенін біз жақсы білеміз. Сәнді шағын отаудан, үйлескен жас жұбайлардан көлемді орда, сыйлы шаңырақ, үлкен жанұя болуларында Сәуленің еңбегі шексіз екені белгілі. Сәуленің жанұяның ұйтқысы болып, үлкен шаңырақты қалыптастыру шеберлігі, нәзік сезімталдығы, сарқылмас саналылығы, жолдастарға, достарға, туыстарға балаларға деген ақ пейілі, қамқорлығы ерекше айтылатын әңгіме.

Балалары Гүлнәр, Гүлсім, Дулан, Меңсұлу бүгін азамат болып өсіп, жеке-жеке үй болып отырса, олардың осы

дәрежеге жетулеріне сіңірген Сәуленің еңбегін ерекше бағалаған жөн.

«Целинный» кеңшарында (Тимирязев ауданы) Құдайбергендер мен Рәштардың үйлері бір туған кісілердей ара қатынаста болып, екі үйдің балалары бір үйдің тумаларындай бірге өсті. Біздерде, не біздің туыстарда той, еске алатын мерейлі мәжілістер болса Құдайбергендер міндетті түрде шақырылатын, ал біз болсақ әрқашан олардың мәжілістерінің құрметті қонағы болатынбыз. Сонда боранға, жауын-шашынға килігіп, талай жол қиындықтарын көріп жүрдік. Кейде тура келген апаттай көрінетін жол қатерлерін қазір еске алсаң айта қаларлықтай әңгімелер. Оның үстіне машиналарда балалардың кішілері бірге жүретіні қандай. Әсіресе ол үйдің Меңсұлуы жөргектегі бала кезінен бастап машинаның ішінде бірге жүретін. Кейінгі кезде Меңсұлу бой жетіп, үлкейген шағында, Мәркен Меңсұлуға: «Сен машинаның ішінде өскен баласың» деп, бәрімізді бір күлдіріп қоятын. Қазір сол күндер айта қаларлықтай естеліктер.

Рәш бауырым 1986 жылы, Дәстен жездем 1984 жылы бұл дүниеден өтіп кеткен. Олардан төрт бала қалды. Ұл балаларының үлкені Нұрлан Зайра келінімізбен қосылған, Гүлнар тұрмысқа шыққан еді. Сол тойларды олар өздері атқарып, бәріміз бірге болған үлкен қуанышты мәжілістер өтті. Осы екеуінің кішкентайларын – немерелерін ата-әжелерінің көргендері Аллаға шүкіршілік болса, кіші қыздары Бейнегүл студент, кіші ұлдары Нұржан мектепте сегізінші сыныпта оқып қалған еді. Құдайберген мен Сәуле осы балаларға туған әке-шешелеріндей қамқоршы болып, осы күнге дейін өз балаларымен қатар тәрбие беріп келеді десем, артық айтқандық емес. Осы балалардың үлкен жанашыры, қамқоршысы болған Мәркеннің ақ ниеті ерекше еді. Бейнегүлді тұрмысқа ұзатқанда тойды өз балаларымның

тойынан кем жасамаймын деп жанын салғанын халық біледі. Осы тойдың ортақтас жанашыры Құдайберген мен Сәуле бірге қуанып, бірге атқарысқан. Сол қамқорлықтары балаларға әлі күнге үзілмей келеді. Өмірде қандай қиындықтар болмайды, сондай жағдайларда жанашыр, пана іздеп балалар Құдайберген мен Сәулеге барады. Сол жағдайларды көріп, біліп жүрген біз – туыстар оларға әрқашан үлкен алғысымызды арнасақ, балалардың әкешелерінің де аруағы риза екендігінде күмән жоқ.

Құдайберген де, Сәуле де Мәркенді ағалап өте күшті сыйлап, құрмет тұтатын. Сол пейілдері өзгермей келеді. Мені де төтелеп, ақ көңілдерін айқын жариялап жүреді. Осындай үлкен адамгершіліктерін Мәркен қайтыс болғаннан бері ерекше сезініп келемін. Өздерінің туған ағаларынан айырылғандай бірге жыласып, соңғы сапарға шығарып салуға байланысты жабдықтарға жанын салып араласып, Мәркеннің басына ескерткіш там орнату ісіне тікелей қамқорлық жасағаны ұмытылмайды. Мәркен қайтпас сапарға аттанып кеткеніне міне сегіз жыл болса, осы уақыттың ішінде Құдайберген біздің үйге, балаларға үлкен пана, жанашыр, қамқоршы болып көмегін аямай келеді. «Тәте, жағдай қалай, балалар не халде, сіз айтсаңыз болды, бәрін де орындаймыз» деген сөздеріне төбем көкке жеткендей қуанып жүремін, шын мәнінде сол сөздерін орындап та жүр.

Өздерінің балаларының мәртебелі тойларында әрқашан құрметті қонағы болып шақырыламын. Балалардың үй болу тойларында «Мәркен ағамыздың орнында тәтеміз бар» деп бас құдалыққа ертіп жүреді, тілек сөз айтуға алдыңғылар қатарында сөзді маған береді. Одан артық сый бола ма? Бауыржан үйленгенде мен ауырып қалып, басқа қиындық төнген шақта бар ауыртпашылық та, тойды ұйымдастыру, атқару істеріне тікелей араласқандары естен шықпайды, рахметімді айтып, ақ тілегімді арнап отырамын.

Мәркеннің 60 жасқа толуына байланысты бұрынғы Ленин орта мектебі Мәркеннің атымен аталуына, Сергеевка қаласының бір көшесіне Мәркеннің аты берілуіне басынан бастап ат салысып, сол істердің абыройлы аяқталуына Құдайбергеннің сіңірген еңбегі еш уақытта естен шықпайды. Мәркеннің өшпес аты, бақидағы рухы Құдайбергеннің атқарып жүрген істеріне қашанда ризашылық шаттықта болар. «Жақсыдан – шарапат», «Әкең өлсе де, әкенді көргендер бар болсын» деген мақалдар осындай жағдайлардан қалған болар.

Рәшпен біздің жанұямызға Құдайбергеннің атқарып жүрген жақсылықтарын атап айтып, көпшілік қауым тағы да өз қолыммен жазған осы сөздерімді оқып, сол жақсылықтарын ұмытпайтынымызды, өмірлік ризашылығымызды білсін деген ниеттемін. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп тегін айтылмаған, Құдайбергеннің мерейі үстем болсын. Бізге, біздің балаларымызға атқарған жақсылықтары құдайдан қайтсын, мың рақмет демекпін.


Осы жылдар ішінде көріп түсінгенім, Құдайбергеннің адамгершілігі мол, нағыз азамат екендігі. Үлкен жүректі мейірбандығы, туыстарға, достарға, жолдастарға деген ақ көңілділігі, кішіпейілділігі, қолынан келген жақсылығын аямай атқаратын, бір қалпынан таймайтын ерекше тұлға екендігі. Қандай қызметте істесе де халықпен тығыз байланыста болып, түсінісіп, қызметтес ұжымынан үнемі алғыс алып жүрген іскер, еңбекқұмар басшы екенін білеміз. Мұндай адамгершілік қасиеттер білімді деген азаматтардың бәрінде бірдей бола бермейтіні анық. Бұл Құдайбергеннің анығында да Құдай берген азамат екендігін айғақтайтын қасиеттері.

Мен де ұл-қыздарды өсіріп, үй болғандарын көріп, немерелер тәрбиелеп, солардың тілегін тілеп отырған әже жасына келгенде, солардың өмірлеріне қандай жақсылық

тілесем, Құдайберген мен Сәуленің жанұясына, немерелеріне де сондай жақсылық тілеймін. Өмірде көргендері тек жақсылық болсын, балаларының, немерелерінің қуаныштарына бөленіп, ұзақ ғұмыр жасап, ойлаған мақсат тілектері орындалсын, деген ақ көңілден шыққан тілектерімді арнаймын.

Қадамдарыңа қашанда бір Алла қамқор болсын!

2001 жыл.



Қайрат ЕСҚОЖИН

ШЕКСІЗ ДОСТЫҚ

Жас ұлғайып, елудің асқарынан асқан шақта артыңа бұрылып, қандай ғұмыр кештік деген оймен өткен күндерді еске алады екенсің. Сондай бір сәттер менде де болатын болды. Оған басты себепші болған, осы жазылып жатқан дүниеліктің негізгі авторы Қобылан ағамыз.

Өткен бір күндерде ол кісі бір терең ой салатын әңгіме қозғады. Көргені көп құрметті ағамыздың сонда айтқаны: "Қайрат осы сендер еліміздің, халқымыздың сый құрметіне ие болып жүрген азаматтарын дер кезінде өзі көріп оқитын, мақтан тұтатындай бір естеліктер жазып, көпшілік халық онша біле бермейтін сыр – сезімдерді сыртқа шығарып, халқымыздың "жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген дана сөзін неге іске асырмайсыңдар, оған несіне тайғақсып, кімнен қымсынасыңдар? Болмаса кешегі бұл дүниеден қас қағым сәтте өте шыққан абзал азаматтар: Мәркен Ахметбеков, Ақжан Базарбаев, Ермек Қонарбаев, Жасұлан Оспанов тағы сол сияқты аяулы азаматтардың, туыстардың, жерлестердің өмірден ерте өтіп кеткендері естен кетпес ауыр қасырет болып, келесі ұрпаққа аттары мен ел үшін атқарған игілікті істері туралы халықтың ашық айтқан бағасын өздері барында тыңдай алмай өмірден өтіп кетпеді ме? Егер қарсы болмасаң осы игілікті істі бастауға ат салыс, өз ойыңды ортаға сал. Құдайберген Қалиұлы туралы сенің білетінің көп, ақтар сырларыңды, жазуға кіріс" – деген сөздер болды. Осылай менің қолыма қалам алдырып, өзімнің бала кезімнен білетін, көкірегі таза жолдас-жораларына, ағайын-туғанға жан-тәнімен беріле

қамқорлық жасап жүрген, қызметін адал беріліп атқаратын, бірақ оның "құлы" болып кетпеген, өз елінің ғана сыйлысы емес, бүкіл облыс жұртшылығының қадірмені, құрметтісі, республика көлеміне аты белгілі абзал азамат Құдайберген Қалиұлы Қалиев туралы айтатын бірер ой-толғанымдары еді. Енді сол әңіме естеліктерімді айтайын.

Құдайберген мен біз 1956 жылдың күзінде Николаевка орта мектебінде оқу жылының басында таныстық. Сол бала кезіндегі оның бейнесі, талдырмаш бойлы, ұқпа құлак, үлкен көз, аз-мәз тентектігі бар, қыздарға "қырғидай" тиетін оқу озаты еді. Спорт өнерінде жанын жеген велосипетімен туған елі Бірлік пен Николаевка қаласының арасын қыс демей, жаз демей даңғыл жол қылып алған да осы қараторы өңді бала болатын.

Қазіргі кезде "Джип" мініп, мәртебесі өсіп, облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметін 10 жылға таяу атқарып жүргенінде, Құдекеңе жармасып, жолдас-жора болмақшы болған талай "қуларды" көріп жүрмін. Солардың кейбіреулері қыйсыны келмейтін өтірікті айтып, оны бала кезінен білеміз деп, білгірсіп, өмірден өтіп кеткен кейбір ағаларымыздың атын атап, сол кісілер ғой Құдайбергенді өсірген, сол кісілер ғой осы күнгі дәрежеге жеткізген деп лепіреді. Бұл шындыққа жатпайды.

Ал мен білетін Құдайберген өзін-өзі осы дәрежеге сүйреп шығарған азамат. Олай дейтінім, бөлімше агрономы қызметінен бастап бүгінгі күнгі мәртебелі қызметіне дейінгі жолы ауыл шаруашылығы саласына байланысты қызметтердің бірде-бір баспалдағынан аттап кетпей, сонау 1967 жылдан бастап еліне, жұртына адал қызмет етіп келе жатқан адам. Оның үстіне Алланың берген кішпейілділігінен бір жаңылмай, жолдас-жораға, туған-туысқанға, қызметтес адамдарға шын ықыласымен құрмет көрсету әркімнің қолынан келе бермейтін қасиет. Сондықтан да қазіргі кезде

Құдайбергенге көрсетіліп жүрген құрмет оның өз жеке қара басының адамгершілігіне қайтарылып жатқан ел-жұрттың сый құрметі деп түсінген жөн.

Совет дәуірінде құдайға сенуді халық жауларының ісіне тенең қойған заманда, елдің ішінде "Сиынғаныңнан сүйенгенің мықты болсын" деген мәтелді екінің бірі лепірітіп айта беруші еді ғой. Оның өзіндік сыры да болатындығын көпшілік білетін. Расында да, маңдайының жұлдызы жарқырап, өнер-білімі өзінен үлкен лауазымды қызметтерде жүрген біраз "шенеуніктерден" өресі әлде қайда биік, парасатты азаматтарды ілгері өсірмей, керісінше "өшіріп" жібергендерін көпшілік қауым біледі. Себебі қолдаушысы, тірегі жоқ адам ол уақытта құрғақшылық жерде өсетін талмен тең болды дер едім.

Ал енді Құдекеңе келсек, тәубә дейін, өмірдің өзі оған бірге тумаса да туған ағасындай болған марқұм Мәркен ағай Ахметбековтың, қазірде ортамызда жүрген басқа да ұлағатты ағаларымыздың, олардың ішінде еліміздің атақты азаматтарының аттарын мәңгілік тарих беттерінде сақталып қалуына үлес қосып жүрген ардагер ағамыз, милиция полковнигі Қобылан Хамзаұлын кездестіріп, басқа ұлағатты үлкендеріміздің өнерлерінен де өнеге алып үйренуді өз дәрежесінен төмен көрмейтін кішпейіл, ақыл иесі. Өмірден, өнегелі, өнерлі, үлкендерден көрген-білгенін бойына жинап өскен Құдайберген үшін кеңшар директоры қызметінде он жылдан астам қызмет атқарғанда еңбегі өнімді, халыққа қадірлі, жолдастарының арасында сыйлы болуына жұмысының алға баса беруіне, абырой-атағының өсе беруіне әсерін тигізді десем, артық айтқандық емес.

Бірақ өмірдің өзі дәлелдеп отырғандай, егерде ол көргенінен, тыңдап білген ақыл-кеңестерден дұрыс қорытынды ойына өрнектемесе, қызметі өскен сайын, қызбалығы арта берсе, маңына паңсынып еш адамды жолатпай қойса,

дәл бүгінгі күндегідей Құдайберген сыйлы елдің азаматы, ақылшысы, әрі қамқоршысы болар ма еді, болмас па еді, деген де ойлар келеді.

Бұл сөздерді мен досымды мадақтау үшін айтып отырған жоқпын. Ондағы мақсатым, кейінгі талаптары бар, өсіп келе жатқан (әсіресе қызмет бабымен) болашақ жастарға үлгі тұтар нұсқа болсын деген ақ ниетім. Егер ол ойымды жастар қабыл алса, нұр үстіне нұр болар еді. Жолдастыққа, достыққа шын пейілімен берілген еш қашанда бетін әрі бұрып, басыннан бақ тайғанда теріс қарап кетпейтін абзал азамат Құдайберген маған, менің от басыма естен кетпес екі жақсылық жасады. 45 жыл бір-бірімізді өте сыйлап талай жақсылықты алма-кезек атқарсақ та, әңгімеме тиек етіп отырған екі азаматтық ісі мен үшін үлкен өмірлік естен шықпас жақсылықтар демекпін.

Оның біріншісі, бүкіл одақ бойынша коммунистік партияның таратылуына байланысты, мен екінші хатшы болып істеп жүрген Возвышен аудандық партия комитеті 1991 жылдың қыркүйек айында жабылды да, бір күннің ішінде 20 адам жұмыссыздар қатарында қалдық. Табаны күректей 20 жыл өмірінде "ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс" тай қақсап, өмірде бұдан таза, бұдан мықты саяси партия жоқ деп миллиондар сеніп келген коммунистік партиямыздың шаңырағы (саясибюро) бір күнде опырылып ортасына түсті де, бәріміз мәңгіріп, есі ауысқан адамдай жан-жаққа жалтақтап қала бердік. Шынын айтсам өз қара басыма бұдан асқан қайғы, бұдан артық қорлық жоқ сияқты болып көрінді. Кеше ғана ағалап, басқан ізінді көлденең кеспей жүрген іні-қарындасстардың кейбір пасықтары мені шыбын құрлы көрмей, көздеріне шел қаптағандай аман-даспай, немесе, немқұрайлы қарап бас изей салғанда, зығырданым қайнап іштей кереметтей назаланып жүрдім. Осындай ойларға батқан бір ай бір жылдай болып көрінді.

Қазан айының басында мені Петропавлға шақырады деген хабар келді. Жанталасып қалаға келсем, марқұм Мәркен ағай мен Құдайбергеннің ұсынысымен мені Сергеев ауданының "Еңбек" кеңшарына директорлық қызметке тағайындамаққа шақырған екен. Ол кездегі облыс басшылары С. А. Медведев пен Ш. Қ. Құлмұқанов елдің мән-жайын тереңірек те, жақсы біледі деп көбінесе осы екі азаматтан керекті кісілеріне мінездеме сұрайтынын мен кейінірек Шалбай Құлмахановтың өз аузынан естіген едім. Дәл сол уақытта Мәркен аға әлі жабыла қоймаған облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, ал Құдайберген Тимирязев ауданының бірінші хатшысы еді. Тықыр-таяң өз бастарына жақындап тұрса да, бірі ағалық қамқорлық жасап, екіншісі – жолдастық пен достықтың шын ілтипатын көрсетті. Мұндай жақсылық бұл екі арыс азаматтардан тек маған ғана жеке дара істелген жоқ, талайларды дәл тығырыққа тірелген жерлерінен сүйреп шығарғандарын көпшілік біледі. Ол туралы есті азаматтар өздері елге, жұртқа айтар деп ойлаймын.

Сөйтіп, дәм-түз тартып, жолдастардың қолдауымен, нағашы жұртыма араға 37 жыл салып барып, кешегі бала кезім өткен Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарын біріктірген "Еңбек" кеңшарына директор болып оралдым. Рахмет ел азаматтарына, құшақтарын жая қарсы алды. Соның арқасында төрт жылға жақын әй-шәйсіз жұмыс атқарылды. Ол жылдар да менің өмір мектебімнің бір баспалдағы болды, оғанда тәуба деймін.

Әрине, мен Возвышен ауданында да мүлде жұмыссыз қалмас едім, бірақ өз ойым елге жақындау еді. Егерде осы азаматтар маған бастықтардың алдында дұрыс мінездеме бермесе, орындалмас қиял болып қалар еді. Сол үшін әр қашанда марқұм Мәркен ағама топырағың торқа болсын, жаның жәннатта болсын, артыңызда қалған асыл жеңгеміз

Күләш, ұлдарыңыз Серік пен Бауыржан, қызыңыз Сәуле, алтын асықтай үш немереңіз бен сүйікті келіндеріңіз Гүлнәр мен Алмагүл өмірдің тек сән-салтанатын, сіз аңсап кеткен қызықтарын көрсін деп от басымыз болып тілейміз.

Ал Күдекеңе сүйікті ұлын Дулан ұрпақты болсын, немерең Даниалға біздің облыста жақсылық пен сый құрметке бөленген, қазіргі кезде үкімет басшысының бірінші орынбасары қызметінде тындырымды әрі абыройлы іс атқарып жүрген азамат Даниал Кенжетайұлы Ахметов атасының жолын берсін деп ақ ниет білдіремін.

Құдайбергеннің тағы бір естен кетпес жақсылығы менің жалғыз бауырым, туған інім Бақытжанның қайтыс болуына байланысты. Елу жасқа жаңа жылдың басында ғана толған, бір жаста әкеден зар жылап қалған соңымнан ерген жалғыз бауырымнан айырылып, ес-түссіз жүргенімде қол үшін беріп үлкен қамқорлық істер атқарғаны.

Күн аласапыран боран болып, батаға соятын жылқы жердің шалғайлығына байланысты, әрі жол болмағандықтан әкелінбей жатқанда, менің ішкі уайым-қайғымды сөзсіз түсінген бауырым, әрі досым Күдекең өзінің малданам деген жылқысын Явленкаға түн ішінде жеткіздіріп, келесі күні жерлеу рәсімін у-шусыз өткізуіме үлкен көмек көрсетті. Дәл осындай істі ердің ері, жігіттің жігіті ғана жасай алады. Сондықтан да Күдекеңе, оның сүйікті жары Сәулеге, ұл-қыздарына, келіні мен немере-жиендеріне, өзінің 55-жасқа толғандағы торқалы тойында менің сыйға тартқан өлең тілектерімнің мына бір жолдарын қайталап айтқым келеді.

Арық айтып, семіз шығар халықыыз,

Дос пейілі ақ тілек қой дәріңсіз.

Елдің жүгін мойынымызға артып ап,

Елу беске бізде келіп қалыппыз.

Белестер бар шығар әлі еңселі,

Елің сені биіктерден көрсе еді.

*Мерейлі күн жанұямның атынан,
Шын пейілмен құттықтаймын мен сені.
Үстем етер отбасыңның мерейін.
Алда талай тойларыңа келейін.
Балалардың бақытына кенелген,
Сәулеменен екеуіңді көрейін.*

2001 ж.



ПОРЯДОЧНЫЙ И НАДЕЖНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ

Передо мной лежит приглашение, на день рождение Кудайбергена Калиева – моему земляку исполнилось 55 лет. Вглядываясь в черты лица этого человека, который смотрит на меня с фотографии, невольно вспоминаешь все то время, которое пришлось вместе работать, встречаться в официальной и не официальной обстановке, просто жить и дружить. Так же получилось, что по жизни нам пришлось шагать одной дорогой – рядовыми специалистами, руководителями совхозов, районного звена, области.

Сегодня он первый заместитель акима области. На эту должность он пришел, пройдя школу партийно-советской работы. В одно время о работе партаппаратчиков в средствах массовой информации шло безоглядное очернительство. Но не всегда и не во всем это отвечает действительности. К. Калиев может с полной уверенностью сказать, что лично для него работа в советско-партийных органах была совсем не такой, что среди тех, с кем ему довелось трудиться, абсолютное большинство были люди с чистой совестью, достойные глубокого уважения. Работа с ними явилась для него хорошей школой воспитания и обучения. Девизом его жизни стали слова: «Только тогда станешь человеком, когда научишься видеть человека в другом».

Для Кудайбергена Калиевича уважение к человеку означает не только внимание к людям, когда они приходят на прием, а всегда нечто большее, связанное с постоянной заботой о том, чтобы и жилось, и работалось лучше. Быть первым заместителем акима – куратором сельского хозяйства совсем не просто. Множество повседневных проблем,

которые необходимо решать – это тяжелая ноша, которая не каждому по плечу. Здесь нужна незаурядная личность. И Кудайберген Калиевич Калиев за много лет работы в этой должности показал, что он на своем месте.

Кабинетным руководителем его не назовешь. В стиле его работы совещания и заседания – не самое главное. По натуре он непоседа и предпочитает информацию из первых уст – лично видеть все, что происходит в коллективах и, как настоящий хозяин, всех и все знать.

Людей с холодными душами он распознает сразу. И при подборе кадров, особенно на руководящие должности, высказывается определенно и ясно. Он знает, что с равнодушными и остороженькими работу можно завалить. Внимателен к своим подчиненным, замечает каждый успех в работе и поощряет за это. Ведь простое «спасибо», высказанное вовремя, может оказаться не менее эффективным, чем денежная премия.

Ценит самостоятельных людей. Справедлив и тактичен даже тогда, когда наказывает за упущение в работе и служебные проступки. И особенно, что подкупает в нем, это личное обаяние. Он не избирателен и бескорыстен. А поэтому с Калиевым всегда легко работать, и хочется хорошо работать, потому что главное в этом человеке – порядочность и надежность.



ЗНАТОК СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

В связи с активным освоением целинных земель в области создавались новые совхозы, предприятия по приему и переработке продукции сельского хозяйства, промышленные предприятия и строительные организации. Вся эта огромная работа не могла осуществляться без привлечения рабочих сил со стороны. Целине помогали все союзные республики живой силой и техническими средствами.

Нужно было создавать им условия для проживания и труда. Для выполнения такой масштабной работы понадобились руководящие кадры, специалисты сельскохозяйственных работ, и на целинные земли направлялись выпускники высших и средних учебных заведений. Здесь им представилась возможность проверить и проявить себя в работе, умении налаживать взаимоотношение с людьми разной национальности и разного характера, одновременно быть требовательным к себе, учиться работе в коллективе и на практических делах.

Вот так стал руководителем солидного участка работы в совхозе «Интернациональный» молодой выпускник казахского сельскохозяйственного института Кудайберген Калиев. Через некоторое время он стал комсомольским вожаком среди молодежи совхоза, а это уже уважение людей к молодому специалисту. Затем он работал главным специалистом в совхозах, секретарем партийной организации. Это были ответственные и объемные участки работы, где Кудайберген Калиевич приобрел опыт и умение организовать людей к выполнению производственных задач, возглавить их и вести за собой, расширялась компетентность, рос авторитет

как руководителя, который не дается ни с дипломом, ни с должностью, а накапливается в ежедневных практических делах в коллективе. Именно эти качества у Кудайбергена Калиевича заметили и оценили руководители района и предложили ему должность директора совхоза «Целинный».

Первым секретарем райкома партии работал в то время В. М. Юдаков, после него В. А. Митронин. Можно с уверенностью сказать, что внимательное и уважительное их отношение к молодому перспективному руководителю Кудайбергену Калиевичу способствовали его становлению в этой стезе. Шли годы, развивалось производство хозяйства, которым руководил Кудайберген Калиевич, создавались для людей лучшие условия на работе и в быту, рос авторитет руководителя.

В этот период у нас с Кудайбергенем Калиевичем сложились особые теплые отношения. Дело в том, что я проработал в должности директора «Целинного» совхоза шесть лет. Отсюда был избран вторым секретарем Тимирязевского райкома партии. Еще при мне в Целинном совхозе были подобраны неплохие кадры руководителей участков производства и специалисты.

Были намечены основные направления развития хозяйства, и мне тоже было интересно, чтобы все осуществлялось в соответствии с намеченным. Надо сказать, я был доволен подбору руководителя. Его курс на строительство производственных и культурно-бытовых объектов, а также жилья всецело оправдывал себя. Были введены в эксплуатацию новая школа, мастерская, гараж, добротные животноводческие помещения, улучшились условия труда, и все это способствовало развитию производства.

Руководителя хозяйства во всех его делах постоянно поддерживали труженики. Среди них было много замечательных специалистов и мастеров своего дела, хлеборобов,

животноводов, механизаторов, строителей. Это были семьи Дрегер, Кленовы, В. Мотков, Р. Толстикова, А. Амброс, Б. Климов, Поздеевы, Бимендины. Многие из них за свой труд были заслуженно награждены вместе с руководителем хозяйства орденами и медалями государства.

В совхозе создан стабильный коллектив руководящих работников и рабочих, способствовавший достижению ежегодно устойчивых хороших показателей на всех участках производства. Люди верили своему руководителю.

Его труд был замечен руководством области. Кудайберген Калиевич был выдвинут на должность председателя Соколовского райисполкома, в район с устоявшимися кадрами и имеющий свои положительные, а также негативные показатели в делах. Кудайберген Калиевич четыре года проработал в этой должности и оставил о себе добрую славу умелого руководителя района и человека, умеющего мобилизовать коллективы тружеников на выполнения больших производственных задач. Мне кажется, что Кудайберген Калиевич, человек, выросший как деловой руководитель на целинных землях, имеющий особые отношения к этим краям, не мог забыть высокую порядочность и взаимоотношения людей, с которыми он проработал вместе почти двадцать лет. Считаю, что возвращение в Тимирязевский район Кудайбергена Калиевича на должность первого руководителя района было закономерным.

Вот здесь особо проявился талант Кудайбергена Калиевича как руководителя большого масштаба. Обобщение опыта передовых хозяйств в земледелии и животноводстве, масштабное их внедрение в хозяйствах района, широкое вовлечение руководителей и специалистов производства, рядовых механизаторов района в это, высокая требовательность к себе и исполнителям, его начинания позволили вывести район на новый уровень, преодолеть

многолетнее отставание ряда хозяйства в полеводстве и животноводстве. Район стал школой областного актива по многим вопросам управления, внедрения передовой технологии в сельскохозяйственное производство.

Поэтому назначение Кудайбергена Калиевича первым заместителем акима области, курирующим вопросы сельского хозяйства, было органическим продолжением всей его предыдущей деятельности и не вызывал ни у кого никаких сомнений в правильности выбора этой кандидатуры на данную высокую ответственную должность. Все эти годы мне пришлось работать непосредственно под его руководством, и наши рабочие взаимоотношения всегда строились на принципах объективной требовательности и ответственности за порученное дело.

Безусловно, время, в которое пришлось работать на этой должности, было очень нелегким. Проведение переустройства и реформирования ведения сельскохозяйственного производства в условиях ломки социалистической системы, путь не хоженный и требовал высокой степени эрудиции, ответственности и знания всех тонкостей ведения сельского хозяйства.

И то, что область, завершив реформирование сельского хозяйства, сумела начать движение вперед по увеличению производства всех видов сельскохозяйственной продукции говорит о том, что в области не растерян накопленный потенциал и нашли возможность к его росту.

Я считаю, что в этом деле большая заслуга Кудайбергена Калиевича.

2001 г.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЛЫСЫ

Құдайберген Қалиұлы Шал ақын ауданындағы Бірлік ауылының төл тумасы болса, менің туған жерім Есіл ауданындағы Бірлік ауылы. Ел арасында Құдайбергеннің ауылын Түшке Бірлік деп атаса, біздің ауылды төменгі (ойдағы) Бірлік деп атайды. Ауылымыздың арасы онша алыс болмағанымен ара-қатынасымыз болмағандығынан бала кезімізде бір-бірімізді білмедік. Құдайбергенмен Алматының мемлекеттік ауыл шаруашылық институтын бітіріп, ғалым-агроном атағын алып, өз мамандығы бойынша Тимирязев ауданында қызмет істей бастаған кезінен бастап сырттай таныс болсам, жақын білісіп танысудың сәті кейінгі жылдары түсті.

Азғана жылдар бөлімше агрономы болып қызмет атқарып, өзінің іскерлік, адамгершілік қасиеттерін тез аңғартып, кейін кеңшарда бас агроном болды, одан көп ұзамай кеңшар партия ұйымының хатшысы қызметін атқарғанын білемін. Соңғы лауазымды жұмыстарда білімді басшы, қолынан іс келетін ұйымдастырушылық қабілеттерін аудан, облыс бастықтары дер кезінде аңғарып, Құдайбергенді жиырма тоғыз жасында жауапты үлкен қызмет – «Целинный» кеңшарының директоры етіп тағайындады. Мұндай қызметке кез келген жас маман тағайындала бермейтін үлкен көлемді жауапты жұмыс болатын.

Сол жылдары мен қызмет бабымен «Целинный» кеңшарында болып, Құдайбергенмен жақын таныстым. Сонда байқағаным Құдайбергеннің қызметке деген ынтасы, жұмысты ұйымдастыру шеберлігі, кең ойлы мақсатты істері, азаматтық білімділігі, қасында бірге жүрген

жолдастарымен шебер қарым-қатынаста болуы, еңбекшілерге деген қайырымдылығы, қорытып айтсам іскер басшы, болашағы мол екенін аңғардым. Құдайберген директор болып қызмет атқарған жылдардың ішінде кеңшардың шаруашылығы нығайды, көлемі кеңейді, көптеген құрылыстар салынды, халыққа қызмет көрсету жүйесі жақсарды, жыл сайын егістіктің түсімі артып, мал басының саны, одан алынатын пайда көбейді.

Қолынан іс келетін ұйымдастырушылық қабілеті мол, тапсырған іске жауапкершілігі бар, халықпен бірлесіп қызмет атқара білетін Құдайберген осы директорлық қызметте аудан және облыс бастықтарының назарына ілігіп, облыстық жиналыстарда жақсы мақтауларға ие болғандығын естіп, біліп жүрдік. Көп ұзамай, кеңшар директоры Құдайберген Қалиұлы Соколов аудандық атқару комитетінің төрағасы, одан кейін Тимирязев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтеріне сайлануы сол сенімдердің нәтижесі болатын.

Бұл қызметтерде Құдайберген жемісті еңбек етті, аудандардың шаруашылық көрсеткіштерін арттыруға білімін, өнерін, бар күш-жігерін аямады. Құдайбергеннің төңірегінде талай іскер кадрлар дайындалып, қоғам, өндіріс жүйелерін басқаратын басшылар шықты. Құдайберген Қалиұлының облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметіне таңдап тағайындалуы оның ерекше іскер ұйымдастырушы, жұмысты беріле атқаратын жүрегі де, қолы да таза, халық сенген сыйлы азамат болғандығынан деп түсінемін. Құдайберген осы сенімдерді он жыл бойы қалтқысыз ақтап келеді. Оның атқарған істерінің нәтижелерін халық біледі.

Құдайберген өте кішіпейіл, қандай іске болса да ақылмен араласқан елгезек, адамсүйгіш, үлкендермен де кішімен де тіл табысып сыйласа білетін адам жанының инженері десем

болады. Осындай адамгершіліктерінің нәтижесінен Құдайбергеннің облыс, республика көлемінде достары көп. Құдайберген кімге болса да қолынан келген қамқорлығын, көмегін аямайды. Сол үшін халық оған риза, алғыстарын айтып жүретінін естиміз. Мен өзім де зейнеткерлік демалыста жүріп әртүрлі сауалдармен алдына бірнеше рет бардым. Сондағы риза болғаным, жылы шыраймен қарсы алып, сөзімді бөлмей, зейін қойып тыңдап, қойылған сауалдарыма оң шешімін тауып көмектескені еш уақытта есімнен шықпайды.

Құдайбергеннің қызмет орнына өтінішпен, көмек сұраумен барған бір де бір адам «мен сол кісіден ренжіп шықтым» дегенін естімедім.

Құдайбергенге зор денсаулық, баянды бақыт тілеймін! Өркені өсе берсін!

2001 жыл.



ДОС ТУРАЛЫ ОЙЛАР

1961-1962 жылдары әскерлік міндетті Қазақстан жерінде, Сыр өңірінде ойдағыдай жақсы атқарудың нәтижесінде Қазақтың мемлекеттік университетіне сырттай оқуға түсудің сәті келген еді. Әскери міндетті атқарып жүріп оқуға түсудің мәртебесі қызметін үздік атқарған, мақтауларға ие болған солдаттарға ғана берілетін сыйлық болатын.

1962 жылдың маусым айында 1-ші курстың сынақтарын тапсыруға әскер басшыларынан рұқсат алып Алматыға университетке келдім. Келген шаруаны университеттен бастап, сессияға белгіленген сабақтар кестесімен таныстым. Одан кейінгі ойымдағы жоспарым бойынша ауыл шаруашылығы институтында оқып жүрген жерлестерімді іздеп бардым. Жерлестерімнің қатарында Қызылжарда техникумда бірге оқыған Мұржанов Есләм, Ыбыраев Өсербай, Сәдуақасов Баян деген достар болатын. Жатақханалары Гоголь көшесінде орналасқан, тура сонда барсам, бәрі орындарында екен, құшақтасып, мәз болып табысып, көптен көрмегендіктен жақсы шүйіркелесіп қалдық. Елден келген бірінші курстың балалары бір бөлмеге орналасқан екен, олардың ішінде бала жігіт Құдайберген бар. Жерлес жігіттермен келісіп жатақханада Сәдуақасов Баянмен бір төсекте жатып оқитын болдым.

Ол кезде күндізгі бөлімде оқитын студенттер жазғы сессияның бел ортасынан асқан кезі. Оқу барысымен танықанда ерекше көзге іліккені орталарындағы ең жас студент Құдайбергеннің үздік оқу үлгісі таң қалдырды. Өте жақсы оқуының нәтижесінде көтерме стипендия алатыны жерлестер үшін үлкен қуаныш, мәртебелі мақтаныш болатын.

Кезекті сынақтардан жақсы өтіп, мен де бірінші курсты ойдағыдай тәмәдап шықтым.

Келесі оқу жылында күндізгі оқу бөліміне ауысып, қазан айының бас кезінде басқа студенттермен бірге жаңа оқу жылын бастадық. Жерлес студенттердің басым көпшілігі ауылшаруашылық институтында оқитын. Ара қатынасымыз үзілмей, жиі кездесіп, студенттік той-томалақтарымыз бірге өтетін жолдастардың ішінде Абдолла, Ганс, Думан, Ағыбай, Төлентай, Тобыл, Сайлау, Сейфоллалар болатын.

Студенттік өмір жүйе-жүйесімен өтіп жатты. Сессиядан сессияға жақсы жетістіктермен өтіп жүрдік. Құдайберген болса оқу қарқыны мерзім өткен сайын өріс алып, үздік бағалармен жалпы көрсеткіші кемімеді, оқуға деген ынтасы барған сайын арта берді, сөйтіп үшінші оқу жылы да бітіп қалды. Оқудан кейінгі жазғы демалысты әркім өзінің туған, тұрып жатқан жерлерінде өткізеді.

1964 жылғы қыркүйек айының басы, егін орағының қызу қарқынмен жүріп жатқан кезі болатын. Құдайбергеннің ауылы – Бірлік мектебінде көп жылдан мұғалімдік қызметін атқарып жүрген Мағзұм жездемнің үйіне келе қалдым. Амандық білісіп, шай ішіп отырғанда Мағау апамыз (жездемнің шешесі) құлаққа жағымды жақсы хабарды айтып отырды. Тындасам өзіміздің сүйкімді, әрі сыйлы ініміз Құдайберген өз ауылының тумасы Сәуле Ахметжанқызымен сөз байласып, туған-туысқандарының қолдауымен қазақша құдалық рәсімдері атқарылып, екі жақ ортақ шешімге келіп, үйлену тойына дайындық жасалуда екен.

Мағау апа Ахметжанның шаңырағын мақтап, жылы сөздерімен тебіренсе, апа-жездем оқытушылары ретінде Сәулені шексіз мақтап, орнықты, артық сөзі жоқ, сабырлы мінезді екенін бірінен-соң бірі жалғастырып отырды. Екеуі бір-біріне тең, мінездері де ұқсас, ертең-ақ іргелі үй, үлгілі отбасы болатындарына бәрі де сенімді екендіктерін шегелеп

нықтап айтты. Әлі есімде, қыркүйек айының 5-ші жұлдызында Құдайберген мен Сәуленің үйлену тойы өтті. Осылай Бірлік ауылында жас отаудың шаңырағы көтерілді. Бүкіл алыс-жақын ағайын-туғандар, құда-құдағилар, ауылдастар, достар қатынасқан думанды той атқарылды. Әкесі Қали, шеше-жеңгелері, ағалары Дәуренбек пен Дәуірбек тойдың сәнді, мәнді, думанды өтуіне бар мүмкіншіліктерін аяған жоқ. Тойшылар тарапынан ақ тілектер мен ақ баталарында шек болмады, барлығы жас жұбайларға, туыстарына арнап ойдағы арнаулы сөздерін, тілектерін төгіп тастады.

Құдайберген соңғы оқу жылын жалғастырып, 1966 жылдың жазында институтты қызыл дипломмен тәмәдап елге, өз шаңырағына, туыстарына тағы да үлкен қуаныш сыйлады, Қали ата әулетінде тағы да дүбірлі той жалғасты. Бір ай демалыстан кейін Құдайберген Тимирязев ауданындағы «Интернационал» кеңшарына агроном болып қызметке кірісті. Сол жылы мен де Тимирязев ауданының «Ишимский» кеңшарына өз мамандығым бойынша қызметке орналастым. Бір аудан көлемінде қызмет атқарып жүріп бір-бірімізбен араласып, қатынасып тұрдық.

Құдайберген жұмысты ерекше жауапкершілікпен бастап, жас та болса бастай қабілет көрсетіп, көпшіліктің құрметіне бөленді. Кеңшар директоры Иван Иванович Науменко жас маманның іскерлігіне, қызмет істеу қабілетіне үлкен сенім артып жүрді.

1968 жылдың сәуір айында, облыс орталығында, алғаш рет ауылшаруашылық мамандарының 1-съезі болды. Съезге делегат болып шақырылғандардың ішінде Құдайберген екеуміз де болдық. Съезге арнайы шақырылған қонақ бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясының құрметті академигі, екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Терентий Семенович Мальцев қатынасты. Сонда аңғарғаным Құдайберген жас маман бола тұра, академикпен жақын танысып, оның

алдында өзін бос ұстап, пікір алмасып жүріп, ескерткіш фотосуретке де бірге түскен сәттері болды.

Есте қалып, айтып жүретін өмір кезеңдері көп қой, сол жылдың шілде айында тұңғыш ұлым Ержанның бір жасқа толған тойын атап өттік. Сол қуанышымызға Құдайберген мен Сәуле арнайы қонағымыз болып шақырылған еді. Біз тұрған «Ишимский» кеңшарына «Интернационал» кеңшарынан екі доңғалақты мотоциклмен екеуі келіп тойымызға қатынасты. Шіркін жастық-ай десеңші, сонда Сәуленің Гүлсім деген қызымызға аяғы ауыр кезі.

1969 жылдың көктемгі дала жұмыстарына сақадай сай дайындық жасалған кезде, бастауыш деңгейдегі қызметтің «сынағын» ойдағыдай атқарған Құдайберген, маусым айында «Богдан Хмельницкий» кеңшарына бас агроном қызметіне тағайындалды. Жаңа жерде бас агрономдық қызметін емін-еркін, үйреншікті ісіндей жалғастырған Құдайберген аз уақытта бас мамандардан бастап, әрбір кеңшар диқандарының сенімі мен сыйластығына ие болғанын білемін. Кеңшар директоры Леонид Ульянович Корецкий Құдайбергеннің келешегі зор екендігіне күмәнсіз сенетін. Осы қызметті үш жылдан асыра абырой беделмен атқарып жүргенде, 1972 жылғы орақ науқаны аяқталғанда, өзінің еңбек жолы басталған «Интернационал» кеңшарына партия ұйымының хатшысы болып қайта оралды.

Қыры мен сыры өзгеше саяси қызметті Құдайберген таныс ұжым ортасында, өзі білетін партия мүшелерінің қамқорлығымен аса қиындықсыз тез арада игеріп кеткені белгілі. 1975 жылдың көкек айында 29 жастан жаңа асқан Құдайберген жас мамандардың ішінде ысылған, өткерілген маман ретінде бағаланып, аудан және облыс басшыларының тарапынан үлкен сенімге ие болып, «Целинный» кеңшарына директорлық қызметке тағайындалды. Бұл көп

салалы шаруашылықтың экономикалық даму деңгейі орташа, жалпы хал-жағдайы жұтандау болатын еді.

Құдайбергенді осы жауапты қызметке бекіткенде облыстық партия комитетінің бюро мүшесі Ніл Әдіғамұлы Боллатбаевтың, "Құдайберген, өмірдің неше қабат астарлы екенін жүре білесің, сын көз көп болады, әрқашан салқынқандылық керек, әр істі алдымен ойланып алып, ақылдасып атқарған жөн", деген данышпан адамның ақылындай сөздері есімнен еш уақытта шықпайды, деп айтып отыратынын талай естідім. Бұл асыл ағаның нағыз жанашырлық сөздері екен ғой.

Бұған дейін көп салалы шаруашылықтардың бас мамандарының бірі ретінде, негізгі жауапкершілік өз мамандығы төңірегінде ғана болса, енді үлкен кеңшардың барлық жағдайларына жауапты, сайланған емес, тағайындалған жеке жауапкершіліктегі бастық. Сондықтан кеңшардың барлық істеріне сын көзбен қарап, өз көзқарасын, өз жоспарларын оймен бекітіп, сол бағытта түбегейлі істер атқарулары керек. Үлкен шаруашылықтың өмір тынысына, өзіндік жаңа, оң өзгерістер жасауға бар өнерін салып, таңның атысы, күннің батысы дамыл, тыныштық көрмей, ойға алған жоспарларын іске асыру үшін еңбек етті.

Әсіресе, әр түрлі құрылыс салу мәселелеріне көп көңіл бөлгенін білемін. Кейінгі кезде кеңшарға іссапармен барып жүріп, күнделікті жұмыста Құдайбергеннің қызмет орнына кеңшардың еңбекші азаматтары, зейнеткерлер әр түрлі сауалдармен емін-еркін, жасқанбай кіріп, келген мәселелеріне шешім табылғанына риза болып, алғыстарын жаудырып шығатындарын талай көрдім. Аудан және облыс бастықтары Құдайберген басқарған кеңшарға жиі барып жүрді. Сырт байқауымша Құдайбергеннің іскерлік, адамгершілік, білімді ұйымдастырушылық қабілеттілігі ауызға іліккені жиі естілетін болды.

Бірге қызметтес болған бас және орта буын мамандармен келісімді тіл табысып, орынсыз алмастыру жасамай, еңбекші халықтың құрмет, сыйлығына ие болып бұл кеңшарда Құдайберген он жылдан астам тыңғылықты, тиянақты директорлық қызметін атқарды. Жақсы қызметі ертеден көзге ілігіп жүрген Құдайберген, 1985 жылдың тамыз айында Соколов аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне жоғарылатылды. Бұл оқиға Құдайбергенді жақсы білетін біздер үшін үлкен қуаныш болды, өйткені осындай өзгеріс көптен күтіп жүрген тілегіміз болатын.

Қасындағы жолдастарымен, еңбекші халықпен қоян-қолтық араласып, қызметін керекті бағытта жүргізе білетін Құдайберген жаңа жерде, жаңа қызметте көлемді ойларымен аудан шаруашылығын нәтижелі атқаруға баса назар аударды. Қатал, қазымыр болмаса да, қатаң, әрі әділ тәртіп талап ету арқылы шаруашылық басшыларына, қарамағындағы қызметкерлерге дұрыс бағытта жұмыс атқаруды үйретіп, істің нәтижелі, табысты болуын талап ете білді. Шаруашылық басшылары, аудандық мекеме жетекшілері Құдайбергеннің іскерлік өнеріне тәнті болып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылық қызметіне ісі, өнері, білімі сәйкес екендіктерін жасыра алмай, жасқанбай айтып жүретіндерін талай естідім.

1988 жылдың күзінде, егін орағы аяқталғаннан кейін Тимирязев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Владимир Александрович Митронин Бескөл ауданына ауысты. Жергілікті халықтың әлгі ойлары облыс басшыларына да жеткендей, Тимирязев аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына Құдайберген мен Сағындық Ақжігітов деген азамат балама сайлауға түсті. Аудан коммунистері көпшілік дауыспен Құдайбергенге ерекше сенім көрсетіп, аудандық партия комитетінің 1-хатшысы қызметіне сайланды.

Жауапкершілігі жоғары, үлкен көлемді жұмысты игеріп кетуге Құдайбергеннің өмір тәжірибесі жеткілікті еді. Бірге қызметтес болған азаматтардың әрқайсысын жеке бағалай білетін, қызба мінезділік, өркөкіректік табиғатына жат, шаруашылық және партия жұмыстарының сындарынан өткен шағы еді. Сондықтан да атқарған істері ілгері басып, абырой беделі арта берді. Алматыдағы жоғары партия мектебіне сырттай оқуға түсіп, оны да ойдағыдай тәмәмдеп шықты. Бойына біткен адамгершілігі, жұмысқа, жолдастарына деген жанашырлығы, қамқорлығы, ашық жүрек, ашық қол жомарттығы, қызметі өскен сайын өрби беретін мінезінен айрылмады. Талай азаматтар Құдайбергеннің қамқорлығын ұмытпайтындай болғанын білеміз. Мысалы, Игібай Шалов деген азамат Құдайбергеннің қамқорлығы арқасында «Белоградов» кеңшарына директор болып тағайындалса, Тасбай Симамбаевты «Москворецкий» кеңшарына директорлық жұмысқа апарғанын білеміз.

Аудандық ең үлкен қызметтің тізгінінде Құдайберген аудан экономикасын арттыру, ауданды жаңа белестерге көтеру үшін ел өмірін, халықтың хал-ахуалын жақсартуға барлық күш-жігерін аямай еңбек етіп, өзіне көрсетілген халықтың сенімін абыроймен ақтай білді. 1989 жылдың жазында Құдайберген мен Сәуле, мен де бар, бәріміз амандық білуге сол кездегі Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мәркен Ахметбекұлының үйіне бардық. Жақсы сыйлық көрдік.

Құдайберген Мәркенді туған ағасындай қатты сыйлайтын, Мәркен де туған інісіндей құрметтейтін. Сонда дастарқан басында отырған Құдайбергенге: «Ініміз көрші болып келгелі пәрменді жұмыстарының нәтижелерімен, көңілге қонатын тиімді істерімен бізді де әбден шаршататын болды. Бұдан кем қалмаймыз деп, біз де күні-түні ұйқы көрмейміз – деген қалжың болса да орынды ойын айтып, күліп алып, –

осы қарқыныңды бәсеңдетпей, істеген қызметің алға бассын, бақытың үстем болсын!» – деген ақ тілегін арнады.

Уақыт зымырап өте берді. 1989 жылғы желтоқсан айында облыстық партия комитетінде ұйымдық жұмыс – екінші хатшыны сайлау мәселесі қаралатын болды. Бұл қызметке балама сайлауға облыстық партия комитетінің шешімімен, "құдайдың күдіретімен" дегендей, Мәркен Ахметбекұлы мен Құдайберген Қалиұлы түсетін болды. Бұл жағдай ара қатынастары өте жақын Құдайберген мен Мәркенге қызмет үшін бақ таластық емес, адамгершілік пен парасаттылық сынындай оқиға болғанын білеміз. Ұйымдық мәселе қаралған пленумда, сөз кезегі келгенде Құдайберген ерекше ұстамдылық пен үлкен адамгершілік танытты. Облыстық партия комитетінің пленумының атына өзіне сенім көрсеткендеріне үлкен алғысын айтып, өз кандидатурасын сайлау бюллетенінен алып тастауларын өтініп, жолды Мәркен ағасына беріп, сол үшін өзі дауыс беретінін жариялады. Құдайбергеннің бұл қадамы асқан парасаттылық шешім болғанына бүкіл пленум мүшелері риза болғандарын атап өткім келеді.

Пленум Мәркен Ахметбекұлын облыстық партия комитетінің екінші хатшысы етіп сайлады. Облыстық партия комитетінің бюро мүшелері Құдайбергенге жылы сөздерін айтып, ұстамды, үлкен ақылды шешіміне риза болғандықтарын ашық білдіргендерін естідік. Құдайбергеннің өмір жолы тек қана даңғыл, өсу, өркендеу жолы емес, әр қилы қиындықтары мен қуаныштары аралас, жеткен жетістіктеріне масаттанбай, тек ақылмен өрлеу жолы болғаны белгілі.

Екеуміздің жанұяларымыздың арасындағы достық қарым-қатынасымыз алғашқы табысқан сәттерімізден бастап, осы күнге дейін шайқалмай үлкен сыйластықпен жалғасуда десем, артық айтқандық емес. Құдайбергеннің менің жеке басыма, біздің шаңыраққа деген қамқорлығы ұшан-теңіз

деп мақтанышпен айта аламын. Құдайбергеннің маған жасаған қамқорлықтарындай істерді туыстарымнан да көрген жоқпын десем қате емес.

1991 жылы ССРО деген алып мемлекетіміздің күл-талқаны шыққаны белгілі. Мемлекетіміздің құрылымдарының ішкі саяси сипаты өзгерді. Үш славян мемлекеттері өзара келісіп, одақтасқаннан кейін, Кеңес үкіметінің күйрегені дүние жүзіне аян болды. Одақтас республикалар өздерінің жеке егемендіктерін жариялап, әр қайсысы дербес мемлекет болып бөліне бастады. 1992 жылдың басында біздің республикада да жаңа билік жүйесі құрылып, облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктер ретіндегі басқару қалыптасты. Біздің облыстың әкімі болып Владимир Карлович Гартман тағайындалды. Әкімнің бірінші орынбасары қызметіне Құдайберген Қалиев бекіді.

Міне, содан бері он жылдай уақыт өтті. Осы мерзім ішінде көптеген өзгерістер болып жатыр. Аудандар бір бөлінді, бірде қайта қосылды, нарықтық қатынастар жүйесі орын алды, саяси-әлеуметтік құрылымдар өзгерді. Аудан, қала, облыс әкімшіліктерінің бастықтары да бірі келіп, бірі кетіп жатыр. Осындай құбылыстар басқа облыстарда да, ел басқару жүйелерінде болып жатыр. Құдайберген Қалиұлы халықтың сый-құрметіне, сеніміне бөленіп, еліміздің, үкіметіміздің басшыларына өзінің сарқылмас іскерлігін танытып, бір орында он жылдай халықтың игілігіне қызмет атқарып келеді.

Жоғарыда айтып өткенімдей, Құдайбергенді бала кезінен білетін жақын жолдасы, досы ретінде айтар тілегім, Алланың берген бақыты, ақылы, өнері, іскерлігі, халықтың арасындағы қадір-құрметі арта берсін, денсаулығы шайқалмай, алға қойған мақсат, жоспарлары игілікті табысты болсын! – деген тілектерімді әрқашан арнап жүремін.

АЛАР АСУЛАРЫ АЛДА

Солтүстік Қазақстан өңіріндегі атақты, құрметті азаматтардың бірі Құдайберген Қалиұлы деп білемін. Біз, бір-бірімізбен жиырма жылдан бері жақын таныспыз, жолдаспыз, кейін достығымыз жарасқан, туысқандардай қарым-қатынасымыз өрбіген жанұялармыз. Ертерек кезде Құдайбергеннің атын сырттай білгенмен, алғаш жақын танысуымыз Алматының жоғары партия мектебінде болды. Құдайберген де мен де партия жұмысында істейтін кезіміз болатын, партия мектебінде сырттан оқып жүрдік. Сол кездерден бастап бір-бірімізбен хабарласып, амандықты, қызмет жағдайларын білісіп жүретін болдық. Қызметім негізінен елден жырақ жерлерде болса да, елмен ара қатынасым үзілмеді.

1994-1995 жылдары Республика Президенті аппаратында бас инспекторлық қызметімді Солтүстік Қазақстан облыстық өкілі болып атқардым. Бұл жылдары облыстың экономикалық хал-жағдайлары нағыз ауыр жылдар болатын. Сол қиындықтарды жеңу үшін Президенттің тапсырмасымен облыстық және аудандық әкімшіліктермен бірлесіп, қоян-қолтық қызметтер атқардық. Міне, осы жылдары Құдайберген Қалиұлы ой-өрісі биік, үлкен лауазымды қызметті жан-тәнімен беріле атқаратын, ары да, қолы да таза азамат екенін жақын жүріп, жақсы білдім. Облыс және аудандық басшы қызметкерлермен де жақсы танысып, бұл өңірде талай дарынды, іскер қызметкерлер көп екеніне көзім жетті. Солардың ішінде Құдайберген Қалиұлының азаматтық қасиеттері, басшылық дарындылығы өзгелерден бір өлшем биік тұратынын түсіндім. Көпшілік басшы қызметкерлер Құдайберген Қалиұлына жиі келіп, ақыл-кеңес сұрап кететіндерін талай рет байқайтынмын.

Әрқашан үлкенге ізет, кішіге ілтипат жасап жүретін Құдайберген, сонысымен халықтың қалаулысы, құрметтісі екені шындық. Сондықтан да осы кісіні Солтүстік Қазақстан өңірінің орысы да, қазағы да Құдайберген Қалиұлы деуден Берген Қалиұлы деп атағанды жақын көретін. Құдайберген Қалиұлы облыс әкімі В. К. Гартманның бірінші орынбасары қызметін қайта құру жылдарындағы ең қиын кезеңдерде бастан кешті. Одан кейін облыс әкімдері Даниал Ахметов, Қажымұрат Ыбыраевтардың 1-ші орынбасары қызметінде «бір жағадан мойын, бір жеңнен қол шығарып» дегендей, ынтымақты, табысты еңбек атқарды.

Осы уақыттар ішінде іскерлігімен, адамгершілігімен халыққа жағатын азаматтарды да таныдым, қырсық қыңырлығымен халықтың қытығына тие беретіндерді де байқадым. Құдайберген Қалиұлының он жыл бойы атқарған тынымды істерінің іздері қалада да, әсіресе ауылдық жерлерде жеткілікті екенін халық біледі, сол үшін оны құрметтейді. Құдайбергеннің нәтижелі атқарып жүрген істеріне, көп ұлтты облыс халқына сыйлы екендігіне жайдан-жай іштарлық жасап, керек десеңіз, оның қызметіне қызғаншақтықпен қарайтын кісілер де жоқ емес, бар. Солардың бірі соңғы жылдары ашықтан-ашық Құдайбергеннің үстінен домалақ арыздарды жоғары орындарға қайта-қайта жазып, соңынан қалмай жүргенін де білемін. Кеше ғана Құдайберген оны үлкен қызметтерге өз қолымен тағайындап, қамқорлық, көмектерін аямаған еді, енді міне, ол қолына тиген аз уақыттық лауазымды тағын пайдаланып, көрген жақсылықтарының бәрін ұмытып, Құдайбергеннің жағасына жармасуы санасы бар салауатты адамның ісі емес, арамдық, қара ниеттілік деп кім айтпайды. Міне, осындай кісілер арамызда әлі де бар екені қандай қиын. Қызмет те, байлық та ертең артта қалары өмір заңы екенін, одан ешкім қалыс қалмайтынын түсінбейміз-ау, түсінбейміз.

Бірде Қызылжарда іссапармен жүрген кезімде, облыс әкімінің қабылдау бөлмесінде осы азамат қарсы кездесіп, арсалаңдап келіп сәлемдесуге қолын созғанда: «арам қолынды алмаймын, сенің қолың адал емес» деп ашық айтып, қолын қаққаным бар. Оның Құдайбергенге жасап жүрген осы қылығын білетін ақ пейілді адамдардың қайсы болса да, дәл осылай жасар еді деп ойлаймын. Сол сапарда жүргенде Қызылжар қаласының зиялы қауымы, үлкен ағалар, сыйлы інілер бір себеппен үлкен мейрамханада жиналып отырғанда реті келген бір сөзімде осы ісімді жария етіп айтқанымда, бүкіл халық ду етіп қолдағаны есімде қалды. Одан менің ұққаным, Құдайбергеннің жабырқау жағдайына халықтың ортақтас екендігі болды.

Осыған орай дана бабамыз Абайдың мына сөздерін қалай еске алмайсың:

Күшік асырап, ит еттім,

Ол балтырымды қанатты.

Біреуге мылтық үйреттім,

Ол мерген болды, өзімді атты.

Арамыздағы осындай арсыздықтан арылмай келе жатқанымыз қандай өкінішті.

Қос ағасы Құдайбергеннің қара басының адамгершілік қасиеттері туралы, жан жары Сәуленің нағыз от ағасы екендігі жөнінде талай жақсы сөздер айтуға сыяды, ондай сөздерімізді өздерінің көзінше айтып та жүрміз. Сәті болып, жол түсіп, Қызылжарға барғанда ат басын тіреп тоқтайтын қадірлі шаңырағымыздың ұлағатты иелері осы кісілердің барына шүкіршілік дейміз. Бұл сөзді жалғыз мен емес, Алматы, Астанада тұратын талай үлкен азаматтар, құрметті ағалар да айтады.

Менің Құдайберген Қалиұлына айтар тілегім, шығар тауыңның төбесі әрқашан биік болсын! Елің үшін, халқың үшін атқарар қызметің сарқылмасын! Жан жарың Сәулемен

бірге жасап, балаларың мен немерелеріңнің үлкен азаматтар болғанын тойлап, ұзақ өмір кешулеріңізге тілектеспін! Біз шетте жүрсек те елді ұмытпаймыз. Елді ұмыттырмай есімізге салып, жиі хабарласып отыратын сіздер әрқашан бар болыңыздар!

2003 жыл

Алматы.



НАҚАҚТАН КҮЙМЕСІН

Өзіміз де байқай бермейміз, кейде біреудің басына түскен қайғыға ортақтасудың орнына алты аласы, бес бересі болмаса да ішімізден масайрап, «бәлем саған сол керек» деп қуанып қалатынымыз да бар-ау. Ал сол адамның жүрегі мен жүйкесіне түскен салмақ, үй-іші, бала-шаға, туған-туыстарының – бәрінің қасіретін көбіміз түсінгіміз де, білгіміз де келмейді. Жуырда сондай бір оғаштықтың куәсі болдық бәріміз. Соған орай осы мақаланы жазып отырмын.

Құдайберген Қалиев ағамызды осы облыста білмейтін адам жоқ. Ол он жыл бойы облыс басшылығында болды. «Сол кісінің алдына ісім түсіп бара қалып едім, еш көмегі болмады, мүрт мерез екен» деген сөзді естісем құлағым керек болсын. Керісінше «әйтеуір өзіміздің азамат қой, қол үшін беріп жіберді» дегенді өте жиі естідім. Міне, сол ағамыздың басына бүгін қайғы бұлты үйіріліпті. Сыртынан ғана білетін, жақын барып сөйлесіп те көрмеген әлдебіреулер сол кісінің қайғысына масайрап отырды. Осынау әділетсіздікті көріп шыдай алмадым.

Республикалық тәртіп сақтау кеңесі әлде біреулердің айдап салуымен бұдан үш жыл бұрын, яғни 1999 жылы белгілі болып, елдің құлағын сарсытқан, Мемлекеттік қордан алынып, кейін қайтарылмай қалған жанар-жағар май (ЖЖМ) дауын қайта көтеріп, елді үлкен сенсацияға қарық қылды. Ол туралы көпшілік газеттер, телеканалдар, радио берді. Және ең қызығы, сол жанар-жағар майдың бәрін Қ. Қалиев пен Р. Сюникаев қалтасына басып кеткендей жариялағанын мен түсінбей қалдым. Ал маған белгілі фактілерге қарағанда бұған Қалиевтің ешқандай

қатысы жоқ еді.... «Сен оны қайдан білесің?» деген сұрақ тууы әбден заңды. Оның да мәнісін баяндайын.

Мен 1997-ші жылдан 2000-шы жылға дейін облыстық қаржы бақылау басқармасында бөлім бастығы болып қызмет істедім. Дәл осы оқиғаны облыстық прокуратураның тапсырмасымен менің бөлімім тексеріп, шек-қарнын айналдырып зерттеген едік. Әрине, қызмет барысында белгілі болған фактілерді жаза баруға де болмайды. Бірақ Құдайберген Қалиевтай абзал азамат нақақтан күйіп бара жатқанда үндемей қалуға мүмкіндік болмады.

Біздің қаламызда былайғы жұрт сырын біле бермейтін «Орбита» атты кәсіпорын бар. Сол кәсіпорын республикалық мемлекеттік «Резерв» атты үкімет қоры сақталатын кәсіпорынның филиалы болып есептеледі. Міне, осы «Орбитада» мемлекеттің үлкен көлемдегі жанар-жағар май қоры сақталады. Дәл қанша екенін айту міндет емес, әйтеуір резервуарлардың саны елуден асатынын ғана айтсам түсінікті болар. Осы қордан үкіметтің айрықша рұқсатынсыз бір кило май алуға да болмайды. Кәсіпорынның жарғысында да солай жазылған. Бірақ кешегі құлдырау жылдарында, амал жоқтан болу керек, осы қорға да қол салынды. Сол кездегі үкімет басшысы С. Терещенконың рұқсатымен қордан біраз көлемде ЖЖМ алынды. Дәлірек айтатын болсам, премьер-министр С.Терещенконың 1994 жылдың 28 қыркүйегіндегі №391-р өкімімен (бір керегі болар деп құжаттың деректерін жазып қойып едім С.Ж) «Мұнай өнімдері» мемлекеттік акционерлік компаниясының кепілдігімен 22 мың тонна дизельді отын (д/о) мен 101 мың тонна бензин босатылған. Оның да «Севернефтепродукт» ААҚ босатылған 5000 тонна д/о мен бір мың тонна бензиннен басқасы басқа облыстарға кеткен еді. Ал 1997 жылғы 3 мамырдағы үкіметтің №125-р-ші өкімімен «АгроцентрСК» фирмасына 14 мың тонна д/о, босатылады, ал соңғы рет, сол

жылғы 27 тамыздағы №291-р ә өкімімен: «Қызылжар» ЖАҚ-500 т. бензин мен 4400 тонна д/о, «Свон» ЖШС – 3000 т. д/о, «Коллизей» ЖШС – 3000 т. бензин мен 11 мың т. д/о, «София» ЖШС – 300 т. бензин босатылған екен.

Міне, біз тексерген 1999 жылы осылардың бірі де үкіметке қайтарылған жоқ болатын. Республикалық тәртіптік кеңестің келтіріп отырған бәлен миллион шығыны осы ЖЖМ-ның құны. Тек қана бұлардың Қалиевке қандай қатысы бар? «Орбита» кәсіпорыны жергілікті өкіметке бағынбайды. Алған фирмалар өз берешегі үшін өздері жауап бермейтін бе еді? Олардың бәрі қазір де бар фирмалар. Үкіметтің берешегін қайтармаса оны даулайтын құқық қорғау органдары бар емес пе? Барлық өркениетті елдердегі тәртіп солай еді ғой, бізде неге мұндай істер жеке басшылардың кінәсі деп табылады? Егер осылардың біреуі Қалиевтің фирмасы болып, берешегін сол қайтармай отырса, тәртіптік кеңес оны ашып айтса керек еді ғой.

Адамға жала жабу, нақақтан күйдіру оңай, бірақ оның артында зіл батпан күнәсі болады ғой. Соны ойламайтын әлдебіреулер осы дауды қаузап, жеке басының есебін түгендеп жүргені көрініп тұр...

«Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман» дегендей, қай күнде даңғаза дақпыртқа құмар халық анығына көзі жетпесе де бір кездегі «Правдаға» ұйып қалатын ескі әдетімен қазір Астанадан шыққанның бәрін шын көріп, имандай ұйыттын болып барады.

Құдайберген ағамыздың да кінәсіз екендігі ертең-ақ елге белгілі болатындығына мен сенемін. Жеке басының күйін күйттеп, халықты да, басқаны да теріс жолға бұрмақ болып жүрген жәдігейдің де есімі ертең-ақ елге белгілі болар. “Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып” деп Абай айтпақшы жәдігейдің ісін жөптеп, осындайда азаматты су түбіне жібермекке

жанталасатын қараниеттер де анықталар. Сондықтан “асықсақ та аптықпайық” деп Президентіміз айтпақшы азаматты жерден алып, жерге салуға аптықпалық.

“Солтүстік Қазақстан” газеті
2002 жыл 7 маусым





Құдайберген Қалиев пен зайыбы Сөуле Кисловодск курортында. 1980 жыл.



Құдайбергеннің қайын атасы Ахметжан Бүркітөлин мен қайын енесі Сария. 1959 жыл.




Құдайберген Қалиевтің әкесі Қали (сол жақта) мен ағасы Дәуренбек.



Анаға тағзым. Анасы Қамиша Әубаққызына қойған тастың жанында. 1998 жыл.



Құдайберген мен Сәуле (солдан оңға қарай төртінші және бесінші) туыстарымен бірге. Солдан оңға қарай Зәуреш Бейсенбаева, екінші – Ләзім Әбілқасова, үшінші – Алтын Бейсенбаева, төртінші – Бүркіт Аяғанов, жетінші – Әлен Бейсенбаев, сегізінші – Серік Әбілқасов, тоғызыншы – Амантай Елпанов, оныншы – Бүркіт Қабдөшев, он бірінші – Рәшкен Елпанова. 1980 жыл.



Құдайбергеннің ағалары Дәуренбек пен Дәуірбек.



Құдайберген мен Сәуленің ортасында отырған нағашысы Аяған Әубақов.



Студенттік шақ.
Бірінші курс. Сол
жақтағы Қ. Қалиев.



Мектеп өмірі. 10-шы сынып. Отырғандар солдан оңға қарай Талап Бекенов, Дөкенай Бимағамбетова, сынып жетекшісі Нұрыш Қайдаулова. Түрегеп тұрғандар (солдан оңға қарай) Шәмшекей, Гүлбаршын, Құдайберген, Еңбек, Жанжетпес.



Құдайбергеннің жеңгелері Нағима мен Бөтен. Екінші қатардағы Ләзім мен Сәуле. Бірлік ауылы.



Ағайындар ортасында. Солдан оңға қарай Кеңес Бүркіталин, Құдайберген Қалиев, Мөлгаждар Нұрманов, Ақжігіт Бүркіталин, Сайлау Өтеев, Злиха Көкбаева, Оразалы Асылтасов.



Тыңның 30 жылдығына арналған салтанатты жиын. Мінберде сөз сөйлеп тұрған "Целинный" кеңшарының директоры Қ. Қалиев



Аудандық партия конференциясына қатысқан “Целинный” кеңшарының делегаттары. Екінші қатардағы сол жақтан екінші Қ. Қалиев. Бірінші қатардағы ортада тұрған орта мектептің директоры Рәш Ғайсақызы.



Кеңшар директорлары Құдайберген Қалиев пен Сайлау Өтеев.



Аға-жеңгелері Кеңес Бүркіталин мен Дәмелі.

Құдайберген
Қалиев 50 жаста.
1995 жыл.



Түркістанда.
Қ. Қалиев пен
Е. Мұқыжанов.



Қырғызстанда, Ыстықкөлде. Солдан оңға қарай Оразалы Асылтасов, Құдайберген Қалиев, екі Сәуле және балалары Гүлсім, Дулан, Меңсүлу.



Ортадағылар Сәуле мен Құдайберген Қалиевтер, екі шетте тұрғандар Қайрат пен Күлнәзия Есқожиндар.



Қуанышты қауышулар. Солдан оңға қарай Мүбәрәк және Лиза Танақұловтар, Қуат пен Бақыт Есімхановтар, Сәуле Қалиева, Бақыт, Бәйкен, Оңдасын, Ботагөз Әшімовтар, Құдайберген Қалиев және немересі Даниал. 2002 жыл, қыркүйек.



Дәмелі мен Кеңес Құдайбергнді туған күнімен құттықтауда.
2000 жыл, қазан.



Қобылан Хамзин мен оның зайыбы Сақып Құдайбергнді
туған күнімен құттықтауда. Оң жақта Сәуле.



Құдайберген Қалиев Күләш Ахметбекованы 60 жасқа
толуымен құттықтауда. Шеткері тұрғандар Қобылан
Хамзин мен Сайлау Өтеев.




Солдан оңға қарай Гүлсім, Құдайберген, Сәуле, Меңсұлу, Сәкен
Үмітбаев және құдасы Айдарбек Сапаров.



Құдайберген мен
Сәуленің
қызғалдақтары.
Солдан оңға қарай
Меңсұлу, Гүлсім,
Гүлнәр, Жанна.




Баласы мен немересі
Дулан және Даниал.




Даниал.
2003 жыл.

Немерелері
Даниал мен
Аида.





Жиені (Гүлсімнің баласы) Ислам Бауыржанұлы Орынбаев.



Жиендері Дарина мен Ислам.



Немере-жиендері Даниал мен Ақап.



Туыстары. Алдында отырғандар Зада мен Әділ Сейітбековтер.

III - БӨЛІМ

АҚ ТІЛЕКТЕР

Құдайбергенге

Келіпсің Құдайберген елу беске
Біз үшін,
Ол көктемгі сең емес пе?!
Нұрлы өмір қыран қанат кезеңі ғой,
Дауылпаз асау күндер келеді еске.

Елу бес – егделіктің бастамасы
Оның жоқ
Мықтылықтан басқа бөсі
Келіп тұр құттықтауға
Зор тойыңмен
Қазақтың ескі, жаңа астанасы.

Шаһарап бар, Есенгелді, Дәулетпенен,
Мақтайлар
Қандай тойды сәнді етпеген?!
Біздің көш – Алатаудай асқақты көш,
Өзіңе сыйлап құрмет арнатты өлең.

Қазағым тәуелсіз ел ұмтылды алға
Молайтсын
Жылдан жылға құтымды Алла.
Арманың Құдайберген орындалсын
Баянды бақыт орнап Қызылжарға.

Көндікпес
Көп кірбіңге заман салған.
Өмірің дос, жаранға тәмәмдалған.
Жылма, жыл

Тойласаң да мол хақың бар,
Апаттан ауыр жолда аман қалған.

Ағаңмын
Тірліктегі дәурені өлең
Өзіңдей өріс барға тәубе деген.
Бауырым 55-ің құтты болсын
Қоса ағар,
Жан қосағың Сәулеменен.

25.10.2000 г.

Қажымұраттың айтқаны

Нарықтың болсақ басын құрап келген,
Жігіт көп,
Құтты өлкеге шырай берген.
Әкімдер келіп жатыр,
Кетіп жатыр,
Мызғымас Қызылжарда Құдайберген.

25. 10.2000 ж.
Қызылжар.

Менің батам

Құдайберген Қалиевке арнадым

Бисмилла деген дүр бата,
Құраннан туған нұр бата.
Бір Алла колдап әрқашан,
Жарылқап, жебеп жүр бата.

Жамандық қуып жетпесін,
Жақсылық бастан кетпесін.
Есен сау болып дос жаран,
Қайғы қасірет шекпесін.

Ұлыңа берсін тереңдік,
Қызыңа берсін ерендік.
Қызыр қонсын төріңе,
Шаңыраққа берсін кемелдік.

Біржан сал, Ақан серінің салтын
Сегіз Сері, Үкілі Ыбырайдың даңқын берсін.
Тәттімбеттің тереңдігін,
Құрманғазының ерендігін,
Шал ақынның өрендігін берсін.
Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығын,
Әйтеке бидің айтқырлығын,
Төле бидің кемелдігін берсін.

Кенесары, Наурызбайдың намыскерлігін,
Тоқтар мен Талғаттың ғарышкерлігін,
Балуан Шолақ, Қажымұқанның сайыскерлігін,
Құлагердің шабыскерлігін берсін.
Сәкеннің кербез сұлу сұңқарлығын,

Ілиястың оза шапқан тұлпарлығын,
Мағжанның арыстандай қайсарлығын,
Бейімбеттің тіршілікке іңкәрлігін берсін.

Сәбиттің ардақтылығын,
Мұхтардың салмақтылығын,
Қаныштың жан-жақтылығын берсін.
Динаның дүлдүлдігін,
Күләштің бұлбұлдығын берсін.
Тұрардың ұлт сүйгіштігін,
Ораздың құт үйгіштігін,
Ахметтің шын білгіштігін,
Халелдің Алашшылдығын,
Шыңғыстың манасшылдығын,
Ілияс Омаровтың қазақшылдығын,
Ілияс Есенберлиннің тартымдылығын,
Қасым Аманжоловтың қарқындылығын берсін.

Жамбыл атамыздың ғұмырын,
Исатай мен Махамбеттің дүбірін,
Бауыржан мен Рахымжанның батылдығын,
Шәкәрімнің ақындығын берсін.
Ғабит пен Ғабидендей қарымдылық,
Евнейдей ерен дарындылық,
Мұқағалидай ағындылық,
Мәліктей сабырлылық,
Олжастай жалындылық берсін.
Шоқанның даралығын,
Абайдың даналығын,
Бұхар жыраудың шешендігін,
Абылай ханның көсемдігін берсін.

Қожа Ахмет Иссауидің ақ тілегін,
Қорқыт бабамыздың пәк жүрегін,
Асан қайғының асыл арманын берсін.
Айтылмай тағы қалғанын берсін.

Үрім, бұтақ-зәузатың есен болсын,
Ағыл-тегіл қонаққа көшең толсын.
Жақтасың жеңіске жетсін,
Дұшпаның теріске кетсін.
Бір досың келгенде,
Бір досың шығып жатсын.
Әкімің мығым болсын,
Құтты іске жүгің толсын.
Береке берсін ұлан, байтақ жеріме,
Бақ қонсын тәуелсіз қазақ еліне.

22.04. 2000 ж.



Мағжан аға аруағы қолдасын!

Есенгелді Мұқыжанов

Қызылжарда азамат бар ардақты,
Есіміне ұқсас мінез таңдапты.
Жаны мырза, көңілі кең бауырмал,
Кішіпейіл, қарапайым, салмақты.

Сөзге ермейді, әлдекімше құбылып,
Әркімсінбес әпербақан, сұғынып.
Жалғыз тауда қия белден қол созар,
Есілденіп бойында мол жылылық.

Толастамас көк тұман, ақ сағымдар,
Жүрегінде өшпес қызу жалын бар.
Барлық ұлтпен қазағымды жалғаған,
Көкірегінде адам сүйгіш ағын бар.

Құдайберген дәл осылай келесің,
Сынай келген дауыл, желді жеңесің.
Мағжан аға аруағы қолдасын!
Құтты болсын елу асқар белесің!

Алматы

1995 ж. 25 Қазан



Мұхитқа құятын бұлақ

(Құдайберген Қалиевке)

Ылдиында
ауылының арғы Бірлік,
ытқып аққан көп бұлақ
қарды үңгіп...
Боран жаппас
аязда және қатпас.
Білген жанға осы ғой –
Мәңгі тірлік!

Бұлақ –
өмір беретін ұдайы нәр,
(теңеу емес бұл
олай-былай ұғар!)
Мың жыл бойы шапшыған
мәңгілік су,
мың-мың жанның
иә, онда шырайы бар.

Құдайберген Қалиев –
соның бірі.
Қарықтырған суда көз
оның нұры.
Сынаптай-ақ бір судан
бастау алып,
сарқыраған теңіздей
арынды ұлы.

Жапан түзде нәр берді
нешеме жыл,
желкілдеді –
жолына төселе гүл.
Масақтағы әр бидай –
тамшы тері,
мандайына жазылған
пешене бұл.

Көпке басшы
аузына ел қаратқан,
Көңілінде –
кең-шалқар көл бар жатқан.
Мыңға тиген,
бірге емес, шапағаты,
мұндай жанды сақтарсың
ей, Жаратқан!

Сірә де осы
құдайдың берген бағы,
сүйіндіріп ел-жұртты
төрдегі уағы.
Оған нұрын шашатын
әпкем менің –
Сәулесі бар
көк түгіл жерде-дағы.

Көк пен жерден нұр алған
Құдайберген.
Құдай оған
нояндай шырай берген.
Маң далаға орнатып

дән мұхитын,
мұнарадай көрінген
ұдайы өрден.

Сол бір бұлақ
құяды Есіліне
жатқызады оны Ертіс бесігіне.
Ол құяды мұхитқа
Обьті басып.
Бірліктегі бір бұлақ
Осы міне!

2002 жыл, қаңтар.



Атына лайық тұлға

(Құдайберген Қалиұлының 55 жасқа толуына)

Қанат қағып ұшқан құссың Есілден,
Жаның жомарт, досқа деген төсің кең.
Ана алдында басымызды иеміз,
Елге сыйлы сендей ұлды өсірген.

Саған деген пейілімді жақын ұқ,
Достығымыз өзі үлкен бір тақырып.
Сонау алыс тыңның алғаш жылында,
Бірге жүріп, бір мектепте оқыдық.

Буын бекіп, өскен кезде өреміз,
Тоспаса да өмір бірге жол егіз.
Бір дарияға құятұғын бұлақтай,
Қырық бес жыл қатар ағып келеміз.

Атыңа ғой затыңды сай қылғасын,
Биік тұрсын Құдай берген құрдасым.
Кеуде керіп, мақтан сүйер жан емес,
Адамгершілік арға лайық тұлғасың.

Арық айтып, семіз шығар халықпыз,
Дос пейілі ақ тілек қой дәріпсіз.
Елдің жүгін мойнымызға артып ап,
Елу беске біз де келіп қалыппыз.

Белестерің шығар алда еңселі,
Елің сені биіктерден көрсе еді.
Мерейлі күн отбасымның атынан,
Шын жүректен құттықтаймын мен сені!

Үстем қылар отбасыңның мерейін,
Алда талай тойларыңа келейін.
Балалардың қызығына кенелген,
Сәулеменен екеуіңді көрейін.

2000 ж. Қазан.

**Ақ батасы халқыңның
қабыл болсын**

(Құдайберген Қалиұлының 50 жылдығына)

Ел ағасы болсаң да дара тұлға,
Інімізді қимаймыз ұлғайтуға.
Елуге де кеп қапсың «аташка» боп,
Жанұяңмен бөленіп бақыт-нұрға.

Сенбесең де елуге бүгін тіпті,
Уақыт жылжып, жарты өмір туын тікті.
Осы туды қолға алып алшаң басып,
Нысана жүз жас болсын бір күдікті.

Құтты болсын 50 жас, мүшел ауған,
Үлкен дастан беттері аударылған.
Ақыл-ойдың дер кезі, жаса елу!
Талабың тасқын болсын бүрқыраған.

Денсаулығың мызғамас берік болсын,
Әр ісіңе бір Алла серік болсын.
Мандайыңда жарқырап бақыт шамы,
Қызметтегі қадамың керік болсын.

Шаңырақтың ырысы арта берсін,
Ұрпақтарың өзіңе тарта берсін.
Достарың ақ ниетпен бірге болып,
Қосшылар көре алмаған торта жесін.

Жанұяңнан жақсылық арылмасын,
Дастарханның көлемі тартылмасын.
Сәулеңмен, балалармен бірге жасап,
Алға қойған мақсатың орындалсын.

Ақ пейіл, адал жүрек жолдан тайма,
Сүйеніші бол елдің екі дайда.
Халқыңның ақ батасы қабыл болып,
Атағың теңдес болсын Абылайға!

1995 жылғы 25 қазан

**Сендер барда біз неге
кем боламыз!**

(Құдайберген мен Қайыржан інілерге)

Болғаның «Жаяу Мұса» үлкен кемдік,
Жаяуға қай уақытта тиген теңдік.
Жас өмірің «Волганың» үстінде өтіп,
Бұл күнде туыстар мен елге сендік.

Шақырған дәмге бармау бізге ұят,
Тірлікте көрген абзал сый-сияпат.
Машина болса майы жоқ заман болды,
Ел басына түсті ғой бір қияпат.

Бар машина сынумен ақша жейді,
Балаға айтсаң, «у меня дела» - дейді,
Осындайда сыйласқан інілердің,
Бақытын біз тілемей кім тілейді.

1994 жыл, наурыз

Төре ініме

(Құдайберген Қалиұлының
55 жасқа толған тойына)

Ағалар алдымдағы жәннәтімдай,
Інілер аспандатар қанатымдай.
Көремін туыстар мен жолдастарды,
Өмірдегі байлығым – манатымдай.

Жүрегімде апа да, қарындас та,
Соңғы ұрпақ жалғасымыз орны басқа.
Сыйластарды бауырыма тартып жүрем,
Кеудем кең жаратылған жатсынбасқа.

Салқынды сезінемін лебінен,
Сәлемі шықпай жатқан жүрегінен.
Қашанда асыл тастың нарқы бөлек,
Жарық шашқан көз тартып қырларымен.

Не керек әрнәрсеге ұсақталып,
Дұрыс қой сақталғаны кесек қалып.
Мыңнан біреу шығатын шын азамат,
Алақанда жүреді аты аталып.

Бәйгелі тұлпарларды дүлдүл дейді,
Әйгілі ақындарды бұлбұл дейді.
Атына атағы сай ел басшысын,
Төре - десем кім оны жөптемейді.

Жамбыл ата айтқандай «ердің ері»,
Қазақтың «мемлекеттік қайраткері».
Еңбегінен із қалған жүрген жерде,
Шаруашылық ісінің ардагері.

Ініміздің ат қойып атағына,
Қосамын алыптардың қатарына.
Құдайберген есімін тауып қойған,
Шынымен Құдай берген ел бағына.

Құдай сенің көңіліңді кең ғып берген,
Жан жолдасың Сәулені тең ғып берген.
Қосағыңмен қоса ағар, мақсатқа жет –
Қашаннан тілегіміз арнап келген.

Сыйластыққа елгезек отырмайтын.
Айтар сөзі маңызды, ойы айқын.
Сезімтал, әр адамның көңілін ұққан,
Ыңғайсыз жат мінезді жақтырмайтын.

Дархан көңіл, ақ жарқын көпке бірдей,
Халықтың көңілін тапқан жікке бөлмей.
Көп ұлттың ортасында шексіз сыйлы,
Ел басшысы болсын-ақ тап өзіндей.

Тас қорғандай панасың туғандарға,
Еш қайсында кемдік жоқ сен тұрғанда.
Бәріне жетіп жатад жылуларын,
Қанатыңның астына кірген жанға.

Шешім таппай қиынға жолыққанда,
Қамқоршы, қолдаушысың торыққанға.
Білген адам жақсы істі ұмытпайды,
Аздан көңіл өседі сөз ұққанға.

Атағың, атың мәлім талай елге,
Аз емес жолдастарың сырт жерлерде.
«Қазақ осы!» - дейтұғын ер азамат,
Ақ жүрек, айнымас дос, білгендерге.

Ұлт дәстүрін ардақтап сақтай алған,
Үлкен күшке сенетін сүтпен барған.
Аталардың аруағы қолдап жүрсін,
Әр ісің оңға бассын ойыңа алған!

Өнерлерің аз емес бойға сыйған,
Өмірден үйренумен ойға жыйған.
Ырымшыл ұлы халық ұрпағымыз,
Сақтасын күншіл көздің қиығынан.

Байлығың, болашағың, балаларың –
Өздеріңдей үй болсын елге мәлім.
Немерелер көбейсін ата-әжелеп,
Тыңдаңдар шөберенің салған әнін.

Мейіріммен баланың сүйіп бәрін,
Ерекше тәрбиеде Даниалың.
Сенім артқан тілектер орындалсын,
Бойға жиып ата-әже дарындарын.

Өнерің өрге бассын, ортаймасын,
Жас көбейсін, денсаулық шайқалмасын,
Тәңірінің берген жасын жарқын жасап,
Астыңнан тақ, басыңнан бақ таймасын!

Казан, 2000 ж.

Өнегелі қарындас

(Қали келіні, Ахметжанқызы
Сәуленің туған күніне)

Құрметтеп, жақсы көрер қарындасым,
Туғаннан кем көрмейтін бауырласым.
Жылдар жылжып көтеріп өрге қарай.
Биік баға бестерді арқалапсың.

Көпшілік тілек айтса жасартуға,
Үлкеймесін, жүрсін деп жас қалпында.
Немерелер қоймайды әжеке-леп,
Келтіріп өмір заңын қаз қалпына.

Шүкіршілік жас өсу – өмір заңы,
Ұзақ жасау адамның бір арманы.
Жас көбейсін жинаған жиһазыңдай,
Жарқын болсын өмірдің әрбір таңы.

Көрнекті жасыңменен құттықтаймыз!
Тілегін көпшіліктің біз құптаймыз.
Бастарыңа қашанда саулық тілеп,
Сәуленің атына шаң жуытпаймыз.

Атақты ата-ананың ұрпағысың,
Сүйсіндірет атқарған әрбір ісің.
Сүйкімді мінезімен көпке жаққан,
Бастықтың жолдасының үлгісісің.

Ақыл-ойлы өзіндей ұстамдылық,
Туыстыққа, достыққа күштарлылық,
Көбінде әйелдердің жетіспейді,
Ақыл сөздің тізгінін ұстап жүріп.

Кең пейілмен сыйлысың туыстарға,
Қадірің кемімейді туыс барда.
Сыйлас болдың Рәшпен туғанындай,
Балаларға қамқорсың тыныс тарда.

Басыңнан Алла берген бақ таймасын,
Көрер қызық арнасы ортаймасын.
Жанұяңның амандық рахатында,
Көңілдерің ешқашан қартаймасын!

Әжелердей жүз жасқа шаршамай жет,
Немере, шөберені қызықтап өт.
Атадан мирас болған ақ тілекті,
Арнаймыз «қосағыңмен қоса ағар!» - деп.

Өрістердің аумағы аман болсын,
Халыққа тыныштықты заман болсын!
Алда тұрған мақсаттар орындалып,
Жаратқан жабар алла қорған болсын

16 маусым, 2000 ж.



Пішпе көбейсін

(Даниал Дуланұлының
сүндет тойына)

Сүндеттеу мұсылмандық хақтың ісі,
Атқару ата-ананың жоралғысы.
Сүндеттелген баланың тәні таза,
Сауабы бар туысқа үлкен-кіші.

Естуші ек үлкендерден көпті көрген,
Пішпе тойға ерекше баға берген.
Дүбірлі той, қуаныш құтты болсын.
Тілек бірге, Сәуле мен Құдайберген.

Папасы мен мамасы аман болсын,
Атасы мен әжесі қорған болсын.
Көпшіліктің тілегі орындалып,
Үлкен орда дәулет пен жанға толсын.

Белгілі алда тойлар көп екені,
Жаратқан ғұмыр берсін берекелі.
Бүгінгі той иесі Даниалдан,
Көрсетсін ата-әжеге шөберені.

Көрмеп пе едік қысымын қисық заңның,
Атқара алмай дәстүрін мұсылманның.
Тойлау емес, пішпені атақтауға
Сескенуші ек тілінен қыңырлардың.

Шүкіршілік орнаған еркіндікке,
Сенімменен қараймыз келешекке.
Даниал* адасындай атақты боп,
Кезінде басшы болсын үкіметке.

Даниалға арналып,
Дайындалған батам бар.
Бата берер балаға,
Бар болсын біздей аталар.
Уа, жаратқан құдірет,
Көп батасын көміл ет.
Құрмалдықты аталған
Ойдағыдай қабыл ет.
Тіл мен көзден, бәледен,
Қағас етсін құдірет.
Қолдап жүрсін қашанда,
Аруақты атаң Қожамбет.
Өз атаң Құдайбергеннің
Өнерін, бағын жұғысты ет.
Өмір жолың ашық боп,
Мақсатыңа талмай жет.
Ғұмыр жасың көп болсын,
Жамбылдан да асып кет



* Даниял Ахметов – үкіметтің вице-премьері

Ырым жүзік

Нағыз достық болған дейді ертеде,
Естігенге сенер, сенбес ертегі.
Астындағы атын түсіп беретін,
Досы үшін жанын құрбан етеді.

Сондай дәстүр жойылған жоқ, кәзір бар,
Жаны жайсаң жақсылардан табылар.
Кесек мүсін, асыл тұлға, азамат,
Міне осылар, қызғанышсыз танып ал.

Мәркен менен Құдайберген ініміз,
Туыстық пен достықтағы үлгіміз.
Дария ақыл, терең ойлы азамат,
Сендердей-ақ болар-ау деп сенеміз.

Тірлік ғұмыр мерзім екен сенімсіз,
Мәркеніміз өтті өмірден мезгілсіз.
Иық тіреп қатар жүрсең бұл күнде,
Қиын өмір болар еді келеңсіз.

Шүкіршілік, жоқтатпайсың ағанды.
Туыс тұрсын, ел сыйлайды бағанды.
Асқар таудай пана болған тұлғаңа,
Құдірет қолдап, дарытпасын жамандық.

Төңірегіңе жиып бәрін туыстың,
Қуанышын, қайғысын да бөлістің.
Сәуле менен екеуіңнің атқарған,
Куәсіміз құны толмас көп істің.

Думандатқан Даниалдың тойында,
Айтылғанда жүрген сырлар ойында.
Көріп, тындап туыстарды қоршаған,
Жылы сезім ұйып жатты ойыма.

Күләштің де отбасына қорғансын,
Әрқашанда жанашыры болғансын.
Балалар да өздеріндей бауырлас,
Сол дәстүрді немерелер жалғасын.

Даниалдың сол тойында алқалы,
Күләш тәтең жақсы жора жасады.
Немеренің қайны енесін сыйлауға,
Қасиетті алтын жүзік атады.

Алла жазса тілеген той келетін.
Өмір берсін сол қызықты көретін.
Алтын жүзік ырым болсын тойына,
Сәуле әжесі өз қолынан беретін.

Үлкен тойға дайындалар уақыт бар,
Сыйлықтардың қымбаты да табылар.
Тілек тілеп жатсын үйде бұл жүзік,
Құдағидың оң қолына салынар.

10 желтоқсан, 1999 жыл



Құтты болсын құрмалдық!

*(Құдайберген Қалиұлының
57 жасқа толуына арналды)*

Көп жастың құны қымбат қазынадан.
Ұзақ жасты әркім-ақ еткен арман.
Өмірдің әрбір жылын тойлап жүрміз,
Тірліктің белесі деп ойда қалған.

Тойлары туыстардың шықпас ойдан.
Той болсын көңілдегі кірді жойған.
Достарым қуанышпен той атқарса,
Кезім жоқ сөз арнамай қалыс қалған.

Бүгінгі мәжілістің орны бөлек,
Деуші едік, осы үйде той болу керек.
Туған күн, мемлекеттің мерей күні,
Жаңа қызмет шаттығы үлкен себеп.

Түскенде жай оғындай істер басқа,
Талай лағнет айтылды қара тасқа.
Алла берер жазасын жауыздықтың,
Досын сатқан адамның діні басқа.

Анық достар кетпеді маңайыңнан,
Қамықпаған қалмады ағайыннан.
Біткеніне қуанып қаңқу сөздер,
Той бастадық асатып ақ майынан.

Май асату бастаған Сайлау інім,
Дәл мұндай сыйластыққа керек білім.
Қырық жылдық шараптар атылғанда,
«Парламент» те ашылды болып ырым.

Құтты болсын қуаныш құрмалдығың!
Қадамың келешекке болсын мығым!
Ақ ниетке Алла жақ әрқашанда,
Шайқалмасын өмірлік баста бағың!

Ең асылы болсыншы бас амандық!
Жанұяңа жетпесін еш жамандық!
Қашанда ақ тілектен айнымаймыз,
Сол ғой біздің сыйымыз туысқандық.

25 қазан, 2002 ж.



Өр тұлғалы азамат

Үлкен бір мәжіліске жиналған жұрт...
Кенеттен алдағылар бөгелді кілт.
Екпіндеп өтіп еді екі-үш басшы,
Әп-сәтте бола қалды бәрі жым-жырт.

Бастаған облыстың әкімі алда,
Бөгелмей өте берді қарап маңға.
Баяу ғана бас изеп бара жатты,
Бет алған бағытымен үлкен залға.

Көрінген сынды алыстан тау мұнардай,
Тұлғасы шыңға біткен тік шынардай.
Ортада бара жатты еңселі ер,
Көркіне қарағаннан көз тұнардай.

Жонына шыққандай боп асар белдің,
Қарамай қыспағына тарлау жердің.
«Ассалаумағалейкум, аға» деп мен,
Ұмсынып қос қолыммен сәлем бердім.

Қалың ой шырматқандай ой-сананы,
Жанына келген маған жалт қарады.
Алаулап нұры жылы жанарынан,
Желпіп бір өткендей боп тау самалы.

Алтынмен әрлегендей атар таңды,
Елітіп жанарымен жүзі жанды.
Риза сезім күйі шарпып өткен,
Ерекше ілтипатпен қолымды алды.

Жаңғыртып аспанымды асқақтау үн,
Алдыңнан көрінгендей асқар тауың.
Қызықтап қарағандар болып қалды,
Айнала қаумалаған қалың қауым.

Жарқын қабақ жүзінен төгіліп нұр,
Көркінен көңілге қонатын жыр.
Жақынындай жайдары сәлемдескен,
Құдайберген Қалиев болатын бұл.

Тиянақтап жия алмай ойымды өрген,
Ғажайып бір жағдайдай түсте көрген.
Қарапайым, кішіпейіл мінезіне,
Қайран қалып мен сонда қарай бергем...

Күн шықпастан кеш қылар атар таңды,
Көріп едік әкімгер талай жанды.
Жарқын жүзбен жанымды жадыратқан,
Аға алдында мерейім өсіп қалды.

Әлдеқайда өзінен жасы кіші,
Сонша кім ед, ол үшін мендей кісі?
Бірақ соған қарамай көңіл бөлген,
Тебірентті жанымды жарқын ісі.

Алқа қотан ортада шеңбері кең,
Адамындай өзіне теңгеріп тең.
Әлдекімдер секілді кеуде кермей,
Сәлемімді алғанға мәз болдым мен.

Әр қырынан екшесен сыры қалың,
Ақтарылар айтқанға жыры бәрін.
Ілтипатпен сөз қылдым тек осы бір,
Өнегелі тәлімнің бір мысалын...

Қадірлесе теңейтін биік шыңға,
Бейнелейтін әспеттеп өлең-жырда.
Құдайберген Қалиев ел білетін,
Мақтанышы заңғардай ірі тұлға.

Медеу болған бойына сенім күші,
Үлгі естерлік еліне ізгі ісі.
Ақыл, сабыр, парасат тең жарасып,
Үйлесімді бойына болған кісі.

Көпшілікке көңілі көлдей дархан,
Бар адамның ақылмен тілін тапқан.
Адалдықтың ақ жолын берік ұстап,
Ақтап шыққан сенімді өзіне артқан.

Араласқан еңбекке ерте жастан,
Алға дәйім мақсатпен қадам басқан.
Жүріп өткен жолының әр белесі,
Батырлардың жырындай ұзақ дастан.

Ақиықтай аспанда талмай ұшар,
Темір топшы қанатты ұшқыр сұңқар.
Абыройы Ай-күндей асып туған,
Жүзден жүйрік шығатын дүлділ тұлпар.

Шығарып шың басына тасын өрден,
Ізгі ниет тілегін тәңір берген.
Абырой, беделімен ел басқарып,
Еңбекпен ырыздықтың дәмін терген.

Жалынды жанарынан жасын өрген,
Асқар таудай көрінер алқа төрден.
Елім деп еңіреген ер азамат,
Халқының маңдайына құдай берген.

* * *

Ер бағасын елі берер бағалап,
Нар жүгіне белі бекем қазанат.
Елі үшін еңбек еткен қажымай,
Ерек туған өр тұлғалы азамат.

Қараша, 2002 ж.



Алғыспен есей, жайранда!

*(Құдайберген Қалиұлының
55 жасқа толуына құттықтау)*

Қыздырып еңбек көрігін
Жайқалсын көңіл – егін-жай.
Солмасын шырайы келбеттің
60-қа еніңіз сыналай!

Асылдың межесі ғасыр-ды,
Иілме емендей дауылға.
Тәңірім ұзартсын жасыңды,
Асықпа қарттыққа – ауылға.

Өсу-өрлеу жылдарың,
Бау дерсің термен көгерген.
Сый-сияпат – қыратың,
Таспадың асып кемерден.

Еліңнің ойлап мұратын,
Жегілдің басшылық жетекке.
Халқың еске алып тұратын
Мол болғай ризық кезекте!

Отбасың бақыт ошағы,
Маздасын мерей алауы!
Ұл-қызың – үміт, тірегің,
Тұғырлы болсын жалауы.

Зайыбың сезім ұршығы,
Есілген жібек мінезі.
Азамат атын көтерген,
Анаңның болсын тілегі.

Күйеу, жиен, немере,
Сыйласын келіп папалап.
Мойыныңды ат қып шөбере,
Әулетің жүрсін аталап!

20.10.2000 ж.



Мазмұны

I – Бөлім Азамат

1. Алғы сөз.	4
2. Туған ел – алтын орда.	7
3. Ауылға ұл келді.	11
4. Сәтті және тәтті жылдар.	21
5. Өнер жастан.	32
6. Қалтқысыз жауапкершілік.	44
7. Өрлеу жылдары.	59
8. Егеменді ел қызметінде.	82

II - Бөлім Көпшіліктің көңілі

9. Б. Әшімов. Кемел шак.	120
10. М. Сағдиев. Туған топырақ түлегі.	122
11. К. Салықов. Кең жүректі азамат.	132
12. М. Ғаббасов. Сегіз қырлы азамат.	138
13. М. Жакыпұлы. Жаныңда жүр жақсы адам.	143
14. А. Игібаев. Шәкіртіміз – мақтанышымыз.	147
15. В. Дремасов. Все началось с дружбы наших отцов.	153
16. А. Башмаков. Слово о хорошем человеке	156
17. С. Өтеев. Еліміздің еңселі бәйтерегі.	160
18. Н. Величко. Доброта – особая черта семьи.	166
19. К. Ахметбекова. Ақ тілегім аян болсын.	169
20. Қ. Ескожин. Шексіз достық.	175
21. Е. Викторov. Порядочный и надежный руководитель.	182
22. <u>Владимир БОВСУНОВСКИЙ</u> . Знаток сельского хозяйства.	184
23. <u>Төке АЯҒАНОВ</u> Халықтың қалаулысы.	188
24. А. Қожахмет. Дос туралы ойлар.	191
25. Е. Мұқыжанов. Алар асулары алда.	200
26. Ж. Самрат. Нақақтан күймесін.	204

III - Бөлім

Ақ тілектер

27. К. Салықов. Құдайбергенге.	210
28. К. Салықов. Қажымұраттың айтқаны.	211
29. К. Салықов. Менің батам.	212
30. Е. Мұқыжанов. Мағжан аға аруағы қолдасын.	215
31. Б. Қожахметов. Мұхитқа құятын бұлақ.	216
32. Қ. Есқожин. Атына лайық тұлға.	219
33. Қ. Хамзин. Ақ батасы халқынның қабыл болсын.	220
34. – « – Сендер барда біз неге кем боламыз.	221
35. – « – Төре ініме.	222
36. – « – Өнегелі қарындас.	225
37. – « – Пішпе көбейсін.	227
38. – « – Ырым жүзік.	229
39. – « – Құтты болсын құрмалдық.	231
40. Қ. Рамазанов. Өр тұлғалы азамат.	233
41. А. Арықбаев. Алғыспен есей, жайранда.	237

Қобылан Хамзаұлы Хамзин. «Ақ тілектер аясында».
Деректі повесть, естеліктер, өлеңдер.

Редакторы: Құрман Рамазанов.
Корректорлары: Дәмет Бектасова, Қобылан Хамзин.
Дизайнерлері: Ольга Ледовских, Сәуле Ахмадиева.

2003 жылғы қыркүйек айында терілді. Басуға 2003 жылғы қазан айында қол қойылды.

Офсеттік басылым. Өріп түрі KzTimesNewRoman.

Пішімі 60x90, 1/16. Көлемі 17 баспа табақ.

Тапсырыс № 4858. Таралымы 700 дана. Бағасы келісімді.
«Полиграфия» ААҚ басылды. Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 11. 2003 жыл.